


1 2009  
17820к

# Қазақстан географиялық амауларының сөздігі

жезқазған облысы





ҚАЗАҚ ССР ФЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚСТАН  
ГЕОГРАФИЯЛЫҚ  
АТАУЛАРЫНЫҢ  
СӨЗДІГІ

(Жезқазған облысы)

*Жауапты редакторы*

*Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,  
филология ғылымдарының докторы Т. ЖАНҰЗАҚОВ*



АЛМАТЫ

Қазақ ССР-інің «ФЫЛЫМ» баспасы

1990

Қазақстан географиялық атауларының сөздігі. Алматы: Ғылым. 1990.—296 б.

Назарларыңызға үсіншіп отырған бұл сөздікке бес мыңға жуық географиялық атаулар қатаң алғавиттік тәртіп бойынша берілді. Олардың ішінде қала, село, селолық Совет, аудан орталықтарының аттары, сондай-ақ мыңдаған физика-географиялық атаулар бар. Эрбір атаудың мән-мағынасы толық түсініріледі. Қөшілікке мағынасы түсініксіз, сырты белгісіз ерте замандарға тән ескі атаулардың шығу төркіні, яғни этимологиясы туыстас басқа тілдермен салыстырыла отырылған айқындалады.

Сөздік көпшілік қауымға, селолық, ауылдық, аудандық, облыстық Советтер мен байланыс, транспорт, ауылшаруашылық мекемелеріне, сондай-ақ халық ағарту орындары мен ғылыми қызыметкерлерге арналған.

#### Редколлегия алқасы:

Казак ССР Ғылым академиясының академиктері: А. А. Абдулин, Ж. М. Әбділдин, Ә. Т. Қайдаров, филология ғылымдарының докторлары Т. Жанузаков, Е. З. Қажыбеков, география ғылымының докторы, проф. Ә. С. Бейсенова, филология ғылымдарының кандидаты А. Әбдірахманов.

#### Сөздікті жасағандар:

Т. Жанузаков (а, ә, б, в, ғ, ғ, д, е), Ә. Сапарбекова (ж), А. Әбдірахманов (з, и, к), А. Мектепов (қ), Ш. Рахметов (қ, л, м), К. Рысбергенова (м, н, о, п, р, с, т), Г. Сагидолдагийн (ү, ყ, ү, ҳ, ш, ы, і).

Жауапты шығарушы

Ә. САПАРБЕКОВА

#### Рецензенттер:

Казак ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ш. Ш. Сарыбаев, филология ғылымдарының кандидаты, жазушы А. Сейдімбеков

10-~~4033~~

4602030000-043 132:90  
C 407(05)-90

© Қазақ ССР  
ҒА-ның  
Тіл білімі  
институты, 1990

## K I R I C P E

Қазақ ССР-і — Қазақ Советтік Социалистік Республикасы (алдымен Қырғыз АССР) болып 1920 ж. 26 августа күрылды. Астанасы — Алматы.

Республика СССР-дің солтүстік шығысында орналасып, батысы Қаспий теңізінен шығыстағы көнді Алтайға дейін созылса, солтүстігі РСФСР, онтүстігі Орта Азия республикаларымен шектескен. Қен-байтақ Қазақстан территориясында жергілікті халықтармен бірге орыстар мен україндар, ұйғырлар мен азербайжандар, немістер мен корейлер және де басқа ұлт өкілдері турады. Негізгі тұрғындардың басым көшілігі қазақ және орыс тілдерінде сөйлейді. Тұрғын халықтардың жазба және сөйлеу тілдері қос тіл — орыс және қазақ тілдері.

Қазақстан топонимдері тілдік тұрғыдан алып қарағанда біртекестес емес. Олар — осы жердегі өмір сүрген этникалық топтар тілдері негізінде бірнеше ғасырлар бойы жасалып, қалыптасқан атаулар. Бұған қарағанда республика территориясында негізінен үш топонимдік қабаттың: көне алтай-түркі, қазақ және кірме топонимдер бары байқалады. Соның қабаттағы топонимдер құрамына араб, парсы, монгол, қалмақ, орыс және україн топонимдері де енеді.

Бұл топонимдердің баршасы ұзак ғасырлардың жемісі. Олар — халық тілінің негізінде жасалып, халық тарихымен тікелей қатқабат байланысты келеді де күнделікті өмірде кеңінен колданыстаудып, ерекше қоғамдық мәнге ие болады. Жер-су атауларының қай-қайсысында болмасын табиғат күбылыстарының, жер беделерінің ерекшеліктері, елдің шаруашылық тыныс-тірлігінің бейне көріністері, қоғам өміріндегі тарихи, әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің жай-жапсарлары тайға таңба басқандай, анық та айқын көрініс береді. Олар өткен өмірімізben тірлігіміздің

рухани байлығына тән мәдени ескерткіш ретінде ғана күнды емес, бүгінгі таңда да зор мән-мазмұнға ие. Өйткені ешбір қоғам өмірінде, тарих деңгейінде қандай оқиға болмасын жер-су атауларының қатысының болған емес. Олар заман ағымына сай толысып, жаңарып, жаңаша жасарып, қазіргі өмірімізде де ерекше қызмет атқаруда. Өйткені жер бетіндегі өзен, су, тау, тас, елді мекендер мен алуан түрлі ірілі-ұсақты объектілердің бәрі де нақтылы есім-атауға ие.

Қазақстанның батысы Каспийден, шығысы кенді Алтайға дейін, онтүстігі Қырғызстан, Өзбекстан; Қытай Халық республикалары мен солтүстігі РСФСР-мен шектесіп жаткан кең-байтақ жеріміз географиялық атауларға өте бай. Орта есеппен 1 кв. километр жер бір атауға ие десек, онда Қазақстанда 2,5—3 миллион атау бар деп болжауға болады.

Осыншама мол атаулардың пайда болуы ертедегі көне тайпалардың көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы түрмисы мен кәсіп тіршілігіне байланысты болған еді. Көне дәуірлер мен ортағасырларда орын алып, негізінен мал шаруашылығымен күн көрген ел — жер бедерінің ой-қыр, сай-сала, ұңғыл-шұңғылын танып білуге, олардың ерекшелік сипатына қарай ат қойып отырған. Осында жағдайға байланысты жердің физика-географиялық көрініс-келбет, сын-сипатына, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің түр-түстеріне, сол жерлерді мекендейген ру, тайпа және адам аттарына байланысты атаулар көп те мол қойылып отырған.

Осы күнде Одак көлемінде жер көлемі жағынан екінші орынға ие бол отырған республикамыздың 2717,3 мың кв. километр жерінде 17 облыс, 207 аудан (селолық), 84 қала, 210 жұмысшы поселеклері, 2436 селолық, ауылдық Совет. Ал бұлардан басқа алып та аласа таулар, қыраттар мен қырлар, жондар мен жота, шоқышоқаттар, төбелер мен төбешік, обалар, сай-салалар мен жыраҗылға, үңгірлер, мәлдір бұлактар мен бастаулар, қайнарлар мен құдықтар атауларының жүз мындал емес, миллиондан кездесуі де ғажап емес. Бұлардың барлығының атауы тіліміздегі мән-мағынасы айқын сөздерден қойылғаны кімге де болса мәлім. Алайда олардың ішінде бүгінде мән-мағынасы күнгірт, беймәлім, көне заманғы сөздерден қойылғандары да жок емес. Ондай атаулардың бір тобы көне түркі тіліне тән болса, екінші тобы басқа тілдерге қатысты бол келеді. Олардың бәрін жинап, халық тілінің, мәдени көрсеткішінің тарихи күәсі ретінде ғылыми түрғыдан зерттеудің практикалық та, теориялық та мәні зор. Бұл ретте халыққа ен қажетті де тиімді саналатыны жер-су аттарының сөздігі. Біз осы ігі талапты ескере отырып, қазіргі колда бар, сонғы оншақты жыл көлемінде, Қазақ ССР ғылым академиясы Тіл білімі институты ономасттика

бөлімі жинаған 210 мың атау негізінде, таяудағы жылдарда «Қазақстан географиялық атауларының» оған томдық сөздігін шығарып, халық ігілігіне ұсынуды жоспарлап отырмыз. Бұл сөздіктердің әрбір томы белгілі бір облыс жер-су атауларын қамтиды. Қолымыздығы сөздіктің бірінші томы Жезқазған облысының жер-су аттарына арналса, екінші томы Целиноград, ал үшінші томы Павлодар облысы жер-су аттары бойынша жасалады. Сөйтіп, қолда бар материал негізінде бастапқы кезеңде Орталық Қазақстан өнірінің алты облысының сөздігін жарыққа шығармақ ойдамыз. Ал жетінші томнан бастап, жиналған материалдардың ынғайына қарай, басқа облыстар бойынша шығара бермекпіз. Бұл сөздіктің басқа сөздіктерге қарағанда өзіндік ерекшелігі де, сапалық жағынан айырмашылығы да бар. Республика географиялық атаулары бойынша аса үлкен көлемді болмаса да, шағын сөздіктер мен бірен-саран анықтағыш (справочниктер) кітаптардың жарық көргені баршаға аян. Бұл ретте 1960 ж. А. С. Титова авторлығымен жарық көрген «Словарь русской транскрипции терминов и слов, часто встречающихся в географических названиях Казахской ССР» атты шағын сөздікті атауга болады. Сөздіктің жалпы көлемі 56 бет, онда географиялық атаулар жасауға негіз болатын сөздер мен терминдердің орысша және қазақша жазылу нұсқалары көрсетілген де, оларға орысша түсінік берілген. Бұл сөздік қазір қолға түспес, сирек құралға айналып кетті және өз дәрежесінде қалың қауым мұқтажын өтей алмады. Осыдан кейін 1963 ж. Ф. Конқашбаевтың «Қазак географиялық атауларының сөздігі» жарық көрді. Бұған екі мыннан аса атаулар алынып, әуелі олардың казақша жазылуы, содан соң орысша жазылуы берілген. Бірақ ешбір атаудың, объектінің түрі, аудан, облысы көрсетілмеген. Сөздіктің ерекшелігі — әрбір атаудың мән-мағына түсінігі орыс тілінде берілген-ді. Бірақ бұл сөздіктің де көлемі шағын, қысқаша сөздік еді. Алайда ол өз күнин күні бүгінге дейін жойған жок. Ал А. Әбдірахмановтың «Топонимика және этимология» атты 1975 ж. жарық көрген еңбегінің екінші бөлімінде жүз елудей жер-су аттарына толық ғылыми талдау жасалып, этимологиялық сөздік үлгісінде түсінік берілген. 1963 ж. жарық көрген «Орфографиялық сөздікте» уш мындағы жер-су аттарын қамтыған. Ал 1981 ж. жарық көрген «Орысша-қазақша сөздікке» қосымша ретінде берілген «Қысқаша географиялық атаулар» (7 б/т) тағы бар. Географтар С. Әбдірахманов, Ж. Әубәкіров, К. Базарбаев шығарған «Қазақстан географиялық терминдер сөздігі» негізінен географиялық терминдердің мән-мағынасын түсіндіруге арналған. Соңғы жылдардың жарық көрген сөздіктер — Е. Қойшыбаевтың «Қазақстан топонимдерінің қысқаша түсіндірме сөздігі» (1974) және «Қазақстанның жер-су аттары сөздігі» (1985). Оның біріншісі орыс тілінде, ал екіншісі қазақ тілінде жазылған.

Бұл сөздіктердің әрқайсысында екі-үш мыңға жуық қана атаулар қамтылып, олардың түсініктері ғылыми тұрғыдан баяндалған-ды. Сөздікке алған атаулардың толық адрестері көрсетілмегендіктен оқушылар көбіне қиындыққа кездесіп қана қоймай, кейде жаңылысып та қалады. Алайда бұл сөздіктердің өзіндік орны бар, қалың қауым мен арнайы мамандарға пайдалы зор енбек болды.

Республикамызын елді мекендерін толық та анық көрсеткен енбек Ю. Я. Подосенов дайындал, 1978 ж. жарық көрген «Казахская ССР. Административно-территориальное деление» атты енбекте республика картасындағы атаулар түгел дерлік қамтылса, осы енбектің жаңа басылымы (соның өзгерістерге байланысты) 1989 ж. тағы да жарық көріп отыр. Бұл анықтамадағы атаулардың барлығы да орысша жазылған. Сондыктан көптеген қазак атауларының орысша транскрипциясы дұрыс емес, шексіз бұрмаланып кеткендері де бар.

Міне, Қазақстан географиялық атаулары бойынша істелген осындай іс-тәжірибелерді ескере отырып, біз сөздік жасауды Орталық Қазақстан өніріндегі облыстардан бастап отырмыз. Оның өзіндік орны, заңды себебі де бар. Тіл білімі институты ономастика бөлімінің қызыметкерлері 1981—1986 жылдарғы жоспарлы жұмыстары бойынша Орталық Қазақстанның Жезқазған, Караганды, Қекшетау, Қостанай, Павлодар, Целиноград облыстарының аудандарында болып, 40 мыңдай жер-су аттарын жинап әкелді. Оның үстіне әртүрлі тарихи-географиялық анықтағыштар мен көркем әдебиеттерден, сондай-ақ 1:100 мыңдық ірі масштабты картадағы жер-су аттары карточкаға түсірілді. Сөйтіп республикада тұнғыш рет 210 мың атаудан тұратын ономастикалық (топонимдік, антропонимдік) картотека корының негізі жасалды. Енді осы материалдар негізінде он томдық сөздік жасалмақ. Сөздіктің негізгі мақсаты — жер-су аттарының мағынасын жан-жакты ашып айқындау, көпшілікке жеткізе түсіндіру. Өйткені жер-су аттарының мағыналары ғасырлар бойы өзгеріп, түрленіп, жаңырып, жаңарап отырады. Сондыктан олардың мән-мағынасын дәл тауып, шығу сыры мен этимологиясын ашу, оларды жүйелі де дұрыс түсіндіру кажет.

Оқушылар назарына ұсынып отырған бұл сөздік — Қазақстан географиялық атауларын мүмкіндігінше қамтып, олардың мән-мағынасын толық түсіндіріп, шығу тегін (этимологиясын) барынша дәйекті түрде талдап жазылған тұнғыш енбек. Сөздіктің бұл томына Жезқазған облысының қазіргі кездегі әкімшілік-территориялық бөлінісіне енетін елді мекендермен катар көптеген физика-географиялық обьектілердің: өзен, көл, көлшік, бастау, бұлак, қайнар, құдық, тау, сай, жон-жота, төбе, шоқы, жол, мазар т. б. атаулары қамтылды.

Сөздікте ен алдымен кіріспе, одан соң сөздік мақалалар, сонында косымша берілген.

Сөздік мақалада, ен алдымен атаудың қазақша нұсқасы алынады да жақша ішіне орысша жазылу үлгісі, кейде оның жуптаса, қатарласа айтылып жүрген түрлері де беріледі. Одан соң сол жерсудың түрлері, атаудың толық адресі көрсетіледі. Егер де бір атау бірнеше жерде, бірнеше аудан, облыста аталса сол аудан, облыстар қоса аталады. Осыдан соң топонимдік атаулардың мән-мағынасы анықталып, толық түсінік беріледі. Қейбір көне, түсінігі қын атаулардың мәнін ашу қынға соққанда толық этимологиялық талдау жасалады.

Қазақ топонимдерін орысша жазуда «Қазақ ССР географиялық атауларының орысша берілуі туралы инструкция» (М., 1959, 1970) атты енбекті басшылыққа алып, негізінен сондағы ережеге сүйендік. Республикамыздың әкімшілік-территориялық картасында берілмеген мындаған физика-географиялық атаулардың орысша жазылуын да осы инструкция ережелеріне сәйкес, орыс-казақ тілдерінің ішкі зандарын ескере отырып жаздық.

### Сөздіктің құрылымы

1. Ең алдымен сөздікте реестр ретінде топонимикалық атаудың қазақша нұсқасы беріледі де, жақша ішінде орысша жазылу нұсқасы көрсетіледі: ЕРЕЙМЕН (Ереймен).

Ескерту: 1. Жақша ішіндегі ол атаулар занды түрде реєсми колданылып жүрген республиканың, облыстық карталардағы топонимдер ғана, ел республика территориясындағы басқа физика-географиялық атау автордың пікірі бойынша және қазақ тілінің ортографиялық нормасына жақындастылып жазылады: АҚКӨЛ (Ақколь), БЕСТӨБЕ (Бестобе), БІРЛІК (Бирлик) т. б.

2. Жақшадан соң сыйықша қойылып, объектінің түрі, немесе түрлері (қала, село, елді мекен, тау, өзен, көл т. б.) көрсетіледі, одан соң адресі айтылады. Мұндағы объект түрінің термині инструкцияның сонында көрсетілген қысқартту я қысқартпауға сай беріледі: ЕРЕЙМЕН (Ереймен) — таулар, ауд; ауд. орт., тжс, қара: Ерейментау ауд. -да.

3. Егер бір атау бірнеше ауданда қайталанатын болса, онда адреске солардың бәрі де жаппай жазылады. Мысалы:

АЙНАБҰЛАҚ (Айнабулак) — сс. орт., Жаңаар., е. м., Ақтоғ., Шет ауд.-да.; қыст., Ақад ауд.; көл, Ақтоғ., Ақад., ауд.-да.; баст. Ақад., Жаңаар. ауд.-да.; бұл., Ақад., Жаңаар., Шет ауд.-да.; тау Ақад., Жаңаар. ауд.-да.

АЙБАС (Айбас) — өз., қыст., Ұлыт. ауд.-да.; шоқы, биік. 402,8 м, Жаңаар., Ақтоғ. ауд.-да.

4. Осыдан кейін ең алдымен атаудың мағынасы беріледі, егер мағынасы қазіргі қазақ тілінде не басқа тілде түсініксіз болса, немесе күнгірттенген болса, сол айтылады. Яғни жоғарғы 2-пунктегі текстен кейін «Атаудың мағынасы түсініксіз» деп жазылады. Ал мағынасы түсінікті болса, ол да көрсетіледі. Мысалы:

**КОРЖЫНКӨЛ** (Коржинколь) — көл, Ерейментау қаласының шығыс жағына орналасқан. Коржын және көл сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «коржынға үқсас көл».

5. Атаудың мағынасы айқын болса да, түсіндіріліп, оның формалары да талданып беріледі. Мысалы:

**БАЛЫҚТЫҚӨЛ** (Балықтықоль) — көл, Ерейментау ауданында. Балық (зат есім) + ты (туынды сын есім жұрнағы) + көл (зат есім). Мағынасы: «балығы бар көл», «балығы көп көл».

Атаудың мағынасы, 4-пунктте көрсетілгендей, түсініксіз болса, онда оның этимологиясы туралы халықтық аныз-әнгіме бар болса, сол беріледі. Бұдан соң зерттеуші авторлардың пікірлері келтіріледі. Сөздің этимологиясы туралы осы сөздіктің авторының өз пікірі болса, сол жинақталып, айтылады. Ал автордың мұндай пікірі болмаса, онда басқа автордың пікірі келтіріледі. Ал атау этимологиясы туралы бірнеше автордың пікірі болса, онда осылардың қайсысы дұрыс екенін, яғни осы пікірлердің қайсысын қолдайтынын және не себептермен қолдайтынын қосымша дәлелдермен айту керек. Мысалы, осы нұсқау бойынша жоғарыдағы Ерейментау топонимінің сөздіктегі мақаласы былайша беріледі:

**ЕРЕЙМЕНТАУ** (Ерейментау) — таулар, aуд., орт., тжс, қ., Ерейментау ауд.-да. Қазіргі қазақ тілінде мағынасы белгісіз. Алайда бұл атаудың шығуы туралы жергілікті түрғындардың ішінде мынандай аныз бар: «Ертеде қазак батыры мен қалмақ батыры жекпе-жекке шығып, аламан соғыс салады. Соғыста қазақ қалмақты жеңіп, атынан түсіріпті. Бірақ қалмақ түллары тау ішіне ерімен қашып кетіп, ешкім ұстай алмапты. Содан «ат ерімен кетті, ерімен кетті» деп, ел шуылдай қалыпты. Ерейментау осыдан аталған». Бұл аныздағы жорамал «халықтық этимология» екені көрініп-ақ түр, әйткені «ерімен» деген сөздің «ереймен» түріне көшүіне ешбір тілдік мұқтаждық жок.

Белгілі географ-топонимист F. Конқашбаев бұл ороним монголдың эре (ер, ер адам) және эме (әйел) деген сөздерінен жасалған болуы керек деп жорамалдайды. Таулардың бұлай айтылуына ерек пен әйелдің бейнесіне үқсас серек тастардың мұнда көп орын алуына байланысты болуы мүмкін деп қарайды (Г. Конқашпаев, Географические названия монгольского происхождения... Известия АН КазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. 1 (II). 1959. С. 91).

F. Конқашбаевтың этимологиясына қосыла отырып, дегенмен

бұл жорамалдың тілдік жағынан дәлелденбей қалғандығын ескере отырып, оронимнің этиологиясын толық аша түстін мынадай лингвистикалық зандылықтарды қоса кетейік. Ере//ер, еме//ем компоненттері — монгол-туркі тілдеріне ортақ элементтер. Түркі тілдеріндегі бір түбірлі *ер* және *ем* сөздеріне (А. Т. Кайдаров. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата, 1986. С. 207) монгол тілінде *е* дыбысының устелуі занды құбылыш. Түркі тілдерінде бұл бір түбірлі сөздерден *ер+ек* ерекк (мужчина), *ем+шек* емшек (соска) сөздері жасалған. Ал монгол тілінде *эр* (ер, ерекк), *эм* (әйел) деген алғашқы мағыналары берік сакталған. Сөз аяғындағы *и* дыбысы көне түркі-монгол тілдерінде ерікті құбылыш. Осылайша жасалған *эр-эм-и* екі сөз аралығындағы екі *е-э* дыбысы қазақ тілінде *ей* тізбегіне көшкен: *Эре-эм-и* Ереймен. Мағынасы: «катын тастар», адамға ұқсас серек тастары көп (таулар)» дегенді білдіреді.

7. Егер атаудың мағынасы мұлде түсініксіз болса, онда сөздік мақалада былай деп беріледі. Мысалы:

ҚӨН (Кон) -өз., Қорғалжын ауд.-да. Бұған Жақсы Қөн, Жаман Қөн деген өзендер құяды. Мағынасы түсініксіз.

8. Өзендердің ұзындығын, таулардың биіктігін, үлкен көлдердің ауданын т. б. физика-географиялық объектілердің көрсеткіштері де беріледі. Мысалы:

ҮЛКЕН ҚАРАОЙ (Ульген Карапай) — көл, Қекшетау облысының шығыс жағында. Аумағы 305,53 кв<sup>2</sup>.

КЕНЖЕБАЙ (Кенжебай) — өз., ұз. 67 км, Жезқазған облысы, Жанаарқа ауданында.

АКБЕТТАУ (Акбеттау) — тау, биік. 1026 м. Павлодар обл.-дағы Баянауыл тауларының ең биік шоқысы.

9. Ана тілімізде қатарласа қолданылып жүрген атаулардың орфографиялық ережеге сай әдеби нормадағы түрі алынады: Мысалы, Ақадыр, Ағадыр, Қараой, Қарой, Манқыстау, Манғыстау ауданы сияқты атаулардың Ақадыр, Қараой, Манқыстау деген дұрыс түрлері жазылады.

10. Орыс тіліндегі атаулар негізіне орыс тіліндегі формасы сакталып жазылады: село Лебяжье, Лесной сс — Лесной сс — і т. б.

Ескерту: орыс тіліндегі Лебяжинский район деген атау қазақшада-ский қосымшасы алынып тасталып, Лебяжье ауданы деп жазылады.

11. Орыс тіліндегі Щучинский район, Краснознаменский район сияқты атаулар қазақша дәстүр бойынша Щучье ауданы, Краснознамен ауданы деп жазылады.

Бұл сөздік Қазақ ССР Фылым академиясы Тіл білімі институтының ономастика бөлімінде жасалып, бірнеше рет талқыланды.

Талқылау барысында айтылған бөлім қызметкерлерінің және бас-ка да тіл мамандарының бағалы ақыл-кеңестері оның құрылышы мен мазмұнын жақсарта түсуде кеңінен пайдаланылды. Авторлар колективі осы сөздікті оқып шығып, құнды пікір айткан рецензенттер: Қазақ ССР Фылым академиясының корреспондент мүшесі Ш. Ш. Сарыбаевқа, филология ғылымдарының кандидаты, жазушы А. Сейдімбеков жолдастарға зор алғыс айтады. Бұл «Қазақстан географиялық атауларын» толық түсіндірген тұнғыш сөздік болғандықтан кейбір олқылықтардың болуы ғажап емес. Окушылар тарапынан байқалған кемшіліктер мен олқылықтарды мына төмендегі адреске жолдауларыңызды сұраймыз. 480021. Алматы, 21, Құрманғазы көшесі, 29, Қазақ ССР Фылым академиясы, Тіл білімі институты, ономастика бөлімі.

Т. ЖАНҰЗАҚОВ,  
А ӘБДІРАХМАНОВ

## ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР

Әбдірахманов — Әбдірахманов А. Қазақстанның жер-су аттары. Алматы, 1959., Топонимика және этимология. Алматы, 1975., Қазақстан этнотопонимикасы. Алматы, 1979.

Базылхан — Б. Базылхан, Қазақша — монголша сөздік. Уланбаатор, 1977, Монгол — казах толь. Уланбаатор — Өлгүй, 1984.

Басқаков, Тощакова — Басқаков Н., Тощакова Г. М. Ойротско-русский словарь. М., 1947., Географическая номенклатура в топонимии горного Алтая. В кн.: Топонимика Востока. Исслед. и матер. М., 1969.

Вербицкий — Вербицкий В. Словарь Алтайского и алдагского наречий тюркского языка. Казань, 1884.

Доскараев — Доскараев Ж. Қазак тіліндегі аффикат дыбыстардың жүмсалуы. Қазақ ССР FA Хабарлары. Лингвистикалық серия. 1950. № 6.

ДТС — Древнетюркский словарь. Л., 1969.

Жанәбілов — Жанәбілов Ш. Қазақша мал атаулары. Алматы, 1982.

Жанұзақов — Жанұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. Алматы, 1965., Есімдер сыры. 1978.

Жубанов — Жубанов Х. К. Исследования по казахскому языку. Алма-Ата, 1966.

Иллич — Свитыч — Иллич — Свитыч В. М. Опыт сравнения ностратических языков. М., 1971.

Исаев — Исаев Д. Жер-су аттарының сыры. Фрунзе, 1977.

Казакевич — Казакевич В. А. Современная монгольская топонимика. М., 1934.

Кайдаров — Кайдаров А. Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата, 1986.

Койшыбаев — Койшыбаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. Алма-Ата, 1974., Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы, 1985.

Конкашпаев — Конкашпаев Г. К. Казахские народные географические термины. Изв. АН КазССР. № 99. Вып. 3. Сер. геогр. Алма-Ата, 1951. Словарь казахских географических названий. Алма-Ата, 1963., Географические названия монгольского происхождения на территории Қазахстана. Изв. АН КазССР. Серия фил. и искусствов. 1959. Вып. 1(II).

Конкобаев — Конкобаев К. Топонимия Южной Қиргизии. Фрунзе, 1980.

КТДС — Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969.

КТТС — Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1—10-том. Алматы, 1974—1986.

МК — Махмуд Қошғарий. Туркский сузлар девони (Девону луготит турк) I—III т-т. Тошкент, 1960—1963.

- Мельхеев — Мельхеев М. Н. Топонимика Бурятии. Улан—Удэ, 1969.
- Молчанова — Молчанова О. Т. Топонимический словарь Горного Алтая. Горно-Алтайск, 1979.
- Мурзаев — Мурзаев Э. М. Природа Синьцзяна. М., 1966. К познанию топонимики Монголии. Топонимика. М.; 1967. Вып. 1., Очерк топонимики. М., 1974., Словарь народных географических терминов. М., 1984.
- Мусаев — Мусаев К. М. Лексика тюркских языков в сравнительном освещении. М., 1975.
- Радлов — Радлов В. В. Опыт словаря тюркских наречий. СПб., 1888—1911 (в 4 томах, 8 книгах).
- Рамстедт — Рамстедт Г. И. Введение в алтайское языкознание. М., 1957.
- Рассадин — Рассадин В. И. Монголо—Бурятские заимствования в Сибирских тюркских языках. М., 1980.
- РКС — Русско-калмыцкий словарь. М., 1964.
- Саттаров — Саттаров Г. Ф. Татар АССР антропотопонимлары. Казан, 1974.
- Севортиян — Севортиян Э. В. Этимологический словарь тюркских языков. М., 1974.
- Сейдімбеков — Сейдімбеков А. Құнғыр-құнғыр күмбездер. Алматы, 1981.
- Алуан бояу, ауқымды арна. Білім және еңбек. 1988, № 2.
- Nemeth J (Bt) «Kereit, Kerey, Giray» Ural-Altaï gche Jahrbücher, Vol. 36. Fase 3—4. 1965.
- Тизенгаузен — Тизенгаузен В. Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских источников. М.; Л., 1941.
- ТПЭИ — Теория и практика этимологических исследований. М., 1988.
- Уйг.—рус. сл.-р. — Уйгурско-русский словарь. М., 1968.
- Хабшай, Мініс — Хабшай С., Мініс Э. Монголша-казақша сөздік. Уланбатор, 1954.
- Эксп. мат. — Экспедиция материалдарынан. 1982.
- Юдахин — Юдахин К. К. Киргизско-русский словарь. М., 1965. Киргизско-русский словарь. Фрунзе, 1985.

## ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕР, ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖӘНЕ ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

абқ — ауданға бағынысты қала  
 адыр — адыр  
 айр. — айрық  
 аңғ. — аңғар  
 арал — арал  
 арна — арна  
 арық — арық  
 ас — ауылсовет  
 атырау — атырау  
 ауд. — аудан; ауд.-да — ауданында  
 ауд. орт. — аудан орталығы  
 баст. — бастау  
 бат — батыс; бат.-да — батысында  
 батп. — батпақ  
 бейіт — бейіт  
 бел — бел  
 беткей — беткей  
**бидайық** — **бидайық**  
 биік. — биіктігі  
 биіктік — биіктік  
 бөгөн — бөгөн  
 бұғаз — бұғаз  
 бұл. — бұлак  
 дәң — дәң  
 дәңес — дәңес  
**е. м.** — елді мекен  
**е.е.м.** — ескі елді мекен  
 жағ.-да — жағында  
 жайлай — жайлай  
 жал — жал  
 жар — жар  
 жартас — жартас  
 жер — жер  
 жол — жол  
 жон — жон  
 жұм. пос. — жұмысшы поселкесі  
 жыл. — жылға

жыра — жыра  
 зират — зират  
 кент — кент  
 км — километр  
 көл — көл  
 кхз — колхоз  
 қ. — қала  
 қақ — қақ  
 қайнар — қайнар  
 қс — қалалық совет  
**қапшагай** — **қапшагай**  
 қара.: — қараңыз  
 қия — қия  
 қобы — қобы  
 қойнау — қойнау  
 қолтық — қолтық  
 қопа — қопа  
 қорғ. — корған  
 қорық — корық  
 қтп — қала типтес поселке  
 құд. — құдық; құд.-нан — құдығынан  
 құм — құм  
 құрғ. — құрғак  
 қыр — қыр  
 қырқа — қырқа  
 қыст. — қыстау  
 м — метр  
 метеостанция — метеостанция  
 мола — мола  
 оба — оба  
 обқ — облыска бағынысты қала  
 обл. орт. — облыс орталығы  
 онт. — онтүстік;  
 онт.-де — онтүстігінде  
 орт. — орталық  
 өз. — өзен; өз.-нің — өзенінің  
 өзек — өзек

өткел — өткел  
пос. — поселке;  
пос.-нің — поселкесінің  
рэд — разъезд  
сай — сай  
с. — село  
салыстыр. — салыстырыңыз  
солт. — солтүстік;  
солт.-де — солтүстігінде  
кор — кор  
ст. — станция  
тақыр — тақыр  
тар. — тарихи  
тау — тау; тау.-да — тауында  
теніз — теңіз

тер. — терендігі  
тжс — темір жол станциясы  
тогай — тогай  
томар — томар  
тебе — тәбе  
тебешік — тәбешік  
түб. — түбек  
ұз. — ұзындығы  
шак. — шакырым  
шат — шат  
шатқ. — шатқал  
шокы — шокы  
шөл — шел  
шөлейт — шөлейт

~ (тильда) сөздердің фонетикалық вариантының арасында қойылады.

// — сөз, тұлға вариантыны.

> — тұлғасы немесе мағынасы жағынан атаудың (сөздің) өзінен бүрынғы түрі.  
< — тұлғасы немесе мағынасы жағынан атаудың (сөздің) өзінен кейінгі түрі.  
+ сөзге (тулғага) косымшаның, не өзге тұлғаның косылуы.

## ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ТІЛ АТТАРЫ

шор-шор	мар. — марий
алт. — алтай	монг. — монгол
ар. — араб	ног. — ногай
әзірб. — әзірбайжан	ор. — орыс(ша)
балқ. — балқар	пар. — парсы
башқ. — башкүрт	өзб. — өзбек
бур. — бурят	тат. — татар
гаг. — гагауз	тәж. — тәжік
ир. — иран	тува — тува
көне түркі — көне түркі	тұнғ.-ман. — тұнғыс-маньчжур
каз. — қазақ	түр. — түрік
қалқ.-монг. — қалқа—монгол	түркм. — түркмен
қалм. — қалмак	угор — угор
кар.-балқ. — карашай-балқар	удм. — удмурт
қырғ. — қырғыз	ұйғ. — ұйғыр
қкалп. — қарақалпак	финн-угор — финн-угор
қырым-тат. — қырым-татар	хак. — хакас
күм. — құмық	чув. — чуваш

## ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ӘУДАН АТТАРЫ

Ақад. — Ақадыр	Жанаар. — Жанаарқа
Ақтоғ. — Ақтоғай	Приоз. — Приозер
Жез. — Жезді	Ұлыт. — Ұлытау

— А —

АБАЙ (Абай) — *e. м., cc ort.* Приоз. ауд.; қыст., Ақад. ауд. Ұлы ақын Абай есімінен қойылған топоним.

АБАЙГЕЛДІ (Абайгельды) — *жыра*, Шағырлы Жыланшық өз. нің оңт.-де. Ұлыт. ауд. Кісі есімінен қойылған.

АБЫЛ (Абыл) — *e. м., Ақтоғ.* ауд. Кісі есімінен қойылған.

АБЫЛАН (Аблан) — *сай*, Приоз. ауд. Кісі есімінен қойылған.

АБЫЛЖАЛ (Абилжал) — *tay*, биік. 908,9 м, Ақтоғ. ауд. Абыл деген кісі есімінен қойылған жал атауы. Сол жалдың баурайында Абыл аулы мекендегендіктен қойылуы мүмкін.

АБЫЛХАЙЫР (Абильхайр) — *қөл*, Бетпакдаланың шығ.-да; қыст., Атасу өз.-нің бойында, Ақад. ауд. Абылхайыр (Әбілқайыр) есімінен қойылған атау.

АБЫР (Абир) — *жер*, Жез. ауд. Мағынасы белгісіз.

АБЫРАЙ (Абрай) — *құд.*, Ақши құд.-ның солт. жағ.-да, Жез. ауд. Кісі есімінен қойылған құдық аты.

АФАТАЙ (Агатай) — *tay*, биік. 456,7 м, Жез. ауд. *Aғa* «жасы үлкен туыс, ер кісі» + *tai* (еркелету жүрнағы) тұлғаларынан жасалған атау. Кісі есімінен қойылуы да мүмкін.

АҒАШ (Агаш) — *tay*, биік. 534,4 м, Тасжарған бүл.-ның оңт.-шығ.-да, Ақад. ауд. Мұнда аз да болса ағаш өсуіне байланысты қойылған.

АҒАШЖАЙЛАУ (Агашжайлару) — *tay*, Ақад. ауд. *Aғash* (зат есім) және *жайлару* (зат есім) сөздерінен бірігіп жасалған атау. Негізгі мағынасы: «агашты, ағашы бар жайлару».

АҒАШЛЫҚ (Агашлық) — *tay*, Жаманайбат тауының оңт. жағ.-да, Қанаар. ауд. Бұл атаудағы -лық қосымшасы көне қазақ тілінің зат есімнен туынды сын есім жасайтын жүрнағы болса керек. Себебі, ол қазіргі тіліміздегі қосымшалық қызметі бойынша *агашты* болып айтылады. Бұл жерде ағаш көп деумен байланысты қойылған болу керек.

**АҒЫБАЙ** (Ағибай) — жер, бейіт, Шет ауд. Ағыбай батыр есімімен байланысты жер және бейіт аттары.

**АҒЫММАЛАЙ АУЛЫНЫҢ АЙРЫҒЫ** (разветвление аула Агиммалай) — е. м., Ақад. ауд. Мағынасы: «Ағыммалай аулының жаңындағы айрық».

**АҒЫРЫҚ** (Агирық) — тау, биік. 174,9 м, Жез. ауд. Бұл атаудың мағынасы монгол тілінің *агүү* — «ұлкен, байтақ, биік» деген сөзіне барып саяды. Тіліміздің айтылу ықпалына қарай монгол тілінің дауысты *у* дыбысы біздің жуан дауысты *ы* дыбысына ауысқан, ал екінші сынардағы *-рық* косымшасы сол қалпында сақталған. Бір есептен «айрық» сөзінің көне түркіше түрі болуы да ықтимал.

**АДАМЖАН** (Адамжан) — қыст., Ұлыт. ауд. Кісі есімінен қойылған қыстау аты.

**АДАМӨЛДІ** (Адамольды) — дөң, биік. 583,8 м, Қалмаққырған өз.-нің оңт. жағ.-да. *Адам* (зат есім) +*өлді* (етістіктің өткен шак түрі) сөздерінің бірігүінен жасалған атау. Сірә, бұл дөңнің маңында бір адам өліп, соның өлу себебімен байланысты аталса керек.

**АДАМТАС** (Адамтас) — ғұл., Бараккөл көлінің оңт.-бат.-да, Ұлыт. ауд. *Адам* (зат есім) +*тас* (зат есім) сөздерінің бірігүінен жасалған атау. Тастың формасын, тұрған қалпын адам кейіпіне ұқсатумен байланысты аталса керек.

**АДЫР** (Адыр) — шоқы, биік. 211,9 м, Тасбұлак сайының батыс жағ.-да, Ақад. ауд. *Адыр* — түркі тілдерінің көбіне ортақ географиялық термин — аласа таулар мен бел-белес қырат, дөңесті жер.

**АДЫРБАЙТАУ** (Адыrbайтау) — тау, Ұлыт. ауд. Бұл тау деп аталғанымен ұлкен тау емес, таушық. Орталық Қазақстанда кішігірім тау да, ұлкен тау да «тау» мағынасында айтыла береді. Бұл жергілікті тіл ерекшелігінің бір сипаты.

**АДЫРҚАЙ** (Адырқай) — тау, биік 630 м, Ақад. ауд. Әдette қай, кей жүрнектары кісі есімдерінде көбірек ұшырайды. Мәселен, *Абықай*, *Әбілқай*, *Жұмақай* т. б. Бұған қарағанда, *Адырқай* топонимі кісі есімінен қойылған болу керек.

**АЖЫРЫҚ** (Ажирық) — сай, Шұнқыр қыстауының оңт.-шығ.-да Жез. ауд. Бұл атауды Е. Қойшыбаев бывайша талдайды: «көне тур. *адыр* (*аджыр*>*ажыр*>*ажырық*>*ажырығық*) тұлғасынан. Қазіргі казақ тіліндегі *айыр*, *аша*, *айрық* тұлғаларымен байланысты (Қойшыбаев, 1985, 26—27). Біздің пікірімізше, біріншіден, бұл атау шеп атынан қойылған, өйткені сол аталмыш сайда *ажырық* атты шеп көп болғанын анғартады. Екіншіден *ажырық* атауын *айыр*, *аша*, *айрық* сияқты терминдермен ешбір байланыстыруға болмайды. Өйткені тілімізде тау *айрығы*, тау ашасы мен шеп аты *ажырық* екі бөлек дүние. Шеп аты *ажырық* «тамыры өте тереңге кететін, аласа өсетін, қияқ тәрізді қатты шеп».

**АЗАТ** (Азат) — *taу, e. м.*, Ақад., Жанаар. ауд.-да. Бұл топоним Азат деген кісі есімінен қойылуы мүмкін немесе алғашқы колективизация кезінде бір елді мекенге «азат болдық, бостандық, тен-дік, еркіндік алдық» деген мәнмен қойылуы мүмкін.

**АЗБАЙ** (Азбай) — *taу, биік.* 978,1 м, Қеншокы маңында, Ақад. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**АЙБАС** (Айбас) — *өз., құрғ. өз., қыст.* Жыланшық өз.-нің солт. жағ.-да, Ұлыт. ауд.; *шоқы*, биік. 402,8 м, Жанаар. ауд. Кісі есімінен не ру атынан қойылған атау.

**АЙБАТ** (Айбат) — *taу, биік.* 566,2 м, Тасжар мекенінің оңт. — шығ. жағ.-да, Ақад. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**АЙБАТ СЕРІКТІГІ** (Айбат сериктиги) — *кхз,* Жанаар. ауд. Кісі есімінен қойылған. Революциядан кейінгі кооперативтік бірлестіктерді серіктік деп атаған.

**АЙБОСЫН** (Айбосын) — *бейіт,* Сарысу өз.-нің оңт. жағ.-да, Жанаар. ауд. Бұл атау *ай* (зат есім) және *болсын* (етістік) деген екі сөзден қосылып жасалған. Осы кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**АЙҒЫРБЕК** (Айғырбек) — *taу, биік.* 139,5 м; Жез. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**АЙҒЫРЖАЛ** (Айғыржал) — *с., тау, биік.* 717,9 м, Ақад. ауд. және Талдыбулак пос.-нің солт. жағ.-да, Жанаар. ауд.; *e. м.*, Успен сс.-не қарайды, Ақад., Шет ауд.-да. *Айғыр* (зат есім) + *жал* (зат есім) сөздерінен жасалған. Таудың ұзыннан-ұзақ көлбей созылып жатқан биік жалын айғыр жалына ұқсатудан қойылса керек.

**АЙҒЫРҰШҚАН** (Айғырушкан) — *taу, биік.* 874,9 м, Ақад. ауд.-да. *Айғыр* (зат есім) + *ұшқан* (етістіктің өткен шақ формасы) сөздерінен жасалған. Атау айғырдың таудан құлап кетуіне немесе шауып келе жатып ұшып өлуіне байланысты қойылуы мүмкін.

**АЙДАЙ** (Айдай) — *e. м.*, Ақтоғ. ауд. Ел аузында Айдай есімді қыз бер Қира деген жігіт бір-біріне ғашық болып, қосыла алмай қайғылы өмір кешкендері туралы аңыз-әнгіме бар. Бұл жер аты сол Айдай есіміне байланысты қойылған екен.

**АЙДАРЛЫ** (Айдарлы) — *шоқы, биік.* 966,3 м, Ақад. ауд.; *taу, биік.* 530,8 м, 340,2 м, Жанаар. ауд.; *өз.* Шет ауд.; *құрғ.* құд., Баймырза құд.-ның қасында 2 м жерде, Приоз. ауд. *Айдар* (зат есім) + *лы* (туынды сын есім жұрнағы) жолымен жасалған. Атау тәбедегі айдарға ұқсатудан қойылған, яғни «шошайған шоқы, биікше тәбе» дегенді білдіреді.

**АЙДАНАРЛЫ** (Айдахарлы) — *taу, биік.* 1023,0 м, Шет ауд. *Айдаһар* (зат есім) + *лы* (туынды сын есім жұрнағы) сөздерінің бірігу жолымен жасалған. Ерте замандарда бұл тауда айдаһар тектес ірі жыландардың көп болуына байланысты қойылуы мүмкін.

**АЙДЫН** (Айдын) — с., Абай сс-не қарасты, Приоз. ауд. Бұл топоним кісі атынан немесе жалпы есім *айдын* сөзінен қойылса керек. Сөз мағынасы «айқын, ашық, айлы жарық», ал тіліміздегі *айдын* көл сөз тіркесі «жарқырап жаткан шалқар, үлкен көл» деңгеді анфартады.

**АЙДЫНСОР** (Айдынсор) — *тай*, Ұлт. ауд. *Айдын* (сын есім) +*сор* (зат есім). Аумағы үлкен, көп жерді алғып жатқан, алыстан жарқырап көрінетін тұзды соры көп жер.

**АЙМАНТАУ** (Аймантау) — *тай*, биік. 618,1 м, Жанаар ауд. Каражал қ.-ның солт. жағ.-да. Кісі есімінен қойылған.

**АЙМАШ** (Аймаш) — *өз.*, Ақад. ауд. Кісі есімінен қойылған.

**АЙМЫСЫҚ** (Аймысық) — *тай*, *шоқы*, Шет ауд. Қарағаш жоталарының ең биік жері. Э. Марғұланның пікірінше, көне түркі тайпасының мекені. Кейбір зерттеушілердің айтудынша: «*Ай* — (этноним) +*месек*» мысық (мошук//моздук//пәдик «биік») мәндес сөздерден құралған. «Айдын белі» мәніндегі атау (Қойшыбаев, 1974, 28—29). Жергілікті халықтың айтудында *Аймысық* көз формасы да бар.

**АЙНАБЕК** (Айнабек) — *е. м.*, Шет ауд. Кісі есімінен қойылған елді мекен аты.

**АЙНАБУЛАҚ** (Айнабулак) — с., *сс орт.* Жанаар. ауд., Қарашоқы тауының онт.-шығ. жағ.-да және Отаутас тауының солт. жағ.-да; баст., Ақтоғ., Шет ауд.-да; *бұл*, *көл*, *құд.*, тер. 2 м, *е. м.*; Жанаар. ауд.; *тай*, биік. 628,1 м, с., Жанаар. ауд., 83 км. *Айна* (зат есім) +*булақ* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атаулар. Бұл атаудың әуел баста бастау, кейіннен булақ, көл, тау одан кейінгі кезеңдерде село орталығы атына ауысқаны анық байқалады. Атаудың мағынасы: «*булақтың* айнадай мөлдір таза жарқырап жатуын» мәнзейді.

**АЙНАТАЙ** (Айнатай) — *қыст.*, Ақад. ауд. Кісі есімінен қойылған қыстау аты.

**АЙПАРАШОҚЫ** (Айпарашокы) — *тай*, Жез. ауд. Айпара есімді әйел кісі құрметіне қойылған шоқы аты болу керек.

**АЙРАНБАЙҚҰДЫҚ** (Айранбайкудук) — *шатқ.*, Жыланды өз.-нің онт. жағ.-да, Жез. ауд. Осы Айранбай қазғандықтан соның есімімен аталып кеткен құдым аты.

**АЙРЫН** (Айрын) — тжс., *е. м.*, Ақад. ауд. Атаудың накты мағынасы белгісіз. Алайда оны *айрық*, *айыр* сөздерімен төркіндес деп қарауға болатын сияқты.

**АЙСА** (Айса) — тжс., с., Успен селолық советіне қарайды, Ақад. ауд. Кісі есімінен қойылған топоним.

**АЙТАҒЫ** (Айтагы) — *тай*, биік. 499,9 м, Қарашоқы тауының онт. — бат. жағ.-да, Жанаар. ауд. Бұл атаудың бірінші сынарындағы *ай* сөзін көне түркі этнонимі *ай*, ал екінші сынардағы тағы

сөзін тіліміздегі *taу* сөзінің көне тұлғасы, сонда «Айтауы» деп қару бар (Қойшыбаев, 1985, 29). Ертеде казақ және түркі халықтарында *Ай* сұлулықтың, көркемдік пен әдеміліктің символы болған. Халық оған сыйынып, табынған, «әулие», «қасиет» тұтқан. Осыған орай *Айтағы* «әулие, қасиетті сұлу тау» деген мәнде қойылуы мүмкін.

**АЙТБАЙ** (Айтбай) — *e. e. m.*, Шет ауд. Қісі есімінен қойылған мекен аты.

**АЙТКАНШОҚЫ** (Айтканшокы) — *taу*, биік. 856,3 м, Бесшоқы тауының жанында, Приоз. ауд. Қісі есімінен қойылған тау аты.

**АЙТУГАНСАЙ** (Айтугансай) — *сау*, Жез. ауд. Қісі есімінен қойылған өзен аты.

**АЙТУАРСАЙ** (Айтуарсай) — *өз.*, Ұлыт. ауд. Қісі есімінен қойылған өзен, сай аты.

**АЙТИЛЕС** (Айтлес) — *қыст.*, Шет ауд. Қісі есімінен қойылған қыстау аты.

**АЙҚАЙ** (Айхай) — *e. m.*, Ақтоғ ауд. Айқай шықкан бір оқиғаға байланысты қойылған болуы керек.

**АЙШЫРАҚ** (Аширак) — *e. m.*, Ақтау сс-не қарайды, Жанаар, ауд.. Отаутас тауының онт. жағ.-да және Атасу өзені бойында. «Онда археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде қола дәуіріне тән түрлі жиназ бұйымдар, айға үқсас қола шырақтар табылған. Сол себепті де ол жер Айшырақ деген атауға ие болған көрінеді» (Қойшыбаев, 1985, 29).

**АЙЫРЖАЛ** (Айыржал) — *шоқы*, Ұлыт. ауд. *Айыр* (зат есім) және *жал* (зат есім) сөздерінің бірігүй арқылы жасалған атау. Қөптеген топонимдер *айыр* сөзінің қосылуы арқылы жасалып, «екі ашалы», — «қос айрық», «екі тармақты», «екі салалы» мағынасында қолданылады. Демек, *Айыржал* — «екі салалы, қос тармақты, екі жікке бөлінген жал» деген үғымды билдіреді.

**АЙЫРТАС** (Айыртас) — *c., ss ort.* Приоз. ауд.; *taу*, биік. 963,7 м, Шубарайғыр тауы манайында, Приоз. ауд.; *taу*, биік. 839,7 м; *e. m.*, Сарытерек мекені жакта, Қошқар селосынан 50 км жердегі село аты. Ақтоғ. ауд., *Айыр* (зат есім) + *тас* (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «екі бөлек, қос салалы, екі ашалы» деген үғыммен байланысты.

**АЙЫРТАУ** (Айыртау) — *taу*, биік. 852,9 м, *c. ss*, Ұлыт. ауд. *taу*, биік 835,1 м, Ақад. ауд. *Айыр* (зат есім) + *тау* (зат есім) сөздерінен жасалған. *Айыртау* — «екі ашалы, екі салалы тау».

**АЙЫРШОҚЫ** (Айыршокы) — *taу*, биік. 337,1 м, Бараккөл көлінің бат.-да, Ұлыт. ауд. *Айыр* (зат есім) + *шоқы* (зат есім) сөздерінің бірігүйнен жасалған. Топоним мағынасы: «екі бөлек, екі салалы шоқы».

**АҚАДЫР** (Ақадыр) — *taу*, биік. 500,0 м, Ұлыт. ауд.; *тжс*, *c.*

жұм. пос. ауд. орт. Акад. ауд. *Ақ* (сын есім) + *адыр* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Таудың немесе адырлардың ағарып жатуымен байланысты аталған.

**АҚАЙДАР** (Акайдар) — *жер*, Жез ауд. Кісі есімінен немесе этонимнен қойылған жер аты.

**АҚАСЫҚ** (Акасық) — *taу*, биік. 366 м, Жез. ауд. *Ақ* (сын есім) + *асық* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. *Ақ* сөзі географиялық атауларда көп мағыналы: «әппак ақ түс», «таза, мөп-мөлдір», «өсімдік өспейтін тақыр», «ұлкен, биік», «кен, жазық» т. б. Осы атаудың екінші сынарындағы *асық* тіліміздегі мал асығымен байланысты емес сияқты. Ол тіліміздегі *асу* «тау асуы», Асы// //Аса «таулы жайларлар аты» (Алматы, Жамбыл облыстарында) сөздерімен түбірлес. Сөз сонындағы қ дауыссыз дыбысы көптік жалғауының көне тұлғасы. Демек, *Ақасық* атауының мағынасы: «биік, ұлкен асу» болса керек.

**АҚАТАЙ** (Акатай) — *е. м.*, Актоғ. ауд. Кісі есімінен қойылған.

**АҚБАЗ** (Ақбаз) — *е. м., с.*, Түгіскен сс-не қарайды, Жанаар. ауд. *Ақ* (сын есім) + *орыс тілінің база* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған елді мекен аты.

**АҚБАЙСАЙ** (Акбайсай) — *өз.*, Сарыторғай өз.-нің шығ.-да, Ұлыт. ауд. Кісі есіміне *сай* сөзінің қосылуы арқылы жасалған.

**АҚБАЛШЫҚ** (Акбалшик) — *шатқ.*, Жуантөбе тауы маңында, Приоз. ауд., Сатыбалды көлінің қасында, Жанаар. ауд. *Ақ* (сын есім және *балышық* (зат есім) тұлғалы сөздердің бірігуінен жасалған. Сол жердегі балшықтың ақ түсіне байланысты аталған.

**АҚБАС** (Акбас) — *taу*, биік. 565,7 м. Таражар баст.-ның солт. шығ. жағ.-да, Акад. ауд. *Ақ* (сын есім) және *бас* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Тау басының ағарып жатумен байланысты аталғаны байқалады.

**АҚБАСАТАН** (Акбасатан) — *жер*, Актоғ. ауд. *Ақ* (сын есім) + *бас* және *атаң* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған күрделі атау. Бұл жер ақ басты түйемен байланысты аталған.

**АҚБАСТАУ** (Акбастау) — *taу*, биік. 492,1 м, Шалғия пос.-нің онт.-бат. жағ.-да, Ералиев сс-не қарасты село, Жанаар. ауд., *taу*, биік. 652,3 м, *е. м.*, Шет ауд., *шоқы*, биік. 451,7 м, Жанаар. ауд. *Ақ* (сын есім) + *бас* және *тау* (зат есім) сөздерінен жасалған атау, Топоним мағынасын екі түрлі тұрғыдан қарастыру керек сияқты: 1) ақбас «басы аппақ шанқай ақ» (*taу*), яғни биік шың басы аппақ, ешнэрсе өспейтін, шанқай ақ *taу*; 2) ақ «таза, мөлдір, тұнық» бастау. Демек. *Ақбастау* «таза, мөлдір, тұнық бастау».

**АҚБАУЫР** (Акбауыр) — *е. м., с.*, Қызылтау сс-не қарасты, Шет ауд. *Ақ* (сын есім) + *бауыр* (зат есім) сөздерінен жасалған. «Баурайы кен» мәніндегі атау.

**АҚБӘЙБИШЕ** (Акбайбише) — құд., Ақад. ауд. *Ақ* (сын есім) +

**+бәйбіше** (зат есім) сөздерінен жасалған. Атау мағынасы «ақ өнді бәйбіше», сол құдықты қаздырған бәйбішеге арнап қойылған.

**АҚБЕСІК** (Акбесик) — *tay*, биік. 805,9 м, Ақтөр. ауд. *Aқ* (сын есім) +**бесік** (зат есім) сөздерінің тіркесінен жасалған атау. Таудың бала бесігіне ұқсастығына байланысты қойылғаны аңғарылады.

**АҚБИІК** (Акбиик) — *шоқы*, *e. м.*, Ақтөр. ауд. *Aқ* (сын есім) және *биік* (зат есім) сөздерінің тіркесінен жасалған атау. Атаудың бірінші сынарындағы *ақ* сөзі «аппак, таза, кіршіксіз» деген мағынадан басқа «нағыз, шын, нақ» мағынасын да білдіреді. Сонда *Ақбиік* «нағыз, шын биік» дегенді аңғартады.

**АҚБҮЙРАТ** (Акбүйрат) — *tay*, Ақдала пос.-нің солт. жағ.-да. Ақад. ауд. *Aқ* (сын есім) +**бүйрат** (зат есім) сөздерінен жасалған мағынасы: «ойлы-қырлы белес, қырқалы-адырлы ағарған» (*таяу*).

**АҚБҰЛАҚ** (Акбулак) — *e. м., сс орт.*, Ақад. ауд.; *баст.*, Ақад., Приоз. ауд.-да; *бұл.*, Жыланды өз.-нің оңт.-бат.-да, Жез., Ақтөр. ауд.-да, Ақмая пос.-нің солт.-шығ. жағ.-да, Шет ауд.; *құрғ.* өз., Ақад., Жез. ауд.-да; *tay*, биік. 107,6 м, Шет ауд.; *сай, шатқ.*, Қайрақты пос.-нің бат. жағ.-да. Ақбұлак сияқты атаулар Орталық Қазакстанның басқа облыстарында да көлтеп кездеседі. Бұл атаудың түркі тілдеріндегі мағынасы Э. М. Мурзаев ойынша: «ақ («ағын») бұлақ сөздерінен қуралған «ағынды бұлақ» мәндес атаулар (Мурзаев, 1959, 13). Басын таудан немесе қайнар бастаудан алатын бұлақтың бәрі де еніс, ылдига карай құлап агатыны кімге де болса аян. Олай болса, бұл текстес атаулардың бірінші сынарындағы *ақ* сөзінің мағынасын «ағын, ағынды» деп түсіндіруден гөрі «таза, тұнық, мөлдір» деп тану әлдекайда ұтымды да нанымды. Сонда *Ақбұлак* «таза, мөлдір, тұнық бұлақ» деген мағынаға толық ие.

**АҚДАЛА** (Ақдала) — *сай, шатқ.*, *e. м.*, Қайрақты пос.-нің солт. жағ.-да. Ақад., Приоз. ауд.-да. *Aқ* (сын есім) +**дала** (зат есім) сөздерінен жасалған. Бұл республиканың басқа да облыстарында мекен аттары ретінде жіп кездеседі. Е. Койшыбаев атаудың этимологиясын «отты дала, шұрайлы жайылым» деп көрсетеді (Койшыбаев, 1974, 31). *Aқ* компоненті бірінші құрамында келетін топонимдер күллі түркі халықтарында ертеден кездеседі де, түрлі мағынаға не келеді. Оның біздің тілімізде де қара, қызыл, сары, көк сөздері сияқты көп мағыналы екенін көреміз. Бұған қарағанда, *Ақдала* атауындағы *ақ* сөзінің мағынасы — «тап-таза, такыр», ал дала «кең байтак шексіз ашық жер, құла дүз». Демек, Ақдала атауының толық мағынасы — орманы, не тау-тас, қыр-қыраты, жота-төбелері жок такыр, ашық дала, құла дүз, ақ отты жер.

**АҚДОНГАЛ** (Акдонгал) — *tay*, биік. 957, 2 м, Ақад. ауд., *tay*, биік. 690,6 м, Үлт. ауд. *Aқ* (сын есім) +**доңғал** (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Негізінде түркі тілдеріндегі *доң* (*доң*), *доң*

сөздерінің түбірі бір «жота, қыр, төбе» деген мағынаны береді. Жергілікті халық тіліндегі донғал — «бік жота, тау», олай болса Ақдонғал — «ақ тау».

АҚЕМШЕК (Акемшек) — *taу*, биік. 528,1 м, Жанаар. ауд. Ақ (сын есім) + **емшек** (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Таудың емшекке үқастығына қарап қойылған атау.

АҚЖАЙДАҚ (Акжайдак) — *тжс., с.*, Ортадересін сс.-не қарайды, Приоз. ауд. Е. Қойшыбаев **жайдақ** сөзін көне түркі тілдерінде гі йайлак (<йай+дак<жай+дак) «жайлай» сөзімен салыстырады (Қойшыбаев, 1974, 90). Біздінше, **жайдақ** «тегіс, жатық» мағынасындағы сөз. Топоним мағынасы: «ашық әрі тегіс, жатық жер».

АҚЖАЛ (Акжал) — *с.*, *пос., жұм. пос., тау*, биік. 749,9 м, Қайракты пос.-нің оңт.-бат. жағ.-да, Ақад. ауд.; *taу*, биік. 629,9 м, Жанаар. ауд.; *taу*, биік. 658 м, Жыланды өз.-нің солт. жағ.-да, Ұлыт. ауд.; *taу*, биік. 617,8 м, Талдыманақа өз.-нің бат.-да, Жанаар. ауд.; *taу*, биік. 616,7 м, Ақад. ауд., биік. 606,9 м, Қарақенгір өз.-нің солт.-шығ.-да, Ұлыт. ауд.; *taу*, биік. 596,3 м, Үлкен Жезді өз.-нің бат.-да. Жез. ауд.; *taу*, биік. 587,1 м, Ақад. ауд.; *taу*, биік. 579,0 м, Қарашоқы тауының оңт. жағ.-да, Жанаар. ауд.; *taу*, биік. 536,3 м, Жез. ауд.; *taу*, биік. 529,7 м, Жанаар. ауд., Төребұтак өз.-нің солт.-де; *taу*, биік. 516 м, Жез. ауд.; Жыланды өз.-нің оңт. бат.-да; *taу*, биік. 367,2 м, Ұлыт. ауд., Сарыторғай өз.-нің шығ.-да; *е. м.*, Ақад., Ақтоғ. ауд.-да. Ақ (сын есім) + **жал** (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Бұл топонимнің мағынасы: «ұзыннан-ұзак ағарып, созылып жатқан жал» дегенді білдіреді.

АҚЖАР (Акжар) — *сай*, Жыланды өз.-нің солт.-де, Ұлыт. ауд.; *taу*, биік. 355,9 м, Жез. ауд. Ақ (сын есім) + **жар** (зат есім) сөздерінен жар түсінің актығына байланысты қойылған атау.

АҚЖАРТАС (Акжартас) — *с., е. м.*, Қарабұлақ сс.-не қарасты, Ақад. ауд. Ақ (сын есім) + **жар** (зат есім) + **тас** (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған күрделі атау. Мағынасы: «жар тастың актығын» білдіреді.

АҚЖАРЫҚ (Акжарық) — *өз., е. м., с.*, Қызыларай сс.-не қарасты, Ақтоғ. ауд. Ақ (сын есім) және **жарық** (зат есім) «жарылған, шатынаған» сөздерінің қосылуынан жасалған атау.

АҚЖЕР (Акжер) — *сай*, Жез. ауд., Ақдала топонимінің синонимі. Ақ (сын есім) + **жер** (зат есім) сөздерінен жасалған.

АҚЖІГІТ (Акжигит) — *сай*, Жез. ауд. Кісі есімінен қойылған.

АҚЖУСАН (Акжусан) — *е. м.*, Ақтоғ. ауд. Ақ (сын есім) және **жусан** (зат есім) сөздерінің бірігүінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «ақжусаны мол, жусан көп өсетін жер».

АҚЖЫРА (Акжира) — *шатқ.*, Жез. ауд. Ақ (сын есім) + **жыра** (зат есім) сөздерінен жасалған. Жыраның айнала-төнірегінің ак-

шыл бол жатуына байланысты қойылған атау.

АҚЖОЛ (Акжол) — жайлау, құд., Ақад. ауд. Ақ (сын есім) + жол (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Сол жайлау мен құдық иесінің есімінен қойылған.

АҚИРЕК (Акирек) — сай, Жыланды өз.-нің солт. жағ.-да, Жез. ауд.; тау, биік. 970,9 м, Ақтоғ. ауд.; тау, биік. 664,6 м, Отаутас тауының сол. жағ.-да, Жанаар. ауд.; тау, биік. 482,7 м, Ойпаң мен Акирек арасы 10 км, Приоз. ауд.; е. м., Ақтоғ. ауд. Ақ (сын есім) және ирек (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Ұсақ таулар мен қырқалардың иір-қыр көрінісін, ақ тандак бол жатын бейнесін көрсетеді.

АҚИЫҚ (Акыық) — сай, қыст., Байқоңыр өз.-нің бат.-да, Жез. ауд. Ақ (сын есім) және иық (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Жағасы, кемер кенересі ақ жиектеніп жатуына байланысты қойылғаны байқалады.

АҚКЕМЕР (Аккемер) — тау, биік. 486,1 м, Шет ауд. Ақ (сын есім) және кемер (зат есім) сөздерінен қосылып жасалған атау. Мұндағы ақ сөзі кемердің түсін яғни актығын білдірсе, кемер «таудың, жардың кемітілген етек жағы, өзеннің жарлау келген, су шайған жағасы». Бұл кемер сөзін К. К. Юдахин иран тілінің «су орган сага, кеспе сай» деген сөзі деп қараса (Юдахин, 1964, 371), Э. М. Мурзаев бұны түркі, иран тілдеріндегі камар, кемер «тау етегі, өзен жағасы, жар» деп түсіндіреді (Мурзаев, 1984, 248).

АҚКЕНСЕ (Аккенсе) — е. м., с., Мыңбұлақ сс.-не қарайды, Жез. ауд. Ақ (сын есім) және кеңсе (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Бұлайша аталуы кеңсе орналасқан үйдің ақ түсіне байланысты болса керек.

АҚКЕРЕГЕТАС (Аккерегетас) — тау, биік. 587,9 м, Жез. ауд. Ақ (сын есім) + кереге (зат есім) және тас (зат есім) деген үш сөздің қосылуынан жасалған атау. Мағынасы керегетастың ақшыл түсін білдіреді.

АҚКИІҚСАЙ (Аккiiксаи) — сай, Тұлкібай қыст.-ның солт. жағ.-да, Жез. ауд. Ақ (сын есім) + киік (зат есім) және сай (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Бұл жерде киіктің түсінің актығы айтылып тұр. Шындығында да осы жерді киік қыстап қалатын болған. Ал қысқа қарай киіктің тұлеп, ағаратыны да белгілі. Сондыктан да бұл жер Ақкiiксаи аталған.

АҚКӨЙЛЕК (Аккойлек) — е. м., Үлкен Жыланшық өз.-нің онт. жағ.-да, Үлт. ауд. Ақ (сын есім) және көйлек (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Бұның екінші сынарындағы көйлек сөзінің кәдімгі көйлекке ешбір қатысы жоқ сияқты. Ол көне түркі тілдеріндегі қойылғак, күйүүг сөздерінің дыбыстық тұрғыдан тіліміздегі өзгерген түрі. Өйткені тува тілінде Күйүүг — Хем өзені, Күйлүг — Шат тау аттары болса, алтай тілінде койылғак «су қой-

масы, *Койылгак* жер, елді мекен, башқұрт тілінде *койласс* (куйясе) өзен атауларының барын көреміз. Атаудың бұл тілдердегі негізгі түбірі *күй, койоло* (башк.) «терен сай, шат, тау жарығы, үңгір, жер сілкінісінен пайда болған жарық», «*булағы* немесе құдырығы бар» мағыналарына ие. Бұған қарағанда, *Ақкөйлек* атауының мағынасы: «Ақсай, Ақбулақ немесе Ақжарық» деген атаулармен мәндес сияқты.

**АҚҚӨЛ** (Акколъ) — *көл*, Сарысу өз.-нің солт.-де. Жанаар. ауд., құд., Жез. ауд. *Ақ* (сын есім) және *көл* (зат есім) сөздерінің бірігүі арқылы жасалған атау. Мағынасы:— «қамысы қалың айдан көл».

**АҚӨЗЕК** (Акозек) — *аңғ.*, Приоз. ауд. *Ақ* (сын есім) және өзек (зат есім) сөздерінің бірігүі арқылы жасалған атау. Бұл атаудың бірінші сыңарындағы *ақ* сөзі зерттеушілердің пікірінше: «судың ақ түсін көрсетпейді, ағын су екенін, тау басынан өз арнасымен тоғмен қарай ағып келетін қар сұы екендігін білдіреді» (Мурзасов, 1954, 22), ал атаудың екінші сыңары өзек тіліміздегі өзен сөзінің варианты. Ақөзек, Ақсу гидронимдері өзара мәндес.

**АҚҚАЙКАҢ** (Аkkайкан) — *қыст.*, Қайрақты пос.-нің солт.-бат. жағ.-да, Ақад. ауд. Мағынасы: «түсі ақ қайқаң, өр жер».

**АҚҚАЙКАҢ ҚОЙТАС** (Аkkайкан койтас) — *тау, шоқы*, Шет ауд. Бұл сөз тіркесі арқылы жасалған атау «агарып жатқан қайқаң, өрлі жердегі биіктегі қойтас» деген мағынаны білдіреді.

**АҚҚАРА** (Аккара) — *е. м.*, Ақтөг. ауд. *Ақ* (сын есім) және *қара* (тау мағынасын беретін зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Мағынасы: «ақ тау, ақ дөң, ақ биік».

**АҚҚИЯҚ** (Аккияқ) — *с.*, Нұраталды сс.-не қарайды, Шет ауд.; өз., Қайрак пос.-нің солт.-шығ. жағ.-да, Ақад. ауд.; *сай*, Жез. ауд.; *е. м.*, Ақтөг. ауд. *Ақ* (сын есім) + *қияқ* (зат есім) сөздерінен жасалған. Атау қияқ шебінің толысып, ағарып тұруына байланысты қойылған.

**АҚҚОЖА** (Аккожа) — *тау*, 848,7 м, Приоз. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**АҚҚОЗЫ** (Аккозы) — *с., е. м.*, Шет ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**АҚҚОРА** (Аккора) — *қыст.*, Жыланды өзенінің солт. бат.-да, Ұлыт. ауд.; *е. м.*, Ақтөг. ауд. *Ақ* (сын есім) және *қора* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Қора сыртының актығына байланысты қойылған.

**АЩЫӨЗЕК** (Ащиозек) — өз., Иткөл жазығында; *тжс*, Приноз. ауд., *е. м.*, *тжс*, Ақтөр. ауд. *Аңы* (сын есім) + *өзек* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Мағынасы: «акшыл түсті тұз не сор басқан, сортанды өзек».

**АЩЫӨЗЕН** (Ащиозен) — өз., Ақад. ауд., Қызылеспе өз.-нің жан.-да. *Аңы* (сын есім) + *өзен* (зат есім) сөздерінен жасалған. «Суының дәмі, тұшы емес, тұз татыған аңы өзен».

**АЩЫСАЙ** (Ащисай) — *құрғ. өз.*, Жез. ауд., Дүйсембай өз.-нің қасында; *сай*, Ұлыт. ауд., Аксайдың жанында. *Аңы* (сын есім) + *сай* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Атау мағынасы: «суы тұзды сай» немесе «сортаны көп, сортанды сай».

**АЩЫСУ** (Ащису) — өз., Жанаар. ауд., Қарашоқы тауының онт. жағ.-да; *көл*, Жез., Ұлыт. ауд.-да. *Аңы* (сын есім) + *су* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Өзен суының аңы екендігін білдіреді.

**АЩЫШОҚЫ** (Ашишоки) — *шоқы*, Ақад. ауд., Қектенкөлдің маңында. *Аңы* (сын есім) және *шоқы* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Шоқы топырағының тұзды, сортан болуымен байланысты койылған атау болса керек.

**АЯҚАЛА** (Аякала) — *шоқы*, Ақад. ауд., Қайрақты пос.-нің солт. жағ.-да. *Ая* (сын есім) + *қала* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Қөптеген түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде де *ая* «жақсы, әдемі», *қала* — «кент, шаһар», яғни «жақсы, көркем кала». Осы қала қирап, құм, топырақ басып, кейіннен төбе, шоқы болып қалуы мүмкін.

**АЯҚ БЕСТАУ** (Аяқ Бестау) — *тай*, биік. 587,1 м, Жанаар. ауд. Атау *аяқ* (зат есім) + *бес* (сан есім) + *тай* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған, яғни «төменгі жактағы бес тау».

**АЯҚБҰЛДЫРЫҚ** (Аяқбульдуруқ) — *тай*, биік. 261 м, Жез. ауд., Алақай қыст.-ның жанында. *Аяқ* (зат есімдік сын есім) + *бұл-*

**дырық** (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Бұл жерде аяқ «төменгі, аяққы, етектегі», **бұлдырық** «кішкентай құс». Атаудың топонимдік мағынасы: «төменгі, аяқ жақтағы кішкене тау».

**АЯҚҚАЙНАР** (Аяккайнар) — баст., Жез., ауд. Аяқ (зат есімдік сын есім) + **қайнар** (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған, яғни «төменгі, етектегі бастау».

**АЯҚҚАМЫР** (Аяккамыр) — тар. орын. Қыпшақ заманынан жеткен әйгілі ескерткішке байланысты жер аты, Жезді ауданынан 9 км. А. И. Шренк, К. И. Сәтбаев, Э. Х. Марғұлан өз көздерімен көріп, зерттеу-мақалалар жазған.

**АЯҚҚҰДЫҚ** (Аяккудук) — құд., Ақад. ауд., Әлжантам құд.-ның маңында; **зират**, Жанаар. ауд., Талдыманақа өз.-нің бат.-да, Ақтау тауларына жуық. Мағынасы: «төменгі жақтағы құдық» дегенді білдіреді.

**АЯҚҚҰМ** (Аяккум) — *tay*, биік. 153м, Жез., ауд. Етегінде Арыстан құдығы бар. Аяқ (зат есім) + **құм** (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. «Төменгі, етектегі құм» мағынасындағы атау.

**АЯҚТАУ** (Аяктау) — *таулар*, Ақад. ауд. Мағынасы: «төменгі етектегі тау». Аяқ (зат есім) + *taу* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Бұл жерде аяқ сөзі **аяққы** (мекен үстенеу) түлғасының қыс-карған түрі.

**АЯҚТӨБЕ** (Аякторбе) — дөңес, Жез. ауд., Ақши құд.-ның солт.-бат. жағ.-да. Аяқ (зат есім) + *төбе* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. «Төменгі жақтағы төбе».

**АЯҚТУАЙТ** (Аяктуайт) — *taу*, биік. 692,4 м, Приоз. ауд. Бастауайт тауының сілемі. Аяқ (зат есім) + *туайт* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған Е. Қойшыбаев бұл атауды «аяқ-ту-ай(т), яғни «аяқ тау айттары мәніндегі этнотопоним» деп түсіндіреді. Бұл атаудың бірінші компоненті **аяқ** сөзінің мағынасы белгілі болғанмен екінші компонентіндегі *туайт* монголдың туляйт «қоянды, қояны көп» деген сөзі.

**АЯҚШЫН** (Аякчин) — *сай*, Ұлыт. ауд. 1 Май кхз-ның онт. жағ.-да. Аяқ (зат есім) + **шың** (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Атау мағынасы «биік таудың, занғар шының етек жағы».

## — Ә —

**ӘБДІБЕК БАҚАЙАУЫЛ** (Абдибек — Бакайаул) — *жер, ауыл*, Ақад. ауд. Қісі есімінен қойылған атау.

**ӘБДІРАХМАН** (Абдрахман) — **қыст.** Жанаар. ауд. Талдыманақа өз.-нің шығ.-да. Қісі есімінен қойылған.

**ӘЖАН — ОСПАН** (Абжан — Оспан) — **қыст.**, Шет ауд. Қісі есімдерінен қойылған атау.

**ӘБҮ (Абу)** — е. е. м. Шет ауд., Ақмая пос.-нің онт. жағ.-да. Кісі есімінен қойылған атау.

**ӘДІЛ (Адиль)** — *сай*, Ұлыт. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**ӘДІЛБАЙ (Адильбай)** — е. м., қыст., *taу*, биік 9072 м, Ақтоғ. ауд. Кісі есімінен қойылған тау аты.

**ӘДІЛБАЙШОҚЫ (Адильбайшоқы)** — *taу*, биік. 635,1 м, Жаңаар. ауд., Талдыманақа өз.-нің бат.-да. Әділбай деген кісі есімінен аталған шоқы.

**ӘБДІЛДА (Абдильда)** — қыст., Ақад. ауд. Әбділда деген кісі есімінен қойылған қыстау аты.

**ӘДІЛШЕ (Адильше)** — *taу*, биік. 875,6 м, Ақад. ауд. Кісі есімінен қойылған тау аты.

**ӘЗІМБАЙ (АЗИМБАЙ)** — қыст., Приоз., ауд. Әзімбай есімінен қойылған қыстау аты.

**ӘЗІБАЙ ҚЕЗЕҢІ (Азібай Қезени)** — *кезең, өткел*, Ақтоғ. ауд. Әзілбай есімді жер иесінің атынан қойылған кезең, өткел атаулары.

**ӘЙТЕҚ (Айтек)** — *жота*, Жез. ауд., Үлкен Жезді өз.-нің бат.-да Кісі есімінен қойылған атау.

**ӘКБАР (Акбар)** — *taу*, биік. 222,4 м, Ұлыт., Бозшакөлдің солт. жағ.-да. Кісі есімінен қойылған тау аты.

**ӘЛЖЕ (Алже)** — *taу*, биік. 636 м, Ақад. ауд. Кісі есімінен қойылған тау аты.

**ӘЛИ (Али)** — с., Қішітау сс.-не қарайды. Ұлыт. ауд. Кісі есімінен қойылған село аты.

**ӘЛІБАЙ (Алибай)** — *сай*, Жез. ауд., Байқоңыр өз.-нің солт.-де. Кісі есімінен қойылған сый аты.

**ӘЛІБҰЛАҚ (Алибулак)** — *бұл.*, *taу*, биік. 505,1 м, Шет. ауд. Әли есімді жер иесі атынан қойылған бұлак, тау, сол кісіге тән бұлақ, тау.

**ӘЛІМБАЙ (Алимбай)** — қыст., Ұлыт. ауд. Шағырлы Жыланшық өз.-нің солт.-де. Кісі есімінен қойылған қыстау аты.

**ӘМИРСАНА (Амирсан)** — с., Айыртас сс.-не қарайды, Приоз. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**ӘМИРХАН (Амирхан)** — с., Қызыларай сс.-не қарайды. Ақтоғ. ауд., Сарытерек мекені маңында.; *taу*, биік. 618 м, Ақтоғ. ауд., Қосабай қыст.-на жақын. Әмірхан деген кісі есімінен қойылған атаулар.

**ӘНІШ (Аниш)** — *taу*, биік. 226,3 м, Жез. ауд., Ұзынтөбе тауының қасында. Кісі есімінен қойылған тау аты.

**ӘУБӘҚІР (Аубакир)** — қыст., Жез. ауд. Қызылүй мекенінің қасында. Кісі есімінен қойылған қыстау аты.

**ӘҮЛИЕ (Аулие)** — *бейіт*, Ұлыт. ауд., Шағырлы Жыланшық өз.-

нің солт. жағ.-да. Белгілі бір діни кісі есімінен осылай «Әулие бейіті» деп атау кездеседі.

**ӘУЛИЕ ЖАРТАС** (Аулие — Жартас) — жер, Жанаар. ауд. Жартасты Әулие (зат есім) + жартас (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Әулиеге балаумен байланысты қойылған атау. Мағынасы: қасиетті, құдыретті жартас дегенді мензейді.

**ӘУЛИЕТАЛ** (Аулиетал) — құд., Жанаар. ауд. Әулие (зат есім) + тал (зат есім) сөздерінің бірігүйнен жасалған құдық аты. Талды әулие санап, онын бұтактарына қызылды-жасылды шуберек байлап сыйынмен байланысты ат қойып, айдар тағылған.

**ӘУЛИЕТАУ** (Аулиетау) — тау, Балқаш қаласының онт.-шығ.-да 60 км жерде. Жергілікті халық оны Бектауата деп те атайды. Жанында Ұраңқай деген шағын шоқы бар. Тауға сыйыну, табынумен байланысты қойылған атау.

**ӘУЛИЕШОҚЫ** (Аулиешоқы) — тау, биік. 930,3 м, Ақад. ауд. Тауды, шоқыны әулие санап сыйыну, табынумен байланысты қойылған атау. Мағынасы: «қасиетті, құдыретті немесе биік шоқы» дегенді аңғартады.

**ӘҮРЕКБОСАҒА** (Аурекбосага) — таулар, Ақад. ауд. Әүрек (зат есім) + босаға (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Әүрек кісі аты болса керек, ал босаға деп екі таудың қысаңын, арасын айтады.

**ӘШЕН** (Ашен) — құд., тау, биік. 602,1 м, Ақад. ауд., Ақдала пос.-нің солт. жағ.-да. Кісі есімінен қойылған атау.

## — Б —

**БАБА** (Баба) — қыст., Ақад. ауд. Кісі есімінен немесе этнонимнен қойылған атау.

**БАБАН** (Бабан) — өз., Шет ауд. Кісі есімінен қойылған өзен аты.

**БАҒАЛЫАҚШОҚЫ** (Багалыақшоқы) — тау, биік. 641,6 м, Ақад. ауд., Бағалы (туынды сын есім) + ақ (сын есім) + шоқы (зат есім) сөздерінің бірігүйнен жасалған атау. Атаудың бірінші сынарындағы баға монғ. баға «кішкене, кішкентай» яғни топоним Бағалыақшоқы «кішкене, кішкентай, аласа ақшоқы» дегенді білдірсе керек.

**БАҒАНАЛЫ** (Баганалы) — е. м. Ұлыт. ауд. Этнотопоним. Таңбасы бағанаға ұқсас болғандықтан аталған ру аты.

**БАЗ** (База) — қыст., Жанаар. ауд. Бұл атау орыс тіліндегі баға сөзінің казак тілінде ықшамдалып айтылу нұсқасы.

**БАЗАРБАЙ** (Базарбай) — е. е. м., Шет ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**БАЗИСНЫЙ** (Базисный) — төбе, Жез. ауд.; тау, биік. 1982 м, Ұлыт. ауд., Бозшакөлдің солт. жағ.-да.

**БАЙБАЛА** (Байбала) — е. м. Шет ауд. Кісі есімінен койылған атау.

**БАЙБЕК** (Байбек) — төбе, Жез. ауд. Байқоңыр өз.-нің солт.-де. Кісі есімінен қойылған атау.

**БАЙГАБЫЛ** (Байгабыл) — баст., Приоз. ауд. Кісі есімінен койылған бастау аты.

**БАЙГАЗЫ** (Байгазы) — е. м., тау, биік. 939,8 м, Ақтоғ. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**БАЙГАНША** (Байганша) — қыст., Ұлыт. ауд. Кісі есімінен қойылған қыстау аты.

**БАЙГАСҚА** (Байгаска) — сай, жота, Шет. ауд. Кісі есімінен қойылған сай атауы.

**БАЙГЕНЕ** (Байгене) — тау, биік. 533,0 м, Ақад. ауд. Қалиғожа құд.-нан 96 км қашықтықта. Кісі есімінен қойылған тау аты.

**БАЙГОЗЫ** (Байгозы) — сай, Ақад. ауд., Өспен тжс-нан 13 км жерде. Осы сайда XVII—XVIII ғасырда жонғарларға қарсы азаттық соғыста ерлік көрсеткен Байгозы батырдың бейіті бар. Бұл батыр туралы Ш. Үәлиханов қызықты тарихи новелла жазған (Қараныз: Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч. В пяти томах. Алма-Ата, 1961, С. 220). Бұл жерді жергілікті халық «Батыр басы» деп те атайды.

**БАЙГУЛ** (Байгүл) — Ақтүбек сс.-не қарайды, таулар, Жанаар. ауд., Шет ауд. Дарья пос.-нің солт.-бат. жағ.-да. Кісі есімінен қойылған село, тау аттары.

**БАЙГУЛА** (Байгула) — тау, биік. 347,8 м, Жез. ауд. Кісі есімінен қойылған тау аты.

**БАЙГОНШЫҚ** (Байгоншик) — қыст., Ақтоғ. ауд., Сарытерек маңында. Кісі есімінен қойылған атау.

**БАЙДАҒЫР** (Байдагыр) — е. е. м., Жанаар. ауд. Кісі есімінен немесе этнонимнен қойылған атау.

**БАЙДАШ** (Байдаш) — баст., Ақад. ауд. Кісі есімінен қойылған бастау аты.

**БАЙДАУЛЕТ** (Байдаulet) — құд., Ақад. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**БАЙЕДІЛ** (Байедиль) — жота, биік. 607,3 м, Жанаар. ауд., Талдыманақа өз.-нің бат.-да. Кісі есімінен қойылған атау.

**БАИЕЛШИ** (Байелши) — шоқы, биік. 1091,2 м, Ақад. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**БАИЕШ** (Байеш) — шоқы, биік. 509,2 м, Жанаар. ауд. Батыр есімінен қойылған. Ол жонғар шапқыншылығында ерлікпен қаза тауып, сүйегі жау жерінде қалып қойған. Елге шынашагын ғана алып келіп, ерлігін үрпакқа өнеге етіп, осы шоқының басына шы-

нашағын көміп, басына күмбез орнатқан. Тұрган жері ХХV парт-съезд схэ-ның орталығы.

**БАЙЖАН** (Байжан) — шатқ., Жез. ауд., Жыланды өз.-нің бат.-да. Кісі есімінен қойылған атаяу.

**БАЙЗАҚ** (Байзак) — е. м., Шет ауд. Кісі есімінен қойылған атаяу.

**БАЙҚАРА** (Байкара) — с., Краснополян сс.-не қарасты, өз., Шет ауд., Дария пос.-нің солт. жағ.-да. Кісі есімінен қойылған өзен аты.

**БАЙҚАРАСАЙ** (Байкарасай) — құрғ. өз., Ұлыт. ауд. *Байқара* (зат есім)+*сай* (зат есім) сөздерінен жасалған атаяу. Байкара де-ген кісі иемденген сай.

**БАЙҚОҢЫР** (Байконур) — Шұбартеңіз көліне құятын үз. 207 км өз., сс орт, Жезді с.-нан 96 км жердегі с., қ., Жез. ауд. Топонимнің бірінші сынары *бай* (сын есім)+*қоңыр* (сын есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. *Бай*: 1. Ауқатты, әлді, мол, көп, көлкесір, 2. Шексіз көп, ұлан-асыр, 3. Ауысп. Ұшы-қиыры жок, шексіз», *қоңыр*: «1. Қоңырқай, сүрғылт (түс), 2. Ауысп. (дауыс туралы) қоңыр үн, жұмсақ, майда дауыс, 3. Ауысп. (мінез жайлы) тыныш, біртоға, жайлы, 4. Ауысп. (аяу райы туралы) салқын, касасуық қоңыр күз т. б. *Қоңыр* сөзі арқылы жасалған топонимдердің де мағыналарының әртүрлі екені сөзсіз. Ол сөздің монгол тілінде де бірнеше мағынада қолданылатынын көреміз. Мәселен, Хонхорхай — «шұңқыр, ойпат, төмен жер, тау үстіндегі қазан тे-різді үлкен шұңқыр, үңгір, сайды, жыра» (Хабшай С., Мініс Э. Монг.-қаз. сөздік. 1954, 262). Осы тілдегі Хонгур «сарғыш, қоңырқай» мәніндегі сөзден басқа хонор — 1) тәбе, тәбешік, қырат; 2) күштіліктің теңеуін мезгейтін сөз.

Шексіз өлкені алып жатқан Байқоңыр жерінің бет-бедері де әр алуан. Қен-байтақ осы сардаланың, оның ойпаттары мен тәбетәбешіктерінің қырышық тастары мен күмді-күмайт жерлерінің түсі де, жер бетіндегі шөптесін өсімдіктерінің түсі де сарғыш тартып, «қоңырқай сүрғылт та сарғыш түске бай өлке» болуына байланысты.

**БАЙҚОРА** (Байкора) (Бұрма) (Бурма) — өз., Шет ауд. Кісі есімінен қойылған өзен аты.

**БАЙМҰРЫН** (Баймурун) — қыст., Ұлыт. ауд., Қаптаадыр тауының оңт. жағ.-да. Кісі есімінен қойылған.

**БАЯЛЫШ** (Баялыш) — *taу*, биік. 478,3 м, Ақад. ауд., Қалағожа құд.-нан 59 км жерде. Шөп атынан қойылған тау аты.

**БАЙМЫРЗА** (Баймырза) — с., Мильбыұлак сс.-не қарайды, Жез. ауд.; е. м., Ұлыт. ауд., Шағырлы Жыланшық өз.-нің солт.-шығ.-да.; құд., Айдарлы құд.-ның қасында 2 км, Приоз. ауд. Кісі есімінен қойылған атаяу.

**БАЙНАЗАР** (Байназар) — с. тип. е. м., Кеншокы сс.-не қарайды, Ақтөр. ауд. Кісі есімінен қойылған село атау.

**БАЙСАЙ** (Байсай) — құрғ өз., Ұлыт. ауд., Қаракенгір өз.-нің солт. саласы. *Бай* (зат есім) + *саи* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. О баста бұл сайды мол, үлкен өзеннің болуына байланысты аталғаны байқалады.

**БАЙСАҚАЛҚҰМ** (Байсалқалкум) — құмды жер, Жез. ауд. Байсақал есімді ауқатты кісі иемденген құмды жер.

**БАЙСАЛҚҰДЫҚ** (Байсалқудук) — құд., Жез. ауд. Байсал есімді кісіге тән құдық.

**БАЙСЫМАҚ** (Байсымак) — өз., Жез. ауд. Байсымақ деген кісі есімінен қойылған өзен аты.

**БАЙСЫМАНБҰЛАҚ** (Байсманбулак) — баст., Ұлыт. ауд. Байсыман есімді кісіге тән жер, сол жердегі бұлак.

**БАЙТАБАН** (Байтабан) — шатқ., төбе, биік. 151 м, Жез. ауд. Кісі есімінен қойылған атау. Табанында шөп көп өскен шатқал болуы да ықтимал.

**БАЙТАБАНБИДАЙЫҚ** (Байтабанбидайық) — шатқ., Ұлыт. ауд., Тұяқбай қыст.-ның онт.-де. Байтабан есімді кісіге тән бидайығы мол шабындық.

**БАЙТЕМІР** (Байтемир) — қыст., Ұлыт. ауд., Дулығалы өз.-нің шығ. жағ.-да. Кісі есімінен қойылған атау.

**БАЙТІЛЕУ** (Байтлеу) — қыст., Ұлыт. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**БАЙТӨРЕ** (Байторе) — тау, биік 685 м, қыст., Ақад. ауд. Қайрак пос.-нің онт.-шығ. жағ.-да. Кісі есімінен қойылған атау.

**БАЙТСАЙ** (Байтсай) — құрғ өз., Жанаар. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**БАЙТУҒАН** (Байтуған) — жер, Шет ауд., Дария пос.-нің солт. жағ.-да. Кісі есімінен қойылған.

**БАЙТЫ** (Байты) — тау, биік. 1919,9 м, Ақтөр. ауд. Кісі есімінен немесе этониммен қойылған атау.

**БАЙТӨРЕ** (Байторе) — жылға, Жез. ауд., Үлкен Жезді өз.-нің бат.-да; жота, биік. 481,0 м, Жанаар. ауд., Сарысу өз.-нің онт.-де. Орыс тілінде Байтуре, Байтуре тұлғаларында жазылғаны дұрыс емес. Кісі есімінен қойылған атау.

**БАЙШЕГІР** (Байшегір) — е. м., Шет ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**БАЙШІЛІК** (Байшилик) — шатқ., Ақад. ауд. *Бай* (сын есім) + *шілік* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалып, мол, көпшілік деген мағынаны білдіріп тұр.

**БАЙЫР** (Байир) — өз., ұз. 66 км, Жанаар. ауд., Сарысу алабы, Қаражал к.-ның бат. жағ.-да.

**БАҚАБҰЛАҚ** (Бакабулак) — баст., Ақад. ауд., Таебұлак

шатқ.-ның солт. жағ.-да. **Бақа** (зат есім) + бұлақ (зат есім) сөздерінің бірігүйен жасалған, сол бұлакта бақаның көп болуына байланысты «бақалы бастау» деп қойылған атая.

**БАҚАЙ** (Бакай) — қыст., таулар, Шет ауд. Алматы обл., Қеген ауданында да Бақай деген батыр есімінен қойылған тау бар. Демек бұл қыстау және тау аты да кісі есімінен қойылған.

**БАҚАЛШЫ** (Бакалши) — с. тип. е. м., Абай сс.-не карайды, Приоз. ауд. **Бақал** (зат есім) + шы (кәсіптік мәнді білдіретін загеңім жүрнағы). Бұл жерде бақалшы яғни бақалмен кәсіп ететіндер тұрумен байланысты аталаған.

**БАҚАНАС** (Баканас) — өз., Жанаар. ауд. А. Әбдірахманов (1975) пікірінше «сөз түбірі — бақан//бахана//бахн//багана. Осыдан бақанақ, бақанас деген сөздер жасалған. Демек, Бақанас атауы бақана (а) -с элементтерінен жасалған да, бақандар, яғни «өзен салалары» дегенді білдіреді». Е. Қойышыбаев бұл атауды екі компоненттен; 1) түр. **бақан** (бакай) «айыр» және көне *ас* (аш<уш<ұс<уш) варианttас «су» мағынасындағы тұлғалардан қалыптасқан атау» деп қарайды. Біздіңшे, бұл атау үш компоненттен ба+қан+ас құралған. Атаудың бірінші компоненті Балқаш гидронимінің ба компонентімен текстес «су, батпақ» деген мәнді білдіреді. Ол самодий тілінде ба «өзен», көне түркі тілінде бәй — «өзен» жалпы тұнғыс-маньчжур тілінде бија «өзен», «бастау» мағынасында қолданылып, *би*, бұл тұлғаларында да кездесе береді.

Ал екінші компоненті қан көне түркі және қазіргі шығыс түркі тілдерінде (алтай, хакас, тыва) *ган*, *хан*, *кен*, *хем* формаларында айтылып «су», «өзен» деген мағынаны білдірсе, үшінші компоненттегі *ас* орал — алтай, тұнғыс — маньчжур, түркі — монгол тілдерінде *ас ~ аз, ~ аи ~ ыс ~ ис ~ иш ~ ұс* формаларында түрлене айтылып «өзен», «су» мағыналарын білдіреді. Демек Бақанас өзен атының «Өзен — өзен — өзен» деген мәндегі атау екенін анық байқаймыз. Бұның өзі бұл өзеннің көне заманнан келе жатканың көрсетеді. Бұлайша «өзен» сөзінің қайталануы арқылы жасалған өзен атаулары басқа елдерде де бар. Мәселен, Франциядағы Арон-на өзен аты да «өзен — өзен — өзен» деген мағынаны білдіреді.

**БАҚАТАС** (Бакатас) — тау, биік. 813,7 м, Ұлыт. ауд. Жыланшық өз.-нің солт.-де. Монгол тіл. *бага* (өзгерген түрі бақа) «кішкене, кіші» тас», яғни Бақатас>Багатас — «кішкене тас, кіші тас», «кішкене тау».

**БАҚСАЙ** (Баксай) — жыра, Жез. ауд., Жыланды өз.-нің оңт. бат.-да Топонимнің бірінші сыңарындағы (компонентіндегі) *бақ* монг. тіліндегі *бага* сөзінің ықшамдалып, қысқарған түрі болуы мүмкін, яғни Бақсай «кішкене сай», «тар сай».

**БАҚСЫ** (Баксы) — тәбе, Ұлыт. ауд., Дулығалы өз.-нің шығ. жағ.-да. Араб тіл. *бақсы*.

**БАҚТАЙ** (Бактай) — *сөр.* Приоз. ауд. Кісі есімінен қойылған топоним.

**БАҚЫРБАЙ** (Бакыrbай) — *с. тип е. м.* Ақши сс.-не қарайды, Ақтөп. ауд. Кісі есімінен қойылған елді мекен аты.

**БАҚЫРШЫҚ** (Бакыршик) — *жарты арал,* Балқаш көлінде, Мұны орыс тілінде *Багыршик* тұлғасында қате жазып жүр. *Бақыршық* деген е. м. Семей обл., Қалба тауы етегінде орналасқаны белгілі. Қейір зерттеушілер *бақыр* — «мыс», ал «шық» кішірейту жүрнағы деп қарайды. Осыған қоса бұл атаудың монгол тіліндегі *багашиг* — кішкентай», «азантай», «аз» деген сөзінің біздің тіліміздегі өзгерген формасы емес пе еken деген де ой туады.

**БАЛА** (бала) — *құд.*, Приоз. ауд. *Бала* сөзі Қазақстан жер-су атаулары құрамында жиі ұшырайды. Сонымен байланысты F. Қонқашпаев топонимдер сынарындағы *бала* сөзін «кіші», «үлкен емес» деген қараса, Е. Қойшыбаев В. В. Радловтың «жоғары», «биік» деген пікіріне жүгінеді де: «*бала* тұлғаларының мағыналары бір ғана биік немесе жоғары мәнімен шектелмейді, объектінің орналасуы жағынан қылыштың ұғым береді» деген тұжырымға келеді.

Топонимдер құрамындағы *бала* сөзінің «кішкене», «үлкен емес», «шағын» мағынасымен қатар «биік», «жоғары» деген мағынада да қолданылатыны байқалады.

**БАЛААЙДАҢАРЛЫ** (Балаайдахарлы) — *тау,* Жанаар. ауд., Отаятас тауының онт.-шығ. жағ.-да. *Бала* (зат есім) + *айдаңар* (зат есім) + *лы* (зат есімін түйнди сын есім жасайтын жүрнақ) тіркестерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «кіші айдаңарлы» (*тау*) дегенді білдіреді.

**БАЛААТЫҒАЙ** (Балаатығай) — *тау,* биік. 671 м, Ақад. ауд., Ақдала пос.-нің солт.-бат. жағ.-да. Топонимнің бірінші сынары *бала* «кіші», «кішкентай» деген мәнді білдірсе, *атығай* — этонимдік, ру атауы, яғни «кіші атығай» (*тауы*).

**БАЛАБАЙ** (Балабай) — *с.* Қекір сс.-не қарайды, қыст., Ұлыт. ауд., Шағырлы өз.-нің бат.-да. Кісі есімінен қойылған село, қыстау аты.

**БАЛАБАТЫР** (Балабатыр) — *с.,* Алғабас сс.-не қарайды, Ұлыт. ауд. *Бала* (зат есім) + *батыр* (зат есім) сөздерінен біріккен атау. Баланың батылдық, жүрт таңданарлық батырлығына байланысты аталса керек немесе кісі есімі болуы мүмкін.

**БАЛАБОСАҒА** (Балабосага) — *тау,* биік. 1047,2 м, Приоз. ауд. *Бала* (зат есім) + *босаға* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Таудың кіші және оның қойнауының тар, қысаң болуымен байланысты аталса керек.

**БАЛАДЕРЕСІН** Баладересин) — *с.,* Ортадересін сс.-не қарай-

ды, Приоз. ауд. *Бала* және *дересін* зат есімдерінен жасалған атау. Атаудың екінші құрамы дересін сөзін Е. Қойшыбаев «үнді — ир. дере «сай» сін//чин/ «көптік белгі» деп қарайды (1985). Сонда *Баладересін* «кішкене сай» деген мағынаны береді.

**БАЛАЖАМАНШЫҚ** (Балажаманщик) — *жыра*, Жез. ауд., Үлкен Жезді өз.-нің бат.-да. Атау мағынасы: «кішкентай, аумағы азғантай ғана нашар жер» дегенді білдіреді.

**БАЛАЖЕЗДІ** (Балажэзды) — өз., ұз. 66 км, Жез., Үлт. ауд., Жезді өз.-нің он саласы, Жыланды өз.-нің оңт.-де. Яғни «кішкене Жезді», болмаса «Жезді өз.-нің кішкентай тармағы, саласы». Бұл жерде бұрын жез көп болған болу керек.

**БАЛАЖЕЛКЕНДІ** (Балажелькенды) — *taу*, биік. 479,2 м, Жанаар. ауд. *Бала* «кішкене»+желкен алт. *телкем*, тув. *делгем* «кең, жазира»+di (сын есімнің туынды жұрнағы) яғни «кішкентай жазық жер», сондай-ак таудың кішкене келіп желкенге ұксас болуына да байланысты койылуы мүмкін.

**БАЛАЙТУБЕК** (Балайтубек) — *жарты арал.*, Приоз. ауд. Балаш көліндегі арал аты. *Бала* (зат есім)+тубек (зат есім) сөздерінен жасалған. Топонимнің мағынасы: «кішкентай, шағын түбек» Орынша *Балатобек* деп жазылуы дұрыс емес.

**БАЛАҚЕТКЕН** (Балакеткен) — *бейіт*, Жанаар. ауд. Аяқ Бестау тауының етегінде. *Бала* (зат есім)+кеткен (етістік) сөздерінің бірігүйен жасалған. Атау суға кеткен баланы осында жерлеуге байланысты койылса керек.

**БАЛАҚОКПЕКТІ** (Балакокпекты) — *taу*, биік. 6657 м, Жанаар. ауд. *Бала* (зат есім, бірак бұл тіркесте сын есім қызметінде) +көкпек (зат есім «шөп»)+ti (жұрнақ) тіркестерінен жасалған атау. Мағынасы: кіші көкпекті.

**БАЛАҚАРАТӨБЕ** (Балакаратобе) — *taу*, биік. 674,1 м, Акад. ауд. Атау «кішкене, аласа қара тәбе» деген мағынаны білдіреді. Бұл атаудағы *бала* сөзі тегінде зат есім болғанымен «кіші, аласа» деген мағынаны білдіріп, сын есім тұлғасында түр.

**БАЛАҚОЙТАС** (Балакойтас) — *taу*, биік. 722,5 м, Шет ауд. Мағынасы: «уақ, кішкене койтас».

**БАЛАҚОНЫСБАЙ** (Балаконысбай) — *taу*, биік. 923,1 м, Мағынасы: «кіші, аласа Қонысбай». Бұл тау аты кісі есімінен қойылып, оған «кіші», «аласа» деген мағына устелген.

**БАЛАҚТАУ** (Балактау) — *taу*, биік. 532 м, Ақад. ауд. Мағынасы: «төменгі, етектегі тау».

**БАЛАҚҰНДЫЗДЫ** (Балакундузды) — өз., Жез. ауд., Нұра өз.-нің саласы және Үлкен Құндыздының сол жақ саласы, ұз. 80 км. Топонимдік мағынасы: «кіші құндызды». Бұл өзенде бұрын құндыз көп мекендерінен болуы керек.

**БАЛАСАРЫӨЗЕК** (Баласарыозек) — өз., Жанаар. ауд. Мағынасы: «Сарыөзектің кіші саласы, бөлегі» дегенді мәнзейді.

**БАЛАТЕҢІЗ** (Балатенгиз) — көл., Приоз. ауд. Балқаш көлі атырабындағы көл аты. *Бала* (зат есім) + *төңіз* (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «ұлкен көлдің, төңіздің кішкене бөлігі, шағын бір саласы».

**БАЛАТЕРИСАҚҚАН** (Балатерисаккан) — өз., Жез. ауд., Қоскөлден басталып, Терісаққан өз.-не құяды; өз., ұз. 64 км, Ұлыт. ауд.-да, Қаптаадыр тауының бат. жағ.-да ағады. Мағынасы: «кіші Терісаққан» (Терісаққан топонимін қарандыз).

**БАЛАТОЛАГАЙ** (Балатолагай) — *тау*, биік. 794,7 м, Шет ауд. *Бала* (зат есім) + *толағай* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Мағынасы: «Кіші Толағай, төменгі жақтағы Толағай, Толағай тауының кішкене бөлегі» (Толағай топонимін қарандыз).

**БАЛБЫРАУЫН** (Балбрауын) — с. тип. е. м., Жез. ауд. Өсімдік атынан қойылған мекен атауы.

**БАЛҒА** (Балга) — құрғ. өз., *тау*, биік. 412,3 м, Ұлыт. ауд., Шағырлы өз.-нің солт. шығ. жағ.-да. «Кіci есімінен қойылған тау, өзен аттары.

**БАЛҒАБҮЛАҚ** (Балғабулак) — бүл., Ұлыт. ауд., Шағырлы Жыланшық өз.-нің солт. шығ.-да. Балға есімді кісі мекендеғен, соған тән жердегі бүлак.

**БАЛҒАБЕК** (Балғабек) — е. е. м., Жанаар. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**БАЛҒОЖА** (Балғожа) — *шатқ.*, Ақад. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**БАЛҚӨБЕК** (Балқобек) — *айр.*, Жанаар. ауд. Кісі есімі немесе этнонимнен қойылған болу керек.

**БАЛҚАНҚҰДЫҚ** (Балқанқудук) — құд., Жез. ауд. *Балқан* (зат есім) + *құдық* (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «Балқан деген кісінің құдығы».

**БАЛПЫҚ** (Балпық) — құд., Приоз. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**БАЛТА** (Балта) — құрғ. өз., Ұлыт. ауд. Шағырлы өз.-нің солт. шығ. жағ.-да және Жыланшық өз.-нің оңт.-де Жанаар. ауд., Отаутас тауының солт. жағ.-да. Этнотопоним.

**БАЛТАБАЙ** (Балтабай) — қыст., Ақтоғ. ауд., е. е. м. Жанаар. ауд., Талдыманақа өз.-нің солт. бат. да. Кісі есімінен қойылған атау.

**БАЛТАЙ** (Балтай) — қыст., Ұлыт. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**БАЛҚАШ** (Балқаш) — көл, обк., Приоз. ауд. Біздің жобалауымыша, Балқаш атауы әуел баста *бал*+*ық*+*аш*, яғни *балқаш* болуы ықтимал. Әйткені көне түркі тілдерінде *балық* «су, өзен»

дегенді білдіргені тарихи деректерден мәлім. Сол бал «балшық, батпак», «су» түбірінен өрбіген сөздердің біразы мыналар: *балбыр*, *бал-дыр*, *бал-шық*, *бал-ық*. Жоғарыда айтылған бал түбірінің вариантыны семит — хамит тілдерінде; *b(w)l* «дымқыл, су», алт. *bul* (лайлау, былғау), монг. *bul* «балшық, лас, былғаныш» қалм. *buila* «кір, балшық», звені тілінде *bi* (са) «батпак саз». Э. Қайдаров (1986, 191) пікірінше де: «бал [ba] — «сұлы, балықты, батпакты», *балқаш*<бал+қаш — «балшықты жер», «саз», *балшық*<бал +шық — «сұйық, жабысқақ батпак, балшық», *балжыр*<бал — жыр» — «сұлы, дымқылданған, былжыраған», салыстыры: *мал/мали*. Сонымен, *бал* [ba] («балшық, батпак, су») түбірі жайлы Э. Т. Қайдаров пікірін қолдай отырып, оның қаш компонентін ескі қосымша (к+аш) деп саралап, *аш* қосымшасын алтай тіліне тән топонимдік формант деп қараймыз. Бұл *аш* сөзі *Ағанас*, *Қоқғас*, *Текес*, *Келес*, *Асы*, *Есік*, *Ертіс* атауларындағы -*as* ~ -*ec* ~ -*ic* форманттарымен тектес. Олай болса *Балқаш* «балшықты, батпакты, сұзы көп» деген мәнді білдіретіні көрінеді.

**БАЛЫҚҚАРАСУ** (Балықкарасу) — өз., Жез. ауд. *Балық* (зат есім) + *қара* (сын есім) + *су* (зат есім) сөздерінің бірігінен жасалған гидронимдік атау. Негізінде «балықты, балығы көп кара өзен» деген мағынада қойылғаны байқалады.

**БАЛЫҚТЫБҰЛАҚ** (Балықтыбулак) — бұл., Ақтоғ. ауд. *Балық* (зат есім) + *ты* (сын есім жұрнағы) + *бұлақ* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Мағынасы: «Айналасы шалғын, балығы көп бұлақ» мағынасындағы атау.

**БАЛШЫҚ** (Балшик) — дөң, Ақад. ауд. *Ағашжайлау* тауының солт. бат. жағ.-да, Дөңнің манайында балшықты, батпакты сұлы жер болуымен байланысты қойылса керек.

**БАПҚОЙ** (Бапкой) — дөң, Жанаар. ауд., Бедей қөлінің жағында. Жер аты ретінде қойылған бұл сөздің негізгі лексикалық мағынасы «бапшыл, балкер, күтінгіш». Бірақ бұл дөңнің не себепті Бапкой аталғаны қазірге белгісіз.

**БАРАБА** (Бараба) — *taу*. Ақтоғ. ауд. Этнотопоним.

**БАРАҚ** (Барак) — *taу*, биік. 519,9 м, Ұлыт. ауд., Шағырлы өз.-нің шығ.-да. Қісі есімінен немесе этнонимнен қойылған тау аты.

**БАРАҚҚӨЛ** (Бараккөль) — *көл*, Жез. ауд., Қоскөл пос.-нің онт.-де 24 км жерде. Қісі есімінен немесе этнонимнен қойылған көл аты.

**БАРАСЕНГІР** (Барасенгир) — *e. e. м., бейіт*, Жез. ауд., Талдысай өз.-нің жанында. Бұл көне топонимнің бірінші сыңарындағы *бара* «кен», «аумақты», «үлкен» деген мағынаны білдірсе, XI ғ. ғалымы М. Қашқаридың айтуынша *сөңгір* парсының *зан* — «зор», «үлкен» + *гер* ~ *ғар* — «тау», «биік тау» деген мәндегі сөзі. Сондай-ақ түркі тілдерінде де *сөңгір* «шошак» мағынасындағы сөз барын

ескерсек, *Барасеңгір* топонимінің толық мағынасы — «ұлкен биік тау».

**БАРЛЫ** (Барлы) — *шатқ*. Приоз. ауд. Біріншіден, монгол тілінде *барс* — «жолбарыс»+*лы* (туынды сын есімнің жүрнағы). Атау мәні «жөлбарысты, жолбарысы көп» дегенді немесе көне түркі тіліндегі *бар* «көп», «кең», «ұлкен»+*лы* (қосымша), яғни «көп», «кең», «ұлкен» (шатқал) дегенді білдіруі мүмкін. Болмаса, *бар*>*бор*>*пор* сөзінің «ақ балшық», «әк» сөзінің фонетикалық тұлғасы болуы да ықтимал.

**БАРЛЫҚ** (Барлық) — *тәбе*, Ұлыт. ауд., Тулкібай қыст.-ның солт. бат. жағ.-да. Е. Қойшыбаев (1985) топоним мағынасын «көне түркі тілдеріндегі *бар* этнониміне мекен-жайды көрсететін -лық қосымшасы жалғанған атау деуге болады», — деп үстірт түсіндіреді. Бұл көне топонимнің бірінші сынарындағы *бар* сөзінің мағынасы «көп ұлкен», «мол». Бірақ атаудың бұл сынары көне түркі тілдеріндегі *бор*>*пор* «ақ балшық», «әк» мағыналы сөздің фонетикалық тұрғыдан өзгерген варианты болуы да мүмкін. Сонда *Барлық* «ақ балшықты» деген мағынаны да білдірсе керек.

**БАРМАША** (Бармаша) қыст., Жанаар. ауд. Этнотопоним.

**БАРХАН** (Бархан) — *тәбе*, Жез. ауд. Көне түркі тілінде «тәбе-тәбе болып үйілген даладағы күмдар», сондай-ак бурят тілінде де бархан «күмдү төбелер».

**БАРША** (Барша) — *тау*, қыст., Жанаар. ауд. «Жеке, бөлек, онаша» мағынасындағы атау.

**БАСАДЫР** (Басадыр) — *тау*, биік. 684 м, Ұлыт. ауд. 1 Май кхз-ның солт. жағ.-да. *Бас* (зат есім)+*адыр* (зат есім) сөздерінің бірі-туінен жасалған атау. Мағынасы: «жоғарғы адыр», «ұлкен адыр», «негізгі адыр».

**БАСАҚЖАРЫҚ** (Басакжарық) — *е. м.*, Ақтөг. ауд. *Бас* (зат есім)+*ақ* (сын есім)+*жарық* (сын есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Атау мағынасы: «жоғарғы ақжарық, яғни жоғарғы жактағы ақ, шаңқан түсті жер» дегенді мегзейді.

**БАСАҚСАЙ** (Басаксай) — *е. м.*, Ақтөг. ауд. *Бас* (зат есім), *ақ* (сын есім)+*сай* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Жоғарғы Ақсай мағыналы атау.

**БАСАЛА** (Басала) — *шоқы*, Ақад. ауд. Қайрақты пос.-нің солт. жағ.-да. *Бас* (зат есім)+*ала* (сын есім) сөздерінен жасалған атау. Шоқының бас жағының ала-құлалығына байланысты койылса керек.

**БАСАР АУЫЛЫ** (Басар аулы) — *е. е. м.* Ақад. ауд. Басар есімді кісінің ауылы.

**БАСБАЙТАЛ** (Басбайтал) — *тау*, биік. 631,8 м, Ұлыт. ауд. І май кхз-ның солт.-жағ.-да., көл, осы ауд.-да, Барада көлінің оңт.-де. *Бас* (зат есім)+*байтал* (зат есім) сөздерінен жасалған атау.

Қазақстанның басқа облыстарында Алабайтал, Байтал тектес топонимдер бары белгілі. Бұлардағы Байтал компоненттерінің және Байтал топонимінің тіліміздегі байтал сөзімен байланысы жоқтығы байқалады. Өйткені оның байса тұлғасы бурят тілінде «тау» деген сөзді білдірсе, монгол тіліндегі *байқ*, *байқа* «жартас» сөзімен төркіндес болуы мүмкін. Ал сөз соңындағы «л» монгол тіліндегі көптік жалғауының көрсеткіші екендігі сөзсіз. Сонда *Басбайтал* — «жоғарғы жартас, басқы тау» дегенді білдірсе керек.

**БАСБҰЛАҚ** (Басбулак) — *сай*, Жез. ауд. Мағынасы: «басқы, жоғарғы жақтағы бұлак».

**БАСБҰЛДЫРЫҚ** (Басбулдурук) — *taу*, биік. 259,6 м, Жез. ауд. *Бас* (зат есім) + *бұлдырық* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атаяу. Атаудың екінші сынарындағы *бұлдырық* монгол тіліндегі *бултэр* «томпак, дөн, дөнес» сөзінің қазак тілінде қалыптастан тұлғасы деп танысада, соның -ық сөз тудыруши қосымша ретінде қаралады. Осымен қатар *бұлдырық* атаулы құс барын да естен шығармауға тиіспіз. Демек, *Басбұлдырық* — «жоғарғы жақтағы бұлдырық».

**БАСДЕРЕСІН** (Басдересин) — *сай*, Приоз. ауд. Балқаш көлінің жағалауынан 20 км жерде. *Бас* (зат есім) + *дересін* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атаяу. Атаудың екінші сынары монг. *дересин* — «ши» сөзі. Демек, «басқы, жоғарғы дересін «ши».

**БАСҚӨЛ** (Басколь) — *taу*, биік. 174,0 м, Ұлыт. ауд. Бозшақ көлдің бат. жағ.-да. *Бас* (зат есім) + *қөл* (зат есім) сөздерінен жасалған атаяу. Мағынасы: «Басқы, жоғарғы жақтағы көл». Тау аты осы көл атынан алғынған.

**БАСҚАҒЫЛ** (Басқагыл) — *taу*, биік. 614,0 м, Ұлыт. ауд., Каражекір өз.-нің онт. бат.-да. *Бас* (зат есім) + *қағыл* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атаяу. Атаудың екінші сынарындағы қағыл — «қар сусып тоқтамайтын, жел қарын ұшырып кете беретін биіктеу жер». Демек, топоним мағынасы: «жоғарғы қағыл, жел қақты биік жер».

**БАСҚАМЫР** (Баскамыр) — *мазар*, Жез. ауд. *Бас* (зат есім) + *қамыр* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атаяу. Бірінші компоненттегі *бас* «басқы, жоғарғы», «алдыңғы» мағынасын білдірсе, екінші компоненттегі *қамыр* түркі, иран тілдерінде *қамар* ~ *қямер* ~ *кемір* тұлғаларында кеңінен қолданылып «тау етегі, еңіс», «төбе, жота, тау» мағыналарын білдіреді. Салыстыр. тәж. *камар* «еніс», «су орып кеткен арна», қырг. *камар* «су орып кеткен жаға, жар», өзб. *камар* «ойық, ор», афг. *камар* «төбе жоталардың еңісі, етегі». Сондай-ақ монг. *бур* тілінде *хамар* «тұмсық», «мүйіс», «тау беткейі» деген сөздер мәндес (Әбдірахманов, 1975). Демек, *Басқамыр* топонимінің бірінші компоненті (бас) төл сөзіміз болғанмен, оның екінші компонентінің (қамар) иран немесе монгол

тіліне тән екендігі шүбесіз болса керек. Олай болса, *Басқамыр* «басқы, жоғарғы тау бөктері, беткейі» немесе «басқы, жоғары тұмсық, мүйіс» деген мәндегі атау екенін байқаймыз. Ал иран, монгол тілдеріндегі *қамар ~ кәмер ~ хамыр* сөздерінің дыбыстық өзгеріске түсіп *қамыр* тұлғасында қалыптасуы тіл занына байланысты белгілі құбылыс.

**БАСҚАСАУЫН** (Баскасауын) — *taу*, Жанаар. ауд. *Бас* (зат есім) + *қасауын* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимнің бірінші компоненті *бас* «басқы, жоғарғы, алдыңғы, бастапқы», «негізгі» мағынасын білдірсе, оның екінші компоненті *қасауын* сөзінің этимологиясы белгісіз. Қоңе түркі тілінде *Qasuj* деген өзен аты болғаны белгілі (ДТС, 430). Соған қарағанда ескі замандарда осы тау етегіндегі аты *Qasuj* аталып, тау аты сол өзен атымен Басқасауын аталуы мүмкін. Ал *Qasuj* атауы кейінгі этаптарда қасауын формасына бейімделіп кетуі тарихи құбылыс болса керек.

**БАСҚАУҒА** (Басқауга) — *жер*, Жез. ауд. *Бас* (зат есім) + *қауға* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Яғни «басқы, негізгі қауға» мәніндегі атау.

**БАСҚҰДЫҚ** (Басқудук) — *құд.*, тер. 2 м, Жез. ауд. *Жаманай-* бат тау.-ның бат. жағ.-да. *Бас* (зат есім) + *құдық* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған, яғни «bastы, негізгі құдық».

**БАСҚЫТӨБЕ** (Басқытөбе) — *төбе*, корғ., Жанаар. ауд. *Басқы* (сын есім) + *төбе* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. «*Жоғарғы, негізгі төбе*» мәнін білдіреді.

**БАСОБА** (Басоба) — *taу*, Ұлыт. ауд. 1 Май кхз.-ның онт. жағ.-да. *Бас* (зат есім) + *оба* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған, «негізгі, үлкен, биік оба» мәнін білдіреді.

**БАСОЙНАҚ** (Басойнак) — *taу*, биік. 341 м., Жез. ауд. *Бас* (зат есім) + *ойнақ* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған тау аты. Бұл атаудың екінші компонентіндегі *ойнақ* сөзінің *ойна*-етістігімен ешбір байланысты болмаса керек. Өйткені хакас, тұва, шор тілдерінде ол *оймак* тұлғасында айтылып «ой», «ойпаң» мағынасын білдірсе, алтай тілінде *ойбок* тұлғасында айтылады да «шұңқыр, ойпат, ойпаң» мәнінде қолданылады. Бұған қарағанда, *Басойнак* топонимі «терен, үлкен ой, ойпат, ойпаң жер» дегенге жуық. Екінші бір түрғыдан карасак, бұрын ойын-той, жастар жиналатын жерді *ойнақ* деген. Осыған байланысты болуы да мүмкін.

**БАССАҒА** (Бассага) — е. м., Ақад. ауд. *Бас* (зат есім) + *саға* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. *Бас+саға* «тау етегі бөктері», «өзеннің қосылған, құйған жері», яғни «негізгі басты саға».

**БАССАРЫТАУ** (Бассарытау) — *taу*, биік. 696,4 м, Ұлыт. ауд. *Бас* (зат есім) + *сағы* (сын есім) + *taу* (зат есім) сөздерінің бірі-

гүінен жасалған атау, «негізгі, ұлken, басты Сарытау» деген мәнде қойылған.

**БАСТАРАУ** (Бастарау) — құрғ. арна, Жез. ауд., Ақши күд-ның солт. бат. жағ.-да. *Бас* (сын есім) + *тарау* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Топоним мағынасы: «басқы, негізгі тарау». Яғни арнаның белінетін басқы жері.

**БАСТӨБЕ** (Бастобе) — тәбе, шоқы, Жез. ауд. *Бас* (зат есім) + *тәбе* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Мағынасы: «негізгі, ұлken, биік тәбе, шоқы».

**БАСТУАЙТ** (Бастуайт) — *taу*, биік. 789,4 м, Приоз. ауд. Е. Қойшыбаев пікірінше: «тұр. *басту* (<бас+тау)+ай+т: бастуайт, яғни «бастаудағы айлар» мағынасын беретін этнотопоним. Біздің ойымызша, бұл түсінік жансақ, шындыққа жанаспайды. Атау *бас* және *туайт* деген екі сөздің бірігуінен жасалған. Оның бірінші компоненті *бас* «басқы, негізгі, жоғарғы» мәнін білдірсе, екінші компоненті Таулы Алтай, Шығыс түркі тілдеріндегі *Табат* топонимінің параллелі, негізінде монголдың *давтой* (<*dobutai*) «жоталы, тәбелі, қырлы» сөзінен болуға тиіс. Демек, Бастуайт топониміндегі туайт сол *dobutai* сөзінің фонетикалық түрғыдан өзгерген түрі. Олай болса, топонимнің мағынасы: «негізгі, басты тәбелер мен жота қырлар» болуы ықтимал.

**БАСЫНҚӨЛ** (Басынколь) — көл. Ақад. ауд. *Бас* (зат есім) + *көл* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Бұл атау «тау басындағы немесе қыр басындағы көл» деген атаудың ықшамдала қыскарған нұсқасы болу керек.

**БАСҮЙГЕН** (Басүйген) тұз. көл., Жанаар. ауд. Сарысу өз.-нің онт. жағ.-да. *Бас* (зат есім) + *үйген* (етістіктің есімше тұлғасы) сөздерінен жасалған атау. Жағасында өлген мал басының үйіліп калуымен байланысты аталса керек.

**БАСШИ** (Басши) — *сай*, Ақад. ауд. *Бас* (зат есім) + *ши* (зат есім). Топоним «жоғарғы, биік ши» мәнінде қойылған.

**БАТАНҚАРА** (Батанкара) — құд., Приоз. ауд. Кісі есімінен қойылған құдық аты.

**БАТАСАЙ** (Батасай) — *шатқ.*, Жез. ауд. *Бата* (зат есім) + *сай* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Бұл сайда бата окумен байланысты аталған болу керек.

**БАТАТАУ** (Бататау) — *taу*, биік. 563,1 м., Ақад. ауд. *Бата* (зат есім) + *тау* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Тау етегінде бата окумен байланысты қойылса керек.

**БАТЕМБАЙБУЛАҚ** (Батембайбулак) — *bast.*, Жанаар. ауд. Кісі есімінен қойылған гидроним.

**БАТПАҚҚАРА** (Батпаккара) — құрғ. өз., Жез. ауд., Ұлken Жезді өз.-нің бат.-да. *Батпақ* (зат есім) және *қара* (сын есім)

сөздерінің бірігүінен жасалған. Өзен жағасының қара батпакты болумен байланысты аталған.

**БАТПАНҚАРА** (Батпанкара) — *taу*, биік. 579,4 м, Жез. ауд. *Батпан* (зат есім) + *қара* (сын есім) сөздерінің бірігүінен жасалған тау аты. Атаудың бірінші компонентіндегі *батпан* «салмағы өте ауыр ұлken зат», *қара* бұл жерде түсті білдіруден гөрі «ұлken, ірі зор» деген мағынаға бейім түр. Демек, *Батпанқара* «ірі, ұлken, зор тау» дегенді аңғартады.

**БАТЫҚ** (Батық) — *c., ss ort., көl*, Шет ауд. Кісі есімінен қойылған ойконим.

**БАТЫҚЫЗЫЛ** (Батықзыл) — *таулар*, Приоз. ауд. *Баты* (сын есім) + *қызыл* (сын есім) сөздерінен жасалған атау. Топонимнің бірінші компоненті *баты* көне түркі тіліндегі *Batij* 1) дымқыл ойпат жер, 2) ойпан, ой (ДТС, 1969, 89) сөзінің фонетикалық түрғыдан өзгерген түрі болса, оның екінші компоненті *қызыл* «қызылт, күрен» мағынасын береді. Сонда *Батықызыл* «аласа келген қызылт таулар» деген мағынаға сай келеді.

**БАТЫР** (Батыр) — *тәбе*, Жез. ауд. Жымықы өз.-нің онт.-де. Белгілі бір батыр құрметіне немесе Батыр есімді адам атынан қойылған тәбе аты.

**БАТЫСТАУ** (Батыстау) — *c.*, Кеншоқы *ss.-не* қарайды, Ақтоғ. ауд. *Батыс* (зат есім) + *taу* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. «Батыс жактағы тау» мәніндегі атау.

**БАУЫҚБАЙ** (Баукбай) — *бұl..*, Жез. ауд., Ұлken Жезді өз.-нің бат.-да. Кісі есімінен қойылған микроптероним.

**БАЯДІЛ** (Баядиль) — *сай*, Жанаар. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**БАЯНДЫ** (Баянды) — *taу*, биік. 841,8 м, Ақад. ауд. Ортау схз.-ның жанында. Кісі есімінен қойылған тау аты.

**БӘЙГЕТАМ** (Байгетам) — *жер*, Жез. ауд., Ақши құд.-ның онт.-де. *Бәйге* (зат есім) + *там* (зат есім) сөздерінің бірігүінен жасалған атау. Осы тамның жанында ат бәйгесін өткізумен байланысты аталуы мүмкін.

**БӘЙГЕТӨБЕ** (Байгетобе) — *сай*, Жез. ауд., Жыланды өз.-нің онт.-де. *Бәйге* (зат есім) + *тәбе* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Аталмыш төбеде бәйге өтуімен байланысты аталса керек.

**БӘЙМЕН** (Баймен) — *сай*, Ұлыт. ауд., Жыланды өз.-нің шығ.-да. Кісі есімінен қойылған атау.

**БӘЙТЕН** (Байтен) — *taу*, биік. 262 м, Сандықтау тауының бір сілемі; құд., Жез. ауд. Сандықтау тауының етегінде. Осы құдықты казған немесе соған не болған кісі есімінен қойылған құдық аты.

**БӘКЕБАЙ** (Бакебай) — *айр.*, Жанаар. ауд., Кісі есімінен қойылған атау.

**БӘКЕЙ** (Бакей) — *сай*, Жанаар. ауд., Талдыманақа өз.-нің бат.-да. Актау тауының кісі есімінен койылған бір сайы.

**БӘКЕНБҰЛАҚ** (Бакенбулак) — *бұл.*, Шет ауд. К. Маркс атындағы колх. жаңында агатын, Бәкен атты кісі есімінен койылған бұлақ аты.

**БӘТИМА** (Батима) — *сай*, Ұлыт. ауд., Жыланшық өз.-нің оңт.-де, Араптөбе маңайында. Бәтима есімді әйел құрметіне койылған сай аты.

**БЕГАЗЫ** (Бегазы) — *e. м.*, Актоғ. ауд., кола дәуірінен қалған оба. Э. Марғұланың айтуынша «Бегазы» атасы көне түркі тіліндегі «биік» және «аз» деген екі сөздің бірігуінен жасалған. Мұндагы «биік» сөзі дыбыстың құбылуымен «бек», «бегі» болып өзгерген. Ал «аз» сөзі сол жерді мекен еткен тайпанын аты. Бұл төңіректегі тауларды жинақтап Бесқазылық деп атайдынын, оған: «Қызыларай, Қарқаралы, Кент, Балқан (Қу), Бақты таулары жататынын жергілікті халық жақсы біледі. *Бегазы* — сол бес таудың ортасындағы ең биік шың. Осы атаудағы «бек» сөзін А. Сейдімбеков «тілімізде «бек» лауазымға қоса «өте», «нагыз» деген мағына береді. Мәселен, бек жақсы «өте жақсы» деген (Қара.: «Қазақстан әйелдері», 1987, № 5).

Біздің байқауымызша, қазіргі *biik* сөзінің көне түркі тіліндегі тұлғасы *begik* (ДТС, 91), қазіргі түркі тілдерінде: азерб. *bojuk* — «үлкен», ұлы», «зор», түркм. *beik* — «жота, төбе», «құм жоталарының қыры, биігі», тува *begik* — «тау», хакас. *pozak* — «биіктік», «биік», қырғ. *biiyk* — «жоғары», «бнік», түрк. *biiyk* — «үлкен», «биік».

Бірак Дағыстанда *бек* топонимдік мәнде: «bastы», «негізгі», «биік» (Мурзаев, 1984, 78). Бұл дәлелдерге қарағанда *Бегазы* топонимінің *бек* компоненті «биік», «үлкен», «зор» деген топонимдік мағына білдіретіні анықтала түседі. Ал оның екінші компоненті *azы* көне түркі этнонимі *az* (<has>) дегенге жаисаспайтын сияқты. Өйткені, көне түркі тілінде, тіптен қазіргі шығыс түркі тілдерінде (алтай, тува) *azых* «асу», «ашық жер» «кең алқап» деген мағынаны білдіретіні мәлім. Демек, *Бегазы* топонимінің екінші компоненті *azы* сол *azых* (ажығ) сөзінің соңғы *x(f)* дыбыстарын түсіріп, қысқарған түрі. Олай болса, *Бегазы* топонимінің толық мағынасы «биік асу немесе үлкен кең алқап» дегенді аңғартса керек.

**БЕГЕНЕ** (Бегене) — *c.*, Алғабас сс.-не қарайды, Ұлыт. ауд. Кісі есімі немесе этнонимнен койылған.

**БЕГІМБАЙ** (Бегимбай) — *учаске*, Шет ауд. Кісі есімінен койылған жер аты.

**БЕГІМБАЙБҰЛАҚ** (Бегимбайбулак) — *bast.*, Приоз. ауд. Кісі есімінен койылған микрогидроним кіші-гірім бастау аты.

**БЕЗДОРОЖНЫЙ** (Бездорожный) — *taу*, Жез., Жанаар. ауд., Қараадыр қыст.-да. Орыс тіліндегі без және дорожный «жолсыз» сөздерінің бірігүйен жасалған тау аты.

**БЕЙМАН** (Бейман) — қыст., Ұлыт. ауд. Шағырлы — Жыланшық өз.-нің солт.-де. *Kicі есімінен қойылған қыстау аты*.

**БЕЙСЕМБЕК** (Бейсембек) — *сай*, Жез. ауд. *Kicі есімінен қойылған сай аты*.

**БЕЙІТҚҰДЫҚ** (Бейткудук) — құд., Ақад. ауд., Тасқұдым құд.-нан 47 км қашықтықта. *Бейіт* (зат есім) + құдым (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Бейіт жанынан қазылған құдым.

**БЕК** (Бек) — *e. м.*, Ақтөп. ауд. *Kicі есімінен қойылған елді мекен аты*.

**БЕКБАЙ** (Бекбай) — *бұл.*, Жанаар. ауд.; құрғ. өз., Жез. ауд., Үлкен Жезді өз.-нің бат.-да. *Kicі есімінен қойылған атаулар*.

**БЕКБАЙСАЙ** (Бекбайсай) — *шатқ.*, Жез. ауд. Құйған қыст.-ның маңында. *Kicі есімінен қойылған шатқал аты*.

**БЕКБИИК** (Бекбиик) — *төбе*, Жез. ауд., Жыңғылозек өз.-нің солт.-де. Аса биік деген мағыналы атау.

**БЕКЕЙСОР** (Бекейсор) — *сай*, Ақад. ауд. Сорбулақ баст.-ның онт. бат. жағ.-да. Бекей есімді кісі есімімен байланысты қойылған.

**БЕКЕМБЕТСАЙ** (Бекембетсай) — *шатқ.*, Жез. ауд., Қаратөбе тауының бір шатқалы. Бекембет есімді кісі мекендеген сай.

**БЕКЕН** (Бекен) — қыст., Ұлыт. ауд., Қаптаадыр тауының бат. жағ.-да. Бекен есімді кісінің қыс қыстауы болған жер.

**БЕКЕТ** (Бекет) — құрғ. өз., Ұлыт. ауд., Бараккөл көлінің бат.-да. *Kicі есімінен қойылған өзен аты*.

**БЕКЕТ** (Пикет) — *e. м.*, Шет ауд. *Бекет* — орыс тіліндегі *пикет* «шағын ғана қарауыл отряды, солар тұратын баспана» сөзінің казакша қалыптасқан тұлғасы.

**БЕКТАУ** (Бектау) — *taу*, биік. 705,5 м, Ақад. ауд., *taу*, биік. 579,8 м, Жанаар. ауд., Аяқбастау тауымен шектес. *Бек* (сын есім) + *ataу* (зат есім) сөздерінің бірігүйен жасалған атау. *Бек* сөзі «мықты, берік» және «биік» мағыналарына ие болып, «мықты, берік немесе биік тау» деген мағынаны білдіреді.

**БЕКТАУАТА** (Бектаутата) — *taу*, биік. 1215 м, *c.*, *e. м.*, Приоз. ауд. «Халық анызы бойынша, *Бектау ата* және *Бегазы* деген екі әулие болған. Екі әулие қашып келіп, осы тауларды паналаған» (Әкс. мат., 1982. Инф. Шойынбаев Ыбырайым). Балқаш көлінің физика географиялық жайын терен зерттеген орыс ғалымы П. Сарычев бұл тауды былайша сипаттайды: «Бектау ата — онтустік пен солтустікті жалғастыратын нысанан іспетті керуен жолдың бойында тұрған «шамшырақ». Оның сүйір тәбесі Балқаш көлінің онтустік жағалауынан көзге ілінеді. Қолдін астынан жарып шыққандай сұстывп тұрады және «бері тарт» дегендей ишарат береді. Сол тау-

дың астында үлкен ұнгір бар. Ол мәп-мөлдір түші суға толы. Су бетінің деңгейі әрдайым бір калыпты: жоғары көтерілмейді, төмен түспейді. Табигаттың осы жұмбағының көріністері дала жұртының сезімін билеп, атаудын постпозитивтік компоненті бол түрган «ата» сөзін костырғандай» (Орысшадан аударған Е. Қойшыбаев). Қазақстан жерінде ата тіркесімен аталатын жерлер (мәселен, Әулие+ +ата, Сұнақ+ата т. б.) көбіне сол жердің «киелі», «әулиелік» қасиетіне байланысты халық нанымына сай қойылып отырған. Міне сол себептен Бектауата «қасиетті», «әулие», «киелі Бектау» дегенді аңғартады.

**БЕКТЕМІР** (Бектемир) — тәбе, Жез. ауд. Байқоныр өз.-нің солт.-де. Кісі есімінен қойылған географ. атау.

**БЕЛАГАШ** (Белағаш) — ауыл, Шет ауд. Бел (зат есім)+агаш (зат есім) сөздерінің бірігіүнен жасалған. Е. Қойшыбаевтың (1985) «көне түркі биль>билил+ғүш (сөзбе-сөз) биляғүш «кос ер» немесе «кос кезен» мәніндегі кіріккен сөздер деп түсіндіруінде ешбір ғылыми негіз жок. Қазақ тілінде бел «асу, кезен» мағынасынан басқа «орта», «тең тұс» мағыналарында да қолданылады. Олай болса, Белағаш «кезендері, асудағы ағаш» мәніне толық сай.

**БЕЛАСАР** (Беласар) — е. м., Шет ауд. Бұл жерде таспен коршалған зираттар бар. Бел (зат есім)+асар (етістіктің есімше тұлғасы) арқылы жасалған атау. Бұның топонимдік мәні «белді, кезенде аскан жерде».

**БЕЛАЯ** (Белая) — тау, биік. 468,5 м, Ақад. ауд., Тасжарған баст.-ның бат. жағ.-да. Орыс тіліндегі белый (ак) сөзінен қойылған тау аты.

**БЕЛБЕМБАЙ** (Белбембай) — е. м., Ақад. ауд., Қайракты. пос.-нің солт.-бат. жағ.-да. Кісі есімінен қойылған атау.

**БЕЛГІ** (Белги) — тау, биік. 262,9 м, Ұлыт. ауд., Тұяқбай қыст.-ның солт. жағ.-да. Бұл тауда «белгі, таңба» болуына байланысты аталуы мүмкін.

**БЕЛДЕУ** (Бельдеу) — жер, Ұлыт. ауд., Шұңқыр қыст.-ның солт. жағ.-да. Топоним мағынасы жердің белестеу, жоталау келген бедеріне байланысты болу керек.

**БЕЛЕУТІ** (Белеуты) — өз., Жез. ауд. Қарасире өз.-нің онт. шығ. жағ.-да. Белеу (зат есім)+көне аффикс -ті арқылы жасалған өзен аты. Белеу сөзі қазіргі әдеби тілімізде кездеспейді. Сондай-ақ көне түркі тілінде де осы формалы сөзді ұшыратпадық. О. Т. Молчановың (1979) көрсетуінше Таулы Алтай жерінде Беле (Беля, Белә, Пеле, Пелә) тұлғалы топоним (тау, сай, жер, пос.) бар. Алтай тілінде беле «шетен» деген сөз екен. Бұған қарағанда өзен жағасында шетен көп, қалың өскендіктен «шетенді» аталуы мүмкін, яғни «шетені көп, қалың» деген мағынаны білдіреді. Ал сөз ортасындағы «у» дыбысы кейінгі кездерге

қосылса керек. Географиялық көне формант -ты, -ті негізінде жасалған топонимдер республика жерінде аз емес. Мысалы: *Алматы*, *Бұғыты*, *Шідерті*, *Өлеңті*, *Сөгеті* т. б.

**БЕЛҚАРАҒАЙ** (Белкарагай) — шатқ., Жанаар. ауд. *Бел* (зат есім) және *қарагай* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топоним мағынасы «кезендегі, асудың ар жағындағы қарағай» дегенді мәнзейді.

**БЕЛҚАРАҒАН** (Белкараган) — с., Айнабұлақ сс.-не қарайды, Жанаар. ауд. *Бел* (зат есім) және *қараган* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Мағынасы: «асудағы, орта кезендегі қараған».

**БЕЛҚҰДЫҚ** (Белькудук) — құд., Шет ауд., Дария пос.-нің солт. жағ.-да, Жез. ауд., Қарсақбай с.-ның жаңында., Ақад. ауд., Науалы ст.-ның оңт.-шығ.-да 4 км жерде. *Бел* (зат есім) + *құдық* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Топоним мағынасы «кең астындағы, асудың ар жағындағы құдық» немесе «орта тұстасы құдық».

**БЕЛҚҰМ** (Белкум) — жер, Жез. ауд., Жіңішкеқүм маңында. *Бел* (зат есім) және *құм* (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «орта тұстасы құм» немесе «негізгі, үлкен құм».

**БЕЛТЕБІЗ** (Белтебиз) — шатқ., Жез. ауд., Мырсай қыст.-ның маңында. *Бел* (зат есім) + *тебіз* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Бұл топонимнің бірінші компоненті бел «асу, кезең» болса, екінші компонент көне түркі тіліндегі *teriz* «соры көп жер» (МК, II, 208) яғни «асу, кезең астындағы соры көп, соры бар жер». Сондай-ақ көне түркі тілінде *terizla* «соры бар, соры көп» деген сөз.

**БЕЛТЕБІССОР** (Белтебиссор) — шатқ., Жез. ауд. Арыстан деңгөн жерде. Бұл атаудағы *тебіс* көне түркі *teriz* сөзіндегі сонғы үяң дауысты дыбыссыз (3) қатаң «с» дыбысына айналуынан болған құбылыш. Топоним мағынасы: «белес, кезең астындағы аппақ соры көп жер» дегенді білдіреді.

**БЕЛТЕРЕК** (Белтерек) — е. м., Ақтоғ. ауд. *Бел* (зат есім) + *терек* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Бұл топоним құрағыныңдағы бел «үлкен, мықты, зор» деген ауыспалы мағынада қолданылып тұрғандықтан *Белтерек* «үлкен, мықты, зор терек» дегенді анық білдіреді.

**БЕРДАЛЫ** (Бердали) — сай, Приоз. ауд. *Кісі* есімінен қойылған атау.

**БЕРДЕҢСАЙ** (Берденсай) — сай, Ұлыт. ауд. *Кісі* есімінен қойылған сай аты.

**БЕРДІ** (Берды) — тәбе, Ұлыт. ауд., Дұлығалы өз.-нің солт. шығ. жағ.-да. *Кісі* есімінен қойылған оронимдік атау.

**БЕРЕКЕ** (Береке) — қыст., Ақтоғ. ауд., өз. Жез.-ауд. *Кісі* есіміне байланысты қойылған қыстау, өзен аттары.

**БҮРКІТ** (Беркут) — баст., Шет. ауд., Ақмая пос.-нің солт. жағ.-да. Бастау басындағы таска о баста бүркіттің отыруымен байланысты аталған болу керек.

**БЕРЛІБАЙ** (Берлибай) — тәбе, е. е. м. Жанаар. ауд., Талдыманақа өз.-нің бат.-да. Қісі есімінен қойылған мекен аты.

**БЕРЛІБЕК** (Берлибек) — қыст., Приоз. ауд. Қісі есімінен қойылған қыстау аты.

**БЕРМЕНТЕ** (Берменте) — тау, биік. 571,5 м, Ұлыт. ауд. Қараңғір өз.-нің шығ.-да. Мағынасы: «бергі жақтағы, жақын жердегі тәбе».

**БЕРТИС** (Бертис) — Балқаш көліндегі белгілі мүйіс. Бертіс деген ру бар. Осы мүйісте «бір тіс» сияқты жартас бар.

**БЕРІҚҚАРА** (Бериккара) — тау, биік. 855,8 м, Ақад. ауд. Ортау схзы орналасқан жerde; с. тип. е. м., Ақтоғ. ауд. *Берік* (сын есім) + қара (сын есім) жергілікті жerde тау мағынасында колданылады) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «бекем, мықты зор тау».

**БЕРІҚТАС** (Бериктас) — тау, Ақад. ауд. *Берік* (сын есім) + тас (зат есім) сөздерінен жасалған атаяу. Мағынасы: «бекем, мықты, берік жартасты тау».

**БЕРІҚШЕДІНОБА** (Берикшединоба) — тау, биік. 525,2 м, Жанаар. ауд., Шалқия пос.-нің шығ. жағ.-да. *Берікше* (устеу) + өбің (зат есім) + оба (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған тау аты. Мағынасы: «нығызы, мықты келген тәбе, дөң».

**БЕСАПАН** (Бесапан) — шатқ., Приоз. ауд., Сарықұмның бат.-да 4 км жerde, Гүлшат кеіні қасында, ел. мек., Ақтоғ. ауд. *Бес* (сан есім) + апан (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалып, «бес шұңқыры, шатқал, сай» деген мағынаны білдіреді.

**БЕСБАҚСЫ** (Бесбаксы) — қыст., Ұлыт. ауд., Шұңқыр қыстының солт.-бат.-да. *Бес* (зат есім) + бақсы (зат есім) сөздерінен жасалған атаяу. Мағынасы: «Бес балгер, бақсы». Бұл жерде бақсыра байланысты бір оқиға болғанына мензейді.

**БЕСБАЛА** (Бесбала) — сай, Ақад. ауд., Қайракты пос.-нің солт.-шығ. жағ.-да. *Бес* (сан есім) + бала (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: бес балаға байланысты бір оқиға болғанын, білдіреді.

**БЕСБИДАЙЫҚ** (Бесбидайық) — сай, Ұлыт. ауд., Бозшакөлдің солт. жағ.-да. *Бес* (сан есім) + бидайық (зат есім) сөздерінен жасалған. Бұл атаяу бидайықтың бес тал санын көрсетуден гөрі бидайықтың көктемде қар сүзы жайылған, кейіннен қуан тартқан жерге өсетін біктеу шөптесін өсімдік және сондай өсімдікті жер санын көрсететін сияқты.

**БЕСБҰЛАҚ** (Бесбулак) — құрг. өз., Приоз. ауд., Жорға тауы етегінде. *Бес* (сан есім) + бұлақ (зат есім) сөздерінен жасалған атаяу, яғни «бес жақтан ағып жатқан бұлақ».

**БЕСЖИДЕ** (Бесжиде) — қыст., Жез. ауд., Ақши сайында. *Бес* (сан есім) + *жиде* (зат есім) сөздерінің косылуынан жасалған. Мағынасы: «бес жиде ағашы өскен» жердегі қыстау.

**БЕСКЕПЕ** (Бескепе) — құд., Жез. ауд. *Бес* (сан есім) + *кеpe* (зат есім) сөздерінің бірігі арқылы жасалған. Бұл жакта кепе деп үйліген тезекті айтады. Сонда атаудың мағынасы «бес кепе жанындағы құдық».

**БЕСКЕСІК** (Бескесик) — *taу*, биік. 326,6 м, Жез. ауд., Құйған қыстауы баурайны орналасқан тау. *Бес* (сан есім) + *кесік* (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «бес бөлек» (*taу*).

**БЕСКУШІК** (Бескушік) — *taу*, Жез. ауд. Тұлкібай қыст.-ның солт. жағ.-да. *Бес* (сан есім) + *кушік* (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы бес күшікке байланысты бір оқиға болғанын білдіреді.

**БЕСҚАЗЫЛЫҚ** (Бесқазылық) — *taу*, Ақтоғ. ауд. Бегазы тауы төнірегіндегі Қызыларай, Кент, Балқан (Құ), Бақты деген бес тауды жергілікті халық *Бесқазылық* деп жинақ атаумен атайды. Шет ауданында Бесқазылықтың белі деп аталағын тау және бар.

**БЕСҚАЗЫЛЫҚТЫҢ БЕЛІ** (Перевал Бесқазылықа) — *taу*, Шет ауд. *Бес* (сан есім) + *қазылықтың* (ілік септік жалғаулы зат есім) + *бел* (тәуелдік жалғаулы зат есім) сөздері арқылы жасалған күрделі атау, яғни «Бесқазылық деген жердің асуы, кезеңі». *Бесқазылық* деген сөздің мағынасы түсініксіз.

**БЕСҚАТАҮІН** (Бескатын) — *taу*, биік. 270,3 м, Орақбай тауының солт.-бат. жағ.-да. *Бес* (сан есім) + *қатын* (зат есім) сөздерінің бірігінен жасалған. Е. Қойшыбаев (1985) «қатын формасы сын есім тұлғасындағы «қатан» (<қатаю> мәніндегі сөз» деп туиеді. Бұл мұлдем шындыққа жанаспайды. Өйткені түркі тілдерінде *қадын* (хатун) ~ *катун* тіркесімен келетін өзен, тау аттары аз емес. Мысалы: алт. *Катун*, Объ өзенінің он жағындағы үлкен өзен. Катун өзенінің ұзындығы 680 км. Тува жерінде де *Қадын* — өз., *Қадын-Шат*-тау, Хатын-көл атаулары бар. В. Вербицкий: «Кадын өзен аты да Катунь, тау аты да Катун (Кондом өзені бойында) барын айтады (Словарь Алтайского и алладагского наречий тюркского языка. Қазань, 1884, с. 113). Сондай-ақ Шығыс Туркстан (қытай жеріндегі) Тянь-Шань шындарының бірінің Катунь — Бохто — Ола аталатыны мәлім. Бұл өзен, көл, тау аттарында Кадын (Хадын) Катун сөзінің қолданылуын көптеген ғалымдар көне түркі тілдерінде бұл сөздің «әмірші, ханым әйел» мағынасында түсініп, халықтың ескі нағымы бойынша «үлкен өзен, тауларға табынуымен байланысты аталып отырған» деген пікірмен дәлелдейді. Ал, жазушы Ақселеу Сейдімбековтың «Атау Отан соғысы кезінде бес жесір әйелге байланысты айтылған» деген пікірін де ескерген жөн сияқты.

**БЕСҚАУҒА** (Бескауга) — құд., Жез. ауд., Анақан қыст.-ның маңындағы құдық. *Бес* (сан есім) және қауға (зат есім) сөздерінің тіркесуі арқылы жасалып, құдықтың сұзы аз екендігін яғни бес қауға ғана су жиналатынын білдіреді.

**БЕСҚОРА** (Бескора) — е. м., Ақтөр. ауд. *Бес* (сан есім) және қора (зат есім) сөздері арқылы жасалып, сол жерде қатарынан «бес қора» болғанын мегзейді.

**БЕСҚОНАҚ** (Бесконак) — *taу*, Ақад. ауд., Ағашжайлай тауының солт. жағ.-да. *Бес* (сан есім) + қонақ (зат есім) сөздерінен жасалып, қойнауында «бес қонақ» сиятында үңгірдің болуына байланысты аталуы мүмкін.

**БЕСҚҰДЫҚ** (Бескудук) — құд., Жез. ауд. *Бес* (сан есім) + құдық (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Сол манда терендігі әртүрлі бес құдықтың казылуымен байланысты аталса керек.

**БЕСОБА** (Бесоба) — *зират*, Жез. ауд., Қаракенгір схз.-ның жерінде. *Бес* (сан есім) + оба (зат есім) сөздерінен жасалған. XIII—XIV ғ. ғ. тән көне құмбездер аты.

**БЕСТАҚЫР** (Бестакыр) — *шатқ.*, Жез. ауд. *Бес* (сан есім) және *тақыр* (зат есім) сөздерінің біргігінен жасалған атау. Аralары қашық емес бес тақыр шатқалдың болуына байланысты аталса керек.

**БЕСТАМА** (Бестама) — *сай*, Жез. ауд. *Бес* (зат есім) және *тама* (зат есім) этноним сөздерінен жасалған этнотопоним.

**БЕСТАМАҚ** (Бестамак) — с., Босаға сс.-не қарайды, Ақад.-ауд., *шатқ.*, Жез ауд. *Бес* (сан есім) және *тамақ* (зат есім) сөздерінің біргігінен жасалған атау. Тамақ сөзі арқылы жасалған топонимдер басқа да түркі тілдерінде мол. Мәселең, Сібірде Стерлитамак, башқұртта Менеузтамак, Удкалтытамак, Тюмень облысында: Қактамак өз., Қаргайтамак, Қырымда — *Тамак* (жер аты), Солт. Қавказда Бештамак (был жерде — Малка, Баксан, Чегем, Черек, Терек деген бес өзен құяды), қырғ. Ош обл. Түйе — Тамак өзені. Түркі тілдерінде *тамақ* сөзінің топонимдік мәні «өзен сағасы, сай аңғары, кіші-гірім сайлар» (Мурзаев, 1984, 542). Бұған қарағанда, тіліміздегі *Бестамақ* топонимінің мағынасы: «кіші-гірім бес сай, бес аңғар» дегенді білдіріп түр.

**БЕСТАУ** (Бестау) — *taу*, биік. 695,8 м, Ақад. ауд., Ақжартас тауының маңында; *тәбе*, Жез. ауд., Жынғылдыөзек өз.-нің онт.-де. *Бес* (сан есім) + *taу* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. «Қатар-қатар немесе сол жерде аралары жақын тұрған бес тау, тәбелер».

**БЕСТОҒАН** (Бестоган) — с., Сейфуллин сс.-не қарайды, Жаңаар. ауд. *Бес* (сан есім) + *тоған* (зат есім) сөздерінің біргігінен жасалған, яғни «аралары бір-біріне жақын бес жерден казылған арық, «тоған».

**БЕСТӨБЕ** (Бестобе) — *taу*, биік. 710,3 м, Шет ауд., *taу*, биік.

639 м, Ақад. ауд., Жаманқұдық күд.-нан 4 км қашықтықта; *taу*, биік. 404 м, Жез., Жанаар. ауд., төбе, биік. 259 м, Жез. ауд., дөң, Ақад. ауд., Ақши күд.-ның онт.-бат.-да; *e. м.*, Шет ауд.; *iрі кен орны*, Жанаар. ауд. *Бес* (сан есім) + *төбе* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Мағынасы: «бес дөң, төбе, тау».

**БЕСШЕГЕН** (Бесчеген) — құд., Жез. ауд., Койшыман қыст.-ның жаһында. *Бес* (сан есім) + *шеген* (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «шегендеген бес құдық».

**БЕСШОҚЫ** (Бесшоки) — *тау*, биік. 1109,7 м, Ақтоғ., Ақад. Приоз. ауд.-да; *ескі кен орны*, Шет ауд., Қайракты өз.-нің шығ.-да, Ақтоғ. ауд., Қазанғап өз.-нің алабында. Алыстан бес шоқы, төбе бол көрінуіне байланысты аталған.

**БЕСІК** (Бесик) — *тау*, биік. 890,9 м, Шет ауд., Ақмая пос.-нің онт. жағ.-да. Алыстан қарағанда тау көрінісі бесікке үқсас болған-дықтан қойылған атау.

**БЕСІКАДЫР** (Бесикадыр) — қыст., Ақад. ауд., Қайракты пос.-нің солт.-бат. жағ.-да. *Бесік* (зат есім) + *адыр* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Адырлардың кішкенелегін бесікке үқсату мен байланысты аталған.

**БЕСІКЖАЛ** (Бесикжал) — *сау*, Приоз. ауд., *bast.*, Ақад. ауд. *Бесік* (зат есім) + *жал* (зат есім) сөздерінен жасалған. Тау немесе жота жаһының бесікке үқсатудан қойылған, яғни «кішкене жал» үғымын береді.

**БЕТБҰЛАҚ** (Бетбулак) — с., Алғабас сс.-не қарайды, Ұлыт. ауд., сол ауд.-нан 100 шақ. жердегі жол бойындағы село; *бұл.*, Ақад. ауд. *Бет* (зат есім) + *бұлақ* (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «тау беткейінен құлай аққан бұлак».

**БЕТҚҰДЫҚ** (Беткудук) — құд., тер. 5 м, Жез ауд. *Бет* (зат есім) + *құдық* (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «жазық емес, беткейлеу жерден қазылған құдық».

**БЕТПАҚДАЛА** (Бетпак-дала) — *шөл дала*, Жанаар. ауд. *Бетпак* (зат есім) + *дала* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Жез-қазған мен Жамбыл облыстарының көптеген жерін алып жатқан, Шу өзенінің терістігінен бастап Балқаш көлі мен Сарысу өзенінің аралығындағы құба жон, куаң дала. Проф. Қ. Жұбанов: «Бетпак жалқы есім емес, сын есім тұлғалы жалпы есім, мағынасы: «бақытсыз» (иранның *бад*, *бах* сөздері) десе (Жұбанов, 1966, 46 б.), А. Эбдірахманов: «Иран тілдеріндеңі бәдбахт» сөзінің екі мағынасының бірі — «бақытсыз» Бетпакдала атауын жасаған да, екіншісі — «онбаған, бетсіз, арсыз» деген мағынада және үрысу ретінде «бетпак» түріндегі әдеби тілге енген. Сонымен сөздің этимологиясы мынадай: *бад баҳт* (иранша — бақытсыз) + *дала* (түрікше жазық жер) — Бетпакдала деп пайымдайды. Демек, бұл атау *бет+бақ+дала* деген үш сөзден бірігіп жасалған. Олар үнді-евро-

па тілдерінде (ағылш. үнді, ир.) *bad* «жаман, нашар», *bake* «жандыру, күйдіру», қазақ тіліндегі *дала* сөзінен алғынған. Атаудың мағынасы «аса ыстық, жаман шөл дала, жапан дүз».

**БЕТПАҚТАУ** (Бетпактау) — дөң, Бетпакдаладағы дөң. *Бетпак* (сын есім) + *тау* (зат есім) сөздерінен жасалған атаяу. Мағынасы Бетпакдаламен бірдей.

**БЕШБАҚЫР** (Бешбакыр) — *дала*, Ақад. ауд., *Ағашжайлай* тауының солт. жағ.-да. *Беш* (зат есім) + *бақыр* (зат есім) сөздерінен жасалған атаяу. *Беш* тіліміздегі *бес* сөзінің дыбыстық түрғыдан өзгерген түрі, ал *бақыр* «шелеқ».

**БЕСТАРАЛ** (Бестарал) — тәбе, Жез. ауд. Ақши құд.-ның, бат.-да. *Бес* (зат есім) сөзіне *тарал-* «жан-жаққа шашырау» (етістік) сөзінің косылуы арқылы жасалған атаяу, яғни «жан-жаққа немесе бес жаққа шашырай пайда болған төбелер».

**БИЕНБҰЛАҚ** (Биенбулак) — бұл., Шет ауд. *Биен* ~ *бүйен* (зат есім) + *булақ* (зат есім) сөздерінен жасалған. *Биен* ~ *бүйен* «жінішке ішектен гөрі жуандай ішек», яғни топоним мағынасын: «бүйенге үқсас бұраландап ағып жатқан бұлақ».

**БИДАЙЫҚ** (Бидайық) — с., Целинный сс-не қарайды; *сай*, Жанаар. ауд., Олжай қыст.-ның солт. жағ.-да; өз., Шет ауд., Толағай тауы жанында. Өзен жағасында немесе сайда бидайық шебі көп, қалың өсетіндіктен аталса керек.

**БИДАЙШОҚЫ** (Бидайшокы) — *тау*, биік. 647,1 м, Шет ауд. *Бидай* (зат есім) және *шоқы* (зат есім) сөздерінен жасалған тау аты, яғни төбесінде бидай өскендіктен қойылған болуы керек.

**БИНАЗАР** (Биназар) — *тау*, Шет ауд. Кісі есімінен қойылған тау аты.

**БИІК** (Биик) — тәбе, Жез. ауд. Мұсәлі қыст.-ның жанында. Төбенің биіктігіне байланысты қойылған атаяу.

**БИІКМОЛААХМЕТ** (Биикмолаахмет) — қыст., Жез ауд. Қарғали өз.-нің оңт.-де. *Биік* (сын есім) + *мола* (зат есім) + *Ахмет* (зат есім) сөздерінен жасалған күрделі атаяу. Бұл жерде Ахмет деген кісінің биік мolasы болған болуы керек.

**БИІКТАУ** (Бииктау) — *тау*, биік. 591,1 м, Қалиқожа құд.-нан 60 км қашықтықта. *Биік* (сын есім) + *тау* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Маңындағы өзге таулардан биік болғасын осылай атаган.

**БИІКТЕГІ ҚҰДЫҚ** (Бииктеги кудук) — құд., Жез. ауд., Дантай қыст.-ның қасында, ашы сулы құдық. *Биіктегі* (үстей) + *құдық* (зат есім) сөздерінен жасалған атаяу. Мағынасы: «биіктеу жердегі құдық».

**БОҒҮТ** (Богут) — құд., Приоз. ауд. Кісі есімінен немесе ру атынан қойылған құдық аты.

**БОДАН** (Бодан) — қыст., Жез. ауд. Кісі есімінен қойылған қыстау аты.

**БОЗАЙ** (Бозай) — төбе, Ұлыт. ауд. Дұлығалы өз.-нің онт.-шығ. жағ.-да, антропотопоним. Ақтабан шұбырының заманында Оңтүстік Қазақстаннан келген үйсін-сіргелі Айбалталы Долғабайдың баласының атынан қойылған (Эксп. мат., 1982. Инф. Сырымбетов Қасым (Қаске) 80 жаста).

**БОЗАЙГЫР** (Бозайғыр) — жер, сай, Ақтөг. ауд. *Боз* (сын есім) + *айғыр* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Бұндай мал атауларына байланысты жер-су аттары республиканың барлық жерінде кездесіп отырады. Мысалы, Торайғыр, Бозбие т. б.

**БОЗБИЕ** (Бозбие) — е. м., Ақтөг. ауд. *Боз* (сын есім) + *бие* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Бұл жерде боз биеге байланысты бір оқиға болғанын білдіреді.

**БОЗДАҚ** (Боздак) — с., Қішітау сс.-не қарайды, Ұлыт. ауд.; қыст., Ақад. ауд.; *тау*, биік. 615,9 м, Жез. ауд., Үлкен Жезді өз.-нің бат.-да. *Боз* (сын есім) + *дақ* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған тау аты. Бұл жерде боз түспен байланысты да, *дақ* қазіргі тіліміздегі тау сөзінің көне *дағ* formasы. Қазіргі түркі тілдерінде түрлі тұлғада өзгеріп сакталған. Мәселен, түркм. *таг*, тув. *даг*, қырғ. *тоо*, балқ. *тау* т. б.

**БОЗДАҚСАЙ** (Боздаксай) — құрғ. өз., Жез. ауд., Үлкен Жезді өз.-нің бат.-да. *Боздақ* (зат есім) + *сай* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Боздак тауының ертеде өзен аққан бір сайы.

**БОЗДАЛА** (Боздала) — сай, шатқ., Ақад., Жез. ауд. *Боз* (зат есім) + *дала* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Ақдала топонимімен мәндес.

**БОЗЖАР** (Бозжар) — *тау*, биік. 198,7 м, Жез. ауд., Ақшала маңында. *Боз* (зат есім) + *жар* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Ақжар топонимімен мәндес.

**БОЗҚАҚ** (Бозқак) — құрғ. өз., Жез. ауд., Олжабай қыст.-ның жанында. Өзені құрғап, тастары ағарып көрініп жатқан арна. *Боз* (сын есім) + *қақ* (зат есім) сөздерінен жасалған атау.

**БОЗҚӨЛ** (Бозколъ) — көл, Жанаар. ауд., Жомарт қыст.-маңында. *Боз* (сын есім) + *көл* (зат есім) сөздерінен жасалған. Қелдің түсінің қаракөк мөлдір болмай, сарғыш бозаң тартып тұруымен байланысты қойылған.

**БОЗҚҰДЫҚ** (Бозкудук) — құд., Жанаар. ауд. *Боз* (сын есім) + *құдық* (зат есім) сөздерінен жасалған. Құдық сұзының мөлдір таза болмай, лайлау келіп, бозғылт түсті болумен байланысты қойылған.

**БОЗОБА** (Бозоба) — *тау*, биік. 747 м, Шет ауд.; Толағай тауымен қатарлас төбе, Жанаар. ауд. *Боз* (сын есім) + *оба* (зат есім)

сөздерінен жасалған атау. Алыстан қарағанда құбаң тартып ағарып көрінуімен байланысты аталаған.

**БОЗТАРАУ** (Бозтарау) — *taу*, биік. 628,4 м, Жез. ауд., Үлкен Жезді өз.-нің бат.-да. *Боз* (сын есім) және *tarau* (зат есім) сөздерінің бірігүйен жасалған атау.

**БОЗТҰМСЫҚ** (Бозтұмсук) — *c.*, Бірінші май сс.-не қарайды. Ұлыт. ауд., *бікіткі*, Жез. ауд., Сандықтауда; *c.*, Ұлытау қаласынан 42 км жердегі автожол бойында, сс орт. Ұлыт. ауд. *Боз* (сын есім) + *тұмсық* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Магынасы: «Боз зарған жұмысақ, таудын бозамық құбаң тартқан мүйісі».

**БОЗШАҚӨЛ** (Бозшаколь) — *көл*, *c.*, Ұлытау сс.-не қарайды, бөлімше, Ұлыт. ауд. *Бозша* (сын есім) + *көл* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Алыстан бозарып көрінген көрінісіне және суының ақышыл ботана түсіне байланысты қойылған көл аты.

**БОЗІНГЕН** (Бозинген) — *соқп. жол*, *құрғ. өз.*, Жез. ауд., Дантай қыст.-ның маңында.; *қыст.*, Қарасире өз.-нің оңт. жағ.-да. Е. Қойшыбаев пікірінше (1985), «тур. боз («ак»+ін («ұнгір») + кен сөздерінен қалыптасқан атау. «Ақ ұнгірлі кен» (шамамен) мәніндегі атау». Бұл әрі жол, әрі өзен, қыстау, аты ретінде түйе малының үрғашы інген атымен (боз інген) қойылуы мүмкін.

**БОҚАЙ** (Бокай) — *тау*. шет. Ақтөр. ауд.-да., Қісі атынан қойылған (Эксп. мат., 1982 ж. Инф. Ахметов Аманбек, 71 ж.).

**БОҚАЙҚҰМ** (Бокайкум) — *құм*, Жез. ауд., Жіңішкеқұмның жаңында. Бокай есімімен байланысты құм аты.

**БОҚАНТАЛЫ** (Боканталы) — тал өскен жер, Жез. ауд. Бокаң есімді кісі мекендеген, талы қалын жер.

**БОҚТӨККЕН** (Боктоккен) — *қыст.*, Ұлыт. ауд. *Боқ* (зат есім) + *төккен* (есімше) сөздерінен жасалған атау. «Мал киын төккен» мәніндегі қыстау аты.

**БОЛАТ** (Болат) — *taу*, биік. 254,3 м, Ұлыт. ауд., Үлкен Жыланшық өз.-нің оңт.-бат. жағ.-да; *сай*, Жанаар. ауд., Қарашокы тауының бат.-да. Тайпа атынан қойылған этнотопоним.

**БОЛАТТАУ** (Болаттау) — *таулар*, биік. 767,8 м, Ақад. ауд., метеостанция. Ақад. ауд. Тасжар баст.-ның солт.-шығ.-да. *Болат* (сын есім) + *taу* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Этнотопоним, болмаса «құрыш тау, мекен, мықты тау» мәніндегі атау.

**БОЛҒАН АНА** (Болган — ана) — *мазар*, Шет, Жез. ауд.-да. Кенгірдің Сарысуға құятын тұсында, XI—XII ғғ. тән зират-ғимарат.

**БОЛҒАНҚҰДЫҚ** (Болганқудук) — *құд*, Жез. ауд. Дантбай қыст.-ның қасында. «Болған есімді адамға тән құдық».

**БОЛЫН** (Болын) — *e. м.* Приоз. ауд. Балқаш көлінің жағасында 5 км жерде. Этнотопоним.

**БОРАНБАЙ** (Буранбай) — *өз.*, Жанаар. ауд.; *қыст.*, Жез. ауд.

Отаутас тауының бат. жағ.-да. Қісі есімінен қойылған өзен, қыстай аты.

**БОРАНБАЙ ҚОЙТАС** (Буранбай — койтас) — дөң, Шет ауд. Боранбайдың койтасы, яғни Боранбай есімді кісінің атымен аталған дән.

**БОРАНБАЙСАРЫ** (Буранбайсары) — құд., Жез. ауд., Арыстан құд.-ның маңында. Боранбай деген түрі сары кісі атымен аталған құдық аты.

**БОРАНБАЙТАС** (Буранбайтас) — сай, Жанаар. ауд., Отаутас тауының шығ. жағ.-да. Боранбайдың аулы мекендерген тасты жер деген ұғымдағы атату.

**БОРАНТӨБЕ** (Бурантобе) — тау, биік. 537,5 м, Жанаар. ауд. Қарашокы тауының солт.-шығ. жағ.-да. *Боран* (зат есім) + *төбе* (зат есім) сөздерінен құралған атату. «Бұл төбеде боран соғып түрумен, боранның қатты болуымен байланысты қойылған атату.

**БОРЖАКТЫСАЙ** (Боржактысай) — сай, Жез, ауд. *Бор* (зат есім) + *жақ* (зат есім) + *ты* (косымша) + *сай* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған күрделі тұлғалы топоним. Бұл атаудың бірінші сынарындағы *бор* монгол тілдерінде: бурятта *боори* — «бійк жер, төбе», халха — монголда *буур* — тау баурайы, етегі, ал О. Т. Молчановының (1979) айтуынша: «алтай диалектінде *буре*, *пуре* — «катпарлы таулар», немесе «ұсақ шоқылар мен төбелер». Ал екінші сынардағы *жақты* сөзі алтай тіліндегі *juuka* — «сай, жыра», ал *juukalu* — «сайы бар, жыралы» сөзінін фонетикалық түрғыдан өзгерген нұсқасы болу керек. Яғни жакты <*juukalu* (жак)<*juuk*) <*ты*<*lu~ly*. Демек, атаудың топонимдік мағынасы «катпар тасты таулар» немесе «ұсақ шоқылы, төбелі жердегі терең сай» дегенге саяды. Топонимдер құрамындағы *бор* сөзінің басқа да түркі тілдерінде «көтерінкілікті, білктік пен жоғарылықты білдіретіні жайлы деректер аз емес. Мәселен, *бор* — «ісіп — кебіну», *борби*<*бор+бый* — «ісіну» (Қайдаров 1986, 194), осман түркі тілінде *борбос* — «мұнара», «қабыргасы биік корған» (Радлов, IV. 1664).

**БОРҚҰДЫҚ** (Боркудук) — құд., Жез. ауд., Бозқак өз.-нің онт.-де. *Бор* (зат есім) + *құдық* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атату. Оның бірінші сынарындағы *бор* — «ақ топырақ, ақ бор» мағынасын білдіргенмен бұл жерде «жұмсақ», «борпылдақ» деген ауыспалы мағынада колданылып, «жұмсақ, борпылдақ жерден казылған құдық» деген мән беріп тұр.

**БОРЛЫСОР** (Борлысор) — сай, Ұлыт. ауд., Шұңқыр қыст.-ның шығ.-да. *Бор* (зат есім) + *лы* (косымша) + *sor* (зат есім) сөздерінен жасалған яғни «боры көп жердегі сор».

**БОРЛЫӨЗЕК** (Борлыөзек) — құрг. өз., Шет ауд. *Борлы* (сын

есім) +өзек (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Яғни «боры көп жердегі ак өзек».

**БОРЛЫТАУ** (Борлытау) — *taу*, Ақад. ауд. *Борлы* (сын есім) +*taу* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Яғни «боры көп ак тау».

**БОРПЫҚ** (Борпик) — *дала*, Ақад. ауд., *Ағашжайлау* тауының онт. жағ.-да. Қаз. *борпық* — «борпылдақ, жұмсақ». Атау жердің жұмсақтығына байланысты аталса керек.

**БОРСЕНГІР** (Борсенгир) — *taу*, биік. 401 м, Шет ауд., *сс орт.* Жез. ауд. Бұл атаудың бірінші сынарындағы *бор* — «ак топырақ, балшық», екінші сынарындағы *сөңгір* түркі тілдеріне ортақ сөз. М. Қашқаридің XI ғ. сөздігінде *сәңгір* — «тау қыраттары», «шыңдары» жартастардың шынар басы, қазакта *сөңгір* — «биік жер, тау шоқылары». *Борсенгір* аталуы сол жердегі беріш боп қатып қалған ак топырақ қырлар мен жоталардың серейіп, әр жерде шошайып тұруымен байланысты болу керек.

**БОРШАУ** (Боршау) — *жер*, Жез. ауд., Қараадыр қыст.-ның жанында. Атаудың бірінші сынары *бор* «ак топырақ, балшық», «екінші сынары *шау* тіліміздегі шағыр (тас) «ұсақ қыыршық тас» сөзінің фонетикалық тұрғыдан өзгерген түрі екені байқалады. Оны Ә. Т. Қайдаров (1986, 228) енбегінен анық көреміз. *Шай* (*šaj*) (*шақ*>*шағыр*): *шайыр*<*шай+ыр* «ұсақ тас, қорым». Қара. *шақ* VII (акшыл, шанқан): *шақырай*<*шак+ыр+ай* — «әппак боп жарқырау», *шагала*<*шак+ала*. Салыстыр. *шак*>*шакай*, *шал*, *шай*. *Шағырай*, *шагала* сөздерінің көне тілде қысқарып айтылу барысында *шаг* түбіріндегі соңғы дауыссыз *f* дауысты *й*, *y* дауыстысымен ауысып, алмасып отырган. Демек, атаудың негізгі мағынасы: «қыыршық ак тас» дегенге саяды.

**БОСАҒА** (Босага) — *taу*, биік. 1089,5 м, Ақтоғ. ауд., *taу*, биік. 570,4 м, Жез. ауд., Үлкен Жезді өз.-нің бат.-да., *шоқы*, *c.*, *сс орт.* Ақад. ауд., *құрғ.* өз., Үлйт. ауд., Жыланшық өз.-нің онт.-де; *сай*. Приоз. ауд.-да. *Босага* сөзінің тұра мағынасы: «есіктің таянышы, жақтауы, тірегі», «табалдырық». Топоним ретіндегі мағынасы: — «биік тау не жоталардың қысаң жері, босагаға ұқсаған төменгі жері».

**БОСАҒАБҰЛАҚ** (Босагабулак) — *bast.*, Жанаар. ауд. *Босага* (зат есім) және *бұлақ* (зат есім) сөздерінен құралған атау. Атаудың топонимдік мағынасы: — «қысандағы, төмендегі бұлақ».

**БОТАБАЙҚҰМ** (Ботабайкум) — *құм.*, Жез. ауд. Ботабай есімді кісі мекендеген құмды жер.

**БОТАБАЙСОР** (Ботабайсор) — *сай*, Сандықтауда, Жез. ауд. Ботабай есімді кісіге тән соры көп жер.

**БОТЫҚ** (Ботық) — *c. тип. е. м.*, Шет ауд. Кісі есімінен қойылған елді мекен аты.

**БОШҚАН** (Бошкан) — *taу*, Ұлт. ауд. 1 Май кхз.-ның онт. жағ.-дағы тау. Этноантропоним (кісі есімі немесе ру аты).

**БОЯЛЫСАЙ** (Боялысай) — *сау*, құд., Шұнақ тау.-да, Ақад. ауд. **Боялы** (сын есім) + *сау* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Бұл атаудың боялы сынары бояулы сөзінің көне формасы екені шексіз. Оның көне түркі тіліндегі нұсқасы «*бодиғың* — бояулы» яғни атау мәні — «бояулы өсімдік өскен сай».

**БӨГҮМБАЙ** (Богумбай) — *жер*, Шет ауд. Кісі есімінен қойылған жер аты.

**БӨКЕМБАЙ** (Бокембай) — өз., Ақад. ауд., Ұлken Бөкен өз.-нің солт. жағ.-да, ұз. 15 км жерде. Кісі есімінен қойылған өзен аты.

**БӨЛЕК** (Булек) — *taу*, биік. 839,9 м, Қеншоқы тауында. Шет ауд. Таудың жеке дара оңаша, оқшау, төнірегінде басқа тау болмауына байланысты аталуы мүмкін.

**БӨЛЕКАДЫР** (Булекадыр) — *taу*, биік. 839,8 м, Шет, Ақад. ауд.-да. *Бөлек* (сын есім) + *адыр* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Адырлардың бір-бірімен жалғаса, тіркесе бітпей, бөлек-бөлек арапары алшак тұруымен байланысты аталғаны байқалады.

**БӨЛЕКНҰРА** (Булекнұра) — *taу*, биік. 231,9 м, Жез. ауд. *Бөлек* (сын есім) және *нұра* (зат есім) сөздерінен құралған атау. *Қаз. бөлек* — «оңаша жеке» + *Нұра* < монг. *Nuru* — «тау қыраты», сөзбе-бөз «арқа», «бел». Салыстыр.: Алтайн — Нұру — Алтай таулары, Саяның — Нұру — Саян таулары. Яғни Бөлекнұра «бөлек, оңаша тау».

**БӨЛЕКТӨБЕ** (Булектобе) — *taу*, биік. 261,0 м, Жез. ауд. *жота*, Ақад. ауд. Ақдала пос.-нің солт. жағ.-да, *Бөлек* (сын есім) және *төбе* (зат есім) сөздерінің құралуынан жасалған «оқшау, оңаша, жеке төбе, шоқы» мәніндегі атау.

**БӨРІБАЙ** (Бурибай) — *taу*, биік. 610,9 м, Жанаар. ауд., *taу*, биік. 623,4 м, Приоз. ауд., құд., *сау*, Приоз. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**БӨРШЕТУКЕН** (Буршетуken) — *taу*, биік. 540,8 м., Ақад., ауд. Тасжарған баст.-ның солт. жағ.-да. Атаудың мағынасы белгісіз.

**БӨРІКОҒА** (Бурикога) — *жер*, Ұлт. ауд., Шұңқыр қыст.-ның шығ.-да. Бұл атау *бөрі* (зат есім) және *қоға* (зат есім) сөздерінен құралған атау. Осы жерде өсетін қоғаның түсінебайланысты аталса керек.

**БӨРІОЙНАҚ** (Бурнайнак) — *taу*, биік. 329,5 м, Тұлкібай құд.-ның шығ. жағ.-да. *Бөрі* (зат есім) + *ойнақ* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. *Бөріойнақ* — «ойнақ салатын, ойнақтайдын жер», бөрілердің осы тауда жиналып асыр салып ойнақтағанын байқаумен байланысты қойылған атау болу керек.

**БӨРІОЙНАҚҚҰДЫҚ** (Бурнайнаккудук) — құд., Жез. ауд.

Тұлкібай құд.-ның шығ.-да. *Бөрі* (зат есім) + ойнақ (зат есім) + құдық (зат есім) сөздерінен жасаған. Бөріойнақ — «ойнақ салатын, ойнайтын құдық», яғни құдық жағасында бөрілердің ойнағы болуы мен байланысты аталған.

**БӨРІСОҚҚАН** (Бурисоккан) — *taу*, биік. 718,7 м, Ақад. ауд., Жамантас маңында. *Бөрі* (зат есім) және соққан (етістік) сөздерінен құралған атау. Сол тауда көп бөрі соғып алумен байланысты аталғаны байқалады.

**БӨРІТУСКЕН** (Буритускен) — құд., Приоз. ауд. *Бөрі* (зат есім) + түскен (етістіктің есімше тұлғасы) сөздерінің бірігіүнен жасалған. Құдыққа *бөрі* (қасқыр) түсіп кетуімен байланысты аталуы мүмкін.

**БӨТЕЙ** (Бутей) — *тәбе*, биік. 555,0 м., Жанаар. ауд., Төребұтақ өз.-нің оңт.-де., Кісі немесе ру атынан койылған биік тәбе аты.

**БҰҒЫ** (Бугу) — дөң, Шет ауд., Ақмая пос.-нің солт.-шығ. жағ.-да. Атаудың негізгі түбірі бұқ- «бұғын, жасырын-», ал *бұғы* «бұғыну, жасырыну, тығылу» мәнін білдіретін етістіктің түйық рай түрі. Атаудың топонимдік мәні: «аласа, жатаған» (дөң) дегенді аңғартады.

**БҰҒЫЛЫ** (Бугулы) — *taу*, биік. 631 м, Шет, Актоғ. ауд.-да. *Бұғы* (зат есім) + лы (сын есім тудыруши жүрнек). Мәлдір суы мол, пішенге бай тау, ол тауда бұрын бұғы көп болған, оның артында — солт.-де Қаражал, Саржал, шығ.-да Сораң, Ўйтас, Бокай, бат.-да Саржал, Бараба, Қаращоқы тауларымен шектесіп, *Жарық* тауына кеп тіреледі (Эксп. мат., 1982 ж. Инф. Ахметов Аманбек, 71 жаста).

**БҰЗАУӨЛГЕН** (Бузгаульген) — өз., Жанаар. ауд., Шалғия пос.-нің солт. жағ.-да. *Бұзау* (зат есім) + өлген (етістіктің есімше тұлғасы) сөздерінің бірігіүнен жасалған атау. Сол өзенге бұзаудың ағып кетуімен байланысты аталса керек.

**БҰЗАУТӨБЕ** (Бузгаутобе) — *taу*, биік. 686,9 м, Ақад. ауд. Оның етегінде Ортау совхозы орналасқан. Атау *бұзау* (зат есім) + тәбе (зат есім) сөздерінің құралуынан жасалған. Бұл аттас тау Шет ауд.-да бар. Атаудың топонимдік мәні: «кішкене тәбе» дегенді білдіреді.

**БҮЙРАТ** (Буйрат) — дөң, Ақад. ауд., Тақырқұдық құд.-ның қасында. Бұл географиялық термин тіліміздегі *бүйра* сезіне -т қосымшасы қосылуы арқылы жасалып, «ұсақ тәбе, жоталар, ойлы-қырлы жота, бел-белестер, қыр-қыраттар» деген мағынада қолданылады.

**БҰҚАБАЙАДЫР** (Букабайадыр) — дөңес, Ұлыт. ауд., Шағырлы Жыланшық өз.-нің солт.-де, яғни Бұқабайдың адыры.

**БҰҚАРБАЙЖАЛ** (Бухарбайжал) — жал., Шет. ауд. Кісі есімімен аталған тау жалы.

**БҰЛАҚ** (Булак) — тау, білк, 517,6 м., Ақад. ауд., Қарғабұлақ бұл.-нан 38 шақ. жерде; төбе, биік. 462,9 м, Ұлыт. ауд., Қаптаадыр тауының оңт. жағ.-да.; е. м., Жанаар. ауд. Қаражал құд.-ның оңт. жағ.-да.; сор, сай, Жез., Жанаар. ауд.-да.

**БҰЛАҚҚҰДЫҚ** (Булаккудуқ) — құд., Ақад. ауд. *Бұлақ* (зат есім) + құдық (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау, яғни бұлақ жағасынан қазылған құдық.

**БҰЛАҚСАЙ** (Булаксай) — тау, биік. 122,1 м, Жез. ауд., етегінде Ақшабұлақ құдығы бар. *Бұлақ* (зат есім) + сай (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау, яғни «сайда ағып жатқан бұлақ» деген мәнді аңғартады.

**БҰЛАҚТАУ** (Булактау) — дөң, биік. 583,0 м, Құдықтас құд.-ның солт. 14 шақ. жерде, Ақад. ауд. *Бұлақ* (зат есім) + тау (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған бұлақ аты, яғни «бұлақ жаңындағы тау, дөңес».

**БҰЛАНСАЙ** (Булансай) — тау, биік. 287,4 м, Ұлыт. ауд., Тұяқбай қыст.-ның солт. жағ.-да, *Бұлан* (зат есім) «бұғы тектес ірі тұлғалы жабайы ан» + сай, (зат есім), яғни «бұланы көп, бұлан мекендерген сай».

**БҰЛАНТЫ** (Буланты) — өз., Жанаар. ауд., төбе., сай, Жез. ауд. Байқоңыр өз.-нің шығ.-да. Атау *бұлан* (зат есім) + ты (сын есім қосымшасы) негізінде жасалған. Бұл жерде бұланының көп болуымен байланысты аталған.

**БҰЛҒЫНТОБЕ** (Булгунтобе) — дөң, Ақад. ауд. Ақши құд.-ның оңт. шығ. жағ.-да Бұл атау бұлғын (зат есім) «терісі қымбат ан» және төбе (зат есім) сөздерінің құралуынан жасалған, яғни бұл биік жерде (төбеде) бұлғының мекендеуіне байланысты аталған.

**БҰЛДЫ** (Булды) — тау, биік. 283,3 м, Жез. ауд. Бұл атау монғ. болдог, қалм. болдг — «төбелер, шоқы жоталар, аласа оба» сөзінің тіліміздің дыбыстық занына бейімделіп өзгерген бұлды тұлғасы болу керек.

**БҰЛДЫРЫҚ** (Булдуруқ) — тау, Жанаар. ауд. Тегінде бұлдырық — «құр тұқымдас кішкентай дала құсы». Таудың алыстан бұлдырап кішкентай боп көрінуіне байланысты қойылған болу керек.

**БҰРАНТАЙ** (Бурантай) — төбе, Ұлыт. ауд., Сарыторғай өз.-нің шығ.-да. Кісі немесе ру атынан қойылған атау.

**БҰРМА** (Бурма) — тау, биік. 639,7 м, Ақад. ауд., Ақтоғ. ауд.-да; схз., е. м., сс орт., тжс, Шет ауд. Сынарында бүр-түбірі келетін *Бұрган*, *Бұргансу*, *Бұрыс* тәрізді топонимдер республика көлемінде

аэ да болса кездесіп отырады. Яғни Бұрма «бұрылыс», «бұрған» мәніндегі атап сөз.

**БҰРМАША** (Бурмаша) — с., Айнабұлак сс.-не қарайды, Жанаар. ауд., с., Киров сс.-не қарайды, е. м., сай, Жез. ауд. *Бұр «бұрылыс, бұрылу»+ма+ша* қосымшалары арқылы жасалған «бұрылыстағы, бұрылған жердегі» деген мәнде қойылған атап.

**БҰРНАҚ** (Бурнак) — өз., көл. Шет ауд., Қаракөл көлінің Манында. Түркі-монгол тілдерінде: тұр, бұрқ<бұрқыра, монг. *бұрхა* <*бұргай-* «бұрхырау, көпіршу»+тұр, ақ «агу», яғни «бұрқыраптарқырап ақкан өзен». Ал сөз ортасындағы н дауыссызы қ және ғ дауыссыздарынан бұрын қолданылған, сакталғаны байқалады.

**БҰРЫШ** (Бурыш) — құрғ. *арна*, Жез. ауд.-да. Бұл өзен аты да *бұр*<*бұрга*<*бұрқа* сөздерімен тікелей төркіндес әрі мағыналас, ал сөз аяғындағы-ыш қосымша.

**БҰТАҚ** (Бутак) — *taу*, биік. 703,4 м, Ақад. ауд., Тасжарған баст.-ның солт. жағ.-да; *төбе*, Ұлыт. ауд., Дулығалы өз.-нің бат.-да. Бұл топонимнің бірінші сынарындағы бұт сөзін О. Т. Молчанова (1979) «негіз», «тау сілемінің мүйесі», -ақ қосымша, яғни бұтак «тау жоталарының қырларының мүйесі» — дейді.

**БҮГІЛ** (Бугуль) — әөң. Жанаар. ауд., сай, Жез. ауд., Шұнқыр қыст.-ның оңт. жағ.-да. Бұл топонимнің бірінші сынарының негізгі төркіні *буғ//вик//буку//бег-тер* түркі-монгол, индоевропа, славян, тілдерінде «жота, қыр, төбе» «өркеш» мағыналарында жиі қолданылады. Салыстыр.: орыс *бугор* «кішкене төбе, жота оба», нем. вис. «өркеш», осет. вик «бүкірейген», қаз., қыр. *бүкір*. үй. *буку* «бүкір», монг. *бегетер* «бүкіш, бүкір». Атаудың екінші сынарындағы -іді қөптік жалғауының көне көрсеткіші. Демек, *Бүгіл* — «жоталар, төбелер, дөнестер».

**БҮЙРЕК** (Бюйрек) — рзд.. Приоз. ауд. Жерді бүйрекке ұқсатумен, ойпандау келуімен байланысты қойылған атап.

**БҮЙРЕКШИ** (Бюйрекши) — құд., Ақад. ауд., Әлжантам қыст.-ның манында; сай, Жанаар. ауд. Шалғия пос.-нің оңт. жағ.-да. *Бүйрек* (зат есім) +ши (зат есім) сөздерінен жасалған атап. «Бүйрек тәрізді ойлау жерде ескен ши».

**БҮҚИР** (Букир) — қыст., Жез. ауд., Қызылүй қыст.-ның жанында. Жер бедерінің дөнестеу келуімен байланысты қойылған атап.

**БҮРКІТ** (Беркут) — *таулар*, биік. 574 м. Ақтоғ. ауд., *taу*, биік. 1187 м, Шет ауд. Осы тауда бүркіттің балапандауымен немесе бүркіт ұстаумен байланысты аталуы мүмкін.

**БҮРКІТТИ** (Беркутты) — *taу*, биік. 7017 м, Жанаар. ауд., е. м., Ақад. ауд., *Бүркіт* (зат есім)+ты (сын есім жүрн.), яғни «бүркіті көп», «бүркіт көп мекендеген» (*taу*).

**БҮРКІТҰЯ** (Беркутуя) — *taу*, биік. 487,2 м, Сарышаған ст.-ның төнірегінде, Ақад. ауд. «Бүркіт үя салған тау».

**БҮРШІКТІКӨЛ** (Биршиктиколъ) — көл, Ұлыт. ауд. *Bүршік* (зат есім) + *ti* (косымша) + *көл* (зат есім) тұлғаларынан жасалған атау. Көл бетінің жазды күні жел шайқауымен байланысты ғашырылғанда көрінуімен байланысты аталғаны байқалады.

**БЫЛҚЫЛДАҚ** (Былқылдак) — өз., баст., Ақтоғ., Ақад. ауд.-да; бұл., Ұлыт. ауд., Жыланды өз.-нің солт.-де; Ақтогай селосынан 44 км. жердегі село, елді мекен (қола дәуіріне жатады), Шет ауд. *Былқылдақ* — «былқ-былқ еткен сазды, жұмсақ», яғни «өзен жағасының сазды» болуымен байланысты койылған атау болу керек.

**БІЛЕУТІ** (Блеуты) — *taу*, биік. 196,8 м, Жез. ауд., өз., Жанаар. ауд. *Bileut* (зат есім) + *ti* (сын есім косымшасы) тұлғаларынан жасалған. Алтай тілінде Беле//Беля//Бэлэ//Пеля тектес тау, сай аттары бар. О. Т. Молчановың (1979) пікірінше, беле — «шетен». Бұған қарағанда, *Bileutі* атауының бірінші сынарындағы *bileu* сол сөздің қазақ тіліне өзгеріп айтылуын көрсетсе, -*ti* косымшасы жалғану арқылы — «шетенді, шетені көп, шетен қалың өсken» (*taу*) дегенді анғартады.

**БІРАЙНА** (Бираина) — бұл., Ақад. ауд., Ақдала пос.-нің бат. жағ.-да. Ұлақтың тазалығын айнаға балап, «мынау бұлақ бір айна сияқты мәлдір екен» деп қойылған атау болуы мүмкін.

**БІРАҚШИ** (Биракши) — *сай*, Жанаар. ауд. *Bir* (сан есім) + *+aқ* (сын есім) + *ши* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Осы сай маңында бір түп ақши өсуімен байланысты аталуы мүмкін.

**БІРҚОМ** (Бирком) — *сай*, Жез. ауд., Акши құд.-ның солт.-шығ. жағ.-да. Атау *bir* (сын есім) + *қом* (зат есім) тіркесінен құралған. Атаудың екінші сынарындағы қом сөзі тәжіктің ком «ауыз», «аран», «санлау». Атаудың мағынасы — «ашылған ауыз сияқты кең сай» дегенді білдіреді.

**БІРКІСІ** (Биркиси) — шоқы, Приоз. ауд. *Bir* (сан есім) + *kisi* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Алыстан қарағанда шоқының ұзырып, бір адам сияқты көрінуіне байланысты аталса керек.

**БІРЛЕСТИК** (Бирлестик) — с., Нұркен сс.-не қарайды, қыст., е. м., Ақтоғ. ауд., *Birlес* «бірік, үйимдас, топтал, жинал» + *tik* (косымша), яғни «бас қосып біріктік, үйимдастық» мәніндегі колхоздасу, коллективтену кезеңінің алғашқы жылдарында қойылған атау.

**БІРҰЙЫҚ** (Бируюқ) — тжс, Приоз. ауд. *Bir* (сан есім) және үйиқ (зат есім) сөздері негізінде құралған атау, оның екінші сынарындағы үйиқ жерүйық сөзімен тіркесе келіп «жер жанаты, қасиетті жер» — мағынасын білдіреді. Соған қарағанда *Biruyik* — «мына жер тамылжып тұрган бір жер жаннаты, тамаша, қасиетті жер» дегеннен қойылғаны байқалады. Өйткені көне түркі тілінде үйиқ — «қасиетті», осы үйиқ сөзінің варианты ызық, ысық болуы мүмкін..

**БІРІНШІ ЖҰРТ** (Бринши журт) — *aýr.*, Шет ауд. *Bіrіnші* (сан есім) + *жұрт* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Бұл «ен бастапқы, әуелгі қоныс» деген мәндегі атау.

## — В —

**ВАРАН** (Варан) — *tay*, биік. 404,2 м, Жаңаар. ауд. Бұл атау финн-угор тілінде *vara* — тау, жота, жартастың мүйісі дегенді білдірсе, -н қосымша бол есептеледі. Э. М. Мурзаевтың айтуынша: «Архангель облысы Холмогор селосының аты карел тіліндегі *Kolmevaaga* (а) атауынан алынған болу керек» (Мурзаев, 1984). Мұндағы *гор* сөзі ваага (а) сөзінің өзгерген түрі.

**ВЕСНА** (Весна) — *e. m.*, Приоз. ауд. Орыс тіліндегі *весна* «көктем, көктем кезі» сөзінен қойылған атау. Бұл жерді мекендеушілердің көктемде келіп қоныстануымен байланысты қойылған атау.

**ВОСТОЧНО-КОУНРАДСКИЙ** (Шығыс Қонырат) — *c.*, Приоз. ауд. Балқаш қаласынан 25 км жердегі жол бойындағы село.

**ВСТАВКА** (Вставка) — *tay*, биік. 273,5 м, Ұлыт. ауд. Үлкен Жыланшық өз.-нің онт. жағ.-да.

## — Г —

**ГНЕЗДО** (Гнездо) — *tay*, биік. 190,1 м, Жез. ауд. Орыс тілінің *гнездо* — «үя» сөзінен, яғни бұл тауда құс ұсының көптігіне орай қойылған.

**ГОРКА** (Горка) — *тәбе*, биік. 131,6 м, Жез. ауд. Орыс тіліндегі *горка* — «тәбешік, дөңес» сөзі.

**ГОРТ** (Горт) — *қыст.*, Жез. ауд. Атау удмурт тілінің *гурт* — «село, деревня, отан» мәніндегі сөзі, коми тіліндегі *горт* — «үй», «турак», «ханты тілінің *курт* — «поселке», «деревня» сөздерімен түбірлес (Мурзаев, 1984).

**ГРАНИЧНАЯ** (Границная) — *тәбе*, Жез. ауд. Орыс тіліндегі *гранит* сөзінің туынды формасы.

**ГРЕЙДЕР** (Грейдер) — *tay*, биік. 500,1 м, Екіжолқұдық құд.-нан 40 км жерде. Бұл жерден қырышық тас алумен байланысты аталған.

**ГРЯДА** (Гряда) — *tay*, биік. 544,0 м, Ақад. ауд., Тасжарған баст.-ның солт. жағ.-да жатыр. Орыс тіліндегі *гряды* — «қырқа», «ұзынша қырраттар мен қырқалар», тау аты осымен байланысты қойылған.

**ГҮЛДЕНСИН** (Гульденсин) — *e. m.*, Ақад. ауд., Қайракты пос.-нің солт. жағ.-да. *Гүл* (зат есім) + *ден-* (етістік қосымшасы) + *сін* (бүйрек рай тұлғасы). «Гүл жайнап өссін, көркейсін» мағынасында қойылған атау.

**ГҮЛШАТ** (Гульшад) — *е. м., с., сс орт.* Приоз. ауд. Гүлшат есімді тау-кен инженерінің құрметіне қойылған атау.

**ГУРЬЯНОВКА** (Гурьяновка) — *с., қыст., Ақад.* ауд. Кісі есімінен қойылған село, қыстау аты.

## — Д —

**ДАБА** (Даба) — жер. Жанаар. ауд., Жиделі арнасының маңында. Бұл сөз түркі-монгол тілдерінде *даба, дабан* формаларында айтыла береді. Сал. алт., хак. *даба, дабан* — «асу, бел», өзб. *дован*, қырғ. *дабан* — «тау асуы», азерб.— *даба; дабан* — «төбе» «жота», хал.-монг. *дава, даван* «биік тау асуы».

**ДАРАК** (Дарак) — *е. м., Ақад.* ауд. Этнотопоним.

**ДАЛАБҰЛАҚ** (Далабулак) — *сай, Жанаар.* ауд. *Дала* (зат есім) + *бұлақ* (зат есім) сөздерінен құралған атау, яғни «даладағы бұлақ».

**ДАЛАҚӨЛ** (Далаколь) — *көл, Жанаар.* ауд. *Дала* (зат есім) + *көл* (зат есім) сөздерінің бірігінен жасалған атау. Негізгі мағынасы «ашық, кен даладағы көл».

**ДАЛҚОНЫР** (Далконур) — *құд., Жанаар.* ауд. *Дал* (сын есім) + *қоңыр* (сын есім) сөздерінен жасалған атау. Бұл екі сөзден құралған атаудың бірінші сынары түркі-монг. *дал ~ тал* — «ұлкен кен дала», «жазық» мағынасын білдірсе, екінші сынардағы қоңыр «қоңырқай тұс» және географиялық термин ретінде «әр түрлі ұсақ бұталы өсімдіктер өскен құмдауыт төбе, төбешіктер», яғни атау мағынасы «Кен алқаптағы қоңырқай тұсті құмдауыт төбе, төбешіктер».

**ДАЛЬНЫЙ АЙНАБҰЛАҚ** (Дальний Айнабулак) — *е. м., Шет ауд., Орыс тілінде дальний — «алыстағы, кашықтағы»+Айнабұлақ* (мекен аты).

**ДАНАБҰЛАҚ** (Данабулак) — *құрғ. өз., Приоз. Ақтөп.* ауд.-да. Данда деген кісі есіміне байланысты қойылған атау.

**ДАНБЛАН** (Данблан) — *құрғ. өз., Приоз. ауд.* Бесшоқы тауының баурайында ағады. Бұл атау иран тіліне тән. Иранның *Данги*<*танг*+*баланди* сөздері арқылы жасалған атау. Тіліміздің дыбыстық заңына сай *данблан* боп өзгерген. Демек, *Дан*<*ир. танг* — «каньон», «шат», диал. *данги* — «таудың тар қысылшаш жері», «асу», «бел», «тау аңғары» *блан*<*ир. баланди* — «жота», «дөң», «биік», салыстыр. тәж. *Сангиваланд* — «тау жотасы, «тас шокы».

**ДАНСАЙ** (Дансай) — *бұл., Ұлыт. ауд.* *Дан* ир. *танг* «тау аңғары»+*сай*, яғни «шат, аңғар».

**ДАНСАРЫ** (Дансары) — *көл, сай, Ұлыт. ауд.* Бозшакөлдің бат. жағ.-да. *Дан*<*ир. танг* — «каньон», «шат», диал. *данги* — «тау асуы, бел, белес», «тау аңғары»+*сары* — бұл жерде түстен

төрі «ұлкен, кең» деген мағынаны білдіріп түр. Демек, атаудың мағынасы «ұлкен, кең шат, шатқал, аңғар» дегенге саяды.

**ДАРАҚСАЙ** (Дараксай) — *сай*, Жанаар. ауд. Қаражал күдіншың солт. жағ.-да. *Дарақ* (зат есім) + *сай* (зат есім) тұлғаларынан жасалған атау. К. т. дарап — «ағаш» сай, яғни «ағаш көп өскен сай».

**ДАРАТ** (Дарат) — *өз.*, *баст.*, *е. м.*, Жанаар. ауд., Отаутас тауының шығ. жағ.-да, *тау*, Шет ауд. Түркі тілдеріндегі: қаз. *дара*, қырг. *дере*, қырым тат. *дерे* <ир. *дерे* — «шат, сай, тау қыспағы, тау аңғары».

**ДАРИЯ** (Дария) — *пос.*, *тжс*, Шет ауд., Ақмая пос.-нің солт.-де. Революцияға дейін «Дәрі» бекеті аталған; қыст., Ұлыт. ауд., Жыланышың өз.-нің оңт.-де. Бұл ир. *деръя* — «теніз», «көл» деген сөзінің тілімізде өзгеріп, қалыптасқан түрі. Орта Азияда және біздің республикада бұл сөз «ұлкен өзен» мәнінде айтылады.

**ДӘМЕКЕ** (Дамеке) — *тау*, биік. 448 м, Шет ауд. Кісі есімінен койылған тау аты.

**ДӘҮЛЕТБЕК** (Даuletбек) — *тау*, биік. 869,6 м, Ақад. ауд. Кісі есімінен койылған тау аты.

**ДАРЬИНСК** (Дарьинск) — *е. м.*, Шет ауд. *Дария* сөзінен койылған елді мекен аты.

**ДАРЬИНСКИЙ** (Дарьинский) — *қтп*, Шет ауд. *Даръя* сөзіне *ин*+*ский* қосымшалары жалғану арқылы жасалған поселке аты.

**ДАСТАР** (Дастар) — *тау*, биік. 938,8 м, Ақтоғ. ауд. Бұл атаудың бірінші сынары *дас* тәж., парсы, әзерб., қаз., арм., түркм. тілдерінде *даш*, *таш*, *тас*, *дашт*, *дашті* тұлғаларында келіп — «тастак, тас жер» деген мағынаны білдіреді. Армян тілінде топонимдер күрамында кездеседі. Мәселең, даштавайр — «жазық», саррқадашт — «мұзарт» (Мурзаев, 1984, 173). Екінші сынарадағы -тар көптік жалғауы. Яғни атаудың топонимдік мағынасы: «киышкы тасты немесе мұздай сұық тау».

**ДАСТАРБАСЫ** (Дастарбасы) — *тау*, биік. 585,0 м, Жанаар. ауд. Даастар тауының биік шыны, бас жағы.

**ДАУЫЛБАЙ** (Дауылбай) — *қыст.*, Ақтоғ. ауд. Кісі есімінен койылған қыстау аты.

**ДАУЫЛТАС** (Дауылтас) — *тау*, биік. 386 м., Ақтоғ. ауд. *Дауыл* (зат есім) + *тас* (зат есім) сөздері негізінде жасалған атау. «Дауыл соқса да құламайтын мықты тас тау» деген мағынада койылған атау.

**ДӘҮТӨБЕ** (Даутобе) — *бұл.*, Приоз. ауд. *Дау* (зат есім) — «ұлкен, әйдік»+*төбе* (зат есім). Яғни «ұлкен төбе».

**ДӘУІМБАЙ** (Даумбай) — *құрғ. өз.*, Жез.. ауд., Үлкен Жезді өз.-нің бат.-да. Кісі есімінен койылған өзен аты.

**ДЭУІТБАЙ** (Даутбай) — бөгөн, Ұлыт. ауд. Кісі есімінен қойылған бөгөн аты.

**ДЕМЕКЕ** (Демеке) — *taу*, биік. 840 м, Шет ауд., Ақмая пос.-нің солт. жағ.-да. Кісі есімінен қойылған тау аты.

**ДЕНГЕЛБАЙ** (Денгелбай) — *e. м.*, Ақтог. ауд. Кісі есімінен қойылған мекен аты.

**ДЕРМЕНСУ** (Дерменсу) — құд., Приоз. ауд. *Дермен* (зат есім) + *su* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Атаудың бірінші сынарындағы *дермен* сөзі түркі, иран тілдерінде: аз. *дербенд* — «сай, тау асуы, корған», өзб., «таудың тар асуы», «қысылшаң жер» парс. *дарбанд* < *дербенд* — «тау асуы, бел», «сай» су, яғни «терен тар сайдары су».

**ДЕРИБАЙ** (Дерибай) — *жер*, Ақад. ауд. Кісі есімінен қойылған жер аты.

**ДЕРИПСАЛ** (Дерипсал) — *e. м.*, Шет ауд. Этнотопоним.

**ДОЛЫТАБАН** (Долытабан) — *сай*, Жез. ауд. *Долы* (сын есім) + *табан* (зат есім) сөздерінің бірігіүінен жасалған атау. Атаудың бірінші сынары *долы* тәжіктің *долон* — «тау табаны» + *табан* — «таудың немесе жотаның жерге тиер табаны, етегі», демек, *Долытабан* — «тау табаны» дегенді анық білдіреді.

**ДОМАН** (Доман) — *e. м.*, Ақтог. ауд. Этникалық топ аты немесе антропотопоним.

**ДОМАЛАҚ** (Домалак) — *taу*, биік. 823,2 м; қыст. Жанаар. ауд., Отаутас тауының шығ. жағ.-да; *жота*, Жанаар. ауд., Сарысу өз.-нің солт.-де. Таудың сыртқы бейнесіне сай қойылған болу көрек.

**ДОМБАУ** (Домбау) — қыст., Жез. ауд., Қарғалы өз.-нің оңт.-де. Этникалық топ атынан немесе кісі есімінен қойылған қыстау аты.

**ДОМБАУЫЛ** (Домбаул) — Жез. ауд. Тарихи бейіт.

**ДОМБЫРАЛЫ** (Домбралы) — *taу*, Шет ауд. Атау *домбыра* — «ұлттық музыкалық екі шекті аспап» сөзіне -*лы* (зат есімнен сын есім туд. жүрнәк) топонимдік форманттың қосылуы арқылы жасалған атау. Бұл жерде «домбыра қалған, домбыралы» (жер) дегенді білдіреді.

**ДОНБАЙ** (Донбай) — *e. м.*, Ақтог. ауд. Кісі есімінен қойылған атау, антропотопоним.

**ДОНГАЛ** (Донгал) — *taу*, биік. 1011,2 м, *e. м.* Ақад., Ақтог. ауд.-да. Бұл атау көне түркі тілінде *домба/томба* — «жота», «дөң, тәбе» сөзіне көптік жалғауының көне -л тұлғасын қосу арқылы жасалып «жоталар», «биік таулар» дегенді білдірген.

**ДОНЫЗ** (Донгуз) — *сай*, *e. м.*, Жез. ауд., Ақши құд.-ның оңт.-де. Атаудың *доңыз* — «шошқа» аталуы бұл жерде шошқаның көп жүруімен байланысты болса керек немесе *доңыз* «сұлы жерде

өсетін сабағы ұзын өлең шөп тәрізді өсімдік» атынан қойылуы да мүмкін.

ДОРОЖНЫЙ (Дорожная) — тәбе, Жез. ауд. Орыс тілінің *дорога* — «жол» сөзінің негізінде жасалған атау.

ДОРСТРОЙ (Дорстрой) — е. м., Жанаар. ауд. Орыс тіліндегі *дорожное строительство* сөзінің қыскарған тұлғасы бойынша аталған елді мекен аты.

ДОСАН (Досан) — *сай*, Жез. ауд., Қарғалы өз.-нің солт. жағ.-да. Кісі есімінен қойылған сай аты.

ДОСТАНБАЙ (Достанбай) — тәбе, Жез. ауд., Мұрсәлі құд.-ның жанында. Кісі есімінен қойылған құдық аты.

ДОСТАР (Достар) — е. м., Ақтоғ. ауд. Бұл атау *дос сөзіне тар* көптік жалғауын қосу арқылы жасалып тұр, яғни «дос адамдар мекені» дегенді анғартады.

ДОСТАРБАСЫ (Достарбасы) — *жер*, Жанаар. ауд. Атау *дос* (зат есім) + *тар* (көптік жалғау) + *бас* (зат есім) + *ы* (тәуелдік жалғауы) арқылы жасалып, «Достар атты жердің бас жағы» деген мағынаны беріп тұр.

ДӨКЕЙҚЫЗЫЛ (Докейкызыл) — *tay*, Ақад. ауд. Атау *дөкей* (сын есім) «дәу, үлкен» және қызыл (сын есім), «кал қызыл» сөздерінің бірігуінен жасалып, «үлкен, дәу, зор таудағы қызыл түсті жыныс», яғни «үлкен, зор қызыл» дегенді білдіреді.

ДӨҢГЕЛЕК (Донгелек) — е. м., Ақтоғ. ауд., *tay*, білк. 606,8 м, Жез. ауд., Үлкен Жезді өз.-нің бат.-да.

ДӨҢГЕЛЕҚАҒАШ (Дунгелекагаш) — е. м. Ақтоғ. ауд. *Дөңгелек* (сын есім) + *ағаш* (зат есім) сөздерінің негізінде жасалған атау. Мағынасы: дөңгелене біткен шағын тоғай.

ДӨҢГЕЛЕКҚАҚ (Дунгелеккак) — *сай*, Жанаар. ауд., *Дөңгелек* (сын есім) — «алқақотан» және қақ (зат есім) — «кайпаң жерге жиналған су» сөздерінің негізінде жасалып, «дөңгеленіп, жанжакқа ақпай бір жерде тұрып, тоқтап қалған су» мағынасындағы атау.

ДӨҢГЕЛЕКСОР (Дунгелексор) — *құрғ. құд.*, Жез. ауд., Арыстан құд.-ның касында; *сай*, Ұлыт. ауд. *Дөңгелек* (сын есім) + *сор* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. «Ойпан, дөңгелек жерге жиналған сор, сортан» мағынасын білдіретін атау.

ДӨҢГЕЛЕКТАУ (Дунгелектау) — *tay*, білк. 210 м, Ұлыт. ауд. *Дөңгелек* (сын есім) + *tay* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Мағынасы: «алқақотан дөңгелене пайда болған тау».

ДӨҢСАРЫ (Донсары) — *құд.*, Ұлыт. ауд., Шұнқыр қыст.-ның солт.-бат. жағ.-да. *Дөң* (зат есім) + *сары* (сын есім) сөздерінен жасалған атау.

ДӨҢТӨБЕ (Дунтобе) — *tay*, білк. 611,2 м, Жанаар. ауд., *дөң*

(зат есім) — «дөнес», «бік», «жота»+төбе, яғни «бік, дөнес төбе».

ДӨНЕНБАЙЖАЛ (Дуненбайжал) — тау, биік. 316 м, Ақад. ауд. Дөненбай (кісі аты)+жал (зат есім), яғни Дөненбай есімді кісі атынан қойылған жал аты.

ДРУЖБА (Дружба) — е. м., сс. орт. Жанаар. ауд., схэ орт., Шет ауд. Орыс тіліндегі «достық» сөзінің негізінде қойылған атау.

ДУАНА (Дуана) — тау, биік. 444,0 м, Жанаар. ауд. Э. М. Мурзаев пікірінше (1984), дұван<дұан «айналасы ашық биік жер, өзеннің биік жары»+ а косымша.

ДУАНАҚАРАСЫ (Дуанакарасы) — айр., Шет ауд. Дуана және қара+сы (жалғау) негізінде құралған атау. Яғни «дуананың биік жері».

ДУАНШЫ (Дуанши) — е. м., с., Карабұлак сс.-не қарайды, Приоз. ауд. Кісі есімінен немесе этнонимнен қойылған елді мекен аты.

ДУАННЫҢ СОРЫ (Дуаннынсоры) — сай, Приоз. ауд. Дуан — кісі аты, яғни «Дуан деген кісіге тән сор» деген мәндегі атау.

ДУЛЫҒА (Дулыга) — тау, биік. 832,4 м, Ақад. ауд. Дулыға — «батырлар басына киетін, темірден соғылған тәбесі шошак бас киім». Тау көрінісі дулығаға ұқсағандықтан солай аталуы мүмкін.

ДУЛЫҒАЛЫ (Дулыгалы) — өз., Жез., Жанаар. ауд.-да; сай, Ұлыт. ауд., Шағырлы өз.-нің оңт.-де. Өзеннің дулыға жағасында агатынына орай Дулығалы аталуы мүмкін.

ДУЛЫҒАЛЫ ЖЫЛАНШЫҚ (Дулыгалы — Жиланчик) — өз., Ұлыт. ауд., Үлкен Жыланышқ өз.-нің бат. жағ.-да, Дулығалы өз.-нің төменгі жағындағы Жыланышқ өзенінің атауы.

ДҮҮЛҒАЛЫ (Дулғалы) — сай., құрғ. өз., Жез. ауд. Стандарт қыст.-ның бат.-жағ.-да. Қара. Дулығалы.

ДҮНІБАЙ (Дунибай) — сай, Ақад. ауд. Кісі есімінен қойылған сай аты.

ДҮЙСЕК (Дуйсек) — тау, Нұра ауд. Кісі есімінен қойылған тау аты.

ДҮЙСЕН (Дуйсен) — құрғ. өз., Ұлыт. ауд., Қайынды шоқы тауының етегінде. Кісі есімінен қойылған өзен аты.

ДУМАЛЫ (Думалы) — төбе, Ұлыт. ауд., Дулығалы өз.-ы шығ.-да. Атаудың бірінші сыңарындағы дума сөзі түркі, финн-угор тілдерінде домба, түмб тұлғасында кездесіп «жота, төбе, тау» мағынасын білдіреді. Қазақ тіліндегі тәмпек, төбе сөздерімен пара-пар, екінші сыңардағы -лы косымшасы көптікті, молдықты білдіреді. Яғни Думалы — «жоталар, «төбешіктер».

ДҮЙСЕНБАЙ (Дюсенбай) — өз., Жез. ауд. Кісі есімінен қойылған өзен аты.

ДІЛДӘСАРҚЫТ (Дильдасарқыт) — құд., Жез. ауд. Атау Діл-

дә (кісі аты) + Сарқыт (кісі аты), яғни Ділдә мен Сарқыт есімді әйел күрметіне аталған құдық аты.

ДІНБАЙҚОЙТАС (Дінбайкайтас) — *tay*, Приоз. ауд. Атау Дінбай (кісі аты) + қой (зат есім) + *tas* (зат есім) сөздерінен бірігіп, «Дінбай есімді адам мекендеген жердегі қойдың үлкендігіндегі әр жерде домалап жатқан тастар» деген үғымды аңғартады. Сол койтасты жердің соған тәндігін білдіреді.

ДЫҢҚАРА (Дынкара) — *tay*, биік. 148,4 м, Жез. ауд. Атаудың бірінші сынарындағы ұзындық (сын есім) «биік, үстірт, дән» + қара (сын есім) топонимдік термин ретінде «зор, ұлкен, дәу», яғни «ұлкен, дәу, биік» деген мәндегі атау.

## — Е —

ЕБЕЛЕКТІОЙ (Ебелектіой) — *sai*, Жез. ауд., Сандықтаудың бір сайы. Атау ебелек (зат есім) «биіктігі 10—30 см-дей, сабакты есімдік, шөп» + *ti* (сын есім тудыратын жұрнақ) + ой, (зат есім) «ойпан, шұңқырлау жер», яғни Ебелектіой — «ебелегі қалың, көп өскен ойлы жер, сай».

ЕГІЗЕН (Егизен) — *tay*, биік. 575,7 м, Ұлыт. ауд. Атаудың бірінші сынары көне түркі әес (>егіз>)егіз, *edіz* — «биік тәбе, шоқы, тау», екінші сынары *en* — косымша, яғни «биік тау».

ЕГІЗҚАРА (Егизкара) — *tay*, биік. 883,6 м, Ұлыт. ауд. *Egiz* (сын есім) + қара (сын есім) сөздерінен жасалған атау. Бұл атаудың бірінші сынары *egiz* сөзін Н. А. Басқаков (1961, 27) көне түркіше әес (>егіз) *egiz* «биік» деп қараса, Э. М. Мурзаев қырғ. *егиз* — «биік», «биік таудағы жайлай», алт. әәс — «биіктік», ұғ. *ediz*, *idiz* «тәбе, шоқы, жота» және көне түркі тілінде *ebiz*, *ediz* — «биік шоқы», «биік жер» сөздерімен салыстырады. Сондай-ақ ол сөздің «қасиетті», «киелі» деген мағынаға да ие екендігін айтады (Мурзаев, 1984, с. 197). Ал атаудың екінші сынары қара сөзінің негізгі мағынасынан бөлек түркі-монгол тілдерінде *xara*//*хыра* тұлғасында келіп, «тау сілемдері, тау шоқылары» мағынасын білдіреді (Казакевич, 1934, с. 27). Бұл деректерге сүйенгенде, *Egiz-қара* — «биік тәбе, биік шоқы» мағынасына жуық келеді. Дегенмен, атаудың бірінші сынары *egiz* «екі, кос» мәнінде де айтылатынын ескерсек, Егізқара — тіліміздегі «Костәбе, Қосшокы» атауларамын мәндес келетіні байқалады.

ЕГІЗҚОЙТАС (Егизкайтас) — *жер, зират*, Ақтог. ауд., Тоқырауын өз.-нің бойындағы тау етегіндегі зират. *Egiz* (сын есім) + қойтас (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Бұл атау «биік койтас» деген мағынадан гөрі «қатар жатқан қойтас» дегенге жуық келетін сиякты.

ЕГІЗТӨБЕ (Егизтобе) — *tay*, биік. 401, м, Жез. ауд. *Egiz* (сын

есім) + төбе (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Жоғарыдағы айтылғандай егіз көне түркіше «биік» деп танысада, атау «биік төбе, биік шоқы» деген мағынаны толық білдіреді.

ЕГІНБҮЛАҚ (Егинбулак) — *taу*, биік. 504,2 м, Ақад. ауд., Тасқырқұдық құдығы жаңында. Атау *егін* (зат есім) және *бұлақ* (зат есім) деген сөздерден жасалған. Алайда топонимнің бірінші сынарындағы *егін* сөзінің тіліміздегі *егінжай*, *егін* сөздерімен байланысы жоқтығы байкалады. Бұл жөнінде В. В. Радлов сөз түбірінің *ік* — «ағыс, бағыт», *ікін* — «өзен бойымен ағыс», *ікіш* — «ағын» деген мәндегі сөздермен байланысты екенін көрсетсе (Радлов. 1893, 1), Э. М. Мурзаевтың айтуыша (1984) монг. *әхин* — «бастау, өзеннің басы (жазба монг. тілімен сал. *екін* «бас») дегенді білдірсе, үйғыр тілінің хотан диалектісінде *еким* — «кішкене өзен». Бұл тілдік негіздерге қарағанда, *Егінбұлақ* — «басқы, негізгі бұлақ» дегенге саяды. Ал таудың *Егінбұлақ* аталуы сол таудың терең сайында осы бұлактың ағуына орай болу керек.

ЕГІНДІ (Егінды) — с., сс орт., Ұлыт. ауд. *Егін* (зат есім) + *ди* (сын есім қосымшасы) тұлғаларынан жасалған атау. Тіліміздегі «егіс, егінжай» сөзінен гөрі көне түркі, монг. тіліндегі *әхин* «бастау, өзеннің басы» сөзі мен *әгин* «жота, төбе, биік жер» деген сөздерге бейім. Яғни атаудың әуел бастағы мағынасы: «ен басты, ең негізгі» болмаса «төбелі, жоталы, шоқылы» болса керек.

ЕГІНДІБҰЛАҚ (Егіндыбулак) — өз., Шет ауд., Ақмая пос.-нің солт. жағ.-да; *bast.*, Ақад. ауд., Тасбұлақ сайында; *бұл.*, Жанаар. ауд., Сарысу өз.-нің оңт.-де, Ұлыт. ауд., Жыланшық өз.-нің оңт.-де., Приоз. ауд., Шұбарайғыр тауында; *құд.*, Жез. ауд. Сандақтау жаңында, Жанаар. ауд., Аяқбастау тауының етегінде; *taу*, биік. 925,5 м, Ақтоғ., Ақад. ауд.-да; *сай*, Ұлыт., Ақад. ауд.-да. *Егінди* (сын есім) + *бұлақ* (зат есім) сөздерінен жасалған ағау. Бұл атаудың бірінші сынарындағы *егінди* сөзінің мағынасы көне түркі, монгол тілдеріндегі *әхин*, *ікін*, *ікік*, *ікіш* «ағын, ағыс», «бастау, бас, басқы» сөздерімен тікелей байланысты. Оның құрамындағы -*ди* қосымшасы тілімізге тән байырғы қосымша, демек, *Егіндибұлақ* — «бұлактың басы, бас жағы», болмаса «ағынды бұлақ». Ақтоғай ауд. түрғыны 68 жастағы Тәкішев Жұматайдың айтуыша: «осы жердегі бұлак басына бұрын біреу егін салған, ол егістің бірі — Қызылтас маңында, екіншісі Бесшоқының баурайында болған» (Эксп.мат., 1982 ж.). Бұған қарағанда, *Егіндибұлақ* — «жағасында егін салынған бұлақ» деген мағынаға да ие тәрізді.

ЕГІНДІШОҚЫ (Егіндышокы) — *taу*, биік. 575 м, Ұлыт. ауд. *Егінди* (сын есім) + *шоқы* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Бұл атау «егін салынған, егісті шоқы» дегеннен гөрі «биік, көтерінкі шоқы, биік жер» деген мәнге бейім сияқты.

ЕГІНЖОЛ (Егинжол) — *taу*, биік. 715,8 м, жол, Шет ауд. *Егін*

(зат есім) + жол (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Қоңе түркі-монг. *егін* (<эхин> *ikin*, *ikik*, *ikii* — «басты, бас, негіз», «ағыс, ағын», яғни «негізгі, басты, үлкен жол». Тау сол жолдың қасында болғандықтан *Егінжол* аталуы мүмкін.

**ЕГІНҚҰДЫҚ** (Егинкудук) — құд., Ақад. ауд. *Егін* (зат есім) + құдық (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Атау «басқы, негізгі, үлкен құдық» немесе «егінге су беретін құдық» мағынасында қойылуы ықтимал.

**ЕГІНСАЙ** (Еинсай) — *сай*, Ұлыт. ауд., Жыланды өз.-нің солт.-де. *Егін* (зат есім) + *сай* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Жоғарыда айтылғандай «негізгі, басты, үлкен сай» немесе «егін егілген сай» деген мағынада қойылған атау болу керек.

**ЕГІНШІ** (Еинши) — *е. м.*, Приоз. ауд. Бұл атау тұрғындардың кәсібімен байланысты «егін егүші, диханшы» мағынасында қойылған.

**ЕДІГЕ** (Едиге) — *taу*, биік. 1061,8 м, Ұлыт. ауд., Жыланшық өз.-нің солт.-де. Батыр есімінен қойылған тау аты.

**ЕДІГЕҚЫЗЫЛМОЛА** (Едигекзылмола) — *taу*, Приоз. ауд. Бесшоқы тауының жаңында. Атау *Едіге* (кісі аты) + қызыл (сын есім) + *мола* (зат есім) сөздерінен құралған. Яғни «Едігениң қызыл тастан немесе қызыл кірпіштен жасалған бейіті, моласы» деген атау.

**ЕКСОР** (Ексор) — *көл*, Приоз. ауд. Қоңе түркі тіл. *ик* — «ағыс, бағыт», жазба монг. *јеке* — «үлкен, ұлы», «зор», бур. *ехэ* — 1) «үлкен, ірі, зор»; 2) «аға». Бұл атаудың топонимдік мағынасы: «аймағы үлкен, алып жатқан аумағы, көлемі көп сор, тұзды жер» дегенге келеді.

**ЕКІАША** (Екиаша) — қыст., Ұлыт. ауд., Жыланды өз.-нің солт.-де. Атау *екі* (сан есім) — «кос, жұп» + *аша* (зат есім) — «айрық», «бөлек» сөздерінен бірігіп жасалып «екі сайдың, екі таудың» немесе «екі өзеннің қысықан болмаса екіге бөлінген, тарамдалған жері» деген мағынаны білдіреді.

**ЕКІБҰЛАҚ** (Екибулак) — *bast.*, Жез .ауд., Тұлкібай қыст.-ның солт. жағ.-да *Екі* (сан есім) + *бұлақ* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. «Кос бұлак» мәніндегі атау.

**ЕКІЖОЛҚҰДЫҚ** (Екижолкудук) — құд., Ақад. ауд., Сарышағыл ст.-ның төнірегінде. *Екі* (сан есім) + жол (зат есім) + құдық (зат есім) сөздерінен жасалған. Екі — «Кос, жұп» + жол + құдық, яғни «қатар жатқан екі, кос жол бойындағы құдық» мәніндегі атау.

**ЕКІҚОРА** (Екикора) — *дөң*, Ақад. ауд. *Екі* (сан есім) және *қора* (зат есім) сөздерінің біргүйнен жасалып, «дөң астындағы екі, кос кора» деген мағынада қойылған атау.

**ЕКІТӨБЕ** (Екитобе) — *taу*, биік. 655,8 м, Жез. ауд. Үлкен

Жезді өз.-нің бат.-да. *Екі* (сан есім) және *тәбе* (зат есім) сөздерінің бірігүйнен жасалып «кос, егіз тәбе» мәнінде қойылған атау.

**ЕЛГЕБАК** (Ельгабак) — *сай*, Ақад. ауд. Этноантропонимдік атау (кісі немесе ру атынан қойылған атау).

**ЕЛЕМЕССАЙ** (Елемессай) — *өз.*, Жез. ауд. *Кісі* есімінен қойылған *сай* аты.

**ЕЛЕУСІЗҚАРАӨЗЕК** (Елеусизқараузек) — *қыст.*, Жанаар. ауд. Сарысу өз.-нің оңт.-де. «Елеусіздің кара өзегі» мәніндегі атау.

**ЕЛКӨК** (Елькок) — *тау*, биік. 678,9 м, Жанаар. ауд. *Ел* (зат есім) + *көк* (сын есім) сөздерінен жасалған атау. Бұл топонимді «ел көктейтін», «көктемде отыратын тау сағасы» деп те түсінуге болады. Бірак Қоқше тауы тәрізді «биік аспанмен таласқан, ел, жұрт табынатын тәнірі көк» мәнінде де айтылуы мүмкін.

**ЕЛҚОНДЫ** (Ельконды) — *bast.*, Ұлыт ауд. *Ел* (зат есім) + *қонды* (етістік) сөздерінен жасалған атау. Ертеде ел келіп қонған жерде бастаудын болуына байланысты аталуы да мүмкін.

**ЕЛТАЙ** (Ельтай) — *тау*, биік. 394,4 м, Жез. ауд., Жыланды пос.-нің оңт.-шығ. жағ.-да. *Кісі* есімінен қойылған ороним — тау аты.

**ЕЛТАҚОРА** (Елтакора) — *тау*, биік. 881,0 м, Приоз. ауд. Бастаудың тауының қатарында. Мағынасы күнгірттенген атау.

**ЕЛУБАЙ** (Елубай) — *құд.*, Жанаар. ауд. *Кісі* есімінен қойылған құдым аты.

**ЕЛУБАЙБҰЛАК** (Елубайбулак) — *бұл.*, *сай*, Ақтөг. ауд. *Кісі* есімінен қойылған *булақ*, *сай* атаулары.

**ЕЛУБЕК** (Елубек) — *e., e. m.* Ақад. ауд. *Кісі* есімінен қойылған мекен аты.

**ЕЛШІБАЙ** (Елшибай) — *тау*, биік. 618,8 м, Ақад. ауд. Ақдала пос.-нің оңт. жағ.-да. *Кісі* есімінен қойылған ороним — тау аты.

**ЕЛШІБЕК** (Елшибек) — *bast.*, *қыст.*, Ақад., Ақтөг. ауд.-да. *Кісі* есімінен қойылған қыстау, *бұлак* аттары.

**ЕЛШІН** (Ельшин) — *тау*, биік. 1067,0 м, Приоз. ауд. Бұл атауды Е. Қойшыбаев: «монг. тіліндегі *елчин* — «шабарман» терминіне жуық келеді», — дейді. Бірак атау атының «шабарман» деп қойылуы шындыққа жатпайтындар. Біздің ойымызша, бұл этноним не антропоним, яғни этнонимнен (ру, тайпа, кісі атынан) қойылған болу керек.

**ЕҢБЕК** (Енбек) — *e. m.*, Ақтөг. ауд. Совет дәуірінде қойылған колхоз, совхоз, ферма, елді мекен аттары. Еңбекті құрметтеу мен дәрілтеуге байланысты қойылған жана атау.

**ЕҢБЕКШІЛ** (Енбекшил) — *c.*, Тұлкі с.не қарайды; *жер*, *өз.*, Шет ауд. *Еңбек* (зат есім) сөзіне *-шіл* (сөз тудыруышы жүрнак) ко-

сылу аркылы жасалып, «еңбеккор, еңбек сүйгіш» мағыналы жана тұлғалы сөз, атап пайда болған.

**ЕНІБАС** (Енибас) — *taу*, Ақад. ауд., Тогайқұдық құд.-нан 15 км қашықтықта. Атаудың бірінші сынарындағы *ені* сөзі монг. *jandler* «таз», «жалтыр», «жоғарғы бас жағына өсімдік өспейтін» деген сөздің қазак тіліндегі қатты дыбыстық өзгеріске ұшыраған түрі (варианты), ал екінші сынардағы *бас* тіліміздегі «адам басы, тау басы» мәніндегі байырғы сөз. Сөйтіп атап монгол және казак тілдері негізінде жасалған. Сонымен, *Енібас* «Жоғарғы, бас жағына өсімдік өспейтін тақыр, жалтыр, таз» яғни «бас жағы жалтыр — таз» (*taу*) деген мағынаны толық білдіреді.

**ЕПАЙ МЕКЕНІ** (Епайская земля) — *жер*, Ақтоғ. ауд. Кісі есімінен койылған жер аты.

**ЕРАЛИЕВ** (Ералиев) — *с., сс орт.*, Жанаар. ауд. Фамилиялық топоним, яғни Түркістанда Совет өкіметін орнатуға қатысқан Ш. Е. Ералиев құрметімен аталған село, селолық совет аты.

**ЕРБҰЛАҚ** (Ербулак) — *айр.*, Приоз. ауд. *Ер* (зат есім) + *бұлақ* (зат есім) сөздерінен жасалған атап. Атаудың бірінші сынарындағы *ер* сөзінің тіліміздегі «батыр», «ер» сөзіне катысы жок тәрізді. Ол монг. *эрэг* — «жаға», «тік жар», қалм. *эрگ(е)* — «жар», «жаға» сөздерінің тілімізде қыскара барып өзгерген тұлғасы болу керек. Сонда *Ербұлақ* — «жар астындағы бұлақ» деген ұғымды білдіреді.

**ЕРГЕНДІБҰЛАҚ** (Ергендыбулак) — *бұл.*, Ақад. ауд. Тасжар бул.-ның солт.-шығ. жағ.-да. Атап *ерген* (сын есім) + *di* (сын есім жүрнағы) + *бұлақ* (зат есім) тұлғаларының бірігүйен жасалған. Оның бастапқы сынары *ерген* жазба монг. *орген*, бур. *ургэ(н)*, якут. *оргон* — «кен», «алқапты» деген сөздерімен төркіндес, сол сөздердің тілімізге *ерген* тұлғасында бейімделіп өзгерген нұсқасы екені байқалады.

Осы сөздегі *-di* сын есім тудыратын қосымша мен *бұлақ* сөзі қазақ тіліне тән. Сонда *Ергендібұлақ* — «кен, «ұлкен бұлақ» мағынасын білдіреді.

**ЕРДЕБАЙ** (Ердебай) — *құд.*, Жез. ауд. Кісі есімінен койылған құдық аты.

**ЕРДЕНШОҚЫ** (Ерденшокы) — *taу*, биік. 590,6 м, Ұлыт. ауд. Жыланды өз.-нің солт.-де. Осы аудан төнірегінде Ерденкөл, Ерденбасы деген жерлерде бар. Бұл атаулар өткен ғасырда өмір сүрген шонжар Сандыбайұлы Ерден атымен аталған.

**ЕРКЕСАЙ** (Еркесай) — *шоқы*, Ақад. ауд. Ерке есімді жан мекендеген шоқы, сай аты.

**ЕРКІНДІК** (Еркиндық) — *с.*, Усқен сс.-не қарайды; *қыст.*, Ақад., Шет ауд.-да. «Бостандық», «азаттық» мәніндегі колективтіндіру кезіндегі қойылған атап.

**ЕРМЕК** (Ермек) — жота, Жанаар. ауд. Каражал қыст.-ның сай жағ.-да. Кіңі есімінен қойылған қыстау аты.

**ЕРМЕКБАЙ** (Ермекбай) — е. м., Актоғ. ауд. Кіңі есімінен қойылған атау.

**ЕРУБАЙСАЙ** (Ерубайсай) — сай, Жез. ауд., Үлкен Жезді өз.-ниң бат.-да. Бұрын Ерубай есімді кісі мекендеген сай.

**ЕСЕН** (Есен) — тау, биік. 639,0 м, Жанаар. ауд., сай, Шет ауд. Кіңі есімінен қойылған атау.

**ЕСЕНБЕКСАЙ** (Есенбексай) — сай, Жез. ауд. Ертеде Есенбек есімді кісі мекендеген сай.

**ЕСЕНТАУ** (Есентай) — тау, биік. 680,8 м, Приоз. ауд. Кіңі есімінен қойылған тау аты.

**ЕСКЕНЕ** (Ескене) — тау, биік. 475 м, Шет ауд. Кіңі есімінен қойылған тау аты.

**ЕСКІҚҰДЫҚ** (Ескикудук) — құд., Ақад. ауд., Акши құд.-ның шығ. жағ.-да, сондай-ак Жанаар., Жез. ауд.-да. *Eski* (сын есім) + құдық (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Қазылранына көп жылдар өткен пайдалануға жарамайтын құдық және сол бойынша белгілі жер (объект) аты.

**ЕСПЕ** (Еспе) — өз., Актоғ., Приоз., Шет ауд.-да; құрғ. өз., Ақад., Приоз. ауд.-да; сай, сор, шат, Жанаар., Жез., Приоз. ауд.-да. Бұл тектес атаулар Жамбыл, Шымкент облысындаған некен-саяқ кездеседі, көбіне Орталық Қазақстан өңірінде «көктем кезінде тасығанда өз арнасын бұзып-жарып ен даланы кезіп ағатын бір мерзімдік өзен» мағынасында айтылады. Олар көбіне жазда құрғап қалады немесе қаққа айналып кетеді. Жергілікті халық пікірінше, мұндай өзендер ағысы әдетте жер астымен байланысты болады да, сүй теренде жатады. Құдық қазғанда еспе құмға жетпейінше су шықпайды деп жатады халық.

*Espe* атауының төркіні *ес-* етістігі оның түйік рай формасы *есу* — «ору, осу, қазып кету» деген мәнде қолданылады. Сол түбір етістікке сын есімнің *-не* косымшасы қосылып, *espe* — «акла, су-сымалы», «бос» деген мағыналы сөз жасалған.

**ЕСПЕМЕЙРМАН** (Еспемейрман) — өз., Актоғ., Приоз. ауд.-да. Араптөбе тауына жете тартылатын кейде Қарасу деп аталатын өзен аты. Мейірман есімді кісі иемденген жердегі өзен аты болған.

**ЕСПЕНБЕК** (Еспенбек) — өз., Жанаар. ауд., Шалқия пос.-нің онт. жағ.-да. Кіңі есімінен қойылған өзен аты.

**ЕСПЕСАЙ** (Еспесай) — құрғ. арна, Жез. ауд., Тұлқібай құд.-ның онт. жағ.-да, Ақад. ауд., Ақша құд.-ның шығ. жағ.-да. Су есіп кеткен жердегі сай аты.

**ЕСІЛБАЙ** (Есильбай) — құрғ. өз., Үлт. ауд., Жыланды өз.-ниң солт. тармағы. Кіңі есімінен қойылған өзен аты.

**ЕСІМБЕК** (Есимбек) — *taу*, білк. 1066,3 м, Ақад. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**ЕСІМБЕКҚОТЫР** (Есімбеккотыр) — жота, Жыланды өз.-нің солт.-де. Бұл атаудың екінші сынарындағы қотыр сөзі «уак корым тас» мәнінде де қолданылады, демек *Есімбекқотыр* — «Есімбек атымен аталып отырган шоқы я жотада уак корым тастың көп болуымен байланысты қойылған болу керек.

**ЕШҚІАМАН** (Ешкиаман) — *taу*, білк. 821,9 м, Ақад. ауд. *Ешкі* (зат есім) +*аман* (сын есім) сөздерінен жасалған атау. Республикалық аттың басқа да облыстарында *Ешкіқырған*, *Ешкілі*, *Ешкілмес*, *Ешкіліқордай* текстес «ешкі» атымен байланысты топонимдер тобы кездесіп отырады. Бұл атаулардың барлығы да ешкі немесе тау ешкімен байланысты қойылышп отырған. Ал *Ешкіаман* топонимінің сырьы «осы тауды мекендеген ешкілердің (жабайы тауешкі немесе шаруашылықтағы ешкінің) сол атамыш тауда шөптің шүйгін болғандықтан қыстан аман-есен өлмей-жітпей шығуымен байланысты аталау мүмкін.

**ЕШҚІҚЫРЫЛҒАН** (Ешкикырылған) — *taу*, *сау*, құм, Шег, Ұлыт. ауд. *Ешкі* (зат есім) +*қырылған* (етістік) сөздерінен жасалған атау. Бұл жерлерде қыс катты болып, ешкілердің жұтқа ұшырауымен байланысты аталау.

**ЕШКІӨЛМЕС** (Ешиулмес) — *taу*, білк. 1133,9 м, қыст., Ақад. Ұлыт. ауд.-да. *Ешкі* (зат есім) +*қырылған* (етістік) сөздерінен жасалған атау. «Өңірдегі асbest кені бар мекен аты. Сол тауда, қыстауда қалған ешкінің өлмей-жітпей қыстан аман қалуына байланысты қойылса керек.

## — Ж —

**ЖАБАҒЫ** (Жабагы) — *бейіт*, Таубай мазарының жаңында, Жез. ауд. Жабагы есімді кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖАБАЛАЙАШҚӨЛ** (Джабалай-Аш-Куль) — *көл*, Приоз. ауд. *Жабалай* (этноним) +*аш*<*аңы* (сын есім) +*көл* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған күрделі атау. Атаудың мағынасы: «Жабалай мекендеген ашы көл».

**ЖАҒАЛБАЙЛЫ** (Жагалбайлы) — *taу*, білк. 799,8 м, Ақад. ауд. Этнонимнен қойылған тау аты. «Жағалбайлылар мекендейтін тау» мағынасындағы атау.

**ЖАҒАН-БАЙҒЫ** (Жаган-байғы) — өз., Ақад. ауд. Бұл атау, біздіңше, *Жагалбайлы* этнонимінің фонетикалық тұлғасы бүрмаланып айтылып кеткен түрі болса керек.

**ЖАЗЫБЕК**(Жазыбек) — *е. м.*, Ақтоғ. ауд.; *айр.*, Ақад. ауд. Откен ғасырда жасаған, қара қылды қақ жарған әділ билігімен,

бұқара халықтын мұн-мұктажын өлең-ескеруімен аты мәлім болған Жазыбек Жәуенұлы. Руы Таракты, Орта жүз. Сол кісінің есімімен өмір сурген және бейіті түрган жер аталады.

**ЖАЗЫҚСАЙ** (Жазыксай) — *сай*, Жез. ауд. **Жазық** (сын есім) + *сай* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атаяу. Мағынасы: «жазық жердегі сай», немесе «түйетайлы болып келген сай».

**ЖАЙДАК** (Жайдак) — *жер*, е. м., Приоз., Ақтог. ауд.-да. Мағынасы: «сай-саласыз тегіс, өсімдігі аз жазық жер».

**ЖАЙЛЫБАЙ** (Жайлыйбай) — *тау*, биік. 390,2 м, Жанаар. ауд. Мағынасы: «Жайлыйбай мекендереген тау».

**ЖАЙНАҚ** (Жайнак) — *шатқ.*, Ғұлшат кеңінен оңт.-шығ.-та 8 шакырым жerde, Приоз. ауд. Кісі есімінен қойылған атаяу.

**ЖАЙНАҚБАЙ** (Жайнакбай) — *тау*, е. м., Ақтог. ауд. Кісі есімінен қойылған атаяу. Мағынасы: «Жайнакбай мекендереген тау, елді мекен».

**ЖАЙНАР** (Жайнар) — *бейіт*, Жез. ауд., Жіңішкеқұм елді мекенінде. Жайнар есімді жан жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖАЙСАМБАЙ** (Жайсамбай) — *тау*, биік. 241,3 м, Үлкенжыланшық өз.-нің оңт. жағ.-да, Үлт. ауд. «Жайсамбай мекендереген, қоныстанған тау» мағынасындағы атаяу.

**ЖАЙСАН** (Жайсан) — е. м., Ақтог. ауд. Кісі есімінен қойылған атаяу.

**ЖАЙЫЛМА** (Жайылма) — *жер*, Жанаар. ауд., Шолақ мазарының айналасы. **Жайыл-** (ырықсыз етіс) + *ма* (зат есім аффиксі) формалары бірігуі арқылы жасалған атаяу. Мағынасы: «көктемде қар суы жайылатын шабындықты ойпан, жазық алқап».

**ЖАЙЫЛТАУ** (Жайылтау) — *тау*, биік. 605,1 м, Жыланшық өз.-нің оңт. жағ.-да, Үлт. ауд. **Жайыл-** (ырықсыз етіс) + *тау* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған топоним (ороним). «Жайылып, көлбеп жатқан аласа тау» мағынасында. Метатеза арқылы ауыскан жайлытау («шаруа-қоныска жайлыш, қолайлы тау» деген мағынада) болуы да ықтимал.

**ЖАЙЫМБАЙ** (Жайымбай) — *бұл.*, *жыра*, Ұзынтөбе тауы төңірегінде, Жез. ауд. «Жайымбай көзін ашкан жыра, бұлак, басында Жайымбай мекендереген бұлак, жыра» мәнін білдіретін атаяу.

**ЖАКЕН** (Жакен) — *бейіт*, Шет ауд. **Жакен** (Жәкен) есімді кісі қойылған бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖАҚАЙБАЙ** (Жакайбай) — *төбе*, Жез. ауд. Жакайбай есімді кісінің аулы мекендереген төбе аты.

**ЖАҚИМОЛАСЫ** (Жакимоласы) — *жер*, Жез. ауд. Жаки есімді кісі бейіті түрган жер. Сол бойынша аталып кеткен болса кепек.

**ЖАҚСЫ** (Жаксы) — е. м., *дөңес*, Шет ауд.; *тау*, Ақал. ауд.,

Қайрақты пос.-нің солт.-бат.-да. «Жайлы, жақсы тау әрі мекен» мағынасындағы атау.

ЖАҚСЫ АЙЫРТАУ (Жаксыаиртау) — *tau*, Жанаар. ауд. Жақсы (сын есім) және *айыр* (сын есім) + *tau* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Е. Қойшыбаев (1974) топоним мағынасын «білк немесе берекелі Айыртау» деп топшылаған. Топоним құрамындағы *айыр* элементі негізінен «екі ашалы, қос тармақты» мәнінде жұмсалады деп санайды. Бұл зерттеушіге дейін топоним мағынасын зерделеген Ф. Қонқашпаев (1963) пікірінше, атаудың сөзбе-сөз мәні «жақсы, жайлы айрық (айыр) тау». Біз жоғарыда айтылғандарға ден коя отырып, тау шынында да сыртқы бедері мен көрінісіне қарай және шаруа-қоныска жайлы, күтті мекен болғандығына орай осылай аталса керек деп ойлаймыз.

ЖАҚСЫ АРҒАНАТЫ (Жаксы-Арганаты) — *tau*, білк. 757 м, Ұлыт. ауд., Бараккөл көлінің бат.-да. Ф. Қонқашпаев (1963) атау мағынасын «жақсы арқарлы (тау)» деп түсіндіреді. Монгол тілінде *арғалынты* сөзі «арқарлы» мәнін береді еken. Бұл анықтаманы Е. Қойшыбаев та Ц. Д. Номинханов пікіріне сүйене отырып костайды: «арқартай» дегенге саяды, дәлірегі «арқарлы тау» болса керек.

ЖАҚСЫБАЙ (Жаксыбай) — *e. m.*, Ақтог. ауд.; қыст., Стандарт қыст.-ның солт. жағ.-да, Жез. ауд.; қыст., Шағырлы өз.-нің солт.-де, құрғ. өз., Қаракенгір өз.-нің батыс саласы, Ұлыт. ауд. Жақсыбай есімді кіслер мекендерген жер, қыстай, өзен бойы сол есіммен аталып кеткен.

ЖАҚСЫБАЙТАМ (Жаксыбайтам) — *бейіт*, Жанаар. ауд. Жақсыбай есімді кісі жерленіп, басында айшықты там, мазар (мазарат) тұрғызылған бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

ЖАҚСЫҚҰДЫҚ (Жаксыкудук) — құд., тер. 1 м, Қарлығаштаудан 2 км жерде, Акад. ауд. Жақсы (сын есім) + құдық (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «суы мол да мөлдір құдық».

ЖАҚСЫЛЫҚ (Жаксылық) — *жер*, Жез. ауд., Жыланды өз.-нің солт.-бат.-да, Ұлыт. ауд. Жақсылық есімді кісі ауылы мекендерген жер.

ЖАҚСЫМОЛА (Жаксымола) — *бейіт*, Жез. ауд. Жақсы (сын есім) және *мола* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Бейіттің өзгелерге қарағанда көрнекі, таза болуынан, айшықты, құмбезді қабір-тамдары көптігінен не елдің иғі жақсы-жайсандары койылғандықтан аталса керек.

ЖАҚСЫСАЙ (Жаксысай) — құрғ. *арна*, Тұлкібай қыст.-ның он жағ.-да, Жез. ауд. Жақсы (сын есім) + *сай* (зат есім) сөздері-

нің бірігуінен қалыптасқан атау. Аңғары қонысқа, мал-шаруага жайлы кіші-гірім өзен кезінде осылай аталып кетсе керек.

**ЖАҚСЫ САРЫСУ** (Жаксы Сарысу) — өз., Сарысу өзенінің бір тармағы, ұз. 113 км, № 56 разъезд маңайында, Ақтө., Шет, Жанаар. ауд.-да. **Жақсы** (сын есім), **сары** (сын есім) + **су** (зат есім) сөздерінен құралған атау. *Сарысу* атауының мағынасы Е. Қойшибаевтың пікірінше (1985) «кен су», Э. Мурзаевтың ойынша (1984) *сарысу* — «лайсан, балшықты, сары саз аралас, тұнық емес су». О. Молчанова (1979) алт. тілінде *сары суу* — «сарғыш, еріген, лайсан, көктемгі кар суы, бәлкім сары су» мағыналарын білдіреді дейді. Осы пікірлерге қосыла отырып, **Жақсы Сарысу** — «мол сулы, тұсі сарғыш келген, айнала алқабы қөгал, шалғынды үлкен өзенді» білдіреді деп топшылаймыз.

**ЖАҚСЫ ТАҒЫЛЫ** (Жаксы тагылы) — *tay*, биік. 1081,4 м, Ақмая пос.-нің оңт. жағ.-да, Шет ауд., Сарысу өзендерінің аралығы, Жаңаар. ауд. **Жақсы** (сын есім) + **тағы** (сын есім) + **лы** (зат есімнен туынды сын есім жасайтын жүрнек), **тағылы** — «тағы, жабайы аң көп» деген мәндегі сөз. Атаудың мағынасы: «жабайы аң-кусы көп жақсы тау».

**ЖАҚТЫМБАЙ** (Жактымбай) — *təbe*, Жез. ауд. Осы кісі ауылы мекендереге төбе.

**ЖАҚЫНМОЛА** (Жакынмола) — *bейіт*, Үлкен Жезді өз.-нің бойында, Жез. ауд. **Жақын** (сын есім) + **мола** (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. «Жақын маңайдағы, төңіректегі мола» мағынасындағы атау, бағдар-белгі.

**ЖАЛАКТАУ** (Жалактау) — *tay*, Ақад. ауд. **Жалақ** және *tay* сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: тақыр, жалтыр беткейлі, өсімдік-ағаш шықпайтын жалаң тау. Қосымша «желі катты, жел шақырып тұратын тау» мағынасын білдіреді.

**ЖАЛ АЛМАЛЫ** (Жал Алмалы) — *tay*, Ақтө. ауд. **Жал** (зат есім), **Алмалы** < **алма** (зат есім) + **лы** (сын есім қосымшасы) сөздерінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: беткейінде «алма ағаштары көп, қалын біткен жалды тау». Алайда бұл тауда қазір алма өспейді (Инф. Тәкішев Жұматай).

**ЖАЛАНАШ** (Жаланаш) — *e. m.*, өз. Ақтө. ауд.; *tay*, биік. 136 м, Жез. ауд. «Ашық, ағаш не өсімдік өспеген, жаланаш жел етіндең мекен, өзен, тау» мағынасында.

**ЖАЛАНАШСЕЛТЕЙ** (Жаланаш — Сельтей) — *tay*, 908,3 м, Ақад. ауд. **Жалаңаш** (сын есім) + **селтей** (етістік) сөздері тіркеңсінен жасалған атау. Мағынасы: «ашық жерде селтейіп, серейіп не шошайып тұрған (тау)».

**ЖАЛГАСБАЙ** (Жалгасбай) — *bейіт*, Жез. ауд. **Жалғасбай** есімді кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖАЛҒЫЗАҒАШ** (Жалғызагаш) — жер, Жанаар. ауд.; *сай*, Ұлыт. ауд. **Жалғыз** (сын есім) + *ағаш* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Мағынасы: «айдала, жапан түзде жалғыз ағаш өскен жер».

**ЖАЛҒЫЗБАЙ** (Жалғызбай) — қыст., Жанаар. ауд. **Жалғызбай** есімді кісі қыстаған мекен атауы.

**ЖАЛҒЫЗДАЛА** (Жалғыздала) — жер, Ақад. ауд. **Жалғыз** (сын есім) + *дала* (зат есім) сөздерінің бірігүі арқылы жасалған. «Жеке, оңаша, оқшау жер» мағынасындағы жер аты.

**ЖАЛҒЫЗҚҰДЫҚ** (Жалғызқұдук) — *тау*, биік. 597,9 м, Коянбас тауы маңайында, Ақад. ауд. **Жалғыз** (сын есім) + *құдыш* (зат есім) сөздерінің бірігүінен жасалған атау. Мағынасы: «баурайында жалғыз құдық қазылған тау».

**ЖАЛҒЫЗМОЛА** (Жалғызмола) — *бейіт*, Жез. ауд. **Жалғыз** (сын есім) + *мола* (зат есім) сөздері бірігіп жасалған атау. Елсіздегі оқшау, жеке бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖАЛҒЫЗСАЙ** (Жалғызсай) — *жыра*, Жез. ауд., Жыланды өзені бойында. **Жалғыз** (сын есім) + *сай* (зат есім) сөздері бірігіп жасалған атау. «Оңаша, оқшау, жеке сай» мағынасында болса керек.

**ЖАЛҒЫЗТАЛ** (Жалғызтал) — қыст., К. Маркс колхозы, Шет ауд.; *е. м.*, Жанаар. ауд. **Жалғыз** (сын есім) + *тал* (зат есім) сөздерінің бірігүінен жасалған. Оқшау өскен жалғыз түп тал не шағын тоғайға байланысты қойылған атау болуы мүмкін.

**ЖАЛҒЫЗТАМ** (Жалғызтам) — *бейіт*, Жез. ауд., Қараадыр қыстауы төңірегінде. **Жалғыз** (сын есім) + *там* (зат есім) сөздерінің бірігүі арқылы жасалған атау. Басына мазар, там тұрғызылған жапан даладағы жалғыз бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖАЛҒЫЗТАС** (Жалғызтас) — *е. м.*, Ақтөр. ауд. **Жалғыз** (сын есім) + *тас* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған топоним. Сол жерде оба болып үйілген тас, үйінді тас болуымен байланысты қойылған атау болса керек.

**ЖАЛҒЫЗТАУ** (Жалғызтау) — қыст., Ақмая. пос.-нен онт.-те Шет ауд. **Жалғыз** (сын есім) + *тау* (зат есім) сөздерінің бірігүінен жасалған атау. «Оқшау, жеке тәбе, дөнес, соның етегіндегі қыстай» мағынасын білдіреді.

**ЖАЛҒЫЗТӨБЕ** (Жалғызтобе) — *тау*, биік, 475,5 м, Жыланды өз.-нің бойында; дөң, Жез. ауд. **Жалғыз** (сын есім) + *төбе* (зат есім) сөздерінің бірігүінен жасалған атау. Оқшау, жеке жатқан шағын тау, дөң болғандықтан солай аталса керек.

**ЖАЛҒЫЗШОҚЫ** (Жалғызшоқы) — *тау*, биік. 480,2 м, Ұлыт. ауд. **Жалғыз** (сын есім) және *шоқы* (зат есім) сөздерінің бірігүі арқылы жасалған атау. Бұл да оқшау, оңаша жатқан жатаған бітімді аласа, шағын тау болғандықтан осылай аталуы ықтимал.

**ЖАЛҒЫЗШЫН** (Жалғызшын) — тау, биік. 590,7 м, Жез. ауд., Улкен Жезді өз.-нің бат.-да. **Жалғыз** (сын есім) + шың (зат есім) сөздері бірігіп жасалған атау. «Ұшар басы сүйірленіп біткен, кеке шаншылып, алыстан көз тартатын жеке-дара шың, биік» мағынасын білдіреді.

**ЖАЛДАМА** (Жалдама) — өз., ұз. 216 км, Қараторғай өзеніне құяды. Косымша атаулары *Ащытасты*, *Ақжар*. Орт. Қазақстан өңірінде. **Жалда-** (етістік) негізіне -ма (сын есім) косымшасы жалғызып жасалған. Мағынасы: «жалдап өтуге болатын жайдақ өзен».

**ЖАЛДЫБАЙ** (Жалдыбай) — құд., Шет ауд. «Жалдыбай есімді кісі қазған, басында мекендерген құдық, сол бойынша белгілі жер (объект) аты».

**ЖАЛДЫТӨБЕ** (Жалдытобе) — тәбе, биік. 296 м, дөң. Тұлқібай қыст.-ның оңт. жағ.-да, Жез. ауд. **Жалды** (сын есім) <(жал+ды)+тәбе (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. «Жалды-қырлы болып келген, көлбеп жатқан тәбе» деген мағынаны білдіретін болуы мүмкін.

**ЖАЛЖОТА** (Жалжота) — тау, биік. 661,5 м, Ақад. ауд. **Жал** (зат есім) + жота (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «қырлары жал тәрізденіп көлбеп біткен, жал-жал болып жатқан шағын тау».

**ЖАЛПАҚ** (Жалпак) — тау, биік. 864,7 м, Шет ауд. К. Маркс колхозы территорииясында. Атау мағынасы: «ұшар басы сүйір емес, жалпак, жайпақ келген, созылып жатқан тау».

**ЖАЛПАҚАДЫР** (Жалпакадыр) — таулар, Ақад. ауд. **Жалпақ** (сын есім) және *адыр* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Мағынасы: «төбесі жайлап, түйеталы болып біткен, біріне-бірі үласын жатқан жатаған қырат-адырлар».

**ЖАЛПАҚҚАЙЫН** (Жалпаккайын) — тау, е. ж., Актоғ. ауд. **Жалпақ** (сын есім) және *қайың* (зат есім) сөздерінің қосарлануы арқылы жасалған атау. Мағынасы: «беткейіндегі калың қайың өсекен қайынды тоғайлы тау» және сол тау маңындағы елді мекен.

**ЖАЛПАҚСАРЫ** (Жалпаксары) — жер, Ақад. ауд. **Жалпақ** (сын есім) және *сары* (сын есім) сөздері бірігіп жасалған. «Көсілі жатқан кен сар даға, иен(ен) даға (жайлау)» мағынасындағы атау. Салыстыр.: *Сарыарқа*, *Саржайлау*.

**ЖАЛПАҚСОР** (Жалпаксор) — жер, Ұлыт. ауд. **Жалпақ** (сын есім) және *sor* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «жазық алапта аумакты жерді алып жатқан сортан, сорлы жер».

**ЖАЛПАҚТӨБЕ** (Жалпактобе) — тау, биік. 481,0 м, Жанаар. ауд. **Жалпақ** (сын есім) + тәбе (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Бұл атау да **Жалпақадыр**, **жалпақ** сөздері тәрізді «жатаған, көзге қораш аласа таушық тәбе» дегенді білдіреді.

**ЖАЛПЕЛЕН** (Жалпелен) — *taу*, биік. 700,4 м, Ақтөр. ауд. Мағынасы көнерген түсініксіз атау.

**ЖАЛТАС** (Жалтас) — *taу*, биік. 623,7 м, Ақад. ауд.; *шоқы*, Приоз. ауд., Қоянбас тауы маңайында. *Жал* (зат есім)+*тас* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «көлбей созылған, созылықты, қырлары жал тәрізді біткен тау».

**ЖАЛТАУ** (Жалтау) — *taу*, биік. 542,5 м. *Жал* (зат есім) және *taу* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Биікше келген қырлары жалданып жатқан, адырлы, шоқылы тау. *Жал* сөзі топонимияда таудың қырларын, қыраттарын, адырларын, шоқыларын білдіреді (Мурзаев, 1984, 178), F. Конқашпаевтың пікірінше, «көлбей, созылып жатқан, қыры айқын биікке қатысты айтылады (Конқашпаев, 1963, 136).

**ЖАЛТЫР** (Жалтыр) — *жер*, Ұлыт. ауд., Шұнқыр қыст.-ның солт.-шығ.-да. Атау «өсімдік, ағаш өспейтін жалан, жалаңаш, ашық жер» мағынасын білдіреді.

**ЖАЛТЫРБҰЛАҚ** (Жалтырбулак) — *жер*, бұл., Ұлыт. ауд., Жыланшық өз.-нің оңт.-де. *Жалтыр* (сын есім) және *булақ* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Мағынасы: «мөлдір, тұнық сулы таза булақ және сол булақ ағып жатқан жер».

**ЖАЛЫҚБАЙ** (Жалиқбай) — *бейіт*, Ақад. ауд. Жалықбай есімді кісі қойылған бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖАЛЫН** (Жалын) — *e. м.*, Ақтөр. ауд. Советтік дәүірде көрмәғы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге орай қойылған, «жігер», «кайрат» мәніндегі атау.

**ЖАМАН** (Жаман) — *таулар*, биік. 386,6 м, 376,7 м, Жаманайыртау тауының оңт. жағ.-да, Жаманайбат тауының шығ.-да, Жанаар. ауд.; *төбе*, *дөң*, Жез. ауд., Қалмаққырған өз.-нің оңт. жағында; *жер*, *қыст.*, Жыланшық өз.-нің оңт.-шығ.-да; *қыст.*, Ұлытая ауд., Шағырлы-Жыланшық өз.-нің солт.-де, Жез. ауд. Мағынасы: «төбесі жатаған, шағын, көзге қораш тау». Бәлкім, тау ешкілерінің болуына байланысты да қойылуы ықтимал. Монгол тілінде *ямаа* «тау ешкісі» мағынасындағы сез.

**ЖАМАНАДЫР** (Жаманадыр) — *өз.*, Талдыбулақ пос.-нен батыс жакта, *taу*, биік. 638,2 м, Төребулақ өз.-нің оңт.-де, Жанаар. ауд.; *taу*, биік. 860,1 м, Ақтөр. ауд.. Сарытерек мекені манында. *Жаман* (сын есім) және *адыр* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «беткейінде өсімдік, ағаш өспейтін жалаңаш, не мұлде аз өнген аласа, жатаған, көзге қораш тау, сол тау етегінде ағатын өзен».

**ЖАМАНАЙБАТ** (Жаманайбат) — *taу*, биік. 384 м, Жанаар. ауд. Е. Койшыбаевтың пікірінше (1985) атау *жаман+ай+бет* компоненттерінен құралған. Бет сөзінің «батқа» айналуы — кейінгі ықпал әсерінен» (1985). F. Конқашпаев (1963) *Айбат* сөзін айтроба-

поним деп санайды. Соңғы пікірдің, біздіңше, жаны бар тәрізді. Осыған қосымша, тау сыртқы бітім-тұрпатының сүйк, сұсту болуына байланысты да аталуы мүмкін деген ой келеді.

**ЖАМАНАЙЫРТАУ** (Жаманайыртау) — *taу*, биік. 560,2 м, Жанаар. ауд. Топоним мағынасы Е. Қойшыбаев бойынша (1985) «Кіші Айыртау». Ал Ф. Қоңқашпаев пікірі бойынша (1963) атап «нашар, жаман айрық тау». Соңғы пікірді қостай отырып, атап таудың жайылымдық, коныстық қасиеттері аз, жұтаң да көзге кораш болғандығы себепті қойылса керек деп ойлаймыз.

**ЖАМАНБАЙ** (Жаманбай) — *қыст.*, Ұлыт. ауд. Осы есімді кісі қыстаған мекен, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖАМАНБАЛА** (Жаманбала) — *айр.*, Жанаар. ауд.; *бейіт*, Ақад. ауд., Қайрақты пос.-нің онт.-шығ. жағ.-да. Кісі есімінен көйліған атап; осы аттас кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖАМАНБАРША** (Жаманбарша) — *құм, қыст.*, Жанаар. ауд. Жаман (сын есім) және барша (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Е. Қойшыбаевтың (1985) пікірінше, атап түріктің *йаман* және *барша* сөздерінен құралған. Беретін мағынасы: «жаман котыр» (түріктің барша сөзі ойдым-ойдым», «тілім-тілім» деген сипатқа ие). Біздіңше, бұл атап құрамындағы барша сөзін түркі тілдеріне иран тілінен енген *парша//барша* «кесінді», «кесік», «бөлек», «сынық» (Юдахин, КРС, 1, 112) сөзімен салыстыруға болатын тәрізді. Осыған орай, атап мағынасын: «бөлек жатқан нашар (шаруаға қолайсыз), шағын құм, жер»,— деп топшылаймыз.

**ЖАМАНБҮЛАҚ** (Жаманбулак) — *bast.*, Жанаар. ауд. Жаман (сын есім) және ғұлақ (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. «Суы лайсандау, маңайы батпакты келген ғұлақ» мағынасын білдіретін атап.

**ЖАМАНЖАЛ** (Жаманжал) — *taу*, биік. 682,5 м, Ақад. ауд., Ортау схз-ы төнірегінде. Жаман (сын есім) және жал (зат есім) сөздерінен жасалған атап. Таудың сыртқы тұрпатының көзге қораш, аласа, жатаған болып келуіне қатысты қойылса керек.

**ЖАМАН ҚЕНЕЛІ** (Жаман Қенели) — тау, биік. 648,0 м, Ақад. ауд., Қөктенкөл көлі маңында. Жаман (сын есім) және *кенелі*<кене (зат есім) +*ли* (туынды сын есім қосымшасы) сөздері қосарланып жасалған атап. «Қенесі көп, мол, шағын тау» мағынасын білдіреді.

**ЖАМАНҚАРА** (Жаманқара) — *e. м.*, Ақад. ауд., Қайрақты пос.-нің солт.-бат. жағында. Жаман (сын есім) және *қара* (сын есім) сөздерінен бірігіп жасалған атап. Мағынасы: «кіші-гірім төбешікті, жон-жоталы, адырлы келген жер, сол жердегі елді мекен».

**ЖАМАНҚАРАБАС** (Жаманқарабас) — *taу*, биік. 811,0 м,

Ақад. ауд. **Жаман** (сын есім) және қарабас (кара+бас) сөздерінің бірігуінен жасалған атаяу. Басында ештеге өспеген жалан, тақыр, басы қарауыткан тау аты болса керек.

**ЖАМАНҚАРАСУ** (**Жаманкарасу**) — шоқы, Ақад. ауд., Қектенкөл көлі атырабында. **Жаман** (сын есім), қара (сын есім)+су (зат есім) сөздерінен жасалған атаяу. Кіші-гірім, шағын шоқы (адыр) бауырындағы бұлак (жер суы) атымен аталып кеткен тәрізді.

**ЖАМАНҚОТЫР** (**Жаманкотур**) — тау, Ұлыт. ауд., Жыланды өз.-нің онт.-де. **Жаман** (сын есім) және қотыр (сын есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атаяу. «Беткейіндегі тықыр, селдір осімдіктері арасынан арагідік қарауытып тау жыныстары көрінетін шағын, жатаған тау» мағынасын білдіреді.

**ЖАМАНҚУАНЫШБАЙ** (**Жаманкуанышбай**) — е. м. Қуанышбай атты кісі мекендеген жер, бертін келе коныстық қасиеті азып, жұтаң тартқандықтан жұрт комсынып жаман деп кетсе керек.

**ЖАМАНҚУДЫҚ** (**Жаманкудук**) — құд. (құрг.), Карабастау ст.-нан 3,5 шақ. жерде, баст., Ақад. ауд.; құд. Жез. ауд., Жыланды өз.-нің онт.-де. **Жаман** және құдық сөздерінің бірігуінен жасалған. «Суы тартыла бастаған шағын құдық не суы тұнық, мөлдір емес, лайсандау бұлак» дегенді білдіреді.

**ЖАМАН ҚЫЗЫЛРАЙ** (**Жаман Қызылрай**) — е. м., Приоз. ауд. **Жаман** (сын есім) және қызыл (сын есім)+рай (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған.

**ЖАМАНМОЛА** (**Жаманмола**) — бейіт, Жез. ауд., Жыланды өз.-нің онт.-бат.-да. Елсізде күтімсіз, ұмыт қалған, елеусіз төмпешікке айналған жалғыз мола, әлде бейіт.

**ЖАМАНОЮЛЫ** (**Жаманоюлы**) — тау, Ақад. ауд., Ортау схз-ы маңында. **Жаман** және оолы<ою (зат есім)+лы (зат есімнен туынды сын есім жасайтын қосымша) сөздерінің бірігуінен жасалған. Таудың бет-бедерінің, рельефінің табиғи қиқы-шойқы, ретсіз өрнекті болып келуімен байланысты қойылса керек. Әдетте, табиғаттың өзі «мұсіндеген» мұндан объектілерге халық сәйкес аткоғыш, айдар тағып отырады. Салыстыр.: **Жекебатыр**, **Шайтантас т. б.**

**ЖАМАНӨЗЕН** (**Жаманозен**) — құрг. өз., Ортау схз.-ның маңайында, өз., Қектенкөл көлі атырабында, Ақад. ауд. **Жаман** (сын есім) және өзен (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Суы азайып, тартылып кеткен кіші-гірім өзен атаяу.

**ЖАМАН САРЫСУ** (**Жаман Сарысу**) — құрг. өз., Ақад. ауд., өз., Жаңаар. ауд., Ұрымбай пос.-нің солт. жағ.-да. Сарысу өзенінің бір сағасы. **Жаман** және сары (сын есім)+су (зат есім) сөздерінің тіркесүі, бірігуінен жасалған. Өзен суының сарғыш, лайсандығына орай аталған болуы мүмкін. Осы тәрізді *сары коол* атаяу алтай

тілінде де кездеседі. Коол сөзі түркі тілдеріне монгол тілдерінен ауысқан термин. О. Т. Молчанова аталған топоним мағынасын «сары, бәлкім лайсан өзен, құрғақ өзен аринасы» деп түсіндіреді (1979, 285). Е. Қойшыбаев *Сарысу* атауын «кең су» деп таниды (1985).

**ЖАМАНСОРТАН** (Жамансортан) — *жер*, Жанаар. ауд. **Жаман** (сын есім) және *сортан* (зат есім) сөздері бірігіп жасалған атау. «Шөбі сирек не мұлдем шықпайтын, сортан, сор жер» деген мағынаны аңғартады.

**ЖАМАН ТАҒЫЛЫ** (Жаман Тагылы) — *taу*, Ақад. ауд. **Жаман** (сын есім) және *тағылы* <*тағы*> (зат есім) +*лы* (сын есім тұдышратын қосымша) сөздерінің тіркесуінен жасалған атау.

F. Конқашпаев *тағылы* сөзін «тағы аң-құсы бар» деген мағынаны аңғартады деп қарайды (1963). Е. Қ. Қойшыбаев *тағылы* сөзін көне түркі *taғ* (тау) сөзіне -лы аффиксі жалғанып жасалған, «таулы жер» мәніндегі атау (1985) деп талдайды. Біздің ойымызша, F. Конқашпаев пікірінің логикалық негізі бар сияқты. Топоним мәнісі таулы жердің өзін емес, тау атын білдіретіндіктен, атау түбірін көне түркі тіліне апару артық тәрізді. Топоним тауды, оның ішінде аң-құсы мол, *тағылы* (киікті) тауды білдіреді деген ой көкейге қонымдырақ.

**ЖАМАНТАС** (Жамантас) — *taу*, биік. 733 м, *taу*, биік. 609,2 м, Үльт. ауд., *taу*, биік. 743,4 м, *жер*, Приоз. ауд.; *taу*, Ақад. ауд., *е. м.* (көне) Жанаар. ауд., Бесобадан түстікте 5 км. **Жаман** (сын есім) және *tас* (зат есім) сөздерінің бірігінен жасалған атау. Мағынасы: «тасы қожыр-қожыр, оқшырая біткен, жықпыл-жықпылы көп, мал жайылуға қолайсыз таулы өнір». Қазір бұл жерден уран өндіріледі. Бәлкім сол зиянды қасиетін көшпелі бабаларымыздың сезуі де кәдік (А. Сейдімбеков).

**ЖАМАНТАУ** (Жамантау) — *taу*, биік. 928,3 м., Ақад. ауд.; *taу*, 392 м., Жез. ауд. **Жаман** (сын есім) және *taу* (зат есім) сөздерінің бірігінен жасалған атау. Мағынасы: «Өсімдігі мен ағашы аз не мұлдем өспейтін жалаң тау», «жатаған, аласа, көзге қораштау» дегенді білдіреді.

**ЖАМАНТҰЗ** (Жамантуз) — *көл*, Приоз., Жанаар. ауд.-да, шатқ., Приоз. ауд. Қекбұзау шат.-ның шығ.-да 4 шак. жерде, *жер*. Жез. ауд. **Жаман** (сын есім) және *тұз* (зат есім) сөздерінің бірігінен жасалған. Мағынасы: «сүси ашы, сортан, тұзды көл, жайылымға жарамсыз сортан жер».

**ЖАМАНШАБЫРА** (Жаманшабра) — *taу*, Жез. ауд. **Жаман** (сын есім) және *шабыра* (зат есім) сөздерінен бірігіп жасалған атау. *Шабыра* сөзінің мағынасы диалектологиялық сөздікте «қалқа», «қар тоқтату үшін қадалған қада я қамыс» деп берілген

(КТДС, 373). Атая таудың кішігірім қалқа тәрізді формасына байланысты қолдануы да мүмкін.

**ЖАМАНШАДЫРА** (Жаманшадра) — *жер*, Жез. ауд., Жыланды өз.-нің оңт-де. Жаман (сын есім) және шадыра (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атаяу. Шадыра сөзінің диалектілік бір мағынасы «сирек шыққан шөп» (КТДС, 373). Біздің ойымызша, топонимнің мағынасы: «шөбі сүйық, нашар жер» дегенді анфартатын тәрізді.

**ЖАМАНШҰБАР** (Жаманшубар) — *жер, шат*. Жез. ауд. Жаман (сын есім) және шұбар (сын есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атаяу. Ф. Коңқашпаев бұны «жаман шұбар» десе (1963, 45), Е. Қойшыбаев бұл жөнінде Ж. Досқараев, М. М. Мельхеев пікірлеріне сүйене отырып, мынадай анықтама берген: *Шұбар* компоненттін арғы тегі көне түркі және монгол тілдеріндегі *шібер* //щэбер//шибір//шебір формаларымен түбірлес тұлға «сібір» сөзінің фонетикалық тұлғасы қазақ тіліндегі *сабыр* сөзімен салыстырыныз. *Шұбар* ономасы түп негізінде «ылғал», «дымқыл», тіпті саз немесе шытырман, буга, көгал мәндеріне ортақ тұлға (Досқараев, 13). Сал.: бур. *шэбэр* — «саз жер» (Мельхеев, 179). — (1985, 242). Алайда төл тіліміздегі деректерге келсек, қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі *шұбар* сөзінің батыс говорларында «тіпті аз, сирек» деген мағынада ұшырасатынын көрсетеді (КТДС, 401). Ал жерге катысты айтылғанда *шұбар* — бұталы өсімдігі бар жер екен. Жезқазған өңірінің, жалпы туған жер «тілінің» жумбак сырларына үніле, зерделей жүретін білікті жазушы А. Сейдімбеков пікіріне дең қойсақ, Жаманшұбар атаяу бұл жerde малдың денесін тырнап, қойдың жүнін іліп қалатын жағымсызыдау өсімдік күндиқарағанның селдіреп, сирек өсуімен байланысты қойылса керек.

**ЖАМАНШІЛІК** (Жаманшилик) — *жер*, Ақад. ауд. Жаман (сын есім) және *шілік* (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «уақ, кіши-гірім, отынға жарамсыз нашар шілік өскен жер».

**ЖАМБАБА** (Джамбаба) *бейіт*, Жанаар. ауд., Талдыбулақ пос.-нен оңт. шығ. жакта. Осы есімді кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖАМБАЙ** (Джамбай) — *қыст.*, Шет. ауд. Осы аттас кісі мекендеген, қыстаған қоныс атаяу.

**ЖАМБАС** (Жамбас) — *тау*, биік. 127,7 м, Жез. ауд. Е. Қойшыбаев тау асуларының жамбас аталуы жолының жанама, қигаш түсүімен байланысты дейді (1985, 109). Ф. Коңқашпаевтың айтуыша: жамбас — «тау етегі» (подножие) (1963, 45). Біздіңше, тау аты сыртқы түрпатына байланысты қойылса керек. Төбесі биік, қырлы емес, жатаған, аласа жалпақ болып келген тауды білдіреді.

**ЖАМБАСОПАН** (Жамбасопан) — *тау*, биік. 686,0 м, құд. Приоз. ауд. Жамбас (зат есім) және опан (зат есім) сөздерінен

жасалған атаяу. Топонимнің екінші сынары жеке түрінде қазіргі казак тілінде, жергілікті говорларда не көне түркі тілі материалдарында ұшыраспайды. Бұл сөздің ілкі түбірі, біздің оймызыша, *on*, ал -*an* есім тудыратын косымша. Түсіндірме сөздікте *on* түбірінің етістік мағынасы «жалмау», «асау», есім мағынасы «терен құз», «ор» деп айқындалады (КТТС, 437). Өзге түркі тілдерінде *on* сөзінің «жалмау», «жұту», «тартып алу», «шөгу», «басылу» (жер, топырак), «опырылу», «құлау» (жер, топырак) (Э. В. Севорян, Этимологический сл-рь тюрк. яз. М., «Наука», 1974, 1, 403—404, 408, 464 б. б. — әрі қарай ЭСТЯ) мағыналары кездеседі. Көне түркі тілінде *or-* — «хлебать», «глотать» (ДТС, 368 б.). Бұл түбірге мағыналас *окпан//опқан* (метатеза), *обыр*, *оппа*: *оппа қар*, опры (орғі) «яма», «впадина», «низменность» (МК, 1, 125) сөздерін салыстыруға болады. Осы деректерге қарағанда Жамбасопан атаяу «етек жағы тік құлама болып келген, терен құзды тау» деген мағынаны және сол тау етегіндегі құдықты білдіреді деп топшылаймыз.

**ЖАМБАССОР** (Жамбассор) — *жер*, Жез. ауд., Арыстан құдығы маңайында. Жамбас (зат есім) + *sor* (зат есім) сөздерінің бірігүйнен жасалған. Мағынасы: «ылдилау, төмендеу жердегі сор, сортан, такыр жер» дегенге саяды.

**ЖАМБАШЕГЕН** (Жамбасшеген) — құд. Жез. ауд., Арыстан құдығы төңірегінде. Жамбас (зат есім) + *шеген* (зат есім) сөздерінің бірігүйнен жасалған. Құдықтың төбе не дөңестің етек, ылди жағында қазылуымен байланысты аталуы мүмкін. Шеген сөзі де құдық сөзімен мағыналас.

**ЖАМШЫ** (Жамишы) — өз. (құрғап бара жатқан), Ақад. ауд.; өз., схз, е. м., Ақтоғ. ауд.; сс, е. м., Шет ауд. Жамишы сөзі тіліміздегі көнерген, архаикалық элементтің бірі. Түсіндірме сөздікте бұл сөздің мағынасы «бағалы матадан оюлап істеген төсек жапқыш» деп айқындалған (КТТС, 7, 605). Географиялық атаяу ретінде Жамишы сөзі көбіне өзек, суға және солардың атырабындағы елді мекендерге қатысты қолданылады. Жамишы атауының қалыптасуын халық этимологиясы оның негізгі (номинатив), яки тұра мағынасымен байланыстыра төркіндептеді. Осы орайда «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырында сакталған мына бір жолдарға зер сала кетуге болады:

Кек жамшысы артынан түсіп қалып,  
Жамишы деген су аты соナン қалған

немесе

Токырауын — Бака айғыр токтаган  
жер,  
Жамишыда ак жамшысы түсіп қалды.

Аталмыш жыр өрнектеріне қарағанда, халық Жамишы гидро-

нимінің пайда болуын эпос кейіпкерінің іс-қарекетіне, оның жолшыбай түсіп қалған жамылғысына өзектестіре өрбіткенін байқаймыз. Тілімізде шығу төркіні аныз-деректерге негізделе түсіндірлелітін атаулар көптеп кездеседі (Манырак, Жәйрем т. б.). Алайда ғылыми түрғыдан зерделесек, *Жамши* топонимінің құрамындағы *жам* компонентін қазақ тіліндегі және өзге түркі тілдеріндегі *жем//гем//кем//хем//кам//кен//кан//ком* типті лексикалық элементтермен бірлікте қараған жөн тәрізді. А. Әбдірахманов Ақтөбе облысынан бастау алдып, Каспийге құятын *Жем* (Эмба) өзенінің атауы *гем//кем* сөзінің варианты деп санайды (Әбдірахманов, 1975, 97). Ол *г//к//ж* дыбыстарының алмасуы негізінде қалыптастан өзге де атаулардың барын өз топшылауына тірек етеді. Түркі, монгол, иран, қытай тілдерінде де *гем//кем* сөздері ілкіден суға катысты үрүмдарды білдіреді. Мәселен, тұва тіліндегі *кем* сөзі тек *Бий — Хем, Улуг — Хем, Ка — Хем, Ак — Хем* тәрізді Енисейге құятын өзен аттары құрамында ғана кездеседі. Ал, Енисей өзенін жергілікті түрғындар *Кем* деп атайды. (Мурзаев, 1974, 183). О. Т. Молчанова тұва тілінен жинаған 4296 топонимдік атаудың ішіндегі 275 сөз *Хем* элементінің негізінде тұлғаланған (Молчанова, 61). Қоңе түркі жазбаларында да *Кем* (*Kem*) — өзен аты (ДТС, 297). Шығыс Қазакстанда *Карагем* өзені бар. *Кем* сөзі түрлі тұлғада өзге де тілдерде айтыла береді: удмурт тілінде *кам* «өзен», «үлкен өзен», «ағыс»; тұва тілінде *хем* «өзен», алтай тілінде *кам* «өзен»; тәжік, өзбек тілдерінде *кан* «канал» (Мурзаев, 247—248). *Кам* элементімен келетін гидронимдер ареалы да аса кен. Салыстыр.: Зеравшан өлкесінде *Шоғирком, Курыйкам, Камизар* каналдары; Дағыстанда *Курыйкам, Загаркам, Векеркам, Камах*; Алтайда *Кам — Канас*; Индияда Ганга өзені бассейнінде *Кам*, Иранда *Кам* өзендері бар. Жоғарыда келтірілген *кем//гем//хем//кам//кан//ган* терминдерінің ілкіде бір түбірден таралғандыры, әлде тіларалық ауыс-түйіс нәтижесінде қалыптаскандыры, не типологиялық құбыльстарға тән көрініс екендігі өз алдына сөз етуге тұрарлық мәселе. Қайткенде де топонимиялық атаулар құрамындағы бүндай элементтердің баршасының семантикасы су обьектілеріне катысты болатыны назар аударапты факт.

Сөз етіп отырған *жамши* типті өзен атауын талдаған Е. Койшыбаев *жамши//самсы//шамсы* тұлғаларын бір морфологиялық қатарда қарастырып, «лай су» мәніндегі атаулар деп санайды: *жам//сам//шам* «лай», «құрым»+«сы» «су» (Койшыбаев, 237).

Біздің ойымызша, атаудың түбірі жергілікті тіл материалдағында ұшырасатын «теніздің терең, өзек жерлері» мағынасындағы *жам* сөзімен (КТС, 108) сабактас болса керек. Атаудың екінші сынары *ши* морфемасы қоңе түркілік *сї.., сїq-* «су, шық» (ДТС, 145, 150) лексемаларымен текстес тұлға деп білеміз. Қазіргі қазақ тілін-

де шық (čiқ) 1) шық; 2) дымқылдық, ауыс, тамшы; (Қайдаров, 307) мағыналарына ие. *Суга* (шылау) шылану; көзі жасқа шылану тіркестеріндегі шы элементі де көне түркілік čiğ тұлғасының тілімізде консервацияланған түрі. Сонымен, *Жамиши* гидронимі «су» мағынасын білдіретін жам және шы сөздерінің плеонастика жолымен тіркесе бірігіп арқылы қалыптасып, «ағын су», «өзен» ұғымын антартауды деп топшылаймыз. Ал жоғарыда айтылған *жам* ~ *жем* сәйкесіміне (параллеліне) келсек, бұл түбірлердің құрамындағы дыбыстық алмасуды түркі тілдерінің табиғатына тән заңдылыктарға сүйеніп түсіндіруге болатын тәрізді. Түркі тілдеріндегі түбір элементтерде дауыстылардың бір-бірімен алмаспайтыны кемде-кем (Ә. В. Севорян), басқаша айтқанда олардың аса кең етек алған вариантылық қасиеті көзге түседі (Ә. Т. Қайдаров). Мәселен, бір ғана *үй* лексемасының түркі тілдерінде 20-дан астам вариантыры кездеседі: *av* ≈ *ev* ≈ *ov* ≈ *öv* ≈ *iv* // *aw* ≈ *äw* ≈ *ew* ≈ *ow* ≈ *üw* ≈ *iw* // *ab* ≈ *äb* ≈ *eb* ≈ *öb* ≈ т. б. (Қайдаров, 70).

Гидронимдік атаулардың топонимидағы ең бір ежелгі, әрі көп қабатты пласт екендігін, осы себепті субстрат типті элементтердің аса жиі ұшырасатының ескерсек, ненец тілінің «теніз», «үлкен өзен, үлкен көл» мағыналарындағы *ям*, кала берді, Архангельск облысында, Карелияда ұшырасатын «сумен ісініп, көтерілген дымқыл, сыв, табан астынан ылғалы шығып жататын жер»; «шәптесін сыз жер» мағынасындағы жергілікті *жемь* сөздерінің де суга байланыстылығы кездейсоқ жайт емес. Қалай болғанда да *Жамиши* атауының топонимдік мағынасы «үлкен су», «ағын су», «өзен» ұғымдарына саятыны айқын.

**ЖАМШЫБАЙ** (*Жамшыбай*) — *taу*, биік. 585,5 м, Ақад. ауд. Бауырында Жамшыбай атты кісі аулы мекендердегендікten тау солай аталған болса керек.

**ЖАНАЙ** (*Жанай*) — *taу*, биік. 619,1 м, Ақад. ауд; *taу*, биік. 607,6 м, *айр.*, Жанаар. ауд., Қарашокы тауының онт. жағ.-да; *е. м.*, Жез. ауд., Жезді өз.-нің бойында. Ру аты немесе кісі есімінен қойылған топоним.

**ЖАНАЙДАР** (*Жанайдар*) — *е. м.*, Жез. ауд. Кісі есімінен қойылған елді мекен, жер аты.

**ЖАНАЙДАРСАЙ** (*Жанайдарсай*) — *сау*, Жез. ауд. Кісі есімінен қойылған сай аты.

**ЖАНАМА** (*Жанама*) — *айр.*, Ұлыт. ауд., Тұяқбай қыст.-ның солт. жағ.-да. *Жана-* етістігі мен *-ма* (сын есім) косымшасы арқылы жасалған атаяу. «Жол жанай өтетін, жакын жердегі айрық» мағынасында.

**ЖАНАС** (*Жанас*) — *жер*, Жез. ауд. Кісі есімінен қойылған жер аты.

**ЖАНАСБАТЫР** (*Жанасбатыр*) — *таулар*, Ұлыт. ауд. Жанас

аттың батыр мекендерген, жайланаған, не жорықтар жүргізген өнірдегі тауларды ел сол батыр есімі бойынша атап кеткен.

**ЖАНАТ** (Жанат) — *e. m.*, Актөр. ауд.; *taу*, биік. 919,3 м, Ақад. ауд. Кісі есімінен қойылған елді мекен, жер аты.

**ЖАНБОЛ** (Жанбол) — *бейіт*, Жаңаар. ауд., Сарысу өз.-нің солт.-де. Жанбол есімді кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖАНГАБЫЛ** (Жангабыл) — *дөңес*, Жез. ауд., Жінішкеқұм маңында. Кісі есімімен байланысты қойылған атау.

**ЖАНГАСҚА** (Жангаска) — *құм*, Жез. ауд., Койшыман құдығы маңында. Жангаска есімді кісінің аулы көшіп-конып жүретін, мекендейтін құм аты.

**ЖАНГОЖАБУЛАҚ** (Жангожабулак) — *бұл.*, Жез. ауд., Жангожа есімді кісі иемденген, соның аулы жағасында мекендерген бұлак.

**ЖАНДАРАЛ** (Жандарал) — *тар., шоқы*, биік. 483,0 м, Жанаар. ауд. Патша үкіметі тұсында бір генерал-губернатордың келуіне, әлде жиын өткізуіне байланысты қойылуы мүмкін. **Жандарал** — *генерал* сөзінің дыбыстық түрғыдан тіліміздегі өзгеріске ұшыраған тұлғасы.

**ЖАНДОС** (Жандос) — *бейіт*. Жез. ауд. Қарғын өз.-нің солт. жағында. Осы кісі қойылған бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖАНДЫБАЙ** (Жандыбай) — *дөңес*, Жез. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**ЖАНДЫҚӨЛ АУЛЫНЫҢ АЙРЫҒЫ** (Развилка аула Жандықоль) — *айр.*, Шет ауд. **Жанды** (сын есім) және **көл** (зат есім) сөздері бірігіп жасалған атау. Қөлдің қысы-жазы қатпай, беті толқып жататындықтан немесе балық, бақа-шаяны молдықтан **Жандықөл** аталуы мүмкін. Яғни «Жандықөл» жағасын мекендерген ауылдың айрығы, екі арасы».

**ЖАНДЫР** (Жандыр) — *e. e. m.*, Жаңаар. ауд., Отаутас тауының солт. жағ.-да. Мағынасы түсініксіз.

**ЖАНПЕК** (Жанпек) — *бейіт*, Жанаар. ауд. Осы кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖАНТАЙ** (Жантай) — *тау*, 649,8 м, Ақад. ауд. 1) Кісі есімінен немесе ру атынан қойылған тау аты; 2) Атау, бәлкім, таудың алыстан қарағанда жантайып, бір қырындалап көлбеп жатуына байланысты да қойылуы ықтимал.

**ЖАНТАҚТӨБЕ** (Жантактобе) — *тау*, биік. 180,7 м, Жез. ауд., Ұзынтыбе тауы жанында. **Жантак** (зат есім) және **төбе** (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Төбесі және айналасында жантак өскендіктен аласа тауға қойылған атау болуы мүмкін.

**ЖАНТАС** (Жантас) — *е. м.*, Жанаар. ауд. Кісі есімінен қойылған елді мекен, жер аты.

**ЖАНТЕЛІ** (Жантели) — *е. е. м.*, айр., Ұлыт. ауд. Кісі есімінен қойылған атаулар.

**ЖАНТУЛЕК** (Жантулек) — *бейіт*, Ақад. ауд. Осы кісі қойылған бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖАҢААРҚА** (Жанаарка) — *с. тип. е. м.*, Жанаарка ауд. **Жаңа** (сын есім) және **арқа** (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Бертінде, совет дәуірінде қойылған, «жанаарған, түлеген өнір, арқа, өлке» мәнін білдіреді.

**ЖАҢАБАЙ** (Жанабай) — *бейіт*, Ақад., Жанаар. ауд.-да, Тасбулак сайнының онтүстік жағында. Осы аттас кісілер қойылған бейіттер, солар бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖАҢАБАЗ** (Жанабаз) — *е. м.*, Ақтоғ. ауд. **Жаңа** (сын есім) және **баз** (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. «Жана-дан, кейінгі уакта салынған баз (база)» мәніндегі атау.

**ЖАҢАБАС** (Жанабас) — *е. м.*, Жез. ауд. **Жаңа** (сын есім) және **бас** (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған елді мекен аты. **Мағынасы**: «жана басталған, жана бастама, жаңа, тың іс» дегенге саяды, **Жаңатұрмыс**, **Жаңажол** тәрізді атаулармен мәндес, синонимдес екендігі байқалады.

**ЖАҢАБЕК** (Жанабек) — *бейіт*, Ұлыт. ауд. Осы кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖАҢАЖОЛ** (Жанажол) — *таяу*, биік. 96,3 м, Жез. ауд., Арыстан құдығы манында. **Жаңа** (сын есім) және **жол** (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Бауырында, жанында үлкен жол өтетіндіктен аталса керек.

**ЖАҢАЖҰРТ** (Жанажурт) — *е. м.*, Шет ауд. **Жаңа** (сын есім) және **жұрт** (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. «Жаңарған, жанғырған өлке, жер, ел» мағынасын білдіретін советтік дәуірде қойылған елді мекен аты.

**ЖАҢАҚОЙТАС** (Жанакойтас) — құрг. өз., Приоз. ауд., Кенесу өз.-нің манында. **Жаңа** (сын есім) және **қойтас** (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. «Арнасында, жиегінде үлкендікішлі қойтастар жатқан өзен» мәнін анғартса керек.

**ЖАҢАҚОРА** (Жанакора) — *е. м.*, Ақтоғ. ауд.; қыст., Жыланды өз.-нің солт.-бат.-да. **Жаңа** (сын есім) және **қора** (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Кезінде жанадан салынған, іргесі кейінгі кезде қаланған мекен, қыстауға байланысты қойылып, қалыптасып кеткен атау болуы мүмкін.

**ЖАНАҚҰДЫҚ** (Жанакудук) — құд., Жез., Ақад. ауд.-да, Ағашжайлай тауының солт. жағ.-да. **Жаңа** (сын есім) және **құдыш** (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. **Мағынасы**: «суы мол, таза, жана қазылған құдыш».

**ЖАҢАОРТАЛЫҚ** (Жанаорталық) — *cc ort.*, Приоз. ауд. **Жаңа** (сын есім) және *орталық* (туынды зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атав. Совет дәүірінде койылған, «жана мекен, жана жұрт, орталық» мағынасын аңғартатын топоним.

**ЖАҢАСОРТАҢ** (Жанасортан) — *жер*, Ақад. ауд., Тоғызқұдық құд.-ның маңында. **Жаңа** (сын есім) және *сортан* (сын есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атав. Жердің ежелден емес, кейінгі кезде жаңадан ғана сортаң тартуына байланысты қойылған болуы ықтимал.

**ЖАҢАТАЙ** (Жанатай) — *жер*, Ақад. ауд. **Кісі** есімінен қойылған жер аты.

**ЖАҢБЫРЖӘКЕ** (Жанбыржаке) — *жер*, Ұлыт. ауд., Жылынды өз.-нің солт.-шығ.-да. **Кісі** есімінен қойылған атав.

**ЖАНҒЫЗАҒАШ** (Жанғызагаш) — *жер*, **Жанаар.** ауд. **Жанғыз/жалғыз** (сын есім) және *ағаш* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атав. «Дара, жалғыз, ағаш (тоғай) өскен жер» мағынасын білдіреді.

**ЖАНҒЫЗТАЛ** (Жанғызтал) — *taу*, биік. 1005,2 м, Ақтөг. ауд. **Жаңғыз** (сын есім) және *тал* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атав. Тау беткейінде, баурайында шоқ тал, (кішігірім тоғай) өскендіктен қойылған болса керек.

**ЖАПАҚ** (Жапак) — *жер*, Жез. ауд. **Кісі** есімінен қойылған жер аты.

**ЖАПАЛАҚБҮЛАҚ** (Жапалакбулак) — *бұл.*, Приоз. ауд. **Жапалақ** (зат есім) және *бұлақ* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атав. Бұлак басындағы таста немесе ағашта жапалак құс мекендердегендіктен қойылуы ықтимал.

**ЖАППАСТАБАН** (Жаппастабан) — *жер*, Жез. ауд. **Жаппас** (зат есім) және *табан* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атав. Топонимнің мағынасы: «Жаппас руы, елі мекендерген ойпан жер, дала».

**ЖАРАС** (Жарас) — *e. м.*, өз., Шет. ауд. **Кісі** есімінен қойылған атаулар.

**ЖАРБАЙ АУЛЫНЫҢ АЙРЫФЫ** (Развилина аула Жарбай) — *айр.*, Шет ауд. Жарбай есімді кісі аулына апаратын жол айрығы, сол мандағы обьектілерге катысты бағдар, белгі болып айтылып кеткен топоним.

**ЖАРҚӨЛ** (Жарколь) — *төбе*, Ұлыт. ауд., Шұңқыр қыст.-ның солт.-бат.-да; *жер*, Жез. ауд.; *көл* (тұзды), Жанаар. ауд., Төребұтак өз.-нің онт.-де. **Жар** (зат есім) және *көл* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атав. Мағынасы: «жағасында тік жарыбар көл».

**ЖАРҚҰМ** (Жаркум) — *taу*, биік. 260 м, Жез. ауд., Ақши сайы маңында. **Жар** (зат есім) және *құм* (зат есім) сөздерінің бірігуі

арқылы жасалған атау. Жиектері тік жарқабақты, құлама болып біткен құмдауыт төбе немесе аласа шоқылар.

**ЖАРҚЫМБАЙ** (Жаркимбай) — бейіт, Жез., Жанаар. ауд.-да. Осы аттас кісілер қойылған бейіттер, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖАРҚЫНБАЙ** (Жаркинбай) — өз., тау, Ақад. ауд., Қайракты пос.-нің маңайында. Кіңі есімінен қойылған атаулар.

**ЖАРЛЫ** (Жарлы) — өз., ұз. 143 км, Жанаар., Шет, Ақад. ауд. — да. Қосымша атаулары Қөктал, Аиқыозек. *Жар* (зат есім) сөзіне -лы (зат есімнен сын есім тудыратын жүрнәк) жалғануы арқылы жасалған атау. Яғни жағасының тік жарлы, көп жерге созылған жары бар екендігін мәндеген атау.

**ЖАРЛЫГАСБИДАЙЫҚ** (Жарлыгасбидайық) — жер, Жез. ауд., Қарғалы өз.-нің оңт.-де. *Жарылғас* (кісі не ру аты) бидайыры деген мәндегі атау. Екінші сынарының мағынасын *Бидайық* атауынан қараңыз.

**ЖАРМА** (Жарма) — с. тип. е. м., тжсс, жер, Жез. ауд. *Жар* (зат есім) сөзіне -ма (туынды сын есім қосымшасы) жалғануы арқылы жасалған атау. *Жар* түбір сөзі түркі тілдерінің көпшілігінде кездеседі. Мәселен, қаракалпақ тілінде *жар*, өзбек тілінде яр//йар, алтай тілінде *дар*, хакас тілінде *чар*, якут тілінде *сыр*: түркмен тілінде *йа:p*, түрік гагауз, қарайым, құмық тілдерінде *йар* т. б. Бұл түбірдің етістік тұлғасындағы *йа:p* синкретикалық сынарының «кесу, жару, жарып өту, жарып шығу» т. б. мағыналары барлығы белгілі (ТПЭИ, 1988, 15). Егер жоғарыда келтірілген *жар* есім тұлғасының (және оның фонетикалық варианттарының) түркі тілдеріндегі негізгі мағыналары «жарқабақ», «тік жаға», «жыра», «жартас» (Сонда, 15-б.) екендігін ескерсек, қаастырып отырған *Жарма* топонимінің түбірі *жар* элементінің негізінен «тік жаға, жар» және «жару, жыру» мағыналарындағы етістік — есім (синкретикалық) түбір сөз екендігі айқындалады. Топоним етістік *жар-* тұлғасынан туындал, «жырылған, жарылған жер; жыра, жыралы жер» мағынасын білдіреді. Бул атау Қазақстанның өзге жерлерінде де көптеп ұшырайды. Мұның себебі — жер рельефинің селмен, қарғын сулармен жарылған, жырылған, шайылған тұстарының көптігінде.

**ЖАРМАҒАМБЕТ** (Жармагамбет) — бейіт, Ақад. ауд. Осы кісі қойылған бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖАРТАС** (Жартас) — таулар, биік. 956,3 м, 847,2 м, 742,2 м, Ақтоғ., Ақад. Ұлыт. ауд.-да (Қаракенгір өз.-нің солт. шығ. жағ.-да), өз., Шет ауд., баст., жер, Ақад. ауд., дәң., жер, Жанаар. ауд., Топоним «құлама, терең құзды биік тастары бар тау» үғымын білдіреді. Е. Қойшыбаев *жартас* атауы құрамындағы *жар* элементін көне түркі тілдеріндегі *чар//шар* тұлғаларымен қатысты ма деп

жорамалдайды (1985, 237). Біздіңше, бұл пікір дәлелдеуді керек етеді.

**ЖАРТАСҚАРАСУ** (Жартаскарасу) — жер, Ақад. ауд. *Жартас* (зат есім) және *Қарасу*<қара (сын есім)+*су* (зат есім) сөздерінің қосарлануы арқылы жасалған атау. Жартасты жерде ағып жатқан азғантай тұнық сүйе бар, жарлы терең, сай мағынасын анфартады.

**ЖАРТУСКЕН** (Жартускен) — тау, қыст., Ақад. ауд., Қайрақты пос.-нің маңында. *Жар* (зат есім) және *түскен* (етістіктің есімше тұлғасы) сөздерінің бірігүі арқылы жасалған атау. Беткейлері тік киялъ, құлама жартасты, тік жарқабакты болып төніп тұратындығынан тау осылай аталса керек.

**ЖАРТЫБАЙТАС** (Жартыбайтас) — тау, биік. 800,9 м, Ақад. ауд. Жартыбай есімді кісі мекендереген тау мәніндегі атау.

**ЖАРЫБАЙАЙФЫР** (Жарыбайайғыр) — жер, Шет ауд. Жарыбай есімді кісінің жылқысы жусайтын жайылым жер болғандықтан, болмаса өзге бір себептермен (жазым болуы) койылған атау болуы мүмкін.

**ЖАРЫҚ** (Жарық) — тау, Актог. ауд.; баст., Ақад. ауд.; қтп, тжс, с., Жанаар. ауд.; жер, құд., тәбе, Жез. ауд. Е. Қойшыбаев жарық тұлғасы этникалық топ атын білдіреді дейді де, тува, хакас тілдеріндегі *чарық*//*чарых* тұлғаларымен салыстырады (1985, 113). Біздіңше, Жарық атауының табиғатын оның географиялық термин ретіндегі сипатына орай зерделеген жөн. Жарық сөзі түркі тілдерінің көпшілігінде: әзірб. *йараг*, түркм. *ярыг*, өзб. *ерик*, ног., тат. *ярык*, тува *чарык* тұлғаларында кездеседі де, «жер бетіндегі сызат, жарықшак, жарық; шатқал; ағып сулармен қатты шайылып, тілімденген жыралар, сай» мағыналарын береді (Мурзаев, 1984, 179). Сонымен, Жарық топонимі белгіленіп отырған обьектілеріне қатысты «тар шатқалды, қапшағайлы тау»; «акпа сулармен тілімденген жыралы, жарықшакты ойпаң жер және сол жерден қазылған құдық» мағыналарында қолданылады.

Ал енді Ақадыр ауданындағы елді мекен, станция атауы Жарық өзге ретпен койылған екен. Отзынышы жылдары бұл станция Сәкен (С. Сейфуллиннің 40 жасқа толу құрметіне) деп аталған. Кейін Сәкен репрессияға ұшыраған соң Жарық болып өзгертилген. Нұрлы, сәулетті заманды мензеген, символдық мәнмен койылған атау.

**ЖАРЫҚҚҰДЫҚ** (Жарыккудук) — бұл., Шет ауд., құд., Жанаар. ауд. Жарық (сын есім) және құдық (зат есім) сөздерінің бірігүі арқылы жасалған атау. «Терең сайдагы, өзектегі құдық».

**ЖАРЫҚТАҚЫР** (Жарыктакыр) — жер, Жанаар. ауд., Олжабай қыст.-ның онт.-шығ. жағында. Жарық (сын есім) және *такыр* (зат есім) сөздерінің бірігүі арқылы жасалған атау. Мағынасы:

«бетінде сызат, жарықшағы көп тақыр, жалаңаш (өсімдікіз жер».

**ЖАРЫҚШАҚ** (Жарыкшак) — *бейіт*, Ақтоғ. ауд. Жарықшақты, жарылған, жыралы жердегі бейіт деген мәндегі атау болса керек.

**ЖАРЫЛГАП** (Жарылгап) — *бейіт*, Акад. ауд. Осы кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖАСТЕРЕК** (Жастерек) — *e. m.*, Ақад. ауд., Қайрақты пос.-нің солт.-бат. жағ.-да. *Жас* (сын есім) және *терек* (зат есім) сөздерінің бірігүйен жасалған атау. Мағынасы: «балан, жас ағаш, терек ескен жер». Түркі тілдерінде *терек* сөзі тек қана «терек (тополь)» тар мағынасын емес, жалпы ағаш атаулыны білдіретін мәлім. (Мусаев, 1975). Эртүрлі дыбыстық өзгеріске түсे келіп *дараж* (к)//*дараж*//*терек*//*дерек* тұлғаларында айтылып, «ағаш» (жалпы) мағынасында да колданылады. Мәселен, өзбек тілінде *дараж* «ағаш».

**ЖАСЫЛ** (Жасыл) — *тау*, биік. 548,2 м, Ақад. ауд., Такырқұдық құдығы манайнда. «Беткейінде жасыл желекті қалың ағаш, әртүрлі өсімдік өсіп көкжасыл боп тұратын тау» мағынасындағы атау.

**ЖАТБАЙ** (Жатбай) — *бейіт*, Приоз. ауд. Осы кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖАТЫҚЖЕР** (Жатыкжер) — *жер*, Жез. ауд. *Жатық* (сын есім) және *жер* (зат есім) сөздерінің бірігүй арқылы жасалған. «Жазық, ой-шұқыры аз, кедір-бұдырысыз тегіс жер» мағынасындағы атау.

**ЖАТЫҚТАУ** (Жатыктау) — *жер*, Жанаар. ауд. *Жатық* (сын есім) және *тау* (зат есім) сөздерінің бірігүй арқылы жасалған атау. Яғни «жатаған келген, аласа тау, жазық жер».

**ЖАУҚАШАРСАЙ** (Жаугашарсай) — өз., Ұлыт. ауд. *Жау* (зат есім) *қашар* (есімше) және *сай* (зат есім) сөздерінің бірігүй арқылы жасалған, үш компонентті курделі топоним. Ертеректе, жаугершілік заманда жонғар-калмак шапқыншылығы жиі болып тұрған кезде немесе өзге бір шайқастар устінде женілген жаулардың қашып, жан сауғалаған сайы осылай аталып кетсе керек. Ономастикалық номинацияда бұндай атаулар оқиғалық (событийные) деп саналады.

Аталған топоним құрамындағы *сай* компоненті түркі-монгол жер-су аттарында жиі ұшырасатын, мағыналық аясы кең географиялық термин. Қазақ, карақалпак, қыргыз тілдерінде *сай* «жыра», «құрғаған өзен арнасы», «кіші-гірім тау өзені»; өзіrbайжан, түркмен тілдерінде «чай — өзен», татар, қарақалпақ, башқұр тілдерінде *сай*, *һай* «терен емес, таяз»; өзбек тілінде *сой* 1) «тау өзені», «тау бұлағы»; 2) «өзен аңғары» т. б.

Біз қарастырып отырған *Жауқашар* топонимінің құрамындағы

**сай** сол тұста арнасы кейде құрғап кетіп отыратын өзен болуы мүмкін, қазір де бұл атау кіші-тірім өзенді білдіреді.

**ЖАУКАШТЫ** (Жаугашты) — жер, Жез. ауд., Мұрсай құдығы маңында. *Жау* (зат есім) және қашты (егестік) сөздерінің бірігүйнен жасалған. Жаугершілік заманнан қалған атау. Ғаламат бір жау-жорықта қашқан жауды өкшелей күшті келе жатып, «Жау қашты! Жау қашты!»— деп ұрандаған, атой салған батырлар сөзінен қалған атау болса керек.

**ЖАУМЕН** (Жаумен) — *taу*, Ақад. ауд. Этнотопонимнен қойылған атау болуы ықтимал.

**ЖАУЫНДЫ** (Жауынды) — жер, Жанаар. ауд. *Жауын* (зат есім) сөзі+ды (зат есімнен сын есім тудыратын косымша) арқылы жасалған атау. Мағынасы: «Жауын-шашыны жиі болатын жер».

**ЖАУЫНҚАР** (Жауынкар) — жер, Жез. ауд. *Жауын* (зат есім) және қар (зат есім) сөздерінің бірігүйнен жасалған атау. «Жауыны көп болатын, ықтасын-панасы аз, қарлы-борасынды жер» мағынасын білдіреді.

**ЖАУЫР** (Жауыр) — *taу*, Приоз. ауд.; *taу*, Шет. ауд., қазіргі атауы *Теміртау*. Топонимдік мағынасы: «ешқандай ағаш, өсімдік атаулы өспейтін қарақожыр, кедір-бұдыр тасты, жалтыр, жалаңаш *taу*».

**ЖАУЫРЫН** (Жауырын) — *taу*, биік. 420,0 м, Жанаар. ауд. Сыртқы түр-тұлғасы жауырын тәрізді күжіреп, дөңестеу келген-діктен аталып кетсе керек.

**ЖӘЙРЕМ** (Жайрем) — жұм. пос., Жезқазған қс.-не қарасты. Жергілікті тұрғындардың айтуыша, Жайраң деген қазак сөзінің орысша бұзылып айтылуынан Жайрем атауы қалыптаскан. Бұл жерде ран (шөп аты) қалың, бітік өседі еken де, қой жайылымына бірден-бір қолайлы болатын көрінеді. Содан қойды «ранға жай», «жай ранға» деген сөздер әдетке айналыпты. Сол Жайраңға сөзі айтыла келе жергілікті жерде Жайраң деген жер атына айналып кетеді. Жайраң атауын орыс тілінде Жайрам, кейіннен Жайрем деп бұрмалап, теріс айтып, жазылуы да әдетке айналып кете барады. Осы орыс тіліндегі Жайрем атауын қазақша да қайталай Жәйрем деп айтып, жазу қалыптасып кеткені байкалады.

**ЖӘКЕЙ** (Жакей) — *бейіт*, Жанаар. ауд., Сарысу өз.-нің солт.-де. Осы кісі қойылған бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖӘМЕНКЕЖАРТАС** (Жаменкежартас) — *taу*, Приоз. ауд. Жәменкек атты кісі аулының осы тау өнірін мекендеуімен байланысты аталғаны байқалады.

**ЖӘМЕРКЕ** (Жамерка) — *соп.*, Жанаар. ауд. Этнотопоним болса керек.

**ЖӘМШІ** (Жамши) — өз., Ақтоғ., Ақад., Шет ауд.-да. Жамшиы атауын қараныз.

**ЖӘҮЕН ҚОРАСЫ** (Жауен корасы) — жер, Ақад ауд. Жәүен есімді кісінің қыстау, корасы орналасқандықтан осылай аталып кетуі мүмкін.

**ЖЕБІРБАЙ** (Жебирбай) — тау, биік. 180,1 м, Жез. ауд., Ақшам маңында. Жебірбай есімді кісі аулының осы тау өнірін мекендеуімен байланысты аталып кеткені байқалады.

**ЖЕЗДІ** (Джезды) — өз. үз. 91 км, Сарысу алабында, құрғап бара жатқан өз., ауд. орт., с. тип. е. м. тжс., Жез. ауд.-да. Бұл жерде жездің, жез кенінің көп, мол болуына байланысты қойылған атау.

**ЖЕЗДІ БӨГЕҢІ** (су қоймасы) Джездинское водохранилище) — бөг., Жез. ауд. Жезді өзенін бөгеп, бұғаулап жасалған су қоймасы.

**ЖЕЗҚАЗҒАН** (Джезказган) — е. м. (қола дәуірінен қалған кен орындарының аты), қ., обл. орт. Никольск қс.-не қатысты жұм. пос., тжс. Жез (зат есім) және қазған (етістіктін есімше түрі) сөздерінен жасалған атау. «Жез қазылып алынған, жез кені өндірілген» деген мағынадағы көне атау.

**ЖЕЗТӨБЕ** (Жезтобе) — жер, Жанаар. ауд. Жез (зат есім) және тәбе (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Бұл атау да манайынан, қойнауынан жез кені шығуына, табылуына байланысты қойылған.

**ЖЕЙІРІ** (Жейри) — адыр, Ақад. ауд. Қазақ тіліндегі мағынасы түсініксіз атау.

**ЖЕКЕБЕЛГІ** (Жекебелги) — бейіт, Жез. ауд. Жеке (сын есім) — белгі (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Елсіз жерде айнала-төңіректегі жолдың бағдарын танытар белгі сынды болып жатқан жалғыз бейіт осылай аталып кетуі ықтимал.

**ЖЕКЕДУАН** (Жекедуан) — тау, биік. 692,1 м, Ақад. ауд. Жеке (сын есім) және дуан (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Дуан географиялық терминінің бір мағынасы «ашық, биік жер, өзеннің жарқабағы» (Мурзаев, 192). Осыған қарағанда, топонимнің мағынасы: «ашық жер, мидай жазықта, жеке, оқшау жатқан кіші-гірім тау» болса керек. Бұл текстес атау Жайық өзені бойында да бар. Мәселен, Дуванный — Бугор төбесі.

**ЖЕКЕЖАЛ** (Жекежал) — таулар, Ақад., Приоз. ауд.-да. Жеке (сын есім) және жал (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Көлбей созылып жатқан тізбек таулардың ортасынан дара, оқшау шығынды тұрған таудың биік жон, тік жалын сипаттай көрсеткен атау.

**ЖЕКЕН** (Жекен) — тау, биік. 746,9 м, жер (сай), Ұлыт. ауд. Жекен сөзінің тіліміздегі мағынасы «сазды, батпакты жерлерде

өсстін көпжылдық өсімдік» (КТС, 4, 53). Эпостық жырларда Суға біткен солқылдақ жекең деймін, Құдаін косқан косағым екен деймін (Қозы Қөрпеш Баян сұлу) деп келген жолдар бар. Ал өзге тілдерде, мысалы, алтай тілінде *jeeken* — құну (сусардың бір түрі) деген анды білдіреді екен (Молчанова, 179). Осы деректерге қараша, Жекең сөзінің топонимдік мағынасы — екі объектіге қатысты екі түрлі тәрізді. Біріншісі: Жекең тауы — сол тау бауырында құну (сусар) аны мекендеуімен байланысты аталуы мүмкін болса, екіншіден, Жекең атты жер (сай) — сазды, сулы, ылғалды жерде өсетін жекең өсімдігі атымен байланысты болса керек.

**ЖЕКЕТАЛ** (Жекетал) — *taу*, биік. 1006,6 м, Қонырат МТС-і жанында. Жеке (сын есім) және *tal* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Бұл атаудың курамындағы *жеке* сөзінің мағынасы айқын, ал екінші сыңардағы *tal* сөзінің топонимдік мағынасын Е. Қойшыбаев: «Қебіне рельеф сипаттын — ойлы-қырлы, таулы-далалы мекенді мензейді» деп топышлайды (1985, 214). Біздінше, бұл пікір орынды айтылған. Сал.: тәжік тілінде *таль* — «адыр, тауышық, дөңес, биік, қырат» мағыналарын береді. Араб, парсы тілдерінде де *тельль/тель/тал* «адыр» (Мурзаев, 542) ұғымын білдіреді. Жекетал топонимінің мағынасы, біріншіден, «жеке, дара түрған тау» ұғымына сайса, екіншіден, тау басында топ тал (тоғай) өсуімен байланысты да қалыптасуы мүмкін.

**ЖЕКЕТАУ** (Жекетау) — *ескі е. м.*, Талдыманақа өз.-нің батыра, Жанаар. ауд. Жеке (сын есім) және *taу* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Бұл атаудың мағынасы: «дара, саяқ, окшау, онаша тау».

**ЖЕКЕШАТ** (Жекешат) — *сай, жер*, Шет ауд. Жеке (сын есім) және *шат* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Мағынасы: «дара, онаша, окшау, терең сай, шатқал».

**ЖЕКЕШОҚЫ** (Жекешокы) — *taу*, биік. 502,2 м, Төребұтак өз.-нің солт.-де, Жанаар. ауд. Жеке (сын есім) және *шоқы* сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «дара, онаша, окшау, саяқ түрған аласа тау».

**ЖЕКСЕНБІ** (Жексенбі) — қыст., Жанаар. ауд. Жексенбі есімді кісі қыстаған мекен, жер аты.

**ЖЕЛДІАДЫР** (Жельдыадыр) — *шоқылар, дөңес, айр., ескі е. м.*, Ұлыт. ауд. Жел (зат есім) +*di* (зат есімнен сын есім тудыратын журнақ) және *адыр* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Мағынасы: «Ұдайы, жиі суырып жел соғып тұратын, жел етіндегі адыр, дөңесті (елді мекен) жер».

**ЖЕЛДІБАЙ** (Желдыбай) — *бейіт*, Оракбай тауынан шығ. жақта, Ақад. ауд. Осы кісі қойылған бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖЕЛКЕБАЙ** (Желкебай) — құд., Жез. ауд. Желкебай есімді кісі қазған, сол жаңға тән құдық.

**ЖЕЛКЕКТІ** (Желкекты) — *taу*, Жанаар. ауд. Желек сөзінің мағынасы қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «өн бойында сүті (ақ шырын) бар, ак үлпілдекті шөп текстес өсімдік» деп берілген (КТТС, 4, 65). Тау аты осы өсімдіктің мол өсуіне байланысты қоюылған болса керек.

**ЖЕЛКЕНТІ** (Желькенты) — *taу*, биік. 506,4 м, Жанаар. ауд. Желкен (зат есім) + сөзіне -*ti* (зат есімнен сын есім тудыратын жүрнәк) жалғанып жасалған. Таудың биік бір қырының желкен формасына үқсас бол, алystan ағарандап желкен тәрізді көрінуіне байланысты қоюылған атау болуы ықтимал.

**ЖЕЛТАУ** (Жельтау) — *таулар*, биік. 1016,5 м, биік. 862,0 м, Ақад., Ақтог., Жанаар. ауд.-да. Жел (зат есім) және *taу* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. «Басында үнемі жел соғып тұратын, самалды, желді тау» мағынасын анғартады.

**ЖЕҢІС** (Женис) — *e. м.*, рзд, кхз, схз. қыст-ы., Жанаар. ауд. Совет дәүірінде символдық мәнмен қоюылған атау.

**ЖЕПЕЙ** (Жепей) — *бейіт*, Шет ауд., Ақмая пос.-нін солт. шығ. жағ.-да. Жепей есімді кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖЕРКҮДЫҚ** (Жеркудук) — *бұл.*, Жез. ауд., Улкен Жезді өз.-нің бат.-да. Жер (зат есім) + құдық (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. «Құдық қазылған жер немесе құдығы бар жер» деген мәндегі атау.

**ЖЕРМОЛА** (Жермола) — *бейіт*, Ұлыт. ауд., Ақсай сайы төні-регінде. Жер (зат есім) және *мола* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «жермен-жексен болып, тегістеліп кеткен ескі, көне мола» немесе *молалы жер*.

**ЖЕРОБА** (Жероба) — *жер*, Жанаар. ауд. Атау *жер* (зат есім) және *оба* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Мағынасы: «обалы, тәмпешік-дәңесті жер» дегенді анғартады.

**ЖЕРТАС** (Жертас) — *жер*, Жанаар. ауд. Жер (зат есім) және *тас* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. «Тасты, шақат, тастак жер» мағынасындағы атау.

**ЖЕРИККҮДЫҚ** (Жериккудук) — құд., Ақад. ауд. Жерік (зат есім) және құдық (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. «Суы дәмді әрі суық, ауыз суға жарамды болғандықтан аталса керек.

**ЖЕТИҚОНЫР** (Жетыконур) — құм., ұз. 35 км, ені 20 км, схз. Жез. ауд. Жеті (сан есім) және қоңыр (сын есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Орталық Қазақстандағы аумағы үлкен жерді алып жатқан құм, F. Қонқашпаев бұл атауды «жеті кара-уытқан биіктік» деп түсіндіреді (1963, 47). Е. Қойшыбаев Жеті-

**қоңыр «бетпак»** үғымындағы ұшы-қырысыз шөлдің аты деп келіп, қоңыр сөзін этномим деп қарайды (1985, 117). Біздің оймызыша, бұл атау көнеден келе жатқан, орасан ұлken жерде көсіліп, көлбей созылып жатқан құмдарды білдіреді. Алыстан ұлken-ұлken жеті құм төбе қарауытып, қоңырқайланып көзге шалынатындықтан халық «жеті қоңыр құм» деп атаған, келе-келе тілдік экономия заңы әсерімен соңғы құм сынары түсіп қалып, Жетіқоңыр атасы содан қалыптасса керек. Атаудың аңғартатын тағы бір қосымша мағынасы «қасиетті, киелі, малға жайлы қоңыр бүйрарат». Құні бүгінге дейін Жетіқоңыр малшылары малын қыс бойы колға каратпай, құмға жайып шығады екен. Бәлкім атау құрамындағы жеті сөзі басында сандық үғымды білдіргенімен, келе-келе «киелі», «қасиетті», «жайлы» мағыналарында тұрқтанаңып, қалыптасса керек. Салыстырыныз: Жеті қат көк, жеті ғалам, жеті ғұние, жеті жүрг, жеті амал т. б. сөз тіркестеріндегі «жетілер» о баста халықтың тұрмыстық, мифологиялық түсініктеріне орай сандық мәлшерді білдіргенмен, бертін келе көмексленіп, тұрқаты сөз орамдарында түйінделген, консервацияға ұшыраған.

**ЖЕТИҚҰДЫҚ** (Жетықудук) — құд., Жез. ауд. *Жеті* (сан есім) және құдық (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атасу. Атаудың топонимдік мағынасы: «құдығы мол, қатар-қатар біриеше құдығы бар жер» дегенді аңғартса керек, Айта кетер жайт, қазак халқы үшін үш, жеті, тоғыз, қырық сияқты сандардың ежелден келе жатқан «киелі»; «қасиетті» мәні бары белгілі. Ауыз әдебиеті нұсқаларымен туракты сөз тіркестерінде осы сандармен келетін сөздер аз емес. Мысалы: «жұт жеті ағайынды», «жеті жарғы», «жерден жеті қоян тапқандай» т. б. Осы үғым-сана топонимдерде де ізін қалдырған. Мәселен, *Үшқара*, *Үшөзек*, *Үш жылға*, *Үшкөл* т. б.; *Тоғызкен*, *Тоғызбай* т. б. Бұл сандар көбінде атаудың дәл сандық көрсеткіші емес, «көп», «бірнеше» мағыналарын білдіреді.

**ЖЕТИҚЫЗ** (Жетикызы) — құрғ. өз., Шағырлы-Жыланшық өз. -нің солт.-де, Ұлыт. ауд. *Жеті* (сан есім) және қызы (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Халық жер-су атауларын әдетте белгілі бір оқиғаларға байланысты да көп қойып отырған. Өзеннің *Жеті-қызы* аталуы негізінде белгілі бір аныз немесе тарихи оқиғалар сирьы, ізі жатса керек.

**ЖЕТИМСАЙ** (Жетымсай) — жер, Жанаар. ауд. *Жетім* (сан есім) және *сай* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атасу. Этнотопоним (ру) болуы мүмкін.

**ЖЕТИМТАУ** (Жетымтау) — *taу*, биік. 263 м, Ақад. ауд., Тасбулақ сайынан оңт. жакта. *Жетім* (сан есім) және *taу* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атасу. Этнотопоним (ру) болу керек.

**ЖЕТИМТӨБЕ** (Жетымтобе) — *taу*, Ұлыт. ауд., 1 Май кхз-нан

онт. жакта. **Жетім** (сын есім) және төбе (зат есім) сөздерінің бірігүі арқылы жасалған. Этнотопоним.

**ЖЕТІМШОҚЫ** (Жетымшокы) — жер, Актоғ. ауд. **Жетім** (сын есім) және шоқы (зат есім) сөздерінің бірігүі арқылы жасалған атаяу. Этнотопоним немесе осы жердегі кішкентай ғана, жатағандау жалғыз шоқымен байланысты аталып кетуі мүмкін.

**ЖИДЕ** (Жиде) — құрг. өз., Жез. ауд., Қарасире өз.-нің онт.-шығ. жағ.-да. Өзен жағасында жиде ағашы өсетіндіктен қойылған атаяу.

**ЖИДЕБАЙ** (Жидебай) — құд., Жез., ауд.; жер, Жанаар. ауд. Бұл жер (сай) аты Жидебай аулы мекендегендіктен солай аталған. Жидебай есімді кісі қазған, сол иемденген құдық.

**ЖИДЕЛІ** (Жидели) — тау, биік. 419,7 м, құрг. арна, құм, құд., Жанаар. ауд.; қыст., Жез. ауд. **Жиде** (зат есім) сөзіне «лы/-лы, -ды//-ди» сын есім косымшасы жалғануы арқылы жасалған атаяу. Атаяу осы географиялық объектілер төнірегінде жиде ағашының көптен өсуімен байланысты қойылған.

**ЖИДЕЛІҚҰДЫҚ** (Жиделикудук) — құд., Жанаар. ауд. **Жиде** (зат есім)+сын есім жұрнағы -лі және құдық (зат есім) сөздерінің бірігүі арқылы жасалған атаяу. Мағынасы: «айналасында жиде өскен, жидесі бар жердегі құдық».

**ЖИДЕЛІҚҰМ** (Жиделикум) — құм., Жез. ауд. **Жиде** (зат есім)+лі (сын есім журнағы) және құм сөздерінен жасалған атаяу. Бұл атая да сол жерде (құмда) жиде өсімдігінің өсуіне, сол манда жиденің көптігіне байланысты қойылған.

**ЖИДЕЛІӨЗЕН** (Жиделиузень) — өз., Жез. ауд., Ақтас пос.-нен бат. жакта. **Жиде** (зат есім)+лі (сын есім жұрнағы) және өзен сөздері бірігүінен жасалған атаяу. «Жағасында жиде өсетін өзен» дегенді білдіреді.

**ЖИДЕЛІСАЙ** (Жиделисай) — өз., Шет ауд.; құрг. өз., Жез. ауд., Жыланды өз.-нің онт.-де. **Жиде** (зат есім)+лі (сын есім қосымшасы) және сай сөздерінің бірігүінен жасалған. Атаудың мағынасы: «жағасында жиде өсетін кіші-гірім сай, өзен».

**ЖИДЕЛІ СЕРІКТІГІ** (Товарищество Жидели) — е. м., Жанаар. ауд. Колхоздастыру кезінде құрылған шағын колективтік бірлестік, толтар аты.

**ЖИЕНБАЙ** (Жиенбай) — өз., Актоғ. ауд. Жиенбай есімді кісі ауылы жағасында жайлайған өзен болуы мүмкін.

**ЖИЕНҚҰЛМОЛА** (Жиенкулмола) — бейіт, Жез. ауд., Ақшала елді мекені жанында. Жиенқұл есімді кісі жерленген мола, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖИМЫҚЫ** (Жимыкы) — өз. (құрғап бара жатқан) Жез. ауд. Жимықы атаяун қараңыз.

**ЖИРЕКҚҰДЫҚ** (Жиреккудук) — жер, Приоз. ауд. Жирек

(зат есім) және құдық (зат есім) сөздерінің бірігүі арқылы жасалған атау. Мағынасы түсініксіз.

**ЖИРЕНБАЙСАЙ** (Жиренбайсай) — шат, Жез. ауд. Жиренбай есімді кісі аулы мекендеген терен сай, шатқал осылай аталып кеткен.

**ЖИЯКЕЛДІКӨЛ** (Жиягельдықоль) — көл, Жанаар. ауд. Жиякелді есімді кісі мекендегендіктен осылай аталған.

**ЖОФАРҒЫ КЕНГІР БӨГЕҢІ** (Верхнекенгирское водохранилище) — су қоймасы. Кенгір өз.-нің төменгі ағысындағы бөген аты, ұз. 25 км. *Кеңгір* атауының мағынасын қараныз.

**ЖОЛ** (Жол) — дөң, Ақад. ауд.; тау, биік. 201,2 м, Ұлыт. ауд. Бозшакөлдің онт. жағ.-да. Жол осы объектілер арқылы өтетін болғандықтан аталып кетсе керек.

**ЖОЛАРТЫ** (Жоларты) — тәбе, биік. 253,6 м, Жез. ауд. Құйған қыст.-ның жанында. Жол және арт (-ы тәуелдік жалғау) сөздерінің бірігүі арқылы жасалған атау. Мағынасы «жолдың ту сыртындағы, жол артындағы тәбе».

**ЖОЛДАН** (Жолдан) — зират, Ақад. ауд. Осы аттас кісі қойылған бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖОЛДАС** (Жолдас) — баст., Ақад. ауд. Жолдас есімді кісі көзін ашып, өзі мекендей, иемденген бастау осылай аталған болса керек.

**ЖОЛТӨБЕ** (Жолтобе) — тау, биік. 139,8 м, Жез. ауд., Арыстан құдығы жанында. Жол (зат есім) және тәбе (зат есім) сөздерінің бірігүі арқылы жасалған атау. «Жол бойындағы кішкентай, аласа шоқы, тәбе, таушық мағынасын аңғартады».

**ЖОМАРТ** (Жомарт) — е. м., тау, биік. 408,8 м, Жанаар. ауд. Атау екі түрлі мотивпен ( себеппен) қойылуы мүмкін: 1) Кісі есімімен немесе этнониммен байланысты; 2) аталған жер, таудың өнірі шаруаға жайлышы, сусы мол берекелігімен байланысты болса керек.

**ЖОНДЫ** (Жонды) — тау, биік. 884,6 м, Ақад. ауд. Жон (зат есім) +ды (сын есім косымшасы). Атау «қырқалы, жоталы, жалжал тау» мағынасын аңғартады.

**ЖОРҚАБАЙ** (Жорхабай) — бейіт, Жез. ауд. Жорқабай есімді кісі қойылған бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖОРЫҚ** (Жорық) — қтп., Шет ауд. Жаугершілік жорықтар жин болып түрган шактарда қойылған атау болуы мүмкін.

**ЖОСА** (Жоса) — тар., өз., ұз. 135 км, Шалкар алабында, Жез. ауд. Өзеннің жоса түстес қанқызыл боп ағуымен байланысты аталған болса керек.

**ЖОСАБАЙ АЛТЫН ҚЕҢІ** — (Жосабайское золотое месторождение) — Шет ауд., Ақшатау руднігіне жапсарлас кен орны. Кісі есімінен қойылған елді мекен маңынан табылған алтын кені.

**ЖОСАЛЫ** (Жосалы) — тау, биік. 1100,3 м, Шет ауд.; тау, биік.

977,7 м, тау, биік, 963,3 м, Ақтоғ. ауд.; төбе, биік. 596,5 м, құрғ. өз., Жанаар. ауд., Төребұтак өз.-нің оңт.-де. Бұл атау да аталған тау, өзен атырында жосаның көп, мол болуымен байланысты қойылған.

**ЖОСАСАЙ** (Жосасай) — ескі е. м., Жез. ауд. **Жоса** (зат есім) және **сай** (зат есім) сөздерінің бірігі арқылы жасалған атау. Елді мекен төңірегіндегі сайда жосаның мол болуымен байланысты **Жосасай**, **Жосалысай** аталса керек.

**ЖОТА** (Жота) — дөң, Жанаар. ауд., Жиделі құрғ. өзені маңында. Атау кіші-гірім дөң, қырқаға қойылған. Географиялық терминологияда **жота** сөзі «тау қырқасы», «жон» мағыналарында жиі колданылады.

**ЖОШЫХАН** (Джучихан) — мавзолей (күмбез), Ұлыт. ауд. Ұлытау өнірінде Қаракенгір өзені бойында алыстан асқақ та айбарлы мұнарта көз тартып тұрған күмбез-ғимарат Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының басына салынған белгі. Бұл мазардың Жошы хан кешені екендігін ел есінде ертеден келе жатқан аныз-әнгімелер, құпия сырға толы «Ақсакқұлан» күйі, көкірегі ашық, көзі ояу көнекөз кариялар әнгімесі баян етеді.

Шыңғыстың канды жортуылдарда сенімді жаугер серігі болған Жошы қыпшақ даласын жаулап алған соң бертін келе сахара тұрмысының карапайым болмысына тәтті болған екен. Әсіре қызылдан, сарай манындық мәжбүрлік міндеттен ада даланың ойынсауығына, асыл өнеріне құлай берілген. В. Г. Тизенгаузен деректері бойынша: Жошы қыпшактардың жері мен сүйн, ауасын көрген кезде дүниеде бұдан артық саф ауаның, мәлдір судың болуы мүмкін еместігін ұғып, қыпшактарды жақсы көріп кеткені сонша, өзі осында қалып, бұл елді бүліншіліктен азат етуге бел байлаған; ол өзінің пікірлес адамдарына Шыңғыс хан сірә есінен алжасқан, өйткені ол осыншама жерді ойрандал, қырғынға ұшыратып отыр, сондықтан мен аңға шықкан кезде әкемді өлтіріп, мұсылмандармен одак құратын шығармын дегенді айтқан. Оның бұл ойын Шагатай сезіп қалып, әкесіне жеткізген де, әкесі білдірмей Жошыға у беріп өлтіруге әмір еткен» (Тизенгаузен, 1941, 13-б.).

Қатігез Шыңғыс ашу-зәр үстінде өз ұлын ажалға байласа да, «жаман хабар әкелген жанының көмейіне қорғасын құямын!» деп алас үрады. Шынында да Жошыдай азуын айға білеген жау жүрек қолбасшының жабағының үлкендігіндегі құланинан мерт болды деу күмәнді қисын. Тарихта билеуші әulet өкілдерінің тақ-тәж үшін қандас-қаналас бауырларының ғұмырларын қыршынынан қызып отыргандыры жақсы мәлім. Ал Жошы хан сүйегі нәк осы мазарда ма деген сауал төңірегінде де керегар пікірлер болған. Жошы жайлы өзіне дейінгі бар деректі корыта келе Орта Азия тарихшысы әрі ақын Хафіз Тыныш Жошы мавзолейінің Ұлытау

өнірінде Сарысу бойында екендігін күмәнсіз деп табады. Жошы мазары жайлы XIII ғасырда жасаған араб ғұламасы Ибн-әл-Асир, В. Г. Тизенгаузен, Э. Марғұлан, К. Сәтбаевтар жазды. Жазушы А. Сейдімбеков мазарды 1227—1255 жылдары Жошының үшінші ұлы Берке хан тұсында салынса керек деген болжам түйеді. (Жошы хан мавзолейі жайлы толығырақ мағлұматты А. Сейдімбековтің «Құңгір-құңгір күмбездер» (Алматы, 1981) атты кітабынан қарандыз).

**ЖУАНҚАРА** (Жуанкара) — *taу*, биік. 478,5 м, Приоз. ауд., Жусантөбе тауы төңірегінде. *Жуан* (сын есім) және *қара* (субстантивтенген сын есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «алып жатқан аумағы үлкен, қомақты келген аса биік емес мырым тау»,

**ЖУАНҚОНЫР** (Жуанконыр) — *таулар*, биік. 1058,3 м, биік. 947,7 м, Ақад. ауд., Ақтоғ. ауд.-да. Атау *жуан* (сын есім) және *қоңыр* (субстантивтенген зат есім) сөздерінен жасалған. Атаудың екінші сынары *қоңыр* топонимдер құрамында үнемі кездеседі де, тәбе, дөң, тауларға байланысты жіңі айттылады. Бұның тауды білдіретін топонимдік мағынасы монгол тілінде де кездеседі: Мәселен: Хангай тауының бір сілемі хар — хонар (кар — коныр) деп аталады. Ф. Конқашпаевтың пікірінше, Қазақстанның орталық өнірінде *қоңыр* сөзі «өсімдік өскен құмдақ тәбе, адырлар» деген терминологиялық мәнге ие (Конқашпаев, 1951). Таулы Алтай топонимдеріне қатысты *қоңыр* сөзінің мағынасын О. Т. Молчанова тек кана түспен байланыстырады. Топонимдерде бұл сез қосымша мәнге ие болмай, реалийлердің реңкіне караң «қоңырқай, кара-қоңыр», «жирен» түстерін білдіреді деп санайды». Біздің ойымызша, *Жуанқоңыр* атауының құрамындағы *қоңыр* компоненті «тәбе, адыр» топонимдік мағынасын аңғартады. Атау «тәбесі аса биік емес, жай-пақ келген үлкен тау» мағынасын береді.

**ЖУАНТӨБЕ** (Жуантобе) — *тау*, биік. 634,9 м, Ақад. ауд.; *тау*, биік. 442,5 м, Жанаар. ауд. *Жуан* (сын есім) және *тәбе* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Мағынасы: «бас жағы үшкір емес, доғал біткен, жалпак, үлкен тәбе, тау, адырлар».

**ЖУСАН** (Жусан) — *жер*, Ақад. ауд., Жусан өсімдігі өсстін жер, алап мағынасындағы атау.

**ЖУСАНДЫ** (Жусанды) — *тәбе*, биік. 136,8 м, Жез. ауд. *Жусан* (зат есім) +*ды* (сын есім қосымшасы) атауы да осы тәбе беткейінде, айналасында жусанның мол өсуіне байланысты қойылған.

**ЖҰБАЙ** (Жубай) — *бейіт*, Жанаар. ауд., Төребұтак өз.-нің солт.-де. Жұбай есімді кісі қойылған, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖҰБАН ЭУЛИЕ** (Жубан аулие) — *мола*, Жанаар. ауд. Жұ-

бан есімді діндар, аузы дуалы болған ел жақсысы қойылған киелі, қастерлі мола, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖҰБАТ** (Жубат) — бұл., Жез. ауд., Үлкен Жезді өз.-нің батда. Кің есімінен қойылған атап болуы ықтимал.

**ЖҰМАБАЙ** (Жумабай) — құрг. өз., Ұлыт. ауд., Жыланшық өз.-нің солт.-де; бейіт, Жанаар., Ұлыт. ауд.-да. Жұмабай атты кісі аулы жағасында мекендеген өзен; осы аттас кісі қойылған бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖҰМАҒҰЛ** (Жумагул) — е. м., Ақтоғ. ауд.; жер, Приоз. ауд. Кің есімінен қойылған атап.

**ЖҰМАН** (Жуман) — қыст., Приоз. ауд. Жұман атты кісінің аулы қыстаған қыстау, елді мекен.

**ЖҰМАНАЙ** (Жуманай) — құрг. өз., Жанаар. ауд. Жұманай есімді кісі аулы жағасын жайлап, мекендеген өзен аты.

**ЖҰМАНБҰЛАҚ** (Жуманбулак) — баст., Ақад. ауд. «Жұманың бұлағы, сонын аулы немденген бұлақ» бастау мағынасындағы атап.

**ЖҰМЫРТҚАЛЫ** (Жумырткалы) — тау, Жанаар. ауд. Жұмыртқа (зат есім) сөзіне -лы (зат есімнен сын есім жасайдын жүрнек) косымшасы жалғануы арқылы жасалған атап. Тау жақпарларына құстар үялап, жиі жұмыртқа салуы себепті, құс жұмыртқасының көп болуымен байланысты аталса керек.

**ЖҰМЫСКЕР** (Жумыскер) — е. м., сс орт., Ақад. ауд., е. м., Шет ауд. Жұмыс (зат есім) сөзіне +кер (туынды зат есім қосымшасы) жалғанып жасалған атап. Октябрь революциясынан кейін қойылған саяси-әлеуметтік мәндегі атап.

**ЖҰПАРБАЙҚҰДЫҚ** (Жупарбайкудук) — құд., Ұлыт. ауд. Жұпарбай есімді кісі қазған, сол немденген құдық.

**ЖҰПЫРУШҚАЛА** (Жупурушкала) — зират, Жез. ауд. Мағынасы түсініксіз, құнгірт тартқан атап, бағдар-белгі.

**ЖҰРЫНБАЙ** (Журунбай) — е. м., Ақтоғ., Шет ауд.-да. Кің есімінен қойылған атап.

**ЖҰЗБАЙ** (Жузбай) — бейіт, Ақад. ауд. Осы кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖҰЗБАН** (Жузбан) — жер, Жез. ауд. Этнонимнен қойылған атап болуы мүмкін.

**ЖҰЗЖАСАР** (Жузжасар) — құд., Жанаар. ауд. Жұзжасар атты кісі қазған, сол немденген құдық.

**ЖҰНДІБАЙ** (Жундыбай) — бейіт, Ұлыт., Ақад. ауд.-да. Осы кіслер қойылған бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖҰНДІЖАЛ** (Жундыжал) — тау, Шет ауд. Жұн (зат есім) + ді (сын есім қосымшасы) және жал (зат есім) сөздерінен жасалған

атау. Тау беткейінде мұқ тәріздес өсімдіктің, бұталардың үйысып, тығыз өсуімен байланысты аталаپ кетсе керек.

**ЖҮНДІКҰДЫҚ** (Жундыкудук) — құд., Ұлыт. ауд. Жұн (зат есім) +di (туынды сын есім жүрнағы) және құдық (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Бұл топоним де атальыш құдықтың ішкі қабырға, жарында мұқ, балдыр тәріздес өсімдіктің үйысып қалып өсуімен байланысты аталуы мүмкін.

**ЖҮНДІКҰДЫҚСАЙ** (Жундыкудуксай) — құрг. арна, Жез. ауд. Жұн (зат есім) +di (сын есім қосымшасы) және құдық (зат есім), сай (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған курделі атау. Мағынасы: «Жундікұдық аталағын құдық қазылған сай».

**ЖҮНДІОБА** (Жундыоба) — тау, биік. 741,4 м, Жанаар. ауд. Жұнді <жұн (зат есім) +di (зат есімнен сын есім туындағының қосымша) және оба (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Топонимнің екінші сынары оба түркі-монгол тілдерінде мағыналас қолданылады. Монгол тілінде овоо — «үйінді, үйінді тас», «корған» мағынасын білдіреді. (Б. Базылған. 1984, 361). Ф. Конкашпаев казак тілінде оба сөзінің топонимикалық мәні «бійктік басында, кейде жазықта үйілген (қаланған) үлкен тас үйіндісі» деп көрсетеді (Конкашпаев, 1963, 138). Қырғыз тілінде обоо сөзінің «тастан жасалған тәбе тастар үйіндісі» мағыналарын көрсете келіп, К. К. Юдахин бір қызықты дерек келтіреді. Тас үйінділердің пайда болу себебі халықтың салтымен байланысты еken. Эдette, көшу үстінде — қыстаудан жайлайуға — асудан асар тұста ер адамдар аттан түсіп, 5—6 тасты үйіндіге лактырып тастан отырған, бірте-бірте бұл тастардан отырған кәдімгідей тәбе пайда болады. Бұл халық нағымы бойынша тау иесіне, рухына (дух горы) құрбандық шалу деп ұғынылған (Юдахин, 1985, 1, 60).

Сонымен, атау тәбе, жота, тау басындағы үйінді тастар арасында қалып болып үйыса, бытыса өскен жатаған, аласа бұталардың көрінісіне байланысты қалыптасса керек.

**ЖҮНІС** (Жунус) — бейіт, Ақтоғ, ауд. Осы кісі қойылған бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖҮРЕКАДЫР** (Журекадыр) — қыст., Ақтоғ, ауд. Жүрек (зат есім) және адыр (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Жүрек тәрізді үшкіл болып келген адыр, тәбе мағынасын білдіретін атау, сол мандағы қыстау.

**ЖҮРІСБАЙ** (Журуспай) — дөң, биік. 566 м, Акад. ауд., Сорта дөңінен 16 шақ. жерде. Кісі есімінен қойылған атау.

**ЖЫҚАНБҰЛАҚ** (Жиканбулак) — бұл., Жез. ауд., Ақши құдығының солт.-бат. жағ.-да. Жықан (кісі аты) және бұлақ (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған бұлақ аты.

**ЖЫЛАН** (Жылан) — тау, биік. 845,0 м, Акад. ауд. Жыланнның

көп мекендеуімен, жылан ордасының жиі ұшырасуымен байланысты қойылған атау.

**ЖЫЛАНБҰЛАҚ** (Жыланбулак) — жер, Жез. ауд. Жылан (зат есім) және бұлақ (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Жыланы бар жер, сай мағынасын білдіреді.

**ЖЫЛАНДЫ** (Жыланды) — өз., тау, Актөр. ауд.; тау, биік. 869,0 м, шоқы, құд., Ақад. ауд.; тау, құрғ. өз., сс., пос., жер, Жез. ауд.; тау, биік. 958,8 м., Шет ауд.; өз., құрғ. өз., тау, биік. 544,2 м, қыст., Ұлыт. ауд.; тау, биік. 519,8 м, тау, биік. 471,7 м, дөң, дөңес, Жанаарап. ауд.; шоқы, биік. 363 м, Приоз. ауд., Балқаш көлінің солт.-де 6 шақ. жерде. Атау осы аталған өнірлерде жыланның көптігімен, жылан ордаларының жиі кездесуімен байланысты қойылған. Жезқазған облысының табиги ерекшеліктері де осыған сәйкес.

**ЖЫЛАНДЫҚАЙНАР** (Жыландықайнар) — жер, Жез. ауд. Жыланды <жылан (зат есім) +ды (зат есімнен сын есім тудыратын косымша) және қайнар (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Бұл кайнарда жыланның көп болуымен, жыланның мекендеуімен байланысты аталған.

**ЖЫЛАНҚЫР** (Жыланқыр) — тау, биік. 157 м, Жез. ауд. Жылан (зат есім) және қыр (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Жылан көп мекендейтін, жыланы көп қыр (таушық) мәнін білдіреді.

**ЖЫЛАНДЫТӨБЕ** (Жыландытобе) — тау, биік. 375,5 м, Жез. ауд. Тұлкібай құд.-нан солт. жакта. Жылан (зат есім) +ды (туынды сын есім косымшасы) және төбе (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Бұл топоним де тау маңында жылан ордаларының жиі ұшырасуымен байланысты қойылған.

**ЖЫЛАНТАУ** (Жылантау) — тау, биік. 611,8 м, Ұлыт. ауд., Жыланшық өз.-нің онт.-де. Жылан (зат есім) және тау (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Жыланды тау, жылан көп мекендерген тау мағынасындағы атау.

**ЖЫЛАНТӨБЕ** (Жылантобе) — тау, биік. 529,7 м, Ұлыт. ауд.; тау, Жез. ауд. Жылан (зат есім) және төбе (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Бұл атау да Жылантау, Жыландытөбе атауларымен мәндес.

**ЖЫЛАНШЫҚ** (Жыланшик) — тау, биік. 839 м, тау, биік. 884,4 м, Актөр. ауд.; өз., Жанаар. ауд. құрғ. өз., Ұлыт. ауд., Шағырлы өз.-нің бойында; тау, Шет ауд. Жылан (зат есім) және шық (зат есім косымшасы) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Е. Қойшыбаевтың пікірінше, атау көне түркі тілінде *дъалан//йалан* формаларынан қалыптастан; *дъалан* — шық сөзінің қазақ тіліне бейімделген түрі, мағынасы: «далашық», яғни «кіші-гірім жазық» (1985, 121). F. Конқашпаев Жыланшық атауы «кішкентай жылан» (змейка) мағынасын білдіреді деп санайды (1963, 48).

**ЖЫЛАНШЫҚЕСПЕ** (Жыланшикеспе) — өз., Ақтөп. ауд., солт. Балқаш алабында, үз. 58 км. Жыланшық (зат есім) және *espe* (зат есім) сөздерінің бірігі арқылы жасалған атау. Топонимнің екінші сынары *espe* сөзі «жер астынан шығатын ыза су» мәнін білдіреді. Жыланшық өзені қоқтемде осы жер асты ыза суларымен арнасы толып ағатындықтан аталған, екінші сынары *espe* сөзі Қазақстанның әр өніріндегі өзен, көл, кейде елді мекен атаулары құрамында үшырасады. *Espe* сөзі Орталық Қазақстанда жер астынан шығатын ыза суларға және солардан әдette қоқтемде пайда болып, кейін арнасы құрғап кететін, немесе жекелеген қақ суларға (плес) бөлініп кететін өзендерге қатысты айтылады. Осыған орай жер астының су шығатын қабаты да *espe* деп аталады (Конкашпаев, 1951). *Espe* сөзінің сусыма күм мағынасын да барын Е. Қойшыбаев көрсетеді (1974, 88). Салыстыр: жел *esu*, күм *esu*. Қоңе түркі тілдерінде де осы мағыналас *es-* түбірі бар (ДТС, 183). Біз қарастырып отырган Жыланшықеспе атауы құрамындағы *espe* географиялық ортаға сәйкес ыза су мәнін білдіреді. Жыланшық өзені қоқтемде осы жерасты ыза суларымен арнасы толып ағатындықтан, атау құрамына *espe* сөзі үстеліп кетсе керек.

**ЖЫЛГА** (Жылга) — *жер*, Ақад. ауд. Қіші-гірім су (көбіне қар суы) ағып жататын сай (жер) мағынасындағы атау.

**ЖЫЛҚЫБАЙ** (Жылқыбай) — *taу*, Ақад. ауд. Кіci есімінен қойылған атау.

**ЖЫЛҚЫБАК** (Жылқыбак) — *зират*, Жез. ауд. Осы кісі жерленген зират, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖЫЛТЫР** (Жылтыр) — *жер*, Ұлыт. ауд., Шұңқыр қыст.-ның солт.-де. Атау өсімдігі мен ағашы аз тақыр жерге байланысты қойылса керек.

**ЖЫЛШОҚЫ** (Жылшокы) — *таулар*, Ақад. ауд. Жылы (сын есім) және *шоқы* (зат есім) сөздерінің бірігі арқылы жасалған атау. Айтыла келе бірінші сырар *жылы* сөзінің соңғы ы дыбысы түсіп қалып «жылшоқы» түрінде сіңіспін кеткен. Бұл атау тау баурайлары мен сай-саласының бораннан ықтасын, қыста жылы екендігіне мәнзеп қойылған. Бұл жерде республиканың басқа жерлерінде де Жылышай, Жылыжер деген атаулар бар.

**ЖЫЛЫҚӨН** (Жылыкон) — *е. м.*, Ақтөп. ауд. Жылы (сын есім) және қоң (зат есім) сөздерінің бірігі арқылы жасалған. Мағынасы: «жылы, мал-жанға жайлы қыстау».

**ЖЫЛЫСАЙ** (Жылысай) — *ескі қыст.*, Ұлыт. ауд., Жыланшық өз.-нің онт.-де. Жылы (сын есім) және *сай* (зат есім) сөздері бірігі арқылы жасалған атау. Мағынасы: «жан-жағы қалқа, қыста жылы, шаруаға жайлы сай».

**ЖЫМБАЙ** (Жымбай) — құд., Приоз. ауд. Жымбай есімді кісі қазған, сол иемденген құдық.

**ЖЫМЫҚЫ** (Жимыкы) — өз., Жез. ауд., үз. 105 км. Бұл атаудың бірінші сынарындағы жыныс Актөбе, Гурьев облыстарындағы Жем өзен атымен түбірлес сияқты. Бұл Жем атауы орта ғасырда Гем деп аталыпты. Ал Сібірдегі түркі халықтары Енисей өзенін Кем//Гем деп атағаны мәлім. Бұл жөнінде В. В. Радлов сөздігінде анық айтылған (1899, II, 1202—1203). А. Эбдірахманов пікірінше, «бұл өзен аты Гем деген сөзден қазақ тілінде бүрмаланып, Жем аталып, өзен мағынасын білдіруі мүмкін» (1975, 97). Біздің ойынызша, Жымықы атауындағы Жым сөзі де сол Гем//Жем сөздерінің дыбыстық түрғыдан өзгеріске түскен түрі, «өзен» деген мағынаны білдіруі ықтимал. Ал осы атаудың екінші сынарындағы ықы формантты финн-угор тілдеріндегі йоги//йоки, йыги «ағыс», «өзен» сөздерінің тілімізде қалыптасқан варианты болса керек. Демек, Жымықы атауының мағынасы «өзен», «үлкен өзен» дегенді білдіретінін көреміз.

**ЖЫНГЫЛДЫ** (Жынгылды) — жер, Жанаар. ауд., Сарысу өз.-нің оңт.-де. Атау жынгылдың мол өсүіне байланысты қойылған.

**ЖЫНГЫЛДЫҚАҚ** (Жынгылдықақ) — жер, Жез. ауд., Жынгылды өзек өз.-нің солт.-де, Жанаар. ауд. Жынгыл (зат есім) +ды (сын есім қосымшасы) және қақ (зат есім) сөздерінен бірігіп жасалған атау. Мағынасы: «қалың жынгыл өскен жердегі қақ суы жиналған жер».

**ЖЫНГЫЛДЫҚАҚМОЛА** (Жынгылдықамола) — бейіт, Ақад. ауд., Акши құд.-ның бат.-да. Жынгыл (зат есім) +ды (сын есім қосымшасы) — қақ (зат есім) және мола (зат есім) сөздерінің тіркесуі арқылы жасалған күрделі атау. Жынгылдықақ деген жердегі бейіттің сол жер атымен аталып кеткені байқалады.

**ЖЫНГЫЛДЫӨЗЕК** (Жынгылды өзек) — өз., үз. 222 км., Жез. ауд.; өз., Жанаар. ауд. Жынгыл (зат есім) +ды (сын есім қосымшасы) және өзек (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Мағынасы: «жағасында жынгыл көп өсетін, жынгылы қалың өзен».

**ЖЫНГЫЛСАЙ** (Жынгылсай) — есқі арна, Жез. ауд. Жынгыл (зат есім) +сай (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «қойнауында жынгыл қалың өсетін жынгылды сай».

**ЖЫРАБУЛАҚСАЙ** (Жырабулаксай) — сай, Жез. ауд. Жыра (зат есім) +булақ (зат есім) және сай (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалатын атау.

**ЖЫРАҚҰДЫҚ** (Жыракудук) — бұл., Ұлыт. ауд., Жыланшық өз.-нің оңт.-де. Жыра (зат есім) және құдық (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Мағынасы: «жырадан ойпаң жерден казылған құдық».

**ЖІГЕРЛІ** (Жигерли) — кхз. Жез. ауд. Совет дәүірінде — жана заман тынысына үндестіріле қойылған атау. Жана қоғам орнату-

да, колективтік шаруашылықты дамытуда қайрат, жігер көрсете-йік деген нистепен қойылған атау.

**ЖІҢІШКЕ** (Жинишке) — өз., ұз. 65 км, е. м. Ақтөг. ауд.; құрғ. өз., Приоз. ауд. Атау өзеннің жіңішкеріп ағатындығымен байла-нысты қойылған; сол өзен атырабындағы елді мекен де осылайша аталып кеткен.

**ЖІҢІШКЕЖАЛ** (Жинишкежал) — тау, биік. 685,9 м, Ұлыт. ауд. Жіңішке (сын есім) және жал (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Таудың жал-қыры алыстан қарағанда жіңішке көрініп, көлбей созылып жатуына орай қойылса керек.

**ЖІҢІШКЕҚҰМ** (Жинишкекүм) — жер, құм, шат, Жез. ауд. Жіңішке (сын есім) және құм (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Мағынасы: «жіңішке алқапты алып жатқан жер, құм» дегенге саяды.

**ЖІҢІШКЕСАЙ** (Жинишкесай) — құрғ. арна, Жез. ауд. Жіңішке (сын есім) және сай (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «жіңішке алқапты алып жатқан жер, құм» дегенге саяды.

**ЖІҢІШКЕСАЙ** (Жинишкесай) — құрғ. арна, Жез. ауд. Жіңішке (сын есім) және сай (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «арнасы жіңішке келген кіші-тірім өзен». Бертінде құрғап кеткен болса керек.

**ЖІҢІШКЕТАУ** (Жинишкетау) — тау, биік. 298,8 м, Жез. ауд. Жіңішке (сын есім) және тау (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Тау аумағының жалпақ не жуан емес, жіңішкелігін, кішкенелігін мензеген атау.

### — 3 —

**ЗАГОТСКОТ** (Заготскот) — қыст., Ақтөг. ауд. Орыстың загот ~ заготовка (дайындау)+скот(а) (мал) деген сөздерінен жасалған, мекеме атынан қойылған қыстау аты.

**ЗАИМКА** (Зaimka) — е. м., Шет ауд. Аз үлі қоныс дегенді білдіретін орыс сөзінен қойылған.

**ЗЕЙНЕКЕН** (Зейнекен) — жер, Шет ауд. Кісі атынан қойылған жер аты.

**ЗЕКЕТ** (Зекет, — тар., қыст., Ұлыт. ауд. Бұл жерде революцияға дейін зекет жинаған болуы керек.

**ЗИЯНАТ** (Зиянат) — мола, Шет ауд. Осы кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ЗОРАДЫР** (Зорадыр) — тау, биік. 590 м, Жез. ауд. Зор (сын есім)+адыр (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Мағынасы: «ұлкен, биік адыр, шоқы, тау».

**ЗОРБИИК** (Зорбиик) — тау, биік. 592 м, Ақад. ауд., Сарыша-

ған тұжында, *Зор* (сын есім) + биқ (зат есім мағынасындағы сын есім) сөздерінің косылуынан жасалған. Мағынасы: «ұлкен, еренбік тау».

**ЗОРТӨБЕ** (Зортобе) — *taу*, биқ. 595,2 м, Жез. ауд. Ұлкен Жезді өз.-нің бат.-да. *Зор* (сын есім) + тәбе (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «ұлкен тәбе, биқ тәбе, болмаса тау».

**ЗОРТУЛІКІ** (Зортульки) — *taу*, биқ. 516,5 м, Жанаар. ауд.; *taу*, биқ. 688,0 м, Ұлыт. ауд. *Зор* (сын есім) + тұлкі (зат есім) сөздерінің косылуынан жасалған. Алдымен тауда тұлкі көп болған соң «тұлкітау» деп аталған да, кейін алдынан зор деген сөз үстемеленген. Топонимнің мағынасы: «тұлкісі көп ұлкен тәбе, тау».

**ЗІЛҚАРА** (Зилькара) — *бейіт*, Жез. ауд., *бейіт*, Ұлыт. ауд., Шағырылды өз.-нің онт.-де. Осы адам жерленген зират, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

## — И —

**ИБАЖАН** (Ибажан) — *мола*, Ұлыт. ауд., Қаптыадыр тауының солт.-шығ.-да. Осы кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ИГІЛІК** (Игилик) — құд., Жез. ауд., Жымықы өз.-нің онт.-де. Кісі атынан қойылған құдық аты.

**ИЗВЕСТКОВЫЙ** (Известковый) — *с. тип. е. м.*, Жез. ауд. Орыстың «извест» (әктас, ізбес) деген сөзінен алынған. Мағынасы: «әктасты», «ізбесті».

**ИЛЬИНКА** (Ильинка) — *айр.*, Ақад. ауд. Илья деген кісі атына, немесе Ильин деген фамилияға байланысты қойылған атау.

**ИЛУЛІ** (Илулы) — *таулар*, Ақад. ауд. Орысша бүрмаланып кате жазылған атау, сондықтан мағынасы түсініксіз.

**ИМАНБАЙ** (Иманбай) — *бейіт*, Жез. ауд., Байқоңыр өз.-нің солт.-де. Осы кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ИМАНҚОЖА** (Иманқожа) — *жер*, Ұлыт. ауд. Кісі атынан қойылған жер аты.

**ИМАНШЕГЕН** (Иманшеген) — құд., Жез. ауд. *Иман* (кісі аты, зат есім) + шеген (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «Иман деген кісінің құдығы».

**ИМЕК** (Имек) — *taу*, № 4 ферма, Ақтоғ. ауд. Имек тау — «іілген, іінкі келген тау» деген мағына береді.

**ИРЕК** (Ирек) — *taу*, биқ. 431,1 м, Приоз. ауд.. Қарататудың солт.-шығ. *Ирек* (сын есім) сөзі таудың созылынқы келіп иректелген көрінісін дәл береді.

**ИСА** (Иса) — *taу*, Ақад. ау.

ған.

**ИСАБАЙ** (Исабай) — *бейіт*, Приоз. ауд. Осы кісі жерленген зират, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ИСАБЕК** (Исабек) — *бейіт*, Ақад. ауд. Осы адам жерленген зират, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ИСАБЕК** Қарасуы (Исабек — Карасу) — *өз.*, Жанаар. ауд. Отаятас тауының онт.-де. *Исабек* (кісі аты) + қарасуы (зат есім, географиялық термин) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «осы қарасудың маңында Исабек деген кісінің қонысы болғаны» білдіреді.

**ИСАЛЫҚ** (Исалық) — *таулар*, Ұлыт. ауд. Кісі атынан қойылған тау аты.

**ИСМАҒҮЛ** (Исмагул) — *таулар*, Ақад. ауд. Кісі атынан қойылған тау аты.

**ИТАССАЙ** (Итассай) — *құр.* *өз.*, Жез. ауд. Мағынасы: «Итас сайы». Итас деген сөздің мағынасы түсініксіз.

**ИТАЗУ** (Итазу) — *тау, қорым, мола*, Ақад. ауд. Жанаар. ауд. Мағынасы да, формасы да бұрмаланған түсініксіз атау. Иттің азуына, немесе аузына ұқсатып қойылуы да мүмкін.

**ИТАУЫЗ** (Итауыз) — *тау*, биік. 278,9 м, қыст. Ұлыт. ауд. Жыланшық *өз.-нің* онт.-де.; *тау*, Жез. ауд., биік, 546,7 м, кен орны, Жезқазған қаласының солт.-бат.-да 35 км жерде. *Ит* (зат есім) + *ауыз* (зат есім) сөздерінен жасалған. Атаудың екі түрлі мағынасы болуы мүмкін: а) иттің аузына ұқсап, арасы арсынып жатқан тау; б) жаман шатқал. Кей жерде шатқалды ауыз деп те атайды. Мұнда таудың аты шатқал атына қойылуы да ықтимал.

**ИТАУЫЗСАЙ** (Итауызсай) — *сай*, Жез. ауд. *Ит* (зат есім) + *ауыз* (зат есім) + *сай* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Мағынасы: сайдың иттің аузынан ұқсас арсыған көрінісін білдіреді.

**ИТБАЙ** (Итбай) — *айр.*, Жанаар. ауд. Кісі атынан қойылған.

**ИТЕН** (Итен) — *жер*, Шет. ауд. Мағынасы түсініксіз атау.

**ИТКӨЛ** (Иткөль) — *көл*, Приоз. ауд. *Ит* (зат есім) + *көл* (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «жаман көл», «ит аузы тиіп, су ішкен көл».

**ИТҚАРА** (Итқара) — *жер*, Жез. ауд. *Ит* (зат есім) + қара (сын есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «жаман жер», «жаман тау».

**ИТӨЛГЕН** (Итольген) — *пос.*, Шет. ауд., *bast.*, Ақад. ауд. *Ит* (зат есім) + өлген (егістіктің есімше формасы) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «алыс жердегі бастау». «Ит өлген жер» деген тіркес типімен жасалған.

**ИТМҰРЫНШОҚЫ** (Итмұрыншокы) — *шоқы*, биік. 264,5 м, Жез. ауд. *Ит* (зат есім) + *мұрын* (зат есім) + *шоқы* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «итмұрын шөбі өскен шоқы», «итмұрынды шоқы».

**ИТМҰРЫНДЫ** (Итмұрынды) — *тау*, биік. 553,7 м, Приоз. ауд.

*Ит* (зат есім) + *мұрын* (зат есім) + *ды* (туынды сын есім жасайтын жүрнәк) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «ітмұрын аталатын қызыл дәні бар бұта көп өскен тау».

**ИТТАС** (Иттас) — *taу*, Жезді ауд. Мағынасы: «жаман тас», «ит тас», «жаман тау».

**ИШАНБАЙ** (Ишанбай) — құд., Приоз. ауд. Кісі атынан қойылған күдік аты.

**ИІНДІҚЫЗЫЛ** (Индіккызыл) — *taу*, Ақад. ауд. *Иін* (зат есім) + *di* (туынды сын есім жасайтын жүрнәк) + *қызыл* (сын есім) сөздерінің бірігүйнен жасалған. Бұл *Иіндіқызылтау* деген атаудың тау деген бөлімін түсіріп айтқандықтан, *Иіндіқызыл* түрінде қыскарып қолданылатын болған. Сонда *Иіндіқызыл* деген атау тау аты болғандықтан, *Иіндіқызылтау* деп ұғынылады. Мағынасы: «алысқа созылып барып иіліп, немесе оралып жатқан қызыл тау».

**ИІНДІСҰЛ** (Индисул) — *бейіт*, Ұлыт. ауд., Қаптыадыр тауының шығ. жағ.-нда. Кісі атынан қойылған, бірақ орысша түрі өте бұрмаланып жазылғандықтан қазақта түсініксіз құйге түскен.

**ИЕЛІ** (Иели) — *таулар*, Ақад. ауд. *Їе* (зат есім) + *li* (туынды сын есім жүрнағы) жолымен жасалған атау. Мағынасы: «қаснетті тау», «киелі тау».

## — К —

**КАЗАРМА** (Казарма) — *taу*, биік. 515,7 м, Приоз. ауд. Орыс тілінен қойылған. Мағынасы мен қойылу себебі түсініксіз.

**КАЛИНИН** (Калинин) — *кхз*, Ақтөр. ауд. Совет өкіметінің белгілі қоғам қайраткері М. И. Калининнің фамилиясынан қойылған.

**КАЛИНОВКА** (Калиновка) — *e. м.*, Шет ауд. Орыс тіліндегі *калина* (шенгел, жидек) деген сөзден қойылған.

**КАМАЛ** (Камал) — *бейіт*, Жанаар. ауд. Талдыбыұлак пос.-нің онт., бат. жағ.-да. Осы кісі жерленген зират, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**КАРЛ МАРКС** ат. *кхз* (КХЗ им. Карла Маркса), *кхз, e. м.*, Жанаар. ауд. Бұқіл дүние жүзі пролетариатының көсемі Карл Маркс атынан қойылған.

**КАМЕНЬ** (Камень) — *тәбе*, биік. 261,4 м, Ұлыт. ауд. Орыстың камень (тас) деген сөзінен алғынған. Мағынасы: «бұл тәбеде тас көп болуына» байланысты қойылған.

**КАРИКОН** (Карикон) — *e. м.*, Ақтөр. ауд. Мағынасы да, формасы да түсініксіз. Орысша жазылуы өте бұрмаланғандықтан, қазақшасы да түсініксіз болып қалған.

**ҚӘРІМБАЙ** (Каримбай) — *бейіт*, Ақтөр. ауд. Осы адам жерленген зират, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**КВАРЦ** (Кварц) — *жер*, Жанаар. ауд. Минерал атынан алынған жер аты.

**КЕБЕЖЕ** (Кебеже) — *е. м.*, Ақтөг. ауд. Осы мандағы тау, немесе жер. Кебежеге ұқсас болғандықтан қойылған.

**КЕБЕКТІ** (Кебекты) — *қоныс*, Шет ауд. *Кебек* (зат есім) + *ti* (туынды сын есім жасайтын жүрнәк) жолымен жасалған. Мағынасы: «топырағы кебек сияқты борпылдақ» болуынан қойылуы мүмкін.

**КЕБЕНЕКЕСПЕ** (Кебенекеспе) — *өз.*, Ақтөг. ауд. Орысша Кивенек-эспе болып кате жазылып жур. *Кебенек* (зат есім) + *espe* (зат есім) сөздерінің біргігүнен жасалған. *Espe* деген ойлы жерде жер бетіне шығып жатқан суды айтады. Сонда бұл «жаман еспе», «кебенек еспе» деген мағынаны білдіреді.

**КЕГЕЛДІ** (Кегелди) — *бейіт*, Приоз. ауд. Кісі атынан қойылған, бірақ сөздің жазылуы бүрмаланған, сондықтан түсініксіз.

**КЕДЕЙТАУ** (Кедейтау) — *тау*, Жанаар. ауд. Қаражал каласынан шығ. жакта. Мағынасы: «шүйгін шөп, түрлі өсімдік сирек, аз өсетін тақырау тау».

**КЕЖЕК** (Кежек) — № 1 ферма, Ақтөг. ауд. Мағынасы түсініксіз. Егер *көжек* сөзінің бүрмаланған түрі болса, онда «кояның баласы сияқты кішкентай жер» дегенді білдіреді.

**КЕЗАУЫЗ** (Кезауыз) — *тау*, биік. 271,3 м, Жез. ауд. *Кез* (зат есім) + *ауыз* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. *Кез* сөзінің көне тұра мағынасы: «түйенің екі өркешінің аралығындағы ойыс жер». (КТТС.4, 550). Сонда атаудың мағынасы: «ауызыңа ұқсанап кең алқапты алып жатқан ойыс жердің жан-жағына орналасқан таулы жер». Мұндағы *кез* сөзінің ауыспалы мағынасы — «сыйыс».

**КЕЗЕКМОЛА** (Кезекмола) — *бейіт*, Жанаар, Қарашоқы тауының онт.-бат. жағ.-да. Кісі атынан қойылуы мүмкін. Бірақ *кезек* деген сөздің мағынасы түсініксіз.

**КЕЗЕНБҮЛАҚ** (Кезенбулак) — *bast.*, Ақад ауд. *Кезен* (зат есім) + *булақ* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «кезенің етегінен ағатын бұлақ».

**КЕЙШҰБАЙ** (Кейшубай) — *бейіт*, Шет ауд. Ақмая пос.-нің солт. жағ.-да. Осы кісі жерленген зират, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**КЕКЕЖҮГІРГЕН** (Кекежугирген) — *тау*, биік. 616,7 м, Жез. ауд. *Кеке* сөзінің мағынасы түсініксіз. Бұл картада кате жазылған болуы керек. Мүмкін Текежүгірген болар.

**КЕЛЕМСЕЙТ** (Келемсейт) — *бейіт*, Ақтөг. ауд. Осы кісі жерленген мола, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**КЕЛТЕТАЛ** (Кельтетал) — *өз.*, *c. тип. е. м.*, Жанаар. ауд., Сарысу өз.-нің солт.-де. *Келте* (сын есім) + *калта* (қыска) деген

иран сөзінен алынған+тал (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «жағасында қысқа тал өсетін өзен».

**КЕЛІНТАМ** (Келинтаам) — тарихи мазар аты. XII—XIV ғасырларда салынған. Жезқ. обл.-ның Сарысу бойында. Келін (зат есім) +там (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «Қеліннің мазары». Аңыз бойынша бұнда Жошының кіші тоқалы жерленген.

**КЕЛІНШЕКТАС** (Келиншектас) — тау, Шет ауд. Келіншек (зат есім) +тас (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Атау мағынасы бұл тауда «әйелге, келіншекке үқсас тастар бар» екенін білдіреді.

**КЕМЕЛ** (Кемел) — тәбе, Жез. ауд. Кісі атынан қойылған атау.

**КЕМЕР** (Кемер) — тау, биік. 332,5 м, Жез. ауд., дөң, биік, 563,0 м, Ақад. ауд. Зат есімнен жасалған атау. Мағынасы: «таудың кемерленіп, жартас болып келгенін» көрсетеді.

**КЕМПІР** (Кемпір) — қоныс, Ақад. ауд. Эйелдің шын аты емес, карт, жасы үлкендігіне байланысты қойылған атау.

**КЕНБАЙ** (Кенбай) — бейіт, Жанаар. ауд. Сарысу өз.-нің онт.-де. Осы кісі жерленген мола, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**КЕНДІРЛІК** — ҚАРАТӨБЕ (Кендірлик — Қаратобе) — тау, биік. 241,5 м, Жез. ауд. Екі бөлек атаудан жасалған күрделі атау. Біріншісі — *Кендір* (зат есім, шөп аты) +лік (қазіргі -лі жүрнағының көне формасы, туынды сын есім жасайтын жүрнақ). Екіншісі — *Қаратобе*<қара (сын есім) +тәбе (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: тәбенің топырағы қарайып жатуына байланысты болуы мүмкін. Сөйтіп, бұл күрделі атаудың жалпы мағынасы: «жазығында кендір көп өсетін қарайып жатқан тәбе».

**КЕНЕБАЙ** (Кенебай) — бейіт, Ақад. ауд. Осы кісі жерленген зират, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**КЕНЕБЕКЖОНДЫТАУ** (Кенебек — Жондытау) — таулар, Ақад. ауд. *Кенебек* (кісі аты, зат есім) +жон (зат есім) +ды (туынды сын есім жүрнағы) +тау (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «Кенебек мекендереген жонданып жатқан, биіктеу келген тау».

**КЕНЕЛІ** (Кенели) — жота, биік. 419,4 м, тау, биік. 940,4 м, ауд. *Кене* (зат есім) +лі (туынды сын есім жүрнағы) жолымен жасалған. Мағынасы: «кенесі көп тау».

**КЕНЕМБАЙ** (Кенембай) — бәгем, Ұлыт. ауд. Кісі атынан қойылған. Орысша *Кинембай* болып кате жазылып жүр.

**КЕНЖЕБАЙ** (Кенжебай) — айрық, Жанаар. ауд. Олжабай қыст.-ның онт.-де. Кісі атынан қойылған атау.

**КЕНЖЕБАЙСАЙ** (Кенжебайсай) — өз., құр. арна, Жанаар.

ауд. *Кенжебай* (зат есім, кісі аты) + *саі* (зат есім) сөздерінен жасалған. Бұл сай маңында Кенжебай дегең кісінің қоныстанғанын білдіреді.

**КЕНЖЕКЕЙ** (Кенжекей) — жер, Ақтоғ. ауд. Әйел атынан қойылған. Оның лақап аты — Зиякул (информатор Қ. Ахметов, 1982 жылы 81 жаста).

**КЕНТ** (Кент) — *таяу*, Шет ауд. Бесқазылықтың белі аталатын таулардың бірі (информатор Сырымбеков Қасым, 1982); құм, Жез. ауд. Мағынасы түсініксіз.

**КЕНШОҚЫ** (Кеншокы) — *шоқы*, Ақтоғ. ауд. Бұдан қорғасын шыққан, ағылшын қаздырылған. Бас обалар үйілген биіктің аты, Шет. ауд. *Кен* (зат есім) + *шоқы* (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «кені бар шоқы».

**КЕНШІ** (Кенши) — қоныс, Ақад. ауд. *Кен* (зат есім) + *ші* (зат есімнен зат есім жасайтын жұрнақ) жолымен жасалған. Атау кеншілердің күрметіне қойылған.

**КЕНШІМ ӨЗЕҢІ** (р. Кеншим) — өз., Ақтоғ. ауд. Ертеде *Кеншім* деген бай мекендерінен және содан атанған (информатор Шойынбаев Ыбырайқен, 1982).

**КЕНШІМ** (Кеншим) — *бейіт*, Ақтоғ. ауд. Осы кісі жерленген зират, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**КЕНШІМЕСПЕ** (Кенчимеспе) — өз., Ақтоғ. ауд. *Кеншім* (зат есім, кісі аты) + *еспе* (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «Кеншім еспесі», *Еспе* деп ойпаң жерде шығып жататын жер асты суын айтады.

**КЕҢАНГАР** (Кенангар) — жазық, Ақад. ауд. Қызылтау тауынан 60 км қашықтықта, *аңғар*, Приоз. ауд. *Кең* (сын есім) + *аңғар* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «үлкен, жазық жер».

**КЕҢАСУ** (Кенасу) — № 3 ферма, Ақтоғ. ауд. *Кең* (сын есім) + *аңғар* (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «үлкен алқапты алып жатқан асу».

**КЕҢГІР** (Кенгір) — өз., Ұлыт., Жез. ауд. Бұл Қаракенгір, Сарыкенгір деген екі салаға бөлінеді. *Кеңгір* өте көне атаулардың катарына жатады, сондыктан да оның мағынасы да, этимологиясы да белгісіз. Ақад. ауд. *Кеңгір* деген төбе де бар, биік 527,8 м. Бұл да түсініксіз.

**КЕҢГІР БӨГЕҢІ** (Кенгірское водохранилище) — *бөгөн*, Жез. ауд. *Кеңгір* (қараңыз) өз.-інің атынан қойылған.

**КЕҢГІР СЕЛЬСОВЕТІ** (Кенгірский сельсовет) — *сельсовет*, Ұлыт. ауд. Кенгір деген өзен атынан алынған.

**КЕҢЖЕР** (Кенжер) — *дөң*, Ақад. ауд. *Кең* (сын есім) + *жер* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «дөңнің кең жазықта орналасқанын» білдіреді.

**КЕҢЖЫРА** (Кенжира) — қоныс, Жез. ауд. *Кең* (сын есім) + жыра (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Мағынасы: «аумағы үлкен, жыра, сай».

**КЕҢҚҰЫС** (Кенкуыс) — бұл., Ұлыт. ауд. *Кең* (сын есім) + құыс (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «таудың не бір басқа объектінің үлкен қуысынан ағып жатқан бұлак». Яғни «кең қуыстағы бұлак» деген тіркестен қысқарып, бұлак аты Кенкуыс аталып кеткен.

**КЕҢҚҰДЫҚ** (Кенкудук) — құдық, Ақад. ауд. *Кең* (сын есім) + құұдық (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «үлкен, терең құдық».

**КЕҢӨЛКЕ** (Кенольке) — е. м., Шет ауд. *Кең* (сын есім) + өлкे (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «үлкен аймак», «уланғайыр алқап».

**КЕҢСАЗ** (Кенсаз) — қыст., Жанаар. ауд. *Кең* (сын есім) + саз (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «су жайылған кен алқап, сазды жер».

**КЕҢСАЗТӨБЕ** (Кенсазтобе) — тәбе, Жез. ауд. *Кең* (сын есім) + саз (зат есім) + тәбе (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «жалпақ сазды жердегі төбелер».

**КЕҢСАЙ** (Кенсай) — қоныс, Ұлыт. ауд.; ферма, Ақад. ауд. *Кең* (сын есім) + сай (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «кен, аумақты сай, құрғап қалған арна».

**КЕҢТАБАН** (Кентабан) — қоныс, Жез. ауд. *Кең* (сын есім) + табан (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «кең жазық жер». Бұл аймақта табан деп жазық жерді айтады.

**КЕҢТАРЛАУ** (Кентарлау) — аңғар, жазық, Приоз. ауд.; қыст. Ақад. ауд. *Кең* (сын есім) + тарлау (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Тарлау деп ескі жүртта, жазық жерде өсетін жатаған шөпті айтады. Сонда атаудың мағынасы: «тарлау деп аталағын шөп өскен кен алқапты жер».

**КЕҢТӨБЕ** (Кентобе) — тау, биік. 507,2 м, Жанаар. ауд. *Кең* (сын есім) + тәбе (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «аумағы үлкен, көлемді тәбе».

**КЕҢТИКСАЙ** (Кентиксай) — жыра, Жез. ауд. Үлкен Жезді өз.-нін бат.-ында. *Кең* (сын есім) + тік (сын есім) + сай (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «жары тік келген терең сай».

**КЕНШОҚЫ** (Кеншокы) — жер, схз, Ақтөг. ауд.; сс, Шет ауд. *Кең* (сын есім) + шоқы (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «аумағы үлкен, көлемді шоқы».

**КЕПЕ** (Әзібай жұрты) — (Кепе — поселение Азебай). *Kene* деген сөздің мағынасы түсініксіз. Бұл өнірде жатаған, аласа үйді кепе немесе жер кепе дейді. Бұл жердегі үйлер осындай болғандық-

тан койылуу да мүмкін. Бұл атату «Әзібайдың ата мекені» еді деп мәлімдеді 1982 ж. Тәкішев Жұматай (78 жаста).

КЕРЕЙ (Керей) — қоныс, жер, Ақад. ауд. Этнотопоним. Целиноград облысы Қорғалжын ауданындағы ұзындығы 100 км өзен де, бұл өзен күятын көл де *Керей* деп аталады.

*Керей* этнонимінің этимологиясы туралы арнайы мақала жазған венгр ғалымы Ю. Неметтің пікірі ерекше көніл аударарлық. Бұл сөздің түбірі *ker* көне түркі тілдерінде «биік», «көтерінкі жер» дегенді білдіреді, — дейді (Nemeth J. 1965, 360—365).

*Кер* түбірі түркі тілдерінде «тау», «қыр», «жота», «тау басы» ретінде қолданылатынына мына деректер дәлел бола алады. М. Қашқарі еңбегінде мынадай дерек бар: «Кәріш — басына шығу мүмкін болған әрбір таудың басы (үғуз тілінде)» (М. Қашқарі, 1, 1960, 350). Мұндай автор — кәріш сөзіне «тау басы» деген түсінік беріп тұр. Мұндағы сөз түбірі *кер* және оған сөз тудыратын -iin жүрнағы қосылып жасалғанын аңғару киын емес. Қырғыз тілінде «Керу — шөп көп өскен таң төбесі» (Юдахин. 1965, 379).

Сонымен *кереi* этнонимінің түбірі *кер* болса, -eи қосымшасы не? Г. И. Рамстедт монгол тілінде -ai(ey) сөз тудыратын жүрнак екенін айта келіп, алтай тобына жататын басқа тіл фактілерімен салыстырған-ды (Рамстедт. 1957, 182—183). Бұл жүрнактың көне мағынасы қазіргі қазак тіліндегі -lyk жүрнағына жақын. Сонда *кер* (тау, жота, қыр) +eи (сөз тудыратын жүрнак) түрінде жасалған *кереi* этнонимі «таулық», «қырлық» («қыр қазағы» сөзімен салыстырыныз) дегенді білдіреді.

КЕРКЕННҰРА (Керкениура) — *tau*, биік. 364,7 м, Ұлыт. ауд. Магынасы түсініксіз. *Керкен* деген кісі аты болуы мүмкін.

КЕРУЕНБҰЛАК (Керуенбулак) — *e. m.* Ақтө. ауд. *Керуен* (зат есім) +*булак* сөздерінен жасалған. Мағынасы: «көрүен жаңасына аялдаң қонақтың бұлак».

КЕРИМБАЙ (Керимбай) — *e. m.*, Ақтө. ауд. Кісі атынан қойылған.

КЕСЕК (Кесек) — *жер*, Жез. ауд. Жыланды өз.-нің бат.-да. «Үлкен, кең жер» деген мағыналы атату.

КЕСІК (Кесик) — көл, Ақад. ауд. Сын есімнен жасалған атату. Мағынасы: «ортасынан кесілген, бөлінген сияқты кішкене көл».

КЕСІКЖАЛ (Кесикжал) — *tau*, биік. 320 м, Жезқаз. обл. *Кесік* (сын есім) +*жал* (зат есім) сөздерінің қосылынан жасалған, Мағынасы: «ортасынан кесілген, кертілген, бөлінген сияқты шолак, тапал тау».

КЕТЕБАЙ (Қетебай) — *бейіт*, Жез. ауд. Осы кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

КИРОВ (Киров) — *кхз, e. m.* Жанаар. ауд. Белтілі революционер, мемлекет қайраткерінің фамилиясынан қойылған атату.

**КИІК** (Киник) — дөң, биік. 612,3 м, Приоз. ауд.; тұсс, е. м. Ақад. ауд.; жер, Жез., Жанаар. ауд. Бұл жерде бұрын киік көп болуына байланысты қойылған.

**КИІКБАЙ** (Кинкбай) — сай, тау, Приоз. ауд., Ақад. ауд., Жез. ауд., Ұлыт. ауд. Кісі атынан қойылған тау, сай аттары.

**КИІКСУ** (Кинксу) — баст. Ақад. ауд. *Kiik* (зат есім) + *sу* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Қиіктегі келіп, бұл бастаудан су ішіп тұратын болғандықтан осылай аталған.

**КИІКТАУ** (Кинктау) — тау, 656,8 м, Жанаар. ауд. *Kiik* (зат есім) + *taу* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «киігі көп тау». Шынында да бұл маңда бұрын киік көп болған болуы керек.

**КИІКТӨБЕ** (Кинктобе) — тау, Жез. ауд. *Kiik* (зат есім) + *тебе* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған.

**КОВЫЛЬНАЯ** (Ковыльная) — тау, биік. 217,7 м., Ұлыт. ауд. Орыстың ковыль (қаудан) деген сөзінен алынған. Қазақша «қауданды» деген сөз. Мағынасы: бұл тауда қаудан деген шөптің көп өсетіндігін білдіреді.

**КОЛЬКИН ГУРТ** (зим. Колькин Гурт) — қыст., Ақад. ауд. Орыс тілінен кірген атап. Мағынасы: «Коляның мал қамайтын қыстауы».

**КОМСОМОЛ** (Комсомол) — е. м., Шет ауд. Комсомол жастардың құрметтіне қойылған атап.

**ҚӨБЕЙ** (Кобей) — бейіт, Шет. ауд. Осы кісі жерленген бейіт. сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ҚӨБЕНТАЙЕСПЕ** (Кобентайеспе) — шоқы, Ақад. ауд. *Қебентай* (кісі аты) + *espe* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «Қебентай еспесінің маңындағы шоқы».

*Espe* деп ойланда жер бетінен шығып жатқан жер асты суын айтады.

**ҚӨГАЛБАЙ** (Когалбай) — е. м., Ақтоғ. ауд. Кісі атынан қойылған.

**ҚӨГЕТАЙ** (Когетай) — е. м., Ақад. ауд. Кісі атынан қойылған.

**ҚӨДЕК** (Кодек) — тау, биік. 554,4 м, Жанаар. ауд. Бұл кожек деген сөздің көне фонетикалық формасы болуы мүмкін. *Қөдек* > *көжек* деп коянның баласын айтады. Сонда атаудың мағынасы: «көжек тау» яғни «кіші тау» дегенді білдіреді.

**ҚӨЗБАЛА** (Козбала) — бұл., Шет ауд. *Қөз* (зат есім) + *бала* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мұндағы *қөз* деген сөз ауыспалы мағынада «бұлактың көзі, қайнары» дегенді білдіреді. Ал *бала* деген сөз де ауыспалы мағынада *кіші* дегенді ангартады. Сонда атаудың мағынасы: «бала қөз», яғни «кішкене бұлак» дегенді мензейді. Ал *бала* (кіші) деген анықтауыш сөздің анықтайтын сөздің соынан тұруы (бұндай құрылым) көне замандар-

дын көрінісі, сол арқылы атаудың да көне екендігін көрсетеді.

**КӨЖЕБАЙ** (Кожебай) — бейіт, Жез. ауд. Осы кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**КӨЖЕБЕК** (Кожебек) биік. қыст. Жез. ауд. Кісі атынан қойылған.

**КӨЖЕБЕРГЕН** (Кожеберген) — тау, — 582,2 м, Шет. ауд. *Көжे* (зат есім) + берген (етістіктің өткен шак есімше формасы). Атау, бұл жерде, наурыз тойында көже берілуіне байланысты қойылуы мүмкін.

**КӨЗЕНБҰЛАҚ** (родн. Козенбулак) — баст., Жаңаарқа ауд. *Көзен* (зат есім) + бұлақ (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: бұл бастауды Көзен деген кісінің иемденгенін, соның есімімен қойылғанын білдіреді.

**КӨКАЛАЖАР** (Кокалажар) — өз., Ұлыт. ауд. *Көк* (сын есім) + ала (сын есім) + жар (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: түсіне карай көкшіл болып, немесе ала-құла болып жататынын білдіреді.

**КӨКАЛАҚҰДЫҚ** (Кокалакудук) — құд., Жез. ауд. *Көк* (сын есім) + ала (сын есім) + құдық (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «құдық маңы көк ала болып жататынын» білдіреді.

**КӨКАЛАСАҚАЛ** (Кокаласақал) — тау, Шет. ауд. *Көк* (сын есім) + ала (сын есім) + сақал (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «таудың сақалға ұқсап, көк ала болып жататынын» білдіреді.

**КӨКАТСОЙҒАН** (Кокатсойған) — бұл., Шет ауд. *Көк* (сын есім) + ат (зат есім) + соіған (етістіктің өткен шак есімше түрі) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «бір қажетке байланысты осы құдық басында көк ала ат соыйлғанын» білдіреді.

**КӨКБАЙТАЛ** (Кокбайтал) — тау, Приоз. ауд. *Көк* (сын есім) + байтал (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Мағынасы: «бұл тауда, не тау маңында көк байталдың қалып қойып, тағы боп кетуіне немесе осыған байланысты бір оқиға болғандығын» білдіреді.

**КӨКБҰЗАУ** (Кокбузая) — тау, биік. 978,6 м, Шет. ауд. *Көк* (сын есім) + бұзая (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «бұл тауда көк бұзаудың қалып қоюына немесе осыған байланысты бір оқиғаның болғандығын» білдіреді.

**КӨКБҰЛАҚ** (Кокбулак) — тау, Ақад. Жез. ауд.-да, биік. 495,2 м, Таудың аты бұлак атынан алғынған, *Көк* (сын есім) + бұлақ (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «бұлак маңының көгеріп көк майса болып жатуынан немесе оның суының көк мөлдір болуына немесе сол манда тау бар екеніне» байланысты аталған.

**КӨКДОМБАҚ** (Кокдомбак) — сай, Жез. ауд. шоқы, көл, При-

оз. ауд.; *taу*, биік. 513,0 м, Жез. ауд. *Көк* (сын есім) + *домбақ* (зат есім) сөздерінен жасалған. Сай, көл атаулары Кәкдомбақ тауынан, дөңінен алынған. Ал бұл жақта *домбақ* деп биік тау, дөңес жерлерді айтады.

**КӨКЕМЕС** (Кокемес) — өз., Жанаар. ауд. Мағынасы да, формасы да түсініксіз атая.

**КӨКЕНБАЙ** (Кокенбай) — *бейіт*, Жанаар. ауд. Осы кісі басына орнатылған белгісі бар бейіт, сол бойынша белгілі жер (бағдар-объект).

**КӨКЖИДЕ** (Кокжиде) — қыст., Жез. ауд. *Көк* (сын есім) + *жиде* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «бұл жерде жасыл желеңкі жиде ағашы өсетінін» мензейді.

**КӨКЖЫҢҒЫЛ** (Көкжингыл) — *тақыр*, Жанаар. ауд. *Көк* (сын есім) + *жыңғыл* (зат есім) сөздерінен жасалған атая. Мағынасы: «такыр жердің бір бөлегінде жас жыңғыл өскенін» білдіреді.

**КӨКИТ** (Кокит) — *шатқ.*, Приоз. ауд. Жамантұз шатқ.-ның солт.-де 14 км. жерде. *Көк* (сын есім) + *ит* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «бұл шатқалда көк итке байланысты бір оқиға болғанын» білдіріп, кейін атауға айналып кеткен. Қазіргі тұрғындар ол оқиғаны қалай болғанын білмейі де мүмкін.

**КӨККЕМЕР** (Коккемер) — өз., *taу*, Шет. ауд. *Көк* (сын есім) + *кемер* (зат есім) сөздерінен жасалған. Тау аты өзен атынан қойылған. Өзен атының мағынасы «Өзениң кемерінің топырағы, немесе тасы көгеріп, немесе жасыл желеңкі майса шебінің көкпенбек бол жатуына байланысты» болуы мүмкін.

**КӨККӨЗ** — **САРЫСАЙ** (Коккоз — Сарысай) — өз., Ұлыт. ауд. Атая күрделі екі бөлімнен құралған. Оның бірінші — *Көккөл* бөлімі кісі аты болуы мүмкін. Ал екінші бөлімі *сары* (сын есім) + *сай* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «топырағы сары болып, сайдың сарғайып жататынын білдіреді, немесе Қеккөздің сары сайы, яғни Көккөз мекендеген Сарысай».

**КӨКЗЕК** (Кокзек) — *жер*, Жанаар. ауд. *Көк* (сын есім) + *өзек* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «өзек аринасы шөпті болып, көгеріп жататындықтан жасыл өзен, көк майсалы сай» дегенді білдіруі мүмкін.

**КӨКӨЛЕН** (Коколен) — *бұл.*, Акад. ауд. *Көк* (сын есім) + *өлең* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «бұлак маңында жасыл, көк майсалы өлен шөп өсетінін» білдіреді.

**КӨКПЕКСАЙ** (Кокпексай) — *жыра*, Жез. ауд. Жыланды өз.-нің оңт.-де. *Көкпек* (зат есім) + *сай* (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «бұл сайда көкпек шөбі көп өсетінін» білдіреді. *Көкпек* — көкпенбек сөзінің қыскарып, «тілдік экономия» негізінде қалыптастан түрі деп қарауға болады.

**КӨКПЕКТАС** (Кокпектас) — *жер*, Акад. ауд. Қайракты пос-

нің солт. жағ.-да. *Көкпек* (зат есім) + *тас* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Яғни «көкпенбек тас».

**КӨКПЕКТІ** (Кокпекті) — құрғ. өз., Жанаар. ауд. *Көкпек* (зат есім) шөп атауы сөзіне туынды сын есім жасайтын, сол заттың көптігін білдіретін -*ті* жүрнағы қосылу арқылы жасалған. Мағынасы: «көкпек көп өскен, көгі көп жер».

**КӨКСАЙ** (Коксай) — өз., Ұлыт. ауд.; *сай*, Жанаар. ауд.; *е. м.*, Ақтоғ. ауд. *Көк* (сын есім) + *сай* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Елді мекен аты өзен, сай атынан алынған. Мағынасы: «жасасы жасыл шалғын шөпті келіп, көгеріп жататын өзен, сай».

**КӨКСАЛДЫҚ** (Коксалдық) — құр. өз., Жанаар. ауд., Сарысу өз.-нің солт.-інде. *Көк* (сын есім) + *салдық* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. *Салдық* сөзінің мағынасы түсініксіз болғандықтан, атау да түсініксіз болып тұр.

**КӨКСЕНГІР** (Коксенгір) — *тау*, Жез. ауд. Жыланды пос.-нің солт. жағ. *Көк* (сын есім) + *сөңгір* (зат есім) сөздерінен жасалған. Иран тілдерінде *санғяр* — «биік тау». Сонда атаудың мағынасы: «көк, көкшіл тау» деген сөз.

**КӨКТАБАН** (Коктабан) — қыст., Жез. ауд. Жаманайбат тауының солт. бат. жағ.-да. *Көк* (сын есім) + *табан* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «тау етегіндегі жазықтың көгеріп жатуына» байланысты койылған болуы керек.

**КӨКТАЛ** (Коктал) — құр. өз., бат., Жез. ауд.; *жер*, Жанаар. ауд. Талдыманака өз.-нің шығ.-да. *Көк* (сын есім) + *тал* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «бұл өзен бойында, немесе осы жерде жасыл тал көп өсетінін» білдіреді.

**КӨКТАС** (Коктас) — *тау*, білк. 531,4 м, Жанаар. ауд. Шалғия пос.-нің шығ.-да; өз. үз. 142 км, Сарысу алабы Жанаар. ауд., Шалғия пос.-нің онт. жағ.-да; *тау*, Приоз. ауд., *ескі е. м.*, Жанаар. ауд. *Көк* (сын есім) + *тас* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «бұл тауда, немесе өзен маңында көк тастардың көп екендігін» білдіреді.

**КӨКТАУ** (Коктау) — дөң, биік. 484,5 м, Ақад. ауд., Агаражайлау тауының солт. жағ.-да; шоқы, биік. 597,1 м, Жез. ауд. Адам-өлді сайының бат.-да; бұл.. Шет ауд. Дария пос.-нің солт. жағ.-да. *Көк* (сын есім) + *тау* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «тауда немесе бұлақ маңында көк тастардың көп болуын немесе көк өсімдік өсіп түруын» білдіреді.

**ҚӨКТІҢ ҚӨЛІ** (Коктінколь) — көл, сс орт. Ақад. ауд., схз, Шет ауд. *Қөктің* (зат есім, ілік септігінде тұр) көк — «тәңірі», қөктің — «тәңірінің», «әулиенің»+*қөлі* (тәуелдік жалғауының үшінші жағында тұрған зат есім) сөздерінің тіркесуінен жасалған. Атаудың мағынасы: өте көне, яғни «бұл көл тәңірінің көлі», яғни «қөктің көлі» дегенді білдіреді. Қөне замандарда түркі тайпалары жер-су — көкке табынған, бұларды қасиетті санаған.

**ҚӨКТӨБЕ** (Коктобе) — *taу*, биік. 509 м, Ақад. ауд., төбе, биік. 125,3 м, Жез. ауд., *taу*, биік. 371,7 м, Жез. ауд. *Қөк* (сын есім) + *төбе* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «таудың, төбенің тасы, немесе өсімдігі көк екеніне» байланысты қоылған.

**ҚӨКШЕ** (Кокше) — *e. м.*, Ақтоғ. ауд. *Қекше* (сын есім) атауының мағынасы: «бұл жердің көгеріп жатуына немесе алыстан көгеріп көрінуіне» байланысты қоылған.

**ҚӨКШИ** (Кокчий) — *eскі е.м.*, құд. Жанаар. ауд. Сарысу өз.нің онт.-де. *Қөк* (сын есім) + *ши* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «бұл манда көк күрак ши өсетінін» білдіреді.

**ҚӨКШОҚЫ** (Кокшокы) — *шоқы*, биік. 827,6 м, Ақад. ауд. *Қек* (сын есім) + *шоқы* (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «шоқының тасы көк екенін, немесе шоқы үстіне ағаш, шөп өсіп, көгеріп туратынын» білдіреді.

**ҚӨКШӨП** (Кокшоп) — құд., Ақад. ауд. *Қөк* (сын есім) + *шөп* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «құдық маңында көк шөп өсіп тұрғанын» білдіреді. Атаудың бұлай қойылу себебі — бұл аймақтың жері тақыр болып келеді. Сондықтан құдық маңындағы көк шөп көзге түскендіктен осылай аталған.

**ҚӨЛБАЙ** (Кольбай) — *сай*, құрг. *арна*, Ұлыт. ауд. Бұл (зат есім) кісі аты. Осы жерге қоныстанған, осы сайды иемденген кісі атынан қоылған.

**ҚӨЛДЕНЕҢ** (Кольденен) — *e. м.*, Ақтоғ. ауд., Приоз. ауд. Сын есімнен жасалған атау. Яғни «тұп-тұзу тегіс емес, қиғаш, көлбеу». Бұл сөзден кейін әуелде *сай*, *taу* сиякты сөз келіп, Қөлдененсай, Қөлденентау сиякты атау болған да, кейін соңғы сөзі түсіп қалып, қысқарып Қөлденен аталаған кеткен. Бұған кейінгі Қөлдененжал, Қөлдененсай сиякты атаулар дәлел болады.

**ҚӨЛДЕНЕҢЖАЛ** (Кольдененжал) — *шоқы*, биік. 468,8 м, Жанаар. ауд. *Қөлденен* (сын есім) + *жал* (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «Қөлбей созылып жатқан жал».

**ҚӨЛДЕНЕҢСАЙ** (Кольдененсай) — *сай*, Ақтоғ. ауд. *Қөлденен* (сын есім) + *сай* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «тұп-тұзу тегіс емес, қиғаш, көлбей жатқан сай».

**ҚӨЛҚАРА** (Колькара) — көл, төбе, биік. 138,4 м, Жез. ауд.

Негізгісі көл атауы. Ал Қөлқара тауы осы аттас көлдің маңында болғандыктан, осылай атанған. Қөл (зат есім) + қара (сын есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мұндағы сөз тәртібі қазіргі тіл түрфысынан Қаракөл болуы керек еді. Алайда анықтауыш сөздің анықтайтын сөзден кейін келуі атаудың көнелігін көрсетеді, өйткені бір кезде, яғни ерте кезде түркі тілдерінде сөз тіркесімінің осындаи түрі басым болған. Бұл туралы зерттеулер проф. Қ. Жұбановтың енбектерінде кездеседі.

**ҚӨЛКҰДЫҚ** (Колькудук) — құд. Жез. ауд. Қөл (зат есім) + құдық (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «құдықтың сүс мол болуына байланысты, яғни көлдей құдық» деген ұғымға байланысты қойылуы ықтимал, немесе «көл жағасынан қазылған құдық» деген мағынаны да беруі мүмкін.

**ҚӨЛСАЙ** (Кольсай) — тау, биік. 568,8 м, Ұлыт. ауд. Қөл (зат есім) + сай (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «терең сайға жиналған судың үлкен көл болуын, яғни сайдары көл» дегенді білдіреді.

**ҚӨЛТАУ** (Кольтау) — тау, биік. 925,4 м, Ұлыт. ауд. Қөл (зат есім) + тау (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «тау ішіндегі көл».

**ҚӨЛШІБАЙ** (Кольшибай) — бейіт, Жанаар. ауд. Осы кісі жерленген зират, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ҚӨМБЕКТАС** (Комбектас) — тау, биік. 793,0 м, Акад. ауд. Қембек (сын есім) + тас (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Атаудың мағынасы: «көмілген тас» дегенді білдіреді, яғни таудағы тастардың жартылай жерге көміліп жатқанын көрсетеді, таудың көрінісін, жаратылышын дәл береді.

**ҚӨМШІК** (Комшик) — өз., төбе, биік. 218,4 м, Ұлыт. ауд. Түяқбай деген жердің онт.-де. Төбе аты өзен атынан қойылған болуы керек. Атаудың орысша жазылуы бүрмаланғандықтан (Комшук), мағынасы түсініксіз болып қалған.

**ҚӨНЕК** (Конек) — төбе, схз бөлімшесі, Жанаар. ауд. Зат есімнен жасалған атау. Мағынасы: «төбенің көнекке ұқсас екенін» білдіреді.

**ҚӨН** (Кон) — қыст., қорда, Жанаар. ауд. Зат есімнен жасалған атау. Бұл жакта ескі қыстауды қөң деп атайды, содан қойылған.

**ҚӨНБЕЙІТ** (Конбент) — бейіт, Шет ауд. Қөң (зат есім) + бейіт (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «ескі қыстау, не жүрттың жанындағы бейіт».

**КӨНБҰЛАҚ** (Конбулак) — бұл., Приоз. ауд. *Көң* (зат есім) + *бұлақ* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Атаудың мағынасы: «ескі қыстау не жұрттың маңындағы бұлақ».

**КӨПЖОЛ** (Копжол) — бұл., Приоз. ауд. *Көп* (сын есім) + *жол* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Мағынасы: «көп жолдың тоғысқан жерінде бұлақ бар» екенін білдіреді. Жолдың өзі де осы бұлақтан жан-жакқа тараиды, өйткені мұндай шөл далада бұлақ басында қону, аялдау немесе одан сусындау, сусын қандыру дағдылы іс.

**КӨПҚҰДЫҚ** (Копкудук) — бұл., Жез. ауд. Жыланды өз.-нің онт.-бат.-да. *Көп* (сын есім) + *құдық* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «бұлақ бойында, я маңында көп күдік бар» екендігін білдіреді.

**КӨПМОЛА** (Копмола) — *бейіттер*, Ақад. ауд., Ұлыт. ауд. *Көп* (сын есім) + *мода* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «бұл жерде көп бейіт бар» екенін білдіреді. Айдаладағы мұндай бейіттердің бағдарлық маңызы бар.

**КӨПТАРАУ** (Коптарау) — *жер*, Жез. ауд. *Көп* (сын есім) + *тарау* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «бұл жерден жан-жакқа көп тарам сүрлеу жол шығатынын» білдіреді.

**КӨПТӨБЕ** (Коптобе) — *төбелер*, биік. 588,6 м, Қалиқожа құдан 130 км қашықтықта, Ақад. ауд. *Көп* (сын есім) + *төбе* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «қатар-қатар тұрган көптеген тау төбелер».

**КӨПШИ** (Копший) — *жер*, Жанаар. ауд. Сарысу өз.-нің онт.-де. *Көп* (сын есім) + *ши* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «бұл манда ши көп өсетінін» білдіреді.

**КӨРЖАР** (Коржар) — өз., е. м., Шет ауд. Мағынасы: «терен тік жар». Салыст. *Көртогай* — «терен сайдағы төгай, орман» деген жер аты Алматы облысында бар.

**КӨРПЕБАЙ** (Корпебай) — *бейіт*, Жанаар. ауд. Осы кісі жерленген зират. Сол бойынша белгілі жер. (объект-бағдар).

**КӨСЕ** (Коце) — *taу*, биік. 717,3 м, Ақад. ауд. Сын есімнен қойылған атау. Мағынасы: «жеке, окшау, ерекше біткен тау» болса керек, немесе өсімдік өспей, көсе болып жататынын білдіреді.

**КӨШЕК** (Кошек) — *бейіт*, Жанаар. ауд. Осы кісі жерленген зират, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**КӨШЕН** (Кошен) — *taу*, биік. 983,2 м, Приоз. ауд. Осы манды иемденіп, қоныстанған беделді кісі атынан қойылған.

**КӨШКІНБАЙ** (Кошкинбай) — *бейіт*, Ұлыт. ауд., Бозшакөлдің шығ. жағ.-да. Осы кісі жерленген зират, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**КРАСНАЯ ЗАИМКА** (Красная заимка) — қыст., Ұлыт. ауд. Орыс тіліндегі атау. Қазақша «Қызыл қыстау».

**КРАСНАЯ ПОЛЯНА** (Красная Поляна) — е. м., Шет ауд. Орыс тіліндегі атау. Қазақша «Қызыл алан».

**КРАСНАЯ СОПКА** (Красная Сопка) — е. м., Ақад. ауд. Орыс тіліндегі атау. Қазақша «Қызыл шоқы».

**КРАСНЫЙ** (Красный) — бейіт, Жанаар. ауд. Неге бұлай деп қойылған белгісіз. Орыс тіліндегі атау. Қазақша «қызыл» дегенді білдіреді.

**КРАСНЫЙ ОКТЯБРЬ** (Красный Октябрь) — балық пункті, Приоз. ауд. Қызыл Октябрь дегенді білдіретін революциядан көйнгі қойылған жаңа атау.

**КУСТАРНИК** (Кустарник) — төбе, биік. 132,2 м, Жез. ауд. Қазақша «бұта» деген сөз. Бұл жерде бұталар өсетін болған соң осылай аталып қойылған.

**КУЗЕК** (Кузек) — дөң, биік. 503,7 м, Ақад. ауд., жер, Шет ауд. Зат есімнен қойылған жер аты. Бұл жерлерге құзде мал жаятын болғандықтан, осылай аталған.

**КУЗЕКАДЫР** (Күзекадыр) — е. м., Шет ауд. Күзек (зат есім) +адыр (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Бұл арада адыра күзде мал жаятын болғандықтан, осылай аталған.

**КУЗЮКАДЫР** (Күзюкадыр) — е. м., Шет ауд. Күзекадыр-дың (кара.) орысша бұзылып жазылған түрі.

**КҮЙБЕТ** (Куйбет) — е. м., Ақтоғ. ауд. Түсініксіз атау.

**КҮЙГЕН** (Куйген) — қыст., Жез. ауд. Күйген — етістіктің өткен шақ есімше формасы. Атау бұл жерде өрт болып күйгендікten қойылса керек.

**КҮЙГЕНБИДАЙЫҚ** (Куйгенбидайық) — жер, Жез. ауд. Қарғалағы өз.-нің бат. жағ.-да, жер, Ұлыт. ауд. Күйген (етістіктің өткен шақ есімше формасы) +бидайық (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Мағынасы: «өрт болып, осы бидайық жердің күйгендігін» білдіреді.

**КҮЙГЕНБУЛАҚ** (Куйгенбулак) — бұл., Ұлыт. ауд. Жыланды өз.-нің сол. бат.-да. Күйген (етістіктің өткен шақ есімше формасы) +булақ (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «бұл бұлақ маңында өрт болып жердің күйгендігін» білдіреді.

**КҮЙГЕНЖОЛ** (Куйгенжол) — шоқы, биік. 510,4 м., Жез. ауд. Күйген (етістіктің өткен шақ есімше формасы) +жал (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «бұл манда өрт болып, содан осы жалдың күйгенін» білдіреді.

**КУЛЕБАЙ** (Кулебай) — төбе, биік. 288,2 м, өз., Ашылы өз.-нің он тармағы, Ұлыт. ауд. Үлкенжыланшық өз.-нің онт. жағ.-да. Осы жерді мекендереген Қулебай деген кісінің атынан қойылған.

**КҮЛЕГЕШ** (Кулегеш) — бейіт, Жез. ауд. Осы жерде жерленген кісінің лакап атынан қойылған.

**КҮЛЕКЕ** (Кулеке) — е. м., Ақтоғ. ауд. Кісі атынан қойылған атау.

**КҮЛЕН** (Кулен) — құд., Жанаар. ауд. Кісі атынан қойылған атау.

**КҮЛИЯ** (Кулия) — е. м., Ақтоғ. ауд. Кісі атынан қойылған атау.

**КҮЛТЕТАС** (Культетас) — жер, Приоз. ауд. *Күлте* (зат есім) + *tas* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «култеге үксас, сәнді әдемі тас».

**КҮЛТӨБЕ** (Культобе) — жер, Жанаар. ауд. *Күл* (зат есім) + *төбе* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «кул төгетін күресін төбе».

**КҮМІСҚАТЫН** (Кумискатын) — *taу*, Ақтоғ. ауд. *Күміс* (зат есім) + *қатын* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Осы жерде тұрушы Ахметов Қабылдың (1982 жылы ол кісі 81 жаста болатын) айтуына қарағанда, тау алдында бейіт болған, онда бір келіншек күміс қарқарасымен жерленген, сондықтан тау Күмісқатын аталған.

**КҮМІСТИҚӨЛ** (Кумистықоль) — *көл*, Есіл алабы, көлемі 4,7 км<sup>2</sup>, Жез. ауд. *Күміс* (зат есім) + *ti* (туынды сын есім жасайтын жүрнек) + *көл* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Мағынасы: «күмістей таза, жарқыраған көл».

**КҮН** (Кун) — төбе, биік. 132,0 м, Жез. ауд. Төбе басындағы тастандардың күнге шағылышып жалт-жұлт етіп жатуына байланысты аталса керек.

**КҮНГЕЙ** (Кунгей) — *taу*, биік. 896,9 м, е. м. Ақтоғ. ауд. Бір обьектінің, мысалы, таудың күн түсетін оңтүстік жағын күнгей деп атайды. Осы сөзден алынған атау, яғни күн көп түсетін тау.

**КҮНЕМШЕК** (Кунемшек) — *taу*, Шет. ауд. *Күн* (зат есім) + *емшек* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «күн көп түсетін, биікше тау».

**КҮНЕН** (Кунен) — *taу*, биік. 611,0 м, Жанаар. ауд. Мағынасы: түсініксіз атау.

**КҮНТИМЕС** (Кунтимес) — *taу*, биік. 752,6 м, Ақад. ауд. *Күн* (зат есім) + *тимес* (єтістіктің келер шак есімше формасы) сөздерінің қосылуынан жасалған.

**КҮНШЕ** (Кунше) — бейіт, Жез. ауд. Осы жерге жерленген әйел атынан қойылған атау, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**КҮРЕКБАЙ** (Курекбай) — бейіт, Жанаар. ауд. Осы кісі жерленген зират, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**КҮРЕСІН** (Куресин) — *taу*, Жаңар. ауд. Зат есімнен жасалған

атау. Мағынасы: «қыста күресін қар түсіп, ерімей жататын тау».

ҚУШҚӨЛІК (Кушколик) — қыст. Ақтөр. ауд., Еңбек совхозы, «Қуаныш» бөлімшесінде. *Қүш* (зат есім) + *көлік* (зат есім) сөздерінің бірігүйен жасалған атау. Мағынасы: колхоздың күш-көлігін бағатын, камайтын қыстау.

ҚУШІГЕН (Күшиген) — *бейіт*, Акад. ауд. Зат есім. Атаудың қойылуына екі түрлі себеп болуы мүмкін: біріншісі, осы жерге жерленген Қүшіген деген кісінің атынан қойылса, екіншіден, бұл бейіттің тәбесіне қүшіген деген құс ұя салып, содан аталуы да ықтимал. Мұны тек көнө көз қариялар ғана білуі керек.

ҚУШІК (Кушик) — *е. м.*, Жез. ауд. Қарғалы өз.-нің солт.-шығ. жағ.-да. Зат есім, кісі аты. Атау елге белгілі беделді адамның атынан қойылған болуы керек.

ҚУШІҚБАЙ (Күшикбай) — *тәбе*, биік. 92,8 м, Жез. ауд. Осы маңда қоныстанған белгілі адамның атынан қойылған.

ҚІЛЕМБЕРГЕН (Килемберген) — *бейіт*, Жез. ауд. Атаудың қойылуының екі түрлі себебі болуы мүмкін: біріншіден, осы жерге жерленген Кілемберген деген кісінің құрметіне аталуы мүмкін, екіншіден, осы жerde бір кісі жерленгенде молдаға, не бір басқа кісіге кілем берілген болар. Осыдан да қойылуы мүмкін.

ҚІЛЕМТАҚЫР (Килемтакыр) — *жер*, Жанаар. ауд. *Кілем* (зат есім) + *тақыр* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «бік шөп, талы жок, тырбақ қана шөбі бар кілем сияқты жазық жер».

ҚІНДІҚТӨБЕ (Киндыктобе) — *тәбе*, биік. 552,3 м, Ақад. ауд.; *тау*, биік. 582,7 м, Жанаар. ауд. *Кіндік* (зат есім) + *тәбе* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «басқа тау, төбелердің дәл орта шенінде тұрган тәбез».

ҚІНДІҚТІ (Киндыкты) — *тау*, биік. 532,8 м, Жанаар. ауд. Сарысу өз.-нің солт.-де; *тау*, биік. 526,3 м, Приоз. ауд. *Кіндік* (зат есім) + *ті* (туынды сын есім жасайтын жұрнақ) жолымен жасалған атау. Мағынасы: «басқа тау, төбелердің ортасында кіндік сияқты ортада тұрган тау».

ҚИШКЕНЕБҰЛАҚ (Кишенебулак) — *бұл.*, Жез. ауд. *Кишене* (сын есім) + *бұлақ* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: бұлактың көлемі кішкентай екенін білдіреді.

ҚИШКЕНЕҚӨЛ (Кишенеколь) — *көл*, Ұлыт. ауд. *Кишене* (сын есім) + *көл* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Көлдің көлемінің кішкене болып келуіне байланысты аталған.

ҚИШКЕНЕ ҚАРАТАС (Кишене — Каратас) — *тау*, биік. 761,6 м, Шет. ауд. *Кишене* (сын есім) + *қара* (сын есім) + *тас* (зат есім) сөздерінің тіркесуінен және бірігүйен жасалған атау. Мұндағы Қаратас таудың нақты аты, осыған кішкене деген сын есім қосылып, таудың көлемі үлкен емес екенін білдіріп тұр.

**КІШКЕНЕ ТАБАҚҚАЛҒАН** (Кишкене — Табаккалган) — *taу*, Приоз. ауд. *Kiškenе* (сын есім) + *табақ* (зат есім) + *қалған* (егістіктің өткен шақ есімше формасы) сөздерінің тіркесуі мен қосылуынан жасалған. Негізінен Табаққалған атауы мұнда табак ұмытылып қалғанын білдірсе, осыған кішкене деген сөз қосылып таудың кішлігін білдіреді.

**КІШКЕНЕШОР** (Кишенешор) — *жер*, Ұлыт. ауд. *Kiškenе* (сын есім) + *шор* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мұндағы *шор* сөзі бұрмаланған *сор* сөзі болуы керек. Сонда мағынасы: «улкен емес, шағынсор (көл)» дегенді білдіреді.

**КІШІ АҚМАЯ** (Киши — Ақмая) — *төбе*, Жанаар. ауд. Отаустас тауының шығ. жағ.-да. *Kiši* (сын есім) + *ақ* (сын есім) + *мая* (зат есім) сөздерінің тіркесуі мен бірігуінен жасалған. Негізгі тауаты *ақ маяға* (үйілген шөп) ұқсас болған соң қойылған да, *кішкене* сөзі таудың кішлігін білдіреді.

**КІШІ АРҚАРЛЫ** (Киши — Аркарлы) — *taу*, биік. 721,5 м, Ақад. ауд. *Kiši* (сын есім) + *арқар* (зат есім) + *лы* (туынды сын есім жүрнағы) сөздерінің тіркесуінен жасалған атау. Негізгі *Арқарлы* атауы бұл тауда бір кезде *арқар* көп болғанын білдірсе, оның алдында тұрған, кейін қосылған *kiši* сөзі таудың көлемі кішкене екенін білдіреді.

**КІШІ ЖЕЛТАУ** (Киши-Желтау) — тау, биік, 918,3 м, Ақтө. ауд. Негізгі *Желтау* атауы бұл манда жел көп соғып тұратындығын білдіреді де, оған үстелген *kiši* сөзі таудың кішлігін білдіреді.

**КІШІКСАЙ** (Кишиксай) — *сай*, Жез. ауд. *Kišík* (көне форма-дағы сын есім) + *сай* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «кіші сай». *Kiši* сөзінің көне формасы — «*кішік*».

**КІШІКТАУ** (Кишиктау) — *taу*, е. м., Жез. ауд. Үлкен Жезді өз.-нің бат.-да. *Kiši* (сын есім) + *taу* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «улкен емес тау». Елді мекен атауы тау атынан алынған.

**КІШІ ТОЛАҒАЙ** (Киши Толагай) — *taу*, Жанаар. ауд. *Kiši* (сын есім) + *толағай* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Негізгі Толағай атауынан монгол (қалмақ) тіліндегі мағынасы: «бас» деген сөз, яғни бұл таудың басқа ұқсауынан қойылған. Ал атаудың алдында тұрған *kiši* сөзі таудың үлкен емес екенін білдіреді.

**КІШІ ШАШТЫ** (Шашты Малая) — *taу*, биік. 541,8 м, Жанаар. ауд. Сарысу өз.-нің оңт.-де. Таудың негізгі *Шашты* бөлімі тауда өсімдік *шаш* сиякты өсіп тұрғанын білдіреді. Ал алдында тұрған *kiši* сөзі таудың үлкен еместігін білдіреді.

ҚАБАК (Кабак) — дөңес, биік. 278,1 м, Жез. ауд. бұл., Жанаар. ауд. Топонимдік мағынасы: «биік дөңес, қабак».

ҚАБАКТАҒАН (Кабактаган) — тау, Шет. ауд. — е. м., қыст., Шет ауд. Сол жерді иемденген кісі есіміне байланысты қойылған мекен, қыстау аттары.

ҚАБАНТАУ (Кабантау) — тау, Ақад. ауд. Қабан (зат есім) + тау (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «таудың пішін-белгісі қабан сияқты дәңқиіп жатуына» байланысты аталса керек.

ҚАБЫЛ (Қабыл) — тау, биік. 321,4 м, Жез. ауд., Кісі есімінен қойылған тау аты.

ҚАБЫР (Қабыр) — тау, биік. 567,8 м., биік. 270,7 м, Ақад., Жез. ауд.-да; жылға, Жанаар. ауд. Топонимдік мағынасы: «таудың тік қабырғасы, тік қабырғалы тау».

ҚАБЫРҒАҚҰДЫҚ (Қабыргакудук) — құд., Жез. ауд. Қабырға (зат есім) + құдық(зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «таудың етегіндегі еністегі құдық».

ҚАБЫРШОҚЫ (Қабышоқы) — тұзды көл, Жанаар. ауд. Қабыр (зат есім)+шоқы (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау, яғни «қабыр маңайындағы шоқы, биік төбе».

ҚАҒАМОЛА (Қагамола) — е. м., Ақтөг. ауд. Топонимдік мағынасы: «қаға берістегі, қалтарыс желқәкты жердегі қағылыштағы мола».

ҚАДЫР (Қадыр) — бейіт, Ақад., Приоз. ауд.-да. Осы адам жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

ҚАДЫРБАТЫР (Қадыр-Батыр) — бейіт, Ақад. ауд. Осы батыр жерленген зират, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

ҚАДЫРАЛЫ (Қадыралы) — бейіт, Жез. ауд. Осы адам жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

ҚАДЫРБАЙ (Қадыrbай) — бейіт, Жез. ауд. Осы кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар),

ҚАДЫРКЕН (Қадыркен) — тау, биік., 609,6 м, Жанаар. ауд. Кісі есімінен қойылған тау аты.

ҚАДЫРҚҰЛ (Қадыркул) — бейіт, Жез. ауд. Осы адам жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

ҚАЖЫБАЙ (Қажыбай) — жыра, Ұлыт. ауд. Сол жерді мекендейген кісі есімімен қойылған атау.

ҚАЗАҚБЕРЛІ (Казакберли) — құд., Приоз. ауд. Кісі есімінен қойылған құдық аты.

ҚАЗАНҒАП (Казанғап) — бейіт, Жанаар. ауд. Осы адам жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

ҚАЗАНСЫНҒАН (Казансынған) — шоқы, Ақад. ауд. Қазан

(зат есім) +сынған (етістіктің өткен шақ есімше тұлғасы) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Осы жерде қазанның сынып қалу себебіне байланысты қойылған атау.

ҚАЗҒАНСОР (Казгансор) — шатқ., Қаратас тауының бат.-да 25 шам. жерде, Приоз. ауд. Қазған (етістіктің өткен шақ есімше тұлғасы) +сор (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «сорды қазып алған, қазылған сор».

ҚАЗҚАЖЫРСАЙ (Казкаждырсай) — құрарна, Жанаар. ауд. Қазқажыр (кісі аты) +сај (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау.

ҚАЗЫ (Казы) — қыст., Приоз. ауд. Кісі есімінен қойылған қыстау аты.

ҚАЗЫБАЙ (Казыбай) — тау, биік. 679,2 м, Ақад. ауд. Кісі есімінен қойылған тау аты.

ҚАЗЫБЕК (Казыбек) — өз., Ұлыт., Жез. ауд.-ры, тау, биік. 886,3 м. Шет. ауд. Қаздауысты Қазыбек бидің құрметіне қойылған атаулар.

ҚАЗЫҚҮРТ (Казыкурт) — өз. тау, Жанаар. ауд. А. Әбдірахмановтың пікірінше: «Араб географтары Қркrd деп жазған бұл сөзді Гаркерд, Газкерд, Газкурд, Гузкерд, Теркурд, Гуркурд деп оқуға келе беретіні ескерілсе, онда қазіргі Қазықүрт осы қала атының кейінгі заманда дыбыстық өзгеріске ұшыраған фонетикалық варианты деуге әбден болады дей келіп, «Осы тұрғыдан келгенде, кер — топоним — атауын қазіргі «бұрылу», «бөліну» мағынасында кер(i) етістік сөзінің байыры тілдерінде етістік-есім түрінен қалыптасқан деп қарауға болады», — дейді. «Ал құрт ескі түркі тілдерінде «қасқыр» мағынасында колданылғаны белгілі», — деп тұжырымдайды. Сонымен, бұл атау «тотемдік ту, тайпа атынан қойылған» деген пікірге қосылуға әбден болады (Әбдірахманов, 1975).

ҚАЗЫҚ (Казық) — тау. Приоз. ауд. Бұл атауды зерттеуші Қойшыбаев «қаз этнониміне -ық жүрнағы жалғану арқылы жасалған көне түркі этнотопонимі» деп түсіндіреді. (Қойшыбаев, 1985, 141). Біздіңше, бұл атаудың топонимдік мағынасы: «алыстан көрінген жазық дала тәсіндегі тау бейнесінің қақкан қазыққа үксастығына» қарап қойылса керек.

ҚАЙДАҒҮЛ (Қайдагул) — өз., төбе, Ұлыт. ауд. Кісі атынан қойылған атау.

ҚАЙКАНҚАРАСУ (Қайкан-Қарасу) — құр. өз., Жез. ауд. Қайқаң (сын есім) +қара (зат есім) +су (зат есім) сөздерінен құралған күрделі атау. Топонимнің бірінші сынары — қайқаң «тау, жота биігіндегі кіші-гірім белен», ал екінші бөлегіндегі қарасу түркі тілдерінде, соның ішінде хакасша «харасу», қарашайша «къара

сүү» тұлғаларында «бұлак, қайнар» мағынасында қолданылады. Сонымен, атаудың мағынасы: «қайқаңның, белдің, асуудың етегіндең, астындағы қарасу».

**ҚАЙНАР** (Кайнар) — дөңес, Ақтоғ., Жез. ауд.-да. Аталған жерлердегі дәң, тәбе етектерінен шығып жатқан қайнар, бұлак атымен байланысты қойылған атау.

**ҚАЙРАКТЫ** (Кайракты) — қтп., кен орны, тау, биік. 960 м, Ақад. ауд.; өз., Шет. ауд. Бұл атауды Ф. Қ. Қонқашпаев «кайрак тастарының көп кездесетін жері» десе, Е. Қойшыбаев «Түркі тілдерінде «қайрак» — тәлімі «жер» немесе «шөл» деп те айтады» — деген пікір тұжырымдайды (Қонқашпаев, 1963. Қойшыбаев, 1985). Біздіңше, алдыңғы пікір шындыққа келеді. Оның айғағы кен орынының Қайракты аталуы, бұл жерлерде металл тәріздес тастардың болғандығын толық дәлелдейді.

**ҚАЙЫН** (Кайын) — тау, биік. 462,0 м, Жанаар. ауд. Қісі есімнен қойылған тау аты.

**ҚАЙЫНАТА** (Кайын ата) — бейіт, Жанаар. ауд. Қайын (кісі аты) +ата (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Осы адам жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ҚАЙЫНДЫШОҚЫ** (Кайындышоқы) — тау, биік. 569,3 м, Ұлыт. ауд. Қайыңды (туынды сын есім) +шоқы (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «таудың шоқылы жерлөрінде қайынның көп өскендігін мензейді».

**ҚАЙЫПӘУЛИЕ** (Кайып аулие) — бейіт, Жанаар. ауд. Қайып (кісі аты) +аулие (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Осы адам (қасиетті Қайып) жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ҚАЙЫПМЕРГЕННИҢ ҚАРАСУЫ** (Карасу Кайыпмерген) — құр.өз. Қайып мергенниң (ілік септік жалғаулы зат есім) кісі аты +қара (сын есім) суы (тәуелдік жалғаулы зат есім) сөздерінің тіркесуінен және бірігуінен жасалған күрделі атау. Күрделі атаудың бірінші бөлегіндегі Қайыпмерген сөзі кісі аты екенін білдірсе, екінші бөлегіндегі Қарасу түркі тілдерінде, соның ішінде хакасша «харасуғ», карашайша «қъара суу» тұлғаларында «бұлак, қайнар» мағынасында қолданылады. Атаудың мағынасы: «Қайыпмергеннің бұлағы, қайнары». Мұндағы қара сөзінің түске катысы жоқ, көне түркі тіліндегі «жер» мағынасын билдіреді. Яғни «жер асты суы, бұлак, қайнардан бастау алған өзен» дегенді мензейді.

**ҚАЙЫРАҒАШ** (Кайырагаш) — жер, Ақтоғ. ауд. Қайыр (зат есім) кісі аты+ағаш (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: Қайыр деген кісі коныстанған ағашты жер.

**ҚАЙЫРЛЫ** (Кайырлы) — бейіт, Жанаар. ауд. Осы кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ҚАЙЫРСУАТ** (Кайырсугат) — өз., Жез. ауд. Қайыр (зат есім)

**+сұат** (зат есім) сөздерінің бірігүінен жасалған атау. Топонимнің бірінші сынары — *қайыр* түркі тілдерінде «майда құм, бос топырак, саяз су, кішігірім су» (Мурзаев, 1984, 241) ұғымын білдірсе, **суат** «өзеннің, бұлактың мал суаратын жері» екені белгілі. Сонымен бұл атаудың білдіретін мағынасы: «мал суаратын кіші-гірім таяз өзен, су».

**ҚАҚПАҚСУ** (Қакпаксу) — *жер*, Приоз. ауд. *Қақпақ* (зат есім) **+су** (зат есім) сөздерінің бірігүінен жасалған атау. Қазак тілінің заңы бойынша бұл атау «Су қакпағы» болу керек еді, бірақ «Қакпаксу» тұлғасында қолданылып, сөз тәртібінің көнелігін көрсетіп тұр.

Проф. Қ. Жұбанов қазак тіліндегі сөз тәртібін зерттей келіп, «ертеде анықтауыш сөз анықтайтын сөздің алдында емес, сонында тұрған», — деген корытынды жасайды. Оған және қазак тіліндегі бірсыптыра сөз тіркестері мен ономастикалық біріккен сөзден жасалған атауларды мысалға келтіре отырып дәлелдейді (Жұбанов, 1966, 32—75). Яғни, бұл — біріншіден, қакпаксу атауының көнелігін білдірсе, екіншіден, «осы жерде ертеде су аратын тоған, бөгет болғандығын, ол судың деңгейі көтерілгенде ашып-жауып арықтарға жіберетін арнайы жапқы қақпақ болғандығын көрсетеді».

**ҚАҚПАҚТАС** (Қакпактас) — *е. м.*, Ақтөп. ауд. *Қақпақ* (зат есім) **+тас** (зат есім) сөздерінің бірігүінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «сол жердегі құлпытас, бейіт, басына қойылатын белгі таска байланысты» қойылған.

**ҚАҚСАЛ** (Қаксал) — *жер*. Жанаар. ауд. Сол жерде мекендеғен ру аты, этнотопоним.

**ҚАЛДЫБАЙ** (Калдыбай) — *жер*, Жанаар. ауд. Кісі атынан қойылған атау.

**ҚАЛДЫБАЙШОҚЫ** (Калдыбайшокы) — *тау*, Жез. ауд. Қалдыбай есімді кісі мекендеғен шоқы.

**ҚАЛДЫРМА** (Калдырма) — *тау*, Шет. ауд. Топонимдік мағынасы: «жанғырығатын тау». Қалдырма сөзінің түркі тілінде «шыры шылдырау, сылдырау, күркіреу, сарқырау, жаңғырық» мағыналары бар (МҚ, 1963, 446, 450., Киргизско — рус. сл. 1965, 330—331).

**ҚАЛЕЛ** (Калел) — *жер*, Ақад. ауд. Кісі атынан қойылған атау.

**ҚАЛИҚОЖА** (Қаликожа) — *тау*, биік. 581,9 м, құрғ. өз., Ақад. ауд. Кісі атынан қойылған атау.

**ҚАЛҚАН** (Калкан) — *бейіт*, Приоз. ауд. Осы кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект).

**ҚАЛКЕН** (Калкен) — *бейіт*, Жанаар. ауд. Осы кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект).

**ҚАЛМАҒАНБЕТШЕГЕН** (Қалмаганбетшеген) — *құд*. Жез. ауд. Құдықты шегендеген кісі есімімен аталған атау. Яғни, құдық-

тың құлап, көзі бітелмес үшін әдейі ішін таспен немесе ағашпен өріп қалау.

**ҚАЛМАҚ** (Калмак) — *taу*, биік. 160,2 м, Жез. ауд. этнонимнен қойылған атау.

**ҚАЛМАҚҚОРҒАН** (Калмаккорған) — *taу*, құд., Жез. ауд. *Қалмақ* (этноним) + *қорған* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Біріккен сөздің екінші бөлегінің корған аталуы «жоңғар шапқынышылығы» кезіндегі қазактармен қақтығыста қалмақтардың сол өнірдегі тауды бекініс-пана тұтуынан шықкан.

**ҚАЛМАҚҚЫРҒАН** (Калмакқырған) — өз., жота, *taу*, биік. 887,2 м, Ақад., Жанаар., Жез. ауд.-ры. Бұл атау да жоғарыдағы дай «жоңғар шапқынышылығы» кезінде болған ұрыста қалмақтардың үлкен шығынға ұшырап, женілісін білдіретін тарихи мәні бар обьект-бағдар.

**ҚАЛМАҚҚЫРҒАН** (Белеуітті) (Калмакқырған (Белеутты) — өз., Жез. ауд. Қалмакқырған атауын караңыз.

**ҚАЛМАҚОБА** (Калмакоба) — *тәбе*, Ақтоғ. ауд. *Қалмақ* (зат есім) + *оба* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Жаугершілік заманда соғыста қаза болған сарбаздарын жерлеу ресімі бойынша қалмақтар өліктің көмілген (жерленген) жеріне «жетісін», «қырқын», «жылдығын» атап өтіп, топырақ салып отырған. Жерленген адамның беделіне қарай онын обасы да, яки бейіті де биіктей түскен. Бұл төбеде осындағы оба болғандықтан Қалмақоба аталған.

**ҚАЛМАҚТӨБЕ** (Калмактобе) — *taу*, биік. 294,6 м, Жез. ауд. *Қалмақ* (этноним) + *тәбе* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «қалмақтар мекендереген жердегі төбelerлер».

**ҚАЛПЕ** (Кальпе) — *taу*, биік, 991,5 м, Шет. ауд. Кісі есімінен қойылған тау аты.

**ҚАЛЫМБЕТ** (Калымбет) — *taу*, биік. 135,8 м, Жез. ауд. Кісі есімінен қойылған тау аты.

**ҚАМАР** (Камар) — *taу*, биік, 428,6 м, Жанаар. ауд. Араб тілінде Қамар — «Ай». Мүмкін бұл таудың сұлу, әдемілігін айға балашқою да мүмкін. Болмаса кісі атынан қойылуы да заңды.

**ҚАМБАР** (Камбар) — дөңес, биік. 276,0 м, Жез. ауд. Кісі есімінен қойылған тау аты.

**ҚАМБАС** (Камбас) — *taу*, Жанаар. ауд. Топонимдік мағынасы: «шөлді жерлерде тіршілік ететін «қамқоршы» үғымын білдіретін сонаның көп кездесуіне байланысты қойылған атау».

**ҚАМСАҚБИДАЙЫҚ** (Камсакбидайық) — жер, Ұлыт. ауд. *Қамсақ* (зат есім) + *бидайық* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «камысты жерге өскен би-дайығы мол, мал жайылмына қолайлы жер».

**ҚАМЫС** (Камыс) — е. м., Жанаар. ауд. Мағынасы: «қамысты жер».

**ҚАМЫСҚҰДЫҚ** (Камыскудук) — құд., Ақад., Жез., Приоз. ауд.-да. Екі зат есімнен жасалған біріккен сөз. Мағынасы: «қамысты жердегі құдық».

**ҚАМЫСМОЛА** (Камысмола) — бейіт, Қамыс (зат есім) + мола (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы «қамысты жердегі мола».

**ҚАМЫСТЫҚҰДЫҚ** (Камыстықудук) — құд., Жез. Ұлыт. ауд.-ры. Қамыс (зат есім) + ты (тынды сын есім жүрнағы) + құдық (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: Қамыстықұдықпен пара-пар.

**ҚАНАП** (Канап) — тау, биік. 881,0 м, Ақад. ауд. Ру атынан қойылған тау аты.

**ҚАНДЫҚАРАША** (Кандыкараша) — е. м., тау, өз., Ақад., Жанаар. ауд.-да. Қанды (тынды сын есім) + қараша (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «Осы жерлерде қараша айында қанды оқиға болуымен байланысты қойылған».

**ҚАНДЫҚҰДЫҚ** (Кандықудук) — құд., Жаңаар., Жез. ауд.-да. Қанды (тынды сын есім) + құдық (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «құдық басында болған қанды оқиғаға байланысты қойылған».

**ҚАНЖОЛ** (Ханжол) — тау, биік. 542,7 м, Ақад. ауд. Қан (зат есім) + жол (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Тауды кесіп өтетін есکі катынас жол ел аузында хан жолы деп аталады. Хан жолы атауының ауызекі тілде көп айтылуына байланысты орфографиялық нормасы сакталып қалған. Осыған орай лексикалық тұлғасы да өзгерген.

**ҚАНЖЫГАЛЫ** (Канжыгали) — жота, тау, Ұлыт., Шет ауд.-да. Ру атынан қойылған атау.

**ҚАНТӨБЕ** (Хантобе) — тау, биік. 582,8 м, Жез. ауд. Қан (зат есім) + төбе (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы «хан көтерген, ханның таққа отырған, хан сайлауы болған жер».

**ҚАНТТӨБЕ** (Канттобе) — тау, биік. 676,8 м, Жез. ауд. Қант (зат есім) + төбе (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Қоңе түркі тілінде қант-кент сөзінің «қала», «бекініс» мағыналары бар екені белгілі. Мысалы: Самарқанд, Шымкент атауларының соңғы буындығы -қанд, -кенттің сакталуы осының дәлелі. Мағынасы: «ерте кезде кала болған, бекініс болған төбе».

**ҚАНЫМ** (Каным) — өз., Ұлыт. ауд. Топонимдік мағынасы: «хан әйелінің, яғни ханымның құрметіне берілген белгі, өзен аты».

**ҚАНБАҚТАЙ** (Канбактай) — тақыр, Жез. ауд. Туынды сын

есімнен жасалған атаяу. Топонимдік мағынасы: «қанбак шөп көп кездесетін тақыр жер».

**ҚАНҒЫРТӨБЕ** (Канғыртобе) — төбе, Жез. ауд. *Қанғыр* (зат есім) + *төбе* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атаяу. Топонимдік мағынасы: «қатты сойлегендеге не айғайлағанда адам даусы не басқа дыбыс жаңғырыбы шығатын төбе».

**ҚАПАНҚҰЛАҚ** (Капанкулак) — *taу*, биік. 897,4 м, Ақтө. ауд. *Қапан* (кісі аты) + *құлақ* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атаяу. Академик В. В. Бартольдтың айтуы бойынша: «монгол салтында хандардың бүкіл байлығы мен сүйегі жасырын орынға қойылып, оны «құлақ» дег атаған. «Құлақ» сөзінің мағынасы түркі тілінде «құру, жоқ болу, күрдым болу» дегендегі білдіреді. (Сейдімбеков, 1981, 217). Яғни атаяу мағынасы: «бұл жерде Қапан деген ауқатты, бай адамның байлығы сакталған жер, көмбе».

**ҚАПҚА** (Капка) — *жер*, Жанаар. ауд. Топонимдік мағынасы: «екі тау арасындағы қақпа, есік сияқты ашық немесе қысылтанған жер».

**ҚАПТААДЫР** (Каптаадыр) — *taу*, Ұлыт. ауд. *Қапта* (етістік) + *адыр* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атаяу. Мағынасы: «қатар-қатар тізбектелген адыр, адыры көп атаяу».

**ҚАР** (Кар) — *дөң.*, Жез. ауд. *Қыр//кар* (зат есім) дауысты дыбыстының алмасуы. Мағынасы: «биік» ұғымын білдіреді.

**Қара** (Кара) — *төбе*, Ақад. Жез. ауд.-да. Қоңе түркі тілінде *қара* — касиетті, мол деген ұғымды білдіреді (Сейдімбеков. 1988. № 2).

**ҚАРАГАШ** (Карагаш) — *e. м.*, Ақтө., Жанаар. Приоз. ауд.-да. *Қара* (сын есім) + *агаш* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атаяу. Мағынасы: «аталған жерлерде куанышылыққа төзімді жер талғамай өссе беретін қарағаштың көптігіне байланысты қойылған».

**ҚАРААДЫР** (Караадыр) — *қыст., тақ.,* Ақтө. ауд.; *жота,* биік. 583,5 м, биік. 679,7 м, Ұлыт. ауд. Жез. ауд. *Қара* (сын есім) + *адыр* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атаяу. Мағынасы: «аласа келген тасты шоқы».

**ҚАРААУЫР** (Караауыр) — *e. м.*, Ақтө. ауд. Мағынасы: түсініксіз атаяу.

**ҚАРААЙЫРЖАЛ** (Караайыржал) — *дөң.*, биік. 460,2 м, Жез. ауд. *Қара* (сын есім) + *айыр* (адыр) (зат есім, метатеза түрінде қалыптастан) + *жал* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған күрделі атаяу. Топонимдік мағынасы: «жері отты адыр жоны, жотасы». Мұндағы қара компоненті қоңе түркі тіліндегі «жері отты» ұғымын білдіреді.

**ҚАРАША** (Карааша) — *айыр.,* Жанаар. ауд. *Қара* (сын есім) + *аша* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атаяу. Топонимнің

бірінші сынары — қара обьектінің түсін, не көлемін, екінші бөлекіндегі — аша сол жердегі өзен немесе жолдың салаланып жанжакка бөлінуіне байланысты қойылған. Яғни «Үлкен аша, екі бөлек үлкен сай».

**ҚАРАБАЙ** (Карабай) — *бейіт*, Жез. ауд. Осы адам жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ҚАРАБАЙТАМ** (Карабайтам) — *taу*, биік. 544,1 м, Жез ауд. *Қарабай* (зат есім) + *там* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «Қарабай үйі манындағы тау».

**ҚАРАБАҚСЫЖАНТАЙ** (Карабаксыжантай) — *жер*, Жез. ауд. *Қара* (сын есім) + *бақсы* (зат есім) + *жантай* (етістік) сөздерінің бірігуінен жасалған күрделі атау. Топонимдік мағынасы: «қара бақсы дем алған, көзілген жер».

**ҚАРАБАҚШИ** (Карабакши) — *бейіт*, Жез. ауд. *Қара* (сын есім) + *бақ* (зат есім) + *ши* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған күрделі атау. Топонимдік мағынасы: «бағы (ағашы) көп шилі жер».

**ҚАРАБАС** (Карабас) — *taу*, биік. 1017,9 м, биік. 668,4 м, Ақад., Ұлыт. ауд.-да; *жыра*, құд., Жез. ауд., *айыр*, *taу*, Шет ауд. *Қара* (сын есім) + *бас* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Қысы-жазы тау басының қарайып жатуына байланысты қойылған атау.

**ҚАРАБАТЫР** (Карабатыр) — *бейіт*, Ұлыт. ауд. Осы есімді батыр жерленген зират, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ҚАРАБӘЙБИШЕ** (Карабайбише) — *taу*, биік. 794 м, Ақад. ауд. Жәнгір төренің қарындасы, Телғозының Шоңының («Абай» романында аты аталады) екінші әйелінің лақап есімінен қойылған. Жәнгірдің Қаратұмысығы деген таудың жанындағы биік шоқы.

**ҚАРАБЕК** (Карабек) — *taу*, биік. 450,0 м, Жанаар. ауд. (Қойшыбаев, 1985, 151); «Қөне түркіше қара және бейек сөздерінен кіріге қалыптасқан атау», — дейді. Біздінше, дұрысы Қарабек деген кісі есімінен қойылған тау аты.

**ҚАРАБЕЛ** (Карабел) — *жер*, Жанаар. ауд. *Қара* (сын есім) + *бел* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «үлкен асу, қырат, жота».

**ҚАРАБЕЛГІ** (Карабелгі) — *taу*, биік. 524,1 м, Жанаар. ауд. *Қара* (сын есім) + *белгі* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «біреуге немесе тарихи оқиғаға арналған орнатылған ескерткіш, үлкен белгі».

**ҚАРАБИДАЙЫҚ** (Карабиданк) — *жер*, Жанаар. ауд., өз., Шет ауд. Бұл атау өзен бойын қуалай өскен, мал азығына пайдалы бидайық шебінің көп өсетініне байланысты қойылған.

**ҚАРАБИЕ** (Карабие) — *шат.*, Жез. ауд. «Ерте кезде қара бие оқиғасына байланысты қойылған атау» болса керек Қойшыбаев,

(1985): «Көне түркі қара және бәе (бые) сөздерінен қалыптасқан атау. «Биік жаға» немесе «биік кия» мәндеріне жақын атау» деп қарайды.

**ҚАРАБҰЖЫР** (Карабужир) — *taу*, биік. 296,6 м, Жез. ауд. *Қара* (сын есім) + *бұжыр* (сын есім) сөздерінің бірігуінен қойылған атау. Мағынасы: «тау бетінің тегіс емес, кедір-бұдыр, қожалак тасты болуына байланысты екенін білдіреді.

**ҚАРАБҰЗАУ** (Карабузай) — *сай*, Ұлыт. ауд. Мағынасы: бұл жерде қара бұзаудың қалуына т. б. оқиғаға байланысты қойылған атау болса керек.

**ҚАРАБҰЙРАТ** (Карабуйрат) — *taу*, Ақад., Жанаар. ауд.-да; *шатқ*. Приоз. ауд. *Қара* (сын есім) + *бұйрат* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «қарауытып көрінген қалың бұталы созылып жатқан ойлы-қырлы белестер, қырқа, адыр».

**ҚАРАБҰЛАҚ** (Карабулак) — бұл., Ақад., Жанаар., Ұлыт. ауд.-да; *жер*, Ақад. ауд.; құд., Жез. ауд.; *taу*, биік. 583,0 м, Ұлыт ауд. *Қара* (зат есім) + *булақ* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «Жер суы, жерден шыққан қайнар, тұма».

**ҚАРАБҰЛАҚ** (Лениншіл) Карабулак (Лениншил) — *е. м.*, Жез. ауд. *Қарабұлақ* атауын қаранды.

**ҚАРАГАЗЫ** (Карагазы) — құд., Жез. ауд. Кісі атынан қойылған құдық аты.

**ҚАРАГАЙ** (Карагай) — *е. м.*, Ақтөг. ауд. «Сол өнірде қарагай-дың көп өсуіне байланысты» қойылған атау.

**ҚАРАГАЙЖОЛ** (Карагайжол) — *жер*, Жез. ауд. *Қарагай* (зат есім) + *жол* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «қарагайға баарар, немесе қарагай ішіндегі жол».

**ҚАРАГАЙҚҰДЫҚ** (Карагайкудук) — құд., Ақад. ауд. Топонимдік мағынасы: «қарагай жаңындағы құдық».

**ҚАРАГАЙСАЙ** (Карагайсай) — *сай*, Ұлыт. ауд. Мағынасы: «қарагайлы сай».

**ҚАРАГАЙШОҚЫ** (Карагайшокы) — *taу*, биік. 504,7 м, Ұлыт. ауд. Мағынасы: «қарагайлышоқы, тау».

**ҚАРАҒАН** (Караган) — *жері, тәбе*, Жез. ауд. Сол өнірде қараганның көп өсуіне байланысты қойылған атау.

**ҚАРАҒАНДЫ** (Караганды) — *е. м.*, Жанаар. ауд.; өз., Ақад., Ақтөг., Жез., Ұлыт. ауд.-да; *taу*, Ақад ауд. Топонимдік мағынасы: «қараганың көп, қараган бұтасы қалың жер».

**ҚАРАҒАНДЫБЕЛ** (Карагандыбел) — *жер*, Жез. ауд. *Қараганды* (туынды сын есім) + *бел* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «қараганың көп бел, асу».

**ҚАРАҒАНДЫ ЖАЛ** (Карагандыжал) — *taу*, биік. 355,3 м, Жез. ауд. Мағынасы: «қарағаны көп жал, тау».

**ҚАРАҒАНДЫҚАҚ** (Карагандықак) — *жер*, Ақад. ауд. *Қарағанды* (туынды сын есім) + қақ (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «Қараған қалың өскен жердегі қақ».

**ҚАРАҒАНДЫОЙ** (Карагандыой) — *жер*, Ұлыт. ауд. *Қарағанды* (туынды сын есім) + ой (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «қараған қалың өскен ойпан, еніс жер».

**ҚАРАҒАНДЫӨЗЕК** (Карагандыозек) — *е. м.*, Ақтоғ. ауд. *Қарағанды* (туынды сын есім) + өзек (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «қараған қалың өскен сай, жыра».

**ҚАРАҒАНДЫСАЙ** (Карагандысай) — *өз.*, Жез. ауд. Мағынасы: Қарағандыой, Қарағандыөзек атауларымен пара-пар.

**ҚАРАҒАНДЫШОҚЫ** (Карагандышокы) — *taу*, биік. 636,7 м, Ұлыт. ауд. Қарағандыжал атауымен пара-пар.

**ҚАРАҒАНҚҰДЫҚ** (Караганкудук) — құд., *taу*, биік., 221,9 м, Жез. ауд. Мағынасы: «қарағаны көп жердегі құдық». Сол жердегі тау да осылай аталған.

**ҚАРАҒАНСАЙ** (Карагансай) — құрғ., *өз.*, *жер*, Жез., Ұлыт. ауд.-да. Мағынасы: Қарағандысай, Қарағандыой, Қарағандыөзек атауларымен пара-пар.

**ҚАРАҒАШ** (Карагаш) — *бұл.* Ақад. ауд.; *е. м.*, Ақтоғ. ауд.; *жер*. Жанаар. ауд.; құрғ. *өз.*, Приоз., Шет ауд.-ды. Ағаш атынан қойылған атау. Топонимдік мағынасы: сол өнірде қарағаштың көп өсуіне байланысты қойылған.

**ҚАРАДӨҢ** (Карадон) — *taу.*, биік. 268 м, Жез. ауд. Қара (сын есім) + дөң (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау.

**ҚАРАЕСПЕ** (Караеспе) — *өз.*, Ақад. ауд.; құрғ. *өз.*, Ақад. Жанаар., Жез. ауд.-да; *taу*, Ақад. ауд. Қара (зат есім) + еспе (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимнің бірінші сынары — қара «жер» үғымын, екінші еспе сөзі — тасыған судың бұрынғы арнасына келген соң жердің беті тілініп, топырак, лай аяқ астынан жабысуын білдіреді. Мағынасы: «сұлы жер».

**ҚАРАЖАЛ** (Каражал) — қ., Жанаар. ауд.; қс. Жам. пос., *е. м.*, Ақтоғ., Шет. ауд.-да; *бұл.*, Шет ауд.; *жер*, Жез. ауд.; *taу*. биік. 860,9 м, Ақад., Ақтоғ. ауд.-да.; *taу*. биік. 521,1 м, Жанаар. ауд.; *taу*. биік. 426,5 м, Жез. ауд.; *taу*, биік. 553,7 м, Приоз., Шет. ауд.; шоқы. Приоз., Шет ауд. Қара (сын есім) + жал (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «өркеш-өркеш адыр, шоқы, тау сілемдерінің түсіне байланысты қойылған».

**ҚАРАЖАР** (Каражар) — *жер*, Жез. ауд. Қара (сын есім) + жар (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «қара түсті жар, қабак».

**ҚАРАЖЕТЕ** (Каражете) — жер., Приоз. ауд. *Қара* (сын есім) + жете (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «қара төбенің желкесі».

**ҚАРАЖАЛ** (Каражал) — тау, биік. 537,5 м, тәбе, шоқы, Жез. ауд. Мағынасы: «тау, тәбе, шоқыны жанай өтетін ат арба, машина жүретін жәй жол».

**ҚАРАЖОЛАҚ** (Каражулак) — е. м., Ақтө. ауд. *Қара* (сын есім) + жолақ (сын есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «сол жердің қара жолақ, шұбар екенін білдіреді».

**ҚАРАЖҰМАҚ** (Каражумак) — тау, биік. 999,4 м, Ақтө. ауд. *Қара* (сын есім) + жұмақ (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «қыста тауға жауған қар тез еріп, қысы-жазы малға жұмақ сияқты жайлыш мекен екендігіне байланысты койылған».

**ҚАРАЖЫЛАНДЫ** (Каражыланды) — тау, биік. 583,6 м, Ұлыт. ауд. Топонимдік мағынасы: «жыланы көп қарайған жер».

**ҚАРАЖЫНҒЫЛ** (Каражингил) — е. м., құд., Ақад., Приоз. ауд.-да. Мағынасы: «жынғылы көп жер».

**ҚАРАЖЫРЫҚ** (Каражирік) — тау, құд., Приоз. ауд. *Қара* (зат есім) «жер» ұғымында) + жырық (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «көктемде тасыған сүдың жырылып акқан орны».

**ҚАРАЖІГІТ** (Каражигит) — бейіт, Шет ауд. Осы адам жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект).

**ҚАРАЙТҚУ** (Карайтку) — тау, биік. 855,7 м, Ақтө. ауд. Топонимдік мағынасы: «алыстан сағымданып қарайып көріну».

**ҚАРАКЕЗЕҢ** (Каракезен) — тау, биік. 926,5 м, Шет. ауд. *Қара* (сын есім) + кезең (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «тау жоталарындағы екі жағы түйе-тайлы болып келетін аласа жердің көптігіне байланысты койылған».

**ҚАРАКЕМЕР** (Каракемер) — е. м. Ақтө. ауд.; жер, Жанаар. ауд. *Қара* (сын есім) + кемер (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Қыста бұл жерге түскен қар тез еріп кетіп отырады. Оның себебі бір алқаппен соғатын табиғи желдің әсерінен болса керек. Сондықтан болар жер қара кемерленіп жатады. Географиялық жер бедерінің осы белгісі обьектінің атауына айналған.

**ҚАРАКЕНЕЛІ** (Каракенели) — тау, биік. 976,1 м, Ақтө. ауд. *Қара* (сын есім) + кенелі (туынды сын есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «қара кенесі көп жер».

**ҚАРАКЕНГІР** (Каракенгир) — өз., Жез., Ұлыт. ауд.-да. *Кенгір* сөзінің мағынасы түсініксіз. Өте көне атау. Этимологиясын зерттеу керек.

**ҚАРАКИЙК** (Каракийк) — жер, Шет. ауд. Топонимдік мағынасы «ақбекені көп жер».

**ҚАРАКӨЗ** (Каракоз) — ескі е. м., құд., Приоз., Ұлыт. ауд.-да. Каракөз қыз есіміне байланысты койылған атау.

**ҚАРАКӨЛ** (Каракол) — көл, жер, сор, Жанаар., Жез., Шет ауд.-да. Зерттеуші Е. Қойшыбаевтың «көзді көл» мағынасындағы атау,— деген пікірі (1985, 154) дұрыс. Топонимдік мағынасы: «жер асты суы, бұлақ көздерінен бастау алған көл».

**ҚАРАҚАЙ** (Каракай) — өз., Шет. ауд. Дұрысы қарағай болу керек. Мағынасы: «қарағайлы жер».

**ҚАРАҚАЙНАР** (Каракайнар) — бұл., Жез. ауд. Қара (сын есім) + қайнар (зат есім) сөздерінің бірігүйен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «жер астынан шықкан су, бұлақ көзі».

**ҚАРАҚАҚ** (Каракак) — жер, Жез. ауд. Қара (зат есім) «жер» мағынасында + қақ (зат есім) сөздерінің бірігүйен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «жер қағы».

**ҚАРАҚАМЫС** (Каракамыс) — жер, қыст., Приоз. ауд. Қара (сын есім) + қамыс (зат есім) сөздерінің бірігүйен жасалған атау. Мағынасы: «қалың, ну қамыс».

**ҚАРАҚИЯ** (Каракия) — е. м., тау, биік. 1002,8 м, Ақтоғ. ауд.; тау, биік. 612,2 м, Жанаар. ауд. Қара (сын есім) + қия (зат есім) сөздерінің бірігүйен жасалған атау. Мағынасы: «қара қия», «қарағай қия».

**ҚАРАҚОҒА** (Каракога) — жер., өз., Ақад., Жанаар., Ұлыт. ауд.-да. Мағынасы: «қалың, ну қоға».

**ҚАРАҚОҒАБҮЛАҚ** (Каракогабулак) — құд., Жанаар. ауд. Қара (сын есім) + қоға (зат есім) + бұлақ (зат есім) сөздерінің бірігүйен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «қалың қоға» ішіндеғі бұлақ».

**ҚАРАҚОЗЫ** (Каракозы) — е. м., тау, биік. 966,4 м, Ақтоғ. ауд. Этноним атынан койылған атау.

**ҚАРАҚОЙТА** (Каракойта) — жер, Шет. ауд. Дұрысы Қаракойтас болу керек.

**ҚАРАҚОЙТАС** (Каракойтас) — тау, Ақтоғ., Приоз. ауд.-да; тау, биік. 999,0 м, Шет. ауд. Қара (сын есім) + қой (зат есім) + тас (зат есім) сөздерінің бірігүйен жасалған күрделі атау. Топонимдік мағынасы: «таудағы тастардың қойға сыртқы ұқсастығына қарай койылған». Койтас — географиялық термин (валун).

**ҚАРАҚОЙЫН** (Каракойын) — е. м., көл, тау, биік. 229,2 м, Жез. ауд. Оғұз тайпаларының бірі осылай аталады. Аққойын деген де ру бар.

**ҚАРАҚОРҒАН** (Каракорган) — бейіт, Жез. ауд. Топонимдік мағынасы: «қарайып түрған балшықтан соғылған зират».

**ҚАРАҚУШЫҚ** (Каракушик) — бейіт, Жез. ауд. Қуышық — түркі тілдерінде «өлең» ұғымын білдіреді. Қазақстанның оңтүстік облыстарында «қоышық» тұлғасында колданылып өлең сөзінің ба-

ламасы орнына жұмсалады. Топонимдік мағынасы: «қаралы өлең айтатын жер».

ҚАРАҚҰДЫҚ (Каракудук) — қыст., құд., өз., Ақад. ауд.; есік е. м., баст., құд. Жанаар. ауд.; құд. Жез. ауд.; құд. Ұлыт. ауд.; құрғ. өз., Шет ауд. Топонимдік мағынасы: «мөлдір қарасу». Казакстанның түкпір-түкпіріндегі қарақұдық аталған обьектілердің бәріне тән ортақ қасиет, сол арада «мөлдір қара судың» бар екендігімен байланысты қойылған.

ҚАРАҚҰДЫҚСАЙ (Каракудуксай) — жылға, Ұлыт. ауд. *Kara* (зат есім) «жер үғымында) + құдық (зат есім) + сай (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атаяу. Топонимдік мағынасы: «мөлдір таза қарасу ағатын ойпан».

ҚАРАҚҰЛА (Каракула) — тау, биік. 812,5 м, Ақтөр. ауд. *Kara* (сын есім) + құла (сын есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атаяу. Топонимдік мағынасы: «тау түсінің қара құла (сары мен жириен арасындағы түс) болуымен бірге, өсімдіктер дүниесінің жоқтығына, жаланаштығына байланысты қойылған».

ҚАРАҚҰМ (Каракум) — құм., Жез., Приоз. ауд.-да. *Kara* (зат есім «жер үғымында) + құм (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атаяу. Топонимдік мағынасы: «құм жер».

ҚАРАҚЫЗ (Каракызы) — жер, Ақад. ауд. Е. Қойшыбаевтың пікірінше: «түр. қарақ және көз сөздерінің кіріге тіркесуінен қалыптасып, қаракыз тұлғасына айналған», — дейді. Біздіңше, біріккен сөзден жасалған атаудың бірінші сыңары — қара «жер үғымын, екінші әлегіндегі — қызы сөзінің түркі тілдерінде «шұрайлы, отты жер, тар, еңсіз, жінішке» мағыналары бар (Мурзаев. 1984, 326., Молчанова. 1979, 251). Қарақызы атавы Қазақстан территориясында көп тараған. Тілдің даму барысында аталған көне мағынасы актив қолданыстан шығып көмекіленген.

ҚАРАҚЫЗАТҚАН (Каракызаткан) — құд., Ұлыт. ауд. *Kara*-қызы жоғарыдағы атаумен мәндес+атқан (есімше тұлғалы етістік) сөздерінің бірігуінен жасалған. Топонимдік мағынасы: «шұрайлы жердегі артезиан құдығы, яки бұргылау (геологиялық) әдісімен жер кабаттарындағы суды атқылау».

ҚАРАҚЫНҒЫР (Каракынғыр) — құд., Жез. ауд. *Kara* (сын есім) + қыңғыр (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атаяу. К. К. Юдахин сөздігінде: «қыңғыр сөзіне — дыбыс, дыңғыр», — деп түсінікте берген (1965, 491). Атаудың мағынасы: «шелек дыбысы дыңғырлап естілетін шынырау құдық».

ҚАРАҚЫПШАҚ (Каракыпчак) — бейіт, Жез. ауд. Этноним атынан жасалған атаяу.

ҚАРАҚЫРГА (Каракырга) — тау, Приоз. ауд. Қарақырқаның фонетикалық варианты.

ҚАРАҚЫРҚА (Каракырка) — жер, қыст. Ақад. ауд.; тау, Шет

ауд. *Қара* (сын есім) + қырқа (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атаяу. Мағынасы: «қарақырқа».

**ҚАРАЛАСИЫР** (Караласыр) — *таулар*, Ақад. ауд. *Қара* (сын есім) + ала (сын есім) + сиыр, *сайр* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған күрделі атаяу. *Сайр* монгол тілінде «жота, шатқал» ұғымын білдіреді (Базылхан, 1984). Түркі-монгол сөздерінен жасалған атаяудың мағынасы, *қара ала жоталар, қара ала таулар*».

**ҚАРАМАН** (Караман) — *тау*, биік. 364,3 м, Приоз. ауд. Этноним атынан қойылған атаяу.

**ҚАРАМАТАҚ** (Караматак) — *шоқы*, Ақад. ауд. *Қарама* (устеу) + *тақ* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атаяу. *Қарама* сөзі «қарсы» ұғымын білдіретін көне лексикалық тұлға. Мысалы: *қарама-қарсы*, *қарама-кайши*, *қарама-қарсылық* қос сөздерінің күрамындағы мағынасымен салыстырыныз. *Тақ* сөзі «таудың» фонетикалық көне варианты. Топонимдік мағынасы: «қарама-қарсы тау», «қарсы беттегі тау».

**ҚАРАМБАЙШОҚЫ** (Карамбайшокы) — *шоқы*, Ақад. ауд. Кісі атынан қойылған шоқы.

**ҚАРАМЕНДЕ** (Караменде) — өз., Ақтөр. ауд. Этноним атынан қойылған өзен.

**ҚАРАМЕНДІ** (Караменды) — *жер*, Ұлыт. ауд. Қараменде атының фонетикалық варианты.

**ҚАРАМОЙЫН** (Карамойын) — *тау*, биік. 900,4 м, Ақтөр. ауд. *Қара* (сын есім) + *мойын* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атаяу. Топонимдік мағынасы: «мойынға үқсас қара тау».

**ҚАРАМОЛА** (Карамола) — *бұл.*, Ақад. ауд.; *е. м.*, *тау*, Ақтөр. ауд.; *жер*, *тау*, биік. 644 м, қыст. Жез. ауд.; *тау*, биік. 1016,3 м, *жер*, Шет. ауд. *Қара* (сын есім) + *мола* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атаяу. Топонимдік мағынасы: «қалың мола».

**ҚАРАМҰРЫН** (Карамурун) — *е. м.*, *тау*, Шет. ауд. Кісінің лақап атынан қойылған атаяу (экспедиция материалы, 1982 ж. Инф. Сырымбетов Қасым (Қаске): Қарамұрын — Жайынбайдың әйелінің аты дейді).

**ҚАРАМЫС** (Карамыс) — *е. м.*, өз., Шет ауд.; *тау*, биік. 487,7 м, Ақад. ауд. *Қара* (сын есім) + *мыс* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атаяу. Топонимдік мағынасы: «мыстың көп жері».

**ҚАРАОБА** (Караоба) — *дөң.*, қыст., *тау*, биік. 929,2 м, Ақад. ауд.; *е. м.* Ақтөр. ауд.; *тау*, биік. 703,4 м, Жанаар. ауд.; *жер*, Жез. ауд.; *тау*, биік. 685,8 м, Приоз. ауд.; *дөң*, *тау*. Шет ауд. Топонимдік мағынасы: «үйінді тастың көп жері, шошақ тау».

**ҚАРАОБАЛЫ** (Караобалы) — *е. м.*, Ақтөр. ауд. Қараобаны қаралызы.

**ҚАРАОЙ** (Караой) — *жер*. Жанаар. ауд.; өз., *жер*, Ұлыт. ауд.; *тау*, биік. 413,8 м., Приоз. ауд. *Қара* (сын есім) + *ой* (зат есім) сөз-

дерінің бірігүйен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «ойпан, еңіс жер».

**ҚАРАӨЗЕК** (Караозек) — *жер*, Ақад. ауд., *жер, өз., тау*, биік. 453,4 м, Жанаар. ауд.; өз., Приоз. ауд.; *жер*. Шет ауд. Топонимдік мағынасы: «кішігірім жылғалардың көп жері».

**ҚАРАӨЗЕН** (Караозен) — *жер*, Жанаар. ауд. Топонимдік мағынасы: «терең өзен».

**ҚАРАСАЗ** (Карасаз) — *е. м.*, Ақад. ауд. *Қара* (зат есім «жер» ұғымында)+*саз* (зат есім) сөздерінің бірігүйен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «сазды жер».

**ҚАРАСАЙ** (Карасай) — *жер, өз.*, Жанаар. ауд.; өз., Жез. ауд.; өз., Шет. ауд. *Қара* (сын есім)+*сай* (зат есім) сөздерінің бірігүйен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «Қарайып жатқан сай». Түркі тілдерінде «сай, чай» тұлғаларында өзен мағынасында білдіреді.

**ҚАРАСАҚАЛӘУЛИЕ** (Карасакал-аулие) — *мола, оба, Жанаар.* ауд. *Қарасақал* (кісі аты)+*әулие* (зат есім) сөздерінің бірігүйен жасалған атау. Осы адам (қасиетті Қарасақал) жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект).

**ҚАРАСЕНГІР** (Карасенгир) — *тау*, биік. 879,2 м, Приоз. ауд. *Қара* (сын есім)+*сенгір* (зат есім) сөздерінің бірігүйен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: қарайған «биік тау». Сенгір — түркі түркі тілдерінде шың, чоң, сұңғак тұлғаларында биік деген мағынаны білдіреді.

**ҚАРАСИРЕ** (Карасире) — *өз.*, Жез. ауд. *Қара* (зат есім «жер» ұғымында)+*сире* (зат есім) сөздерінің бірігүйен жасалған атау. Қоңа түркі тілінде сире, сыр сөзінің «өзен» мағынасы бар. Қазақ тіліндегі Сырдария атауының немесе Сыр елі, Сыр өзені тіркестеріндегі «сыр» компоненті осының дәлелі. Топонимдік мағынасы: «қайнар бұлактан бастау алған өзен».

**ҚАРАСИЫР** (Карасыр) — *е. м.*, Ақтоғ. ауд.; *жер, Жез.* ауд. *Қара* (зат есім)+*сиыр, сайыр* (зат есім) сөздерінің бірінші сыңары — қара қоңа түркі тілінде «жер» ұғымын, екінші компоненті — *сиыр, сайыр* монгол тілінде «кургаған өзен арнасы, малта тас» мағыналарын білдіреді (Базылхан. 1984, 406). Қарасыр түркі-монгол сөздерінің бірігүйен жасалған қоңа атау. Қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне орай *сайыр/сиыр* тұлғасына айналған. Топонимдік мағынасы: «құрғаған өзен арнасындағы жер немесе сол жердегі елді мекен».

**ҚАРАСОРА** (Карасора) — *ескі е. м.*, Жез. ауд. *Қара* (зат есім)+*сора* (зат есім) сөздерінің бірігүйен жасалған атау. Топонимнің сыңары — қара «жер» ұғымын, екінші бөлегі — *сора* «өзеннің кіші-гірім саласы» мағынасында қолданылған (Мурзаев. 1984, 517). Яғни бұл жерде ерте кезде өзен болғандығын білдіреді.

**ҚАРАСУ** (Карасу) — көл, Ақад. ауд.; *e. м.*, өз., Ақтөр. ауд.; құрғ. өз., Жанаар. ауд.; көл, құд. қыст., өз., Жез. ауд.; өз., Приоз. ауд.; жер, өз., Ұлыт. ауд.; өз., Шет ауд. *Қара* (зат есім) + *су* (зат есім) сөздерінің бірігүінен жасалған атау. *Қарасу* түркі тілдерінде, сонын ішінде хакасша «харасуғ», қарашибаша «Къара суу» тұлғаларында «бұлақ, қайнар» мағынасында қолданылады. Топонимдік мағынасы: «бұлақ, қайнар суы».

**ҚАРАСУИР** (Карасуир) — жер, Жез. ауд. Мағынасы: «үшкір тұмсық тәрізді жер бедерінің сыртқы пішініне қарай қойылған атау».

**ҚАРАСҮРЕ** (Карасуре) — өз., Жез. ауд. Қарасора (Қарақызы) атауымен пара-пар.

**ҚАРАТАБАЙ** (Каратабай) — жер, Ақад. ауд. Кісі атынан қойылған жер атауы.

**ҚАРАТАҚТА** (Каратакта) — қыст., Шет ауд. *Қара* (сын есім) + *тақта* (зат есім) сөздерінің бірігүінен жасалған атау. Мағынасы: «қыстаудың қара тақтаймен жабылған үй шатырлары жолаушыға алыстан көрінуіне байланысты қойылған». Немесе жердің тақтайдай қап-қара болып жатқанына байланысты қойылуы да мүмкін.

**ҚАРАТАЛ** (Каратал) — *e. м.*, қыст. өз., Ақтөр. ауд.; жер, Приоз. ауд.; қыст., өз., Ұлыт. ауд.; жер, Шет ауд. *Қара* (сын есім) + *тал* (зат есім) сөздерінің бірігүінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «өзен жағалай өскен қара тал».

**ҚАРАТАС** (Каратас) — кен орны, өз., *тау*, биік. 676,6 м, төбе, биік. 402,3 м, Ақад. ауд.; қыст., *тау*. Ақтөр. ауд.; *тау*, биік. 706,7 м, Жанаар. ауд.; дөн., Жез. ауд.; *тау*. биік. 988,4 м, Приоз. ауд. *Қара* (сын есім) + *тас* (зат есім) сөздерінің бірігүінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «тасы көп тау, төбе».

**ҚАРАТАСТАУ** (Каратастау) — *тау*, Ақад. ауд. Қаратас атауымен пара-пар.

**ҚАРАТАУ** (Каратай) — *тау*, Ақад. ауд.; *тау*, биік. 614,4 м, Ұлыт. ауд. *Қара* (сын есім) + *тау* (зат есім) сөздерінің бірігүінен жасалған атау. Е. Қойшыбаев келтірген (1985, 158) Э. М. Мурзаев пікіріне қосыламыз. Ол: «бұл атаудағы *қара* сөзі түспен байланысты, өйткені қаратайларда өзге ұлытаулардағыдай жаз бойы қар жатпайды», — дейді.

**ҚАРАТЕКЕ** (Каратеке) — *шоқы*, Приоз. ауд. *Қара* (сын есім) + *теке* (зат есім) сөздерінің бірігүінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «тау текесі көп мекендейтін *шоқы*».

**ҚАРАТЕМІР** (Каратемир) — жер, Жанаар. ауд. *Қара* (сын есім) + *темір* (зат есім) сөздерінің бірігүінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «темірлі тасы көп жер».

**ҚАРАТОҒАН** (Каратоган) — тоғ., Ақад. ауд. *Қара* (сын есім)

**+тоган** (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «тоганы көп жер».

**ҚАРАТОҒАНБАЙ** (Каратоганбай) — *taу*, Ақтоғ. ауд.; *taу*, биік. 956,0 м, Шет ауд. *Қара* (сын есім) +**тоган** (зат есім) +**бай** (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған күрделі атау. Топонимдік мағынасы: «тоганға бай тау».

**ҚАРАТОРГАЙ** (Караторгай) — өз., Ұлыт. ауд. А. Әбдірахманов «...Торғай гидронимі екі компоненттен, яғни ру атынан жасалған. Бірақ оның торығ деген бөлімі түске байланысты бір сөз деп қараймыз. Ал бұл осы торығтар орыс жылнамаларының «торки» этнонимі ме, жоқ па деген мәселе әлі де зерттей түсуді қажет етеді», — дейді (1975, 177—178). Біздінше де этноним атынан койылған болу керек.

**ҚАРАТОБЕ** (Каратобе) — *taу*, биік. 778,7 м, Ақад. ауд. *taу*, биік. 573,1 м, Жез. ауд., *taу*, Нұра ауд., Әң, *taу*, Ұлыт. ауд. *Қара* (сын есім) +**төбе** (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «тау, төбенің түсіне байланысты койылған».

**ҚАРАТОБЕСАЙ** (Каратобесай) — *сай*, Жез. ауд. *Қара* (сын есім) +**төбе** (зат есім) +**сай** (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған күрделі атау. Мағынасы «қара төбе жанындағы сай».

**ҚАРАТҰМА** (Каратума) — *bast.*, Ақад. ауд. Топонимдік мағынасы: «жер астынан шықкан су, бұлак, қайнар».

**ҚАРАТҰМСЫҚ** (Каратумсук) — өз., *taу*, биік. 609,6 м, Жаңаар. ауд.; *жер*, Жез. ауд.; *шоқы*, Приоз. ауд.; *taу*, биік. 797,0 м, Шет ауд. *Қара* (сын есім) +**тұмсық** (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «сүйір құс тұмсық тәрізді таудың сыртқы пішініне байланысты койылған».

**ҚАРАТҮЙЕ** (Каратүйе) — *taу*, Ақтоғ. ауд. *Қара* (сын есім) +**түйе** (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «қара түйеге байланысты оқиға негізінде қалыптасқан атау». Немесе «түйеге үқсас қара тау» болуы да мүмкін.

**ҚАРАУЫЛ** (Караул) — *taу*, биік. 665,0 м, Ақад. ауд. Топонимдік мағынасы: «жан-жағы түгелдей көрінетін онаша тау».

**ҚАРАУЫЛТАС** (Карауылтас) — *e. m.*, Ақтоғ. ауд. *Қарауыл* (зат есім) +**тас** (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «жан-жағы түгелдей көрінетін биік тас».

**ҚАРАУЫЛТӨБЕ** (Карауылтобе) — *taу*, Ақад. ауд.; *оба*, *төбе*, Жез. ауд.; Әң, биік. 649,8 м, Шет ауд. *Қарауыл* (зат есім) +**төбе** (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «жан-жағы түгелдей көрінетін биік жер».

**ҚАРАУЫЛШОҚЫ** (Карауылшокы) — Әң, *taу*, Ақад. ауд. *Қарауыл* (зат есім) +*шоқы* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «жан-жағы түгелдей көрінетін шоқы».

**ҚАРАУҢГІР** (Караунгир) — бұл., Ақад. ауд. *Kara* (сын есім) +үңгір (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Жерден шығып жатқан қайнар суы шайып, кеуектеп казылған табиғи құстытар.

**ҚАРАША** (Караша) — е. м. Ақтоғ. ауд.; *айыр.*, е. м., *taу*, биік. 618,0 м, Жанаар. ауд., *тәбे*, Ұлыт. ауд. *Kara* (сын есім) +аша (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Тілдік қолданыстың барысында қатар келтөн екі дауыстының бірі түсіп, сөз арасы кірігіп, жымдастып кеткен. Топонимдік мағынасы: «тарамдалып кететін жол айрықтарының, ашалардың көптігіне байланысты қойылған».

**ҚАРАШАҒЫРЛЫ** (Карашагырлы) — жер, Жез. ауд. *Kara* (сын есім) +шағырлы (тынды сын есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Шағыр өсімдік тұқымдас ағаш тәрізді бұтаның аты. Топонимдік мағынасы: «кара шағырдың көп өсетін жер».

**ҚАРАШАЛҒЫН** (Карашалғын) — жер, Шет ауд. *Kara* (сын есім) +шалғын (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «қалың шалғын».

**ҚАРАШЕГЕН** (Карашеген) — құд., Жез. ауд. *Kara* (сын есім) +шеген (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «қалың шегенделген құдық».

**ҚАРАШЕГІР** (Карашегір) — е. м., Ақтоғ. ауд. *Kara* (сын есім) +шегір (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Шегір сөзі мифологияда құстың корғаушысы, жебеушісі деген түсінік береді. Топонимдік мағынасы: «қыран құсы көп жер».

**ҚАРАШЕЛЕК** (Карашелек) — өз., жер, Ақтоғ. ауд. Е. Қойшыбаев «көнеде өзін сөзі жел мағынасын берсе, аяқты -ек косымшасы сол мекендегі соғатын желдің құбылысын білдіреді»,— дейді (1985, 239). Бұл біздіңше қате пікір. Дұрысы — «Шелек» емес, «шілік» екенін айтуымыз керек. Бұрмаланып жазылып кеткен атаудың сырьы осындай. Топонимдік мағынасы: «қара шілік өсетін жер».

**ҚАРАШЫБАЙ** (Карашибай) — бейіт, Жанаар. ауд. Осы адам жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект).

**ҚАРАШЕШЕН** (Карашешен) — бейіт, Ақтоғ. ауд. Осы адам (Қарашешен — лақап ат) жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект).

**ҚАРАШОҚЫ** (Карашокы) — *taу*, биік. 948,7 м, шоқы, Ақад. ауд.; е. м., *taу*, биік. 892,8 м, Ақтоғ. ауд.; жер, *taу*, биік. 641,6 м, Жанаар. ауд.; *taу*, биік. 581,9 м, Жез. ауд.; шоқы, *taу*, биік. 898,2 м, Приоз. ауд.; дөң, *taу*, биік. 415,6 м, Ұлыт. ауд.; шоқы, *taу*, биік. 878,8 м, Шет ауд. *Kara* (сын есім) +шоқы (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «қара шоқы, тау».

**ҚАРАШҮҚЫР** (Карашукур) — жер, Жанаар. ауд. *Kara* (сын

есім) + шұқыр (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «шұқыры көп жер».

ҚАРАШЫ (Караши) — жер, Жез. ауд. *Kara* (сын есім) + аңы (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Тілдік қолданыстың барысында катар келген екі дауыстының бірі түсіп, сөз арасы кірігіп, жымдастып кеткен. Топонимдік мағынасы: «тұзды өзеннің құрғаған арнасы немесе тұзды жер». Әдеби тілде ашы сөзін ашы дейді.

ҚАРАШЫГАН (Карашиган) — *taу*, биік. 299,0 м, Жез. ауд. *Kara* (сын есім) + шыған (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «бійік жер».

ҚАРАШЫН (Карашин) — *taу*, биік. 918,8 м, Ақад. ауд., *taу*, биік. 862,9 м, Шет ауд. *Kara* (сын есім) + шың (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «қарайып алыстан көрінетін таудың ұшар басы».

ҚАРАШІЛІК (Карашилик) — жер, өз., *taу*, Ақад. ауд.; *e. м. жер, қыст.* *taу*, Ақтөп. ауд., *e. м. Жанаар.* ауд., өз., Приоз. ауд.; *жер,* Шет ауд. *Kara* (сын есім) + шілік (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «шілігі көп жер».

ҚАРҒАБАЙ (Карғабай) — *taу*, биік. 529,3 м, Ұлыт. ауд. Кісі есімінен қойылған тау аты.

ҚАРҒАБҰЛАҚ (Карғабулак) — бұл., *taу*, биік. 546,1 м, Ақад. ауд. *Karfa* (сын есім) + бұлақ (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Атау бұлақ маңында карғаның көп болуына байланысты қойылған.

ҚАРҒАҚУЫС (Карғакуыс) — *taу*, биік. 183,4 м, Жез. ауд. *Karfa* (сын есім) + қуыс (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «кішкене куыстары көп тау».

ҚАРҒАЛЫ (Каргалы) — өз., тәбе, биік. 167,1 м, Жез. ауд.; пос., *taу*, биік. 1127,0 м., Шет ауд. *Karfa* (зат есім) + лы (сын есім тудыратын жүрнек) бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «карғасы көп жер».

ҚАРҒАЛЫ — ҚАРААДЫР (Каргалы — Караадыр) — *taу*, Жез. ауд. *Karfa* (зат есім) + лы (сын есім тудыратын жүрнек) + + *Kara* (сын есім) + адыр (зат есім) кос сөзден жасалған косарланған күрделі атау. Топонимдік мағынасы: «карғасы көп кара адыр».

ҚАДЫРАЛЫ (Қадыралы) — құд., Жез. ауд. Кісі есімінен қойылған құдық аты.

ҚАРЖАРТАС (Каржартас) — *e. м.*, Шет ауд. Атаудың бастапқы тұлғасы қара (сын есім) + жартас (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Тілдік қолданыстың барысында біріккен сөздің ара жігіндегі дауысты *a* дыбысы түсіп, ықшамдалған.

ҚАРЖАС (Каржас) — жол, Ақтөп. ауд. Инф. 71 жастағы Ақ-

метов Аманбек ақсақалдың айтуы — ру атымен қойылған жол атавы.

**ҚАРКЕЙ** (Каркей) — *e. m.* Ақтоғ. ауд. Түркі тілдерінде «сөрайып тұру, шығып тұру, бөлініп көрініп тұру» ұғымында қолданылады (проф. К. К. Юдахин. 1965, 341). Топонимдік мағынасы: «алыстан сорайып көрінетін ауыл».

**ҚАРҚАЛДЫ** (Каркалды) — *дөң., құр.*, Жанаар. ауд. *Kar* (зат есім) + *қалды* (етістік) сөздерінің бірігуінен жасалған атаву. Топонимдік мағынасы: төбенін арнаның «қар ұстап қалатын қасиетіне байланысты қойылған».

**ҚАРҚАН** (Каркан) — *қыст., tay*, Жанаар. ауд. Қеңе түркі тілінде, соның ішінде қазіргі қырғыз-қазақ тілдерінің фольклорлық шығармаларында «тұтас, түгелімен бірге» ұғымында қолданылады (проф. К. К. Юдахин. 1965, 351). Топонимдік мағынасы: «жалғасып жатқан тұтас тау».

**ҚАРҚАНӨЗЕН** (Карканозен) — *өз.*, Жанаар. ауд. *Қарқан* (етістік) + *өзен* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атаву. Топонимдік мағынасы: «жалғасып жатқан, ұштасып жатқан өзен».

**ҚАРҚАРАЛЫ** (Каркаралы) — *tay*, Шет ауд. Бұл атаудың этиологиясын зерттеген А. Әбдірахманов үш түрлі мағынасы барлығын көрсете келіп, *қарқара* (кус) + *лы* (сын есім тудыратын жүрнек) деген пікірі шындыққа келеді (1975, 122—123).

**ҚАРҚЫМБАЙ** (Каркымбай) — *өз.*, Ақад. ауд., Жанаар. ауд. Кісі есімінен қойылған өзен атаву.

**ҚАРЛЫ** (Карлы) — *жер*, Жанаар. ауд. *Kar* (зат есім) + *лы* (сын есім тудыратын жүрнек) жалғану арқылы жасалған атаву. Топонимдік мағынасы: «қыста қар көп түсетін жер».

**ҚАРЛЫГАШТАУ** (Карлыгаштау) — *tay*, биік. 601,0 м, Ақад. ауд. *Қарлығаш* (зат есім) + *tay* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атаву. Топонимдік мағынасы: «қарлығашы көп тау».

**ҚАРЛЫҚАН** (Карлыкан) — *бейіт*, Приоз. ауд. *Kar* (зат есім) + *лы* (сын есім тудыратын жүрнек) + *қан* (зат есім) тұлғаларының бірігуінен жасалған атаву. Атаудың атынан да белгілі осы жерде кісі өлімімен байланысты қанды оқиғаның болғанын билдіреді.

**ҚАРМЫС** (Кармыс) — *e. m.*, Ақтоғ. ауд.; *e. m. өз.*, Шет ауд. Этникалық топ бойынша қалыптасқан атаву.

**ҚАРОЙ** (Карой) — *жер*, Жез. ауд. Атаудың бастапқы тұлғасы *қара* (сын есім) + *ой* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Тілдік қолданыстың барысында біріккен сөздің ара жігіндегі дауысты дыбыс түсіп, ықшамдалған. Мағынасы: «Қарайып жатқан ойлы жер».

**ҚАРСАҚ** (Карсак) — *құд.*, Приоз. ауд. Кісі есімінен қойылған құдық атаву.

**ҚАРСАҚПАЙ** (Карсакпай) — *e. m., жер*, Жанаар. ауд.;

*авто. жол, Жез. ауд.; жер, тау, биік.* 1108 м, Шет ауд. *Карсақ* (зат есім) + *бай//пай* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған, кісі атынан қойылған атау.

**ҚАРСАҚҚЫРҒАН** (Карсаккырган) — *жер, Ұлыт.* ауд. *Карсақ* (зат есім) + *қыр* (еңістік) + *ған* (өткен шақ есімше формасы) бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «қарсақ көп ауланған жер».

**ҚАРСЫАДЫР** (Карсыадыр) — *тау, биік.* 598 м, Жанаар. ауд. *Карсы* (үстеге) + *адыр* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «қарама-қарсы жақтағы адыр».

**ҚАРСЫБАЙ** (Карсыбай) — *бейіт,* Жанаар. ауд. Осы адам жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ҚАРСЫБЕК** (Карсыбек) — *бейіт,* Ақад. ауд. Осы адам жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ҚАРТА** (Карта) — *тәбе,* биік. 128,2 м, Жез. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**ҚАРТҚОЯНДЫ** (Картқоянды) — *тау, биік.* 655,1 м, Ұлыт. ауд. *Карт* (зат есім) + *қоян* (зат есім) + *ды* (сын есім тудыратын жұрнақ) бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «қояны көп жер». *Карт* сөзінің жануарларға айтылуы фольклорлық шығармаларда кездеседі. (Проф. К. К. Юдахин. 1965, 353). Яғни, бұл — атаудың көнелігін білдіреді.

**ҚАРШАБЕК** (Каршабек) — *бейіт,* Приоз. ауд. Осы адам жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ҚАРШЫГАЛЫ** (Каршыгалы) — *өз., Ақтөг., Приоз.* ауд.-да. *Каршыға* (зат есім) + *лы* (сын есім тудыратын жұрнақ) жалғану арқылы жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «қаршығасы көп жер».

**ҚАРЫНБАЙ** (Карынбай) — *қыст., Жез.* ауд. Кісі есімінен қойылған қыстау аты.

**ҚАРЫМСАЙ** (Карымсай) — *құрғ. орн., Жанаар.* ауд. *Карым* (зат есім) + *сай* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. *Карым* сөзі ру атынан қойылған. Атаудың мағынасы: «карымдар мекендеген жердегі сай немесе құрғаған арна».

**ҚАРЫНҚҮРТ** (Карынкурт) — *қыст., Ақтөг.* ауд. *Карын* (зат есім) + *құрт* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «қарынға салынған құрт оқиғасымен байланысты қойылған атау».

**ҚАРЫНШЫ** (Карынши) — *е. м., тау, биік.* 763,8 м, Ақтөг. ауд. Ру атымен қойылған тау аты.

**ҚАСАБАЙ** (Касабай) — *е. м., Ақтөг.* ауд. Кісі атынан қойылған атау.

**ҚАСАБҰЛАТ** (Касабулат) — *бейіт., Ақад.* ауд. Осы адам жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ҚАСАУ** (Kacay) — жер, тау. Жез. ауд. Мағынасы: түсініксіз атая.

**ҚАСЕН** (Касен) — бейіт, Жанаар. ауд. Осы адам жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ҚАСКЕ** (Каске) — аңғ., Ақтоғ. ауд. Кісі есімінен койылған аңғар аты.

**ҚАСҚАЙҒЫР** (Каскаайғыр) — кен орны, тау, биік. 676,6 м, Ақад. ауд. Қасқа (сын есім)+айғыр (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атая. Топонимдік мағынасы: «осы жердегі касқа айғыр оқиғасына байланысты койылған».

**ҚАСҚАБҰЛАҚ** (Каскабулак) — баст. Ақад. ауд. Қасқа (сын есім)+бұлақ (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атая. Топонимдік мағынасы: «жалтырап, жайылып жататын бұлақ».

**ҚАСҚАҚОШҚАР** (Касқакошқар) — қыст., өз., Ақад., Шет ауд.-ры. Қысқа (сын есім)+қошқар (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атая. Топонимдік мағынасы: «осы жердегі манда-йында тәбелі бар кошқар оқиғасына байланысты койылған».

**ҚАСҚАҚҰДЫҚ** (Касқакудук) — бұл., Жез. ауд. Қасқа (сын есім)+құдық (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атая. Бұлак көзіне судын толып ағуы үшін арнайы (тастан немесе т. б.-дан) шегенделіп құдық тәрізді жасалған беті ашық қоршашау.

**ҚАСҚАТАУ** (Каскатау) — шоқы, биік. 666,3 м, Жанаар. ауд. Қасқа (сын есім)+тау (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атая. Топонимдік мағынасы: «қыста басында қар жатпайтын, жазда шөп шықпайтын кіші тау, шоқы».

**ҚАСҚАЯ** (Каская) — е. м., Ақтоғ. ауд. Топонимдік мағынасы: «жонғар шапқыншылығы кезіндегі казак халқының сыртқы жауға тойтарыс берген, касқая қарсы түрған жері».

**ҚАСҚЫР** (Касқыр) — төбе, Жез. ауд. Топонимдік мағынасы: «бөрілі төбе».

**ҚАСҚЫРҚОНҒАН** (Касқырконған) — бұл., Шет ауд. Қасқыр (зат есім)+қон (етістік)+ған (есімше өткен шақ формасы) сөздерінің бірігуінен жасалған атая. Топонимдік мағынасы: «булак басына қонған, үйіктап қалған сияқты қасқыр оқиғасына байланысты койылған».

**ҚАСҚЫРҚҰДЫҚ** (Касқыркудуқ) — құд., Жанаар., Жез. ауд.-ры. Қасқыр (зат есім)+құдық (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атая. Топонимдік мағынасы: «осы төніректе қасқыр көп болуына байланысты койылған».

**ҚАСҚЫРШАПҚАН** (Касқыршапқан) — шоқы, Ақад. ауд. Қасқыр (зат есім)+шапқан (етістіктің есімше түрі формасы) сөздерінің бірігуінен жасалған атая. Атау қасқырдың осы жерде малға шабу оқиғасымен байланысты койылған.

**ҚАСЕРБҰЛАҚ** (Касербулак) — жер, Жез. ауд. (Кісі аты, зат

есім) +**булақ** (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Яғни «Қасердің бұлағы».

**ҚАСЫБОЛАТ** (Касыболат) — *бейіт*, Шет ауд. Осы адам жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ҚАСЫМ** (Касым) — *е. м., тәбе*, Актоф., Жез. ауд.-да кісі есімінен қойылған атаулар.

**ҚАСЫН** (Касын) — *қыст.*, Ұлыт. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**ҚАТАГАНСАЙ** (Катагансай) — *құр. ар., сай*, Ақад., Жез. ауд.-а. Ру атынан қойылған.

**ҚАТАРТАУ** (Катартай) — *шоқы*, Жанаар. ауд. *Қатар* (сын есім) +*тай* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «қоса-қабат, катарласа жатқан тау, шоқы».

**ҚАТАСОР** (Катасор) — *тай*, биік. 525,5 м, *Ката* (сын есім) — *сор* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «шөлді сор тау».

**ҚАТМОЛА** (Катмола) — *бейіт*, Жез. ауд. *Қат* (зат есім) + *+мода* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «кат-қабат молалы жер».

**ҚАТПАР** (Катпар) — *е. м.* Ақад. ауд. Сол жердің бедері қатпар-қатпар, қыртыс-қыртыс болуына байланысты қойылған атау.

**ҚАТПАРТАС** (Катпартас) — *айр.* Жанаар. ауд. *Қатпар* (зат есім) +*тас* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Атау сол жerde қатпар-қатпар тастардың болуына байланысты қойылған.

**ҚАТТЫ** (Катты) — *тай*, Ұлыт. ауд. Тау тасының қасиетіне қарай оның беріктігіне, мықтылығына байланысты қойылған атау.

**ҚАТТЫЖЕР** (Каттыжер) — *тәбе*, биік. 131,6 м, Жез. ауд. *Қатты* (сын есім) +*жер* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Жоғарыдағы «қатты» атауының мағынасымен пара-пар.

**ҚАТЫН** (Катын) — *бейіт*, Актоф., Ұлыт. ауд.-да. Осы жерде жерленген әйелдің күрметіне қойылған атау.

**ҚАТЫНҚҰДЫҚ** (Катынкудук) — *құд.*, Жез. ауд. *Катын* (зат есім) +*құдық* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «ханымның, ханшаның құдығы».

**ҚАТЫНҚҰМ** (Катынкум) — *құм.*, биік, 232,5 м, Жез. ауд. *Катын* (Хатан) сөзі түркі-монгол тілдеріне ортак «қатыгез, катал, мейірімсіз» деген үғымды білдіреді (Базылхан, 1984, 576). Атаудың топонимдік мағынасы: «мейірімсіз, бетпак құм».

**ҚАШҚАНБҰЛАҚ** (Кашканбулак) — *жер*, Жанаар. ауд. *Қашқан* (етістіктің өткен шақ есімше формасы) +**булақ** (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «бұлақ суының тарылған жері».

**ҚАШҚАНСУ** (Кашкансу) — *жыра*, Жез. ауд. Топонимдік мағынасы: «сұзы тартылған жыра».

**ҚАШҚАНТЕҢІЗ** (Кашкантеніз) — *тжс.*, Приоз. ауд. Топонимдік мағынасы: «теңізден бөлінген су, теңіз тармағы» сел бойынша жер аты.

**ҚАШҚЫН** (Кашкын) — *бейіт*, Ұлыт. ауд. Осы адам жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ҚАШҚЫНБАЙ** (Кашкинбай) — *е. м.*, Ақтоғ. ауд.; *тау*. биік. 409,2 м, Жанаар. ауд. Кісі есімінен койылған тау аты.

**ҚАШҚЫНБАЙСАЙ** (Кашкинбайсай) — *жер*, Ұлыт. ауд. Кісі есімінен койылған сай аты.

**ҚАШТАЛ** (Каштал) — *бұл.*, Шет. ауд. *Қаш* (етістік) + *тал* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: көзі бітеле, сұзы азая бастаған бұлактың бойына жағалай өскен ағаштың кемуіне байланысты койылған.

**ҚИЯҚСАЙ** (Кияксай) — *сай*, Ұлыт. ауд. *Кияқ* (зат есім) + *+сай* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «кияқ шөп өскен сай».

**ҚИЯҚТЫ** (Киякты) — *құд.*, өз., Жез. ауд. *Кияқ* (зат есім) + *+ты* (туынды сын есім жасап, сол нәрсенің барлығын білдіреді) бірігуі арқылы жасалған атау. Топонимдік мағынасы: сабағы үш кырлы, жапырағы таспа пішінді көп жылдық шөптің құдық, өзен жағасын қуалай өсуіне байланысты койылған.

**ҚИЯҚТЫСАЙ** (Кияктисай) — *құрғақ өз.*, *арна.*, Ұлыт. ауд. Кияксай атауын қарандыз.

**ҚИЯЛЫ** (Киялы) — *тау*, биік. 569,3 м, Ақад. ауд. Мағынасы: «киясы көп, кия-кия тау».

**ҚИЫНДЫҚ** (Кындық) — *шоқы*, биік. 360,3 м, Приоз. ауд. Топонимдік мағынасы: «басына шығудың кедергі, бөгеті көптігімен байланысты қойылған атау».

**ҚИРАОБА** (Кираоба) — *құд.*, Приоз. ауд. Топонимдік мағынасы: «кираган оба жанындағы құдық».

**ҚИСЫҚТӨБЕ** (Кийсыктобе) — *дөң*, Жез. ауд. *Қисық* (сын есім) + *тебе* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «бір жағына қисайған, жантая біткен төбе».

**ҚОҒА** (Қога) — *бас.*, Ақад. ауд.; *қыст.*, *жер*, Жез. ауд.; *көл*, Ұлыт. ауд. Топонимдік мағынасы: «коғалы, қоға қалың өскен жер».

**ҚОҒАБИДАЙЫҚ** (Когабиданық) — *жер*, Жез. ауд. *Қоға* (зат есім) + *бидайық* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «коға, бидайыкты жер».

**ҚОТАННҰРА** (Котаннұра) — *жер*, Жез. ауд. *Қотан* (зат есім) + *+нұра* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «көл жағасындағы мал қора». Атаудың бірінші сынары —

қотан «мал түнейтін орын, ашық кора» (КТС, 1982, 371.) ұғымын, екінші компоненті — *нұра* монгол, қалмақ тілдерінде «нур», «нүр» (Базылхан, 1977, 156), (Русско-калмыцкий сл., 1964, 387) тұлғаларында «көл» мағынасын білдіреді. Түркі және монгол сөздерінің бірігуінен жасалған көне атау.

**ҚОТАНШИ** (Котанши) — жер, Приоз. ауд. *Қотан* (зат есім) + *+ши* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «айнала төнірек ши қалаған қора».

**ҚОШАМБАЙ** (Кошамбай) — жер, Жез. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**ҚОҒАЛАР** (Когалар) — *taу*, биік. 665,9 м, Жез. ауд. Үлкен Жез. өз.-нің бат.-да. Бұл — таудың маңайындағы өзеннің жағасында қалың болып өскен қоғасына карай берілген атау.

**ҚОҒАЛЫ** (Когалы) — *тәбе*, биік. 419 м, Ұлыт. ауд.; *бұл.*, Ақт. ауд.; құд., Приоз. ауд. *Қоға* (зат есім) + *лы* (зат есімнен сын есім тудыратын жұрнақ) арқылы жасалған атау. Мағынасы: «қоға бітік, қалың, жіңі өскен» жер.

**ҚОҒАЛЫЖАЙДАҚ** (Когалыжайдак) — баст., Приоз. ауд. Қоғалыжайдак — «жазық, тегіс». Атаудың мағынасы: «қоға қалың өскен жазық, тегіс жер, сол жердегі бастау».

**ҚОҒАЛЫЖАР** (Когалыжар) — жер, Жанаар. ауд. *Қоға* (зат есім) + *лы* (зат есімнен сын есім тудыратын жұрнақ) + *жар* (зат есім) тіркестері арқылы жасалған атау. Мағынасы: «жағасында қоға көп өскен өзендейгі жар».

**ОРТАҚАҒЫЛ** (Ортакагыл) — *taу*, биік. 572,9 м, Жез. ауд. Орталық Қазақстанда Қағыл деген аласа тау бары белгілі. Ал Ортақағыл төменірек болуға тиіс. Е. Қойшыбаев Қағыл атауын «қағу етістігінің өзіндік түрі, мағынасы: «қар токтамайтын желқақты жер», деп түсіндіреді (1985, 140). Біріншіден, «етістіктің өзіндік түрі» деуі қате пікір, өйткені қазақ тілі грамматикасында «етістіктің өзіндік түрі» деген термин мүлдем жоқ. Екіншіден, Қағыл атауының түбірі қақ етістігі десе көкейге қонымды болар еді. Бірақта, түсіндірме сөздікте қағыл «құрғақ, кепкен жер» деп түсіндірлген (ҚТСС, 5.). Олай болса, атаудың мағынасы: «орта тұстағы Қағыл тау».

**ОРТАҚОСАУЫН** (Ортакосаун) — *жер*, Жез. ауд. *Orta* (сын есім) + қос (сын есім) + ауын (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атаяу. Атаудың екінші сынарындағы косауын сөзінің өзін қос және ауын тұлғалы сөздер деп карасақ, қос «екі, егіз», ауын, ау «екі айыр, аша», -ын қосымша деп білеміз. Сонда атаудың мағынасы «Орта тұстағы екі аша, екі айыр жер» дегенге саяды.

**ОРТАҚҰДЫҚ** (Ортакудук) — құд., Ақад. ауд. *Orta* (сын есім) + құдышқ сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атаяу. Мағынасы: «орта тұстағы құдышқ» деген ұғымды білдіреді.

**ОРТАЛЫҚ** (Орталық) — *таулар*, Ақад. ауд.; *taу*, биік. 975,1 м, Шет ауд. *Orta* (сын есім) + лық (зат есім қосымшасы), яғни «орта тұстағы, орталықтағы, негізгі таулар».

**ОРТАҚОРА** (Ортакора) — қыст., Приоз. ауд. *Orta* (сын есім) және қора (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған

атау. «Орта тұстағы, ортадағы қора» деген мағынада қойылған атау.

ОРТА СҮТТИБАЙ (Орта — Сүттибай) — қыст., Приоз. ауд. Кісі есіміне байланысты қойылған қыстау аты, яғни «Сүттібай мекен-деген ортадағы, орта тұстағы қыстау».

ОРТАСЫНТАУ (Ортасынтау) — *taу*, биік. 661,8 м, Ақад. ауд. *Орта+сын* (сын есім) +*taу* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Атаудың мағынасы: «орта тұстағы биік тау».

ОРТАТАУ (Ортатау) — *дөң*, Ақад. ауд., Атаудың мағынасы: «орта тұстағы, орталықтағы негізгі тау» дегенді білдіреді.

ОРТАТОРҒАЙ (Ортаторғай) — *taу*, биік. 141,3 м, Жез.: ауд. Атау *ортa* (мекен үстеу) +*торғай* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топоним құрамындағы *торғай* сөзінің этимологиясын Е. Қойшыбаев «қөне тілдеріне тән *тор/тер* дала жүйелес: сай, терең тар шат, ойпат — кішірейткіш -ғай/-қай аффиксінің қосындысынан қалыптасқан атау. Атаудың тым қөнелігін Омбы облысындағы чұлым татарлары мекені Торғай поселкесінің аты растай түседі. Чұлым татарлары самодий тілдес халықтар тобына жататыны мәлім. Сондықтан да, *Torғай* тұлғасы түркі тілдері аясынан артып алтай дәуірінен сыр тартады деуге болады», деп түйеді (1984, 223).

ОРТАТҰТҚЫН (Ортатутқын) — құрғ. *арна*, Ақад. ауд. Тасбұлақ жайылымының онт.-де. Атау *ортa* (мекен үстеу) +*тұтқын* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Оның құрамындағы тұтқын сөзі тұт (етістіктің бүйрек рай тұлғасы) +*қын* (қосымша). Тілімізде тұт «ұста, тос, тоқтат, қарма» мағыналарын білдіреді. Демек, Ортатұтқын «орта тұста тоқтап, тосылып, бөгеліп қалған арна» дегенге саяды.

ОРТАУ (Ортау) — *taу*, Шет, Жанаар. ауд.-да, *taу*, биік. 799,5 м, *cc орт.*, қыст., Ақад. ауд. Екі терминнен құралған атау: *Or* (зат есім) +*taу* (зат есім). Атаудың бірінші сыңарындағы *ор* «табиғат әсерінен болған немесе казылған шұңқыр жер» (КТТС, 7, 445). Бұл сөз географиялық термин ретінде де бірнеше мағынаға ие. Түркі тілдерінде *ор*: 1) терең, шұңқыр, қорғанды коршаган терең *ор*; 2) дөң, тәбе; 3) Кейбір тілдерде: жыра, сай, сала, арна, тіптен өзен деген ұғымдарды білдіреді (Мурзаев, 1984, 415). Бұл анықтамалар қарағанда, *ор* сөзінің омонимдік мағынаға не екенін байқаймыз. Олай болса *Ортау* атауының мағынасы «биік тау» дегенге саяды. Бірақ «*ор*» сөзі тұске де катысты айтылуы әбден мүмкін. Шынында, тау кержағал, *ор қасқа* болып көрінеді. С. Сейфуллин осы таудың бауырында Қарашілік деген қыстауда туған. Ә. Марғұланның айтуында Жошыхан Ортаудың етегіндегі суға қонған күсқа 800-дей қаршыға салады екен.

ОРТАШИ (Орташи) — *жер*, Ақад. ауд. Атау *ортa* (мекен үс-

тей) +ши (зат есім) сөздерінен жасалған, яғни бұл жерде аласа ши өсуін мегзеп түрған атау.

**ОРТАШОҚЫ** (Орташокы) — е. м., Ақтөг., Шет ауд.-да. *Орта* (мекен устеу) +шоқы (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. *Шоқы* «тәбе, дөң, аласа жота, аласа шоқы» мағынасын билдіреді.

**ОРЫНБАЙ** (Орынбай) — сс орт, Жанаар. ауд. Кісі есімінен койылған атау.

**ОРЫНБИКЕ** (Орынбике) — тау, Приоз. ауд. Орынбике деген есімнен койылған тау аты.

**ОРЫНСАЙ** (Орынсай) — өз., Жанаар. ауд. *Орын* (зат есім) + сай (зат есім) сөздерінен бірігіп жасалған.

**ОСИНОВКА** (Осиновка) — қыст., Ақад. ауд. Орысша осина «көктөрек» (зат есім) +овка (косымша), яғни «көктөрек өскен қыстаяу».

**ОСПАН** (Оспан) — е. е. м., Ақад. ауд.; өз., Ұлыт. ауд. Кісі есімінен койылған атаулар.

**ОТАРСАЙ** (Отарсай) — құрғ. өз., Жез. ауд. Атау *Отар* (сын есім) +сай (зат есім) сөздерінен бірігіп жасалған. Мағынасы: «отардың сайы».

**ОТАУТАС** (Отаутас) — тау, Жанаар. ауд. *Отау* (зат есім) + тас (зат есім) сөздерінен құралған атау. Таудың бітіміне, тұлғасына қараң койылған атау, яғни «кішкене тау».

**ОТРАДНОЕ** (Отрадное) — е. е. м., Шет ауд. Орысша «қуаныш, қуанышты» мағынасындағы атау.

## — Θ —

**ӨГІЗӘЛГЕН** (Огузольген) — құрғ. құд., Жез. ауд. *Өгіз* (зат есім) +әлген (етіст. өткен шақ тұлғасы) сөздерінен жасалған атау. Осы жерде өгіздің өлуіне байланысты немесе басқа бір себеппен койылса керек.

**ӨЗЕК** (Озек) — тәбе, 130,7 м, Жез. ауд.; өз., Ақад. ауд. *Өзек* — жер бетіндегі созылып жатқан ойыс жер: ені тар, кішірек сай. Кейбір түркі тілдерінде, мысалы, хакас,— шағын өзенді «өзек» дейді.

**ӨЗЕКҚАРАҒАН** (Озеккараган) — жер, Шет ауд., *Өзек* (зат есім) +қараған (бул жерде, зат есім, өсімдік аты). Мағынасы: «қараған өсетін өзек» деген мағынадағы атау.

**ӨЗЕН** (Озен) — өз., Ақад., Жанаар. ауд.-да. Отаутас тауының солт.-шығ. жағ.-да. *Өзен* «белгілі бір арнамен тұрақты ағатын, едәуір көлемді табиғи су» (ҚТТС, 7, 519). Бұл сөздің өзге түркі тілдеріндегі мағыналары: балқар тілінде — «алқап, жазық, аланғыт», өзб. ұзан «су саласы», хак. өзен «жыра». Жоғарыда айтылған

Өзен атауының мағынасы: «су ағып жатқан сай, су аккан арна.»

ӨЗЕНБҰЛАҚ (Озенбулак) — жер, Ақад. ауд. Атау өзен (зат есім) + бұлақ (зат есім) сөздерінің бірігүінен жасалған. Мағынасы: «өзенге құтын бұлак».

ӨЗЕНТАУ (Озентау) — тау, биік. 502,0 м, Жанаар. ауд. Атау сөзінің өзен (зат есім) + тау (зат есім) сөздерінің бірігүі арқылы жасалған. Мағынасы: «тау жанынан ағатын өзен, немесе өзен жанындағы тау».

ӨКІРГЕҢ (Окирген) — тау, 586,3 м, Шет ауд. Объектінің геофизикалық табиғи сипатына карай осылай аталған. «Жанғырықты» мәніндегі атау. Ерте кезде жанартай әрекетімен катысты құбылыстар болуы мүмкін.

ӨНДІРІС (ОНдириис) — е. м., қхз, Жанаар. ауд.; қыст., Ақтоғ. ауд. Советтік дәүірде қойылған жаңа атау.

ӨРКЕНДЕУ (Оркендеу) — е. м., Жанаар. ауд.; қыст., Ақад. ауд. «Өркендеу, даму, гүлдену», деген мағынаны білдіреді.

ӨРНЕК (Орнек) — е. м., Жез. ауд.; шоқы, Ақад. ауд. тікелей мәні» оюлы бедер, көркемдік зейнет, ауыс. нақыш, әшекей, сән».

ӨТЕБАЙ (Отебай) — бұл., Жез. ауд. Кісі есімінен қойылған бұлак аты.

ӨТЕГЕҢ (Утеген, Отеген) — е. м., бұл., Ақтоғ. ауд. Кісі есімінен қойылған атаулар.

ӨТЕШ (Отеш, Утеш) — тәбе, жер, Жез. ауд. Кісі есімінен қойылған атаулар.

ӨТЕШБҰЛАҚ (Отешбулак) — жыра, Ұлыт. ауд. Шағырлыжылан өз.-нің онт.-де. «Өтеш деген кісі немденген, Өтештің бұлағы» дегенді білдіретін атау.

ӨТКЕЛБАЙ (Откельбай) — е. м. Малшыбай сс орталыры, Ұлыт. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

ӨТКЕЛСІЗ (Откельсиз) — тау, 402,2 м, су, Жанаар. ауд. Мағынасы: «өткелі жоқ су».

## — П —

ПЕРВОНАЧАЛЬНАЯ (Первонаучальная) — е. м., тжс, Жез. ауд. Қазақ тіліндегі аудармасы «бастапқы», алғашқы».

ПЕРВЫЙ (Первый) — тәбе, биік. 349,7 м, Жез. ауд. Қазақ тілінде «бірінші, бастапқы, әуелгі».

ПАЕВ (Паев) — тәбе, Жез. ауд. Фамилиямен байланысты атау.

ПАШНЯ (Пашня) — бейіт, Ақтоғ. ауд. Қазақ тілінде «егістік, жыртылған жер». Егістік басында бейіт бар, сол атау бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

ПЕСКИ (Пески) — тау, 183,3 м, Ұлыт. ауд. Бозшакөлдің бат. жағ.-да. Қазақша аудармасы: «күмдар, күм».

**ПЕСЧАНЫЙ** (Песчаный) — *tay*, 223,1 м, Жез. ауд. «Құмды, құмдауыт тау» деген мағынадағы атау.

**ПИОНЕР** (Пионер) — *e. m.*, Жез. ауд. Қоғамдық-әлеуметтік мәні бар атау. Атаудың «алғашқы», «бірінші» деген мағынада қо-йылғаны байқалады.

**ПЛАТО** (Плато) — *tay*, биік. 283,0 м, Ұлыт. ауд. Түяқбай құд-ның оңт. жағ.-да. Орыс тілінде *Plato* аталғанымен жергілікті тұр-ғындар *Ustirт* деп атайды.

**ПЛОСКАЯ** (Плоская) — *жер*, Жанаар. ауд. «Жалпақ жер» де-ген мағынаны білдіретін атау.

**ПОВОРОТНАЯ** (Поворотная) — *tay*, биік. 169,1 м, Жез. ауд., «Бұрылыс, бұрылыштағы тау» мағынасындағы атау.

**ПОДКОВА** (Подкова) — *жер*, Шет ауд., Қазак тіліндегі «таға», ал атаудың мағынасы: тұлғасы, бітімі тағаға ұксас, шағын ғана жер, аланшық немесе жайылым» дегенге сәяды.

**ПОДХОЗ** (Подхоз) — *e. m.*, Ақад. ауд. Подсобное хозяйство (толық жазылуы), қазак тіліндегі «косалқы шаруашылық».

**ПОЖАРИЩЕ** (Пожарище) — *жер*, Шет ауд. Қазак тілінде «ұлкен өрт» болған жер» дегенді білдіреді.

**ПОЙТАК** (Пойтак) — *жер*, Приоз. ауд. Кісі есіміне байланысты койылған атау болуы ықтимал.

**ПРИОЗЕРСК** (Приозерск) — *қала*, ауд. орт.-ғы. Атаудың қазақша мағынасы: «қөл бойындағы қала».

**ПРОСТОРНОЕ** (Просторное) — *сс орт.*, Шет ауд.

**ПТИЦЕФАБРИКА** (Птицефабрика) — *e. m.*, Жанаар. ауд. Қа-зак тілінде «құс фабрикасы».

**ПУТЬ КОММУНИЗМА** (Путь коммунизма) — *схз*, Шет ауд.

**ПУХЛЯК** (Пухляк) — *тәбе*, биік. 147,8 м, Жез. ауд. Атаудың қазақша мағынасы: «томпак, томпиган» тәбе.

**ПШАЙ** (Пшай) — *e. m.*, Ақтөп. ауд. Кісінің лакап атынан не-месе этнонимнен койылған елді мекен аты.

**ПЫСТАН** (Пыстан) — *tay*, 642,1 м, Жанаар. ауд. Этноним не-месе кісі есімінен койылған атау.

**ПОЛУДЕННОЕ** (Полуденное) — *тәбе*, Жанаар. ауд. Қазак тіліндегі мағынасы: «түстік, талтүстік тәбе».

**ПОЛЫНЬ** (Полынь) — *tay*, биік. 395,0 м, Жанаар. ауд., 5 ша-кырым жерден көрінеді. Қазақша: «дермене, жусан», «ермен».

**ПОТАНТАЙ** (Потантай) — *қыст.*, *тәбе*, биік. 173,8 м, Жез. ауд. Kicі есімінен койылған атаулар.

**ПРЕНЗЕҚҰДЫҚ** (Прензекудук) — *құд.*, Жез. ауд. Атау *прен-зе* (зат есім) + *құдық* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Бұл жерде прензе сөзі орыстың қазақша адаптацияға ұшырап өз-герген брезент немесе брынза (т. б. сөз болуы мүмкін) сөздерімен байланысты болуы ықтимал.

**ПРИДОРОЖНАЯ** (Придорожная) — *төбе*, Жез. ауд. Атаудың казақша мағынасы: жол бойындағы, шетіндегі төбе.

**ПИРНАЗАР** (Пирназар) — *taу*, биік. 827,3 м, Акад. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**ПІСПЕ** (Писпе) — *жер*, Жез. ауд. Атаудың мағынасы: «пісу» немесе «пішу» етістік тұлғаларымен байланысты болуы мүмкін.

## — Р —

**РАВНИНА** (Равнина) — *төбе*, Жез. ауд. Атаудың қазақша мағынасы: тегістік, тегістіктегі шошайған төбе.

**РАЗВИЛОК** (Развилок) — *төбе*, биік. 131,6 м, Жез. ауд. Атаудың қазақша мағынасы: айыр, айрықтағы төбе.

**РАЙЫС** (Raис) — *қыст.*, *е. м.*, Жанаар. ауд. Отаятас тауының солт. жағ.-да. Кісі есімінен қойылған атаулар.

**РАЙПАБҰЛАК** (Райпабулак) — *бұл.*, Жез. ауд. Жыланды өз.нің бат.-да. Кісі есімінен қойылған атау.

**РАҚЫШ** (Ракиш) — *е. м.*, Ақтоғ. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**РАСПЕКТИН ҚҰДЫҒЫ** (Распектын кудугы) — *құд.*, Жанаар. ауд. Кісі есімінен қойылған атау, құдық аты.

**РАССВЕТ** (Рассвет) — *сс*, Жанаар. ауд. Қорамдық-әлеуметтік жаңа мәні бар атау. Қазақша «шапак, арай».

**РАХМЕТ** (Рахмет) — *қыст.*, Жез. ауд. Кісі есімінен қойылған қыстау аты.

**РОДНИК** (Родник) — *taу*, биік. 99,2 м, Жез. ауд. Қазақша мағынасы: «бастау, бұлақ».

**РУСТЕМБАЙ** (Рустембай) — *бұл.*, Ұлыт. ауд. Кісі есімінен қойылған бұлақ аты.

**РЫСБАЙ** (Рысбай) — *бұл.*, Жез. ауд. Кісі есімінен қойылған бұлақ аты.

**РЫСБЕК** (Рысбек) — *taу*, Ақад. ауд. Кісі есімінен қойылған тау аты.

## — С —

**САБАҚСУ** (Сабаксу) — өз., Шет ауд. Атау екі сөзден *сабақ* (зат есім)+*су* (зат есім) бірігіп жасалып, «өзеннің бір саласы, тармағы» мағынасын білдіреді.

**САБЫРБАЙ** (Сабыrbай) — *е. м.*, Ақтоғ. ауд. Кісі есіміне байланысты қойылған атау.

**САҒАҚҰДЫҚ** (Сагакудук) — *жыра*, Жез. ауд. *Саға* (зат есім)+*құдық* (зат есім) сөздерінен құралған атау. *Саға* — өзен, я

болмаса тау сілемінің қабысып, түйіскен жері. Атаудың мағынасы: «сағадан қазылған құдық».

**САҒАНТАЙ** (Сагантай) — құрғ. өз., Жанаар. ауд. Кісі есімінен койылған өзен аты.

**САҒАНТАЙБҰЛАҚ** (Сагантайбулак) — баст., Жанаар. ауд. Атау *Сагантай* (антропоним) + бұлақ (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Кісі есіміне байланысты койылған атау.

**САҒИТ** (Сагит) — тәбе, Жез. ауд. Жымыхи өз.-нің солт.-де. Кісі есімінен койылған атау.

**САҒЫМ** (Сагым) — тау, биік. 357,2 м, Жез. ауд. Атаудың мағынасы: «алыстан мұнартып сағым снякты көрінетін тау».

**САҒЫНБАЙ** (Сагынбай) — қыст., тәбе, Ұлыт. ауд. Кісі есімінен койылған атау.

**САҒЫМСАЙ** (Сагымсай) — жылға, Жез. ауд. Атау екі сөзден күралған: *сағым* (зат есім) + *сай* (зат есім). Екінші сынардағы *сай* сөзінің «тау ангары, өзек» мағынасынан басқа «жазық дала, ен дала» (Кашгари III, 158) мағынасы бар. Осыған қарағанда, атаудың мағынасы: «мидай жазықтағы бұлдырып, мұнар, сағым» дегенді білдіреді.

**САҒЫНДЫҚ** (Сагындық) — қыст., Приоз. ауд., е. м., Актог. ауд. Кісі есімінен койылған атау.

**САҒЫР** (Сагыр) — тәбе, биік. 428,0 м, Ұлыт. ауд. Қаптаадыр тауының шығ. жағ.-да. Қоңе түркі тілдеріндегі соғыр//сағыр// (soğur) — «суыр» сөзінің ескі түрі. Бұл тәбеде суыр мекендеғендіктен аталса керек.

**САДЫҚБАСЫ** (Садыкбасы) — бейіт, Ақад. ауд. *Садық* (антропоним) + *басы* (зат есімнің тәуелдік жалғауы) сөздерінен құралған атау. «Садық бейіті» мәніндегі атау.

**САДЫР** (Садыр) — тау, биік. 1086,9 м, Шет ауд. Кісі есімінен немесе этнонимнен койылуы мүмкін.

**САЗБЕК** (Сазбек) — қыст., Приоз. ауд. Кісі есімінен койылған атау.

**САЗВҰЛАҚ** (Сазбулак) — баст., Ақад. ауд. Атау екі сөзден *саз* (зат есім) + бұлақ (зат есім) жасалған. Мағынасы: «батпакты, сазды жердегі бұлак».

**САЙ** (Сай) — дөңес, Жез. ауд. Географиялық термин. Қазақ тіліндегі негізгі мағынасы үлкен жыра, аңғар. Түркі тіліндегі оғуз тобына жататын азербайжан, түрікмен т. б. тілдеріне *сай* — чай (ир. тіл.) «өзен, құрғаған өзен арнасы» деген мағынаға ие. *Сай* сөзінің дөнес жердің бағдар, белгі, атауы болуының негізгі мәнісі — сайдың шыға беріс аузында, болмаса жоғарғы жағында дөн, дөнестеу жердің болуына байланысты болса керек.

**САЙҒАҚТЫ** (Сайгачная) — тау, Жез. ауд. Екі сөзден *сайғақ*

(зат есім) + ты (сөз тудыруши сын есім қосымшасы) құралған атаяу. Мағынасы: «Сайғағы көп, сайғақ көп мекендейтін (жер)».

**САЙҚҰДЫҚ** (Сайкудук) — құд., (көміліп, қалған), Жез. ауд. «Сай табанындағы құдық» деген мағынадағы атаяу.

**САЙҚЫЛЫ** (Сайқылы) — құд., Приоз. ауд. Бұл атаяу парсы және араб тілдеріндегі сахель «жага», «жағалау», «шет» сөзінің тіліміздегі өзгерген тұлғасы. Яғни «жоғарыдағы құдық» деген атаяу.

**САЙЛАУБАЙ** (Сайлаубай) — құд., Жанаар. ауд. Кісі есімінен қойылған құдық аты.

**САЙСУ** (Сайсу) — шатқ., Сорта дөңінен 6 км жерде. Ақад. ауд. *Cai* (зат есім) + су (зат есім) сөздерінен құралған. «Саймен ағып жатқан су» деген мағынадағы атаяу.

**САЙ ТАЛДЫША** (Сай Талдыша) — жер, Жез. ауд. *Cai* (зат есім) + тал (зат есім) + ды (сын есім қосымшасы) + аша (зат есім) сөздерінің бірігүйнен жасалған күрделі атаяу. *Asha* — 1. екі айыр, екі тармақ. 2. Сайдың бір тармағы, саласы (ҚТТС, 1,512). «Тал көп өскен екі аша, екі айрықтағы сай» деген мағынадағы атаяу.

**САЙЫНБҰЛАҚ** (Сайнбулак) — тау, биік. 625,4 м, Ұлыт. ауд. Кісі есімінен қойылған «Сайын деген кісіге меншікті бұлак». Осы бұлак ағатын тау кейіннен Сайынбулак аталып кетсе керек.

**САҚАЙБҰЛАҚ** (Сакайбулак) — бұл., Ақад. ауд. Кісі есімінен қойылған «Сақай» деген кісіге меншікті бұлак».

**САҚАЛ** (Сакал) — тау, биік. 130,9 м, Жез. ауд. Бұл атауды сақалға ұқсастырып қоюы да мүмкін. Ал монгол тілінде біріншіден: *сақал* — каз. тіліндегі сақал мағынасымен сәйкес болса, екінші мағынасы өсімдік — шөп дегенді білдіреді. (Базылхан, 1984, 413). Атаяу географиялық мағынасындағы өсімдікпен байланысы дұрыс сияқты.

**САҚПАЙ** (Сакпай) — тәбе, құлаған қыст., Жез. ауд. Кісі есімінен қойылған атаяу.

**САЛАМАТ** (Саламат) — тау, Жанаар. ауд. Кісі есімінен қойылған атаяу.

**САЛАМАТСАЙ** (Саламатсай) — құрг. өз., Ұлыт. ауд. *Саламат* (антропоним) + сай (зат есім). Кісі есімінен қойылған сай аты.

**САЛМА** (Салма) — құд., Жез. ауд. *Салма* — 1) Арықша (егін араларына су жіберетін арық). 2. Шығырдың егінге су жіберетін арнасы, арық. (ҚТТС, 281).

**САЛМАЛЫҚ** (Салмалық) — құд., Жез. ауд. *Салма* (зат есім) + лық (зат есім қосымшасы). Салмалық құдықтың бір түрі болуы мүмкін. Қара: САЛМА.

**САЛЫБЕК** (Салыбек) — дөң, биік. 569,1 м, қыст., Приоз. ауд. Кісі есімінен қойылған атаулар.

**САМАЛ** (Самал) — *е. м.*, Ақтөр. ауд. Табиғаты мал-жанға жайлы қоңыр-салқын, самалды жер болған соң қойылса керек.

**САМОЙ** (Самой) — *бейіт*, Жез. ауд. Бозқақ өз.-нің солт.-шығ.-да.

**САНАЗАР** (Саназар) — *құм*, Жез. ауд. Жыңғылдыөзек өз.-нің оңт. жағ.-да. Кісі есімінен қойылған атау.

**САНДЫБАЙ** (Сандыбай) — *taу*, биік. 543,8 м, көріну қашықтығы 8 км, Ұлыт. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**САНБАЙ** (Санбай) — *жер*, Жанаар. ауд. Талдыманақа өз.-нің бат.-да. Кісі есіміне байланысты қойылған атау.

**САНДЫҚБАЙ** (Сандықбай) — *taу*, биік. 603,6 м, Ұлыт. ауд. Барапқөл көлінің оңт.-де. Кісі есімінен қойылған атау.

**САНДЫҚСАЙ** (Сандықсай) — *құрғ. арна*, Жез. ауд. Ақши құд.-ның солт.-де. Сандық (зат есім) + сай (зат есім) сөздерінен жасалған. Атаудың мағынасы: түрі, келбеті сандық сияқты келген ұзынша сай.

**САНДЫҚТАС** (Сандықтас) — *taу*, биік. 959,3 м, Приоз. ауд. Атау сандық (зат есім) + тас (зат есім) сөздерінен жасалған. Ирлі-ұсақты, үлкендігі сандықтай тас жыныстары бар тау» деген мағынадағы топоним.

**САНДЫҚТАУ** (Сандықтау) — *taу*, биік. 281,8 м, Жез. ауд. Сандық (зат есім) + тау (зат есім) сөздерінен бірігіп жасалған атау. «Тұр-тұлғасы, аумағы сандыққа ұқсас тау» деген мағынадағы балама атау.

**САНҚАУҒА** (Санкауга) — *шатқ.*, Жамантуз шат., солт. жағ.-да. 8 км жерде. Приоз. ауд. Сан (сын есім) + қауға (зат есім) сөздерімен бірігіп жасалған атау. Топоним құрамындағы сан сөзі тәжік тіліндегі «санг — «тас» деген сөзімен мағыналас және бұл түркі тілдеріндегі сенгір сөздерімен төркіндес, туғырлес. Ал екінші сынардағы қауға сөзінің екінші мағынасы «ұлкен, ірі, қауқиған».

**САНҚЫЗЫЛ** (Санқызыл) — *жер, шатқ.*, Суыққұдық құд.-ның солт. жағ.-да 6 км., Приоз. ауд. Атау сан (зат есім) + қызыл (зат есім) сөздерінен бірігіп жасалған. Сан сөзі жогарыда айтылғандай тәжік тіліндегі «тас» сөзімен байланысты болса, қызыл сөзі түркі тілдеріндегі тұр-тұсті білдіреді. Ал Кавказ тауларында қызыл сөзі жанартаудың (вулкандардың) атауынан пайда болған тасты, жартасты жыныстардың түсіне байланысты айтылады. Топонимдік мағынасы: «жанартаудың әрекетінен пайда болған, тұр-тұсі қызыл тастар» дегенді білдіреді.

**САНСЫЗБАЙ** (Сансызбай) — *taу*, биік. 627,9 м, Ақад. ауд. Таражарған бұл.-ның солт. жағ.-да. Кісі есіміне байланысты қойылған атау.

**САНЫҚБАЙ** (Санықбай) — *е. м.*, Шет ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**САПАРБАЙ** (Сапарбай) — қыст., Ұлыт. ауд. Кісі есімінен койылған атау.

**САПУРА** (Сапура) — е. м., Жанаар. ауд. Эйел есімінен койылған атау.

**САРАНЬПРОМСТРОЙ** — дала қосы (полевой стан). Уш сөздің қыскарған күрделі түрі — Саранское промышленное строительство — казақша: Саран өнеркәсібі құрылышы.

**САРАНДЫҚ** (Сарандық) — тау, биік. 976,7 м, Ақтоғ. ауд. Атау *Сараң* (зат есім) + *дық* (зат есім жасайтын косымша) косымшалары негізінде жасалған. Бурят тілінде *сарам* сөзі «батпакты, сазды аланқай», таудағы жайпак, жазыңқы келген алан, кейде батпакты, сазды келеді, халха-монг. «царам» — «таулы үстірт», «биік таудағы тундра» (Мурзаев, 1984.) *Сараңдық* атауындағы *сараң* сөзі осы *сарам* сөзімен байланысты сияқты, ал *сараң* сөзінің сонындағы сонор мағынасының дауысыз занына байланысты. Ал, -*дық* косымшасы сын есімді субстантивациялайды да, бір нәрсениң бар екендігін білдіреді. Мысалы, Жонышқалық, арқалық, сарандық тауының мағынасы: «таулы немесе батпакты үстірт жер» дегенді білдіреді.

**САРБОЗ** (Сарбоз, картада Сарбуз деп қате берілген.) — жер, Жанаар. ауд. Атау *сары* (сын есім) + *боз* (субстантивациялансаған сын есім) сөздерінен жасалған, сары түс пен ақшылқылан түстің араласқандағы түс. *Сарбоз* — өсімдік, шөптің аты болуы мүмкін, сарбоз өсетін жер.

**САРГАЛДАҚ** (Саргалдак) — тау, биік. 516,0 м, Приоз. ауд.; мола, Ақад. ауд. *Саргалдақ* — өсімдік аты, гүл өсетін тау болғандықтан, солай аталған.

**САРЖАЛ** (Саржал) — тау, Ақтоғ., Ұлыт. ауд.-да. Атау *сары* (зат есім) + *жал* (зат есім) сөздерінен бірігіп жасалған. Атаудың бірінші сынары *сар* иран тілдерінде (тәж. осетин т.б.) «тау базы, биік шыны», «таудың биік жалдары» дегенді білдіреді.

**САРЖАН** (Саржан) — қыст., Приоз. ауд. Кісі есіміне байланысты койылған атау.

**САРЖАН ҚАШҚАН** (Саржан кашкан) — тау, биік. 725,8 м, Акмая пос.-нің солт.-шығ. жағ.-да, Шет ауд. Саржан — Қенесарының екінші баласының аты. (Инф.-р Сырымбетов Қасым (Қасеке) — 80 ж. Эксп. мат., 1982 ж.). Атау *Саржан* (антропоним) + *қашқан* (есімшенің өткен шак тұлғасы) сөздерінен жасалған, осы окиғаға байланысты белгілі жер.

**САРҚҰМ** (Саркүм) — құм, Жез. ауд. Атау екі сөзден *сары* (сын есім) + *құм* (зат есім) жасалған. Мағынасы: «үйліп жатқан биік құмдар».

**САРЛАҒАС** (Сарлагас) — тау, биік. 886,8 м, Приоз. ауд. Атау екі сөзден *сар* (зат есім) + *лағас* (зат есім) жасалған. Оның бірін-

ші сынары иран тілдеріне тән болса, екінші сынары Үндіевропа тілдеріндегі Сасия «көл». Демек, атаудың мағынасы: «биік таудағы көл» дегенді анғартады.

**САРЛЫ** (Сарлы) — *жер*, Ұлыт. ауд. Мағынасы: «таулы, шокылы, төбелі» жер.

**САРЛЫҚ** (Сарлық) — *өз.*, Ұлыт. ауд.

**САРМАН** (Сарман) — *құд.*, Жез. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**САРМАНҚҰДЫҚ** (Сарманкудуқ) — *құд.*, Жез. ауд. Сарман қазған немесе сол кісіге меншікті құдық.

**САРМАНТАЙ** (Сармантай) — *жер*, Ақад., Ақтоғ. ауд.-да. Кісі есімінен қойылған атау.

**САРМЫРЗА** (Сармырза) — *е. м.*, Жанаар. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**САРТ** (Сарт) — *құрғ. өз., бүл.*, Ұлыт. ауд. *Capt* (этноним) — жергілікті халық белгілі бір этникалық топты өртеде осылай атаған болу керек.

**САРТБАЙ** (Сартбай) — *е. м.*, Жанаар. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**САРТМОЛА** (Сартмола) — *бейіт*, Жез. ауд. Атау *сарт* (этноним) + *мола* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Сарт елінің кісісіңі жерленген мола, сол атау бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**САРЫАДЫҚ** (Сарыадық) — *жер*, Жез. ауд. Атау *Сары* (сын есім) + *адық* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Атаудың бірінші сынары *сар* (қара Сар), ал екінші сынары *адық* түркі-монғол тілдерінде *адак*, *азақ*, *аяқ* (қ) тұлғаларында айтылып, «тау етегі, өзеннің төменгі ағысы» деген мағыналарды білдіреді. Сарыадық атауының бастапқы түрі Сарадық — таудың етегі, аяқ жағы болу керек.

**САРЫАДЫР** (Сарыадыр) — *taу*, биік. 245 м, *жер*, Жез. ауд., *taу*, биік. 617,2 м, Ұлыт. ауд. *Cap(ы)* (сын есім) + *адыр* (зат есім) сөздеріндегі адыр — «ірілі-ұсакты белес-төбе, қырқалар» ғылыми географиялық термин ретінде қолданылады. Демек, атаудың мағынасы: «таудың ұсакты-ірілі адыр қырқалары», «өркеш-өркеш адыр, қырқалар».

**САРЫАЙЫР** (Сарыайыр) — *жер*, Ұлыт. ауд. Атау екі сөзден қуралған: *сар(ы)* (сын есім) + *айыр* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Е. Койшыбаев *айыр* — «көп жылдық өсімдік аты» деп жазды (1985). Демек, *Сарыайыр* — «тауда өсетін көп жылдық шөп» деген мәнде қойылған атау.

**САРЫАЙЫРБИДАЙЫҚ** (Сарыайырбидайық) — *жер*, Жез. ауд. *Сары* (сын есім) + *айыр* (зат есім) + *бидайық* (зат есім) сөздерінен құралған құрделі тұлғалы топоним. Атаудың үшінші

сынарындағы бидайық «көп жылдық астық тұқымдас жабайы өсімдік» (КТТС, 2, 303). Атаудың мағынасы: «айғыр мен бидайық шебі араласып өсken тау алқабы» деген мағынаны білдіретіндей.

**САРЫАПАН** (Сарыапан) — құд., тау, биік. 410,5 м, Жанаар. ауд. баст., тау, биік. 522,3 м. Приоз. ауд., құд., тер. 2,0 м, Ақмая құд.-нын бат.-да 2,5 км жерде. Ақад. ауд. (картада Сарапан деп қате берілген. *Сар(ы)* (сын есім) + *апан* (зат есім) сөздерінін бірі-гүнен жасалған атау. «Аумақты, үлкен, кең шұңқыр, ор» деген мағынаны білдіреді.

**САРЫАПАНҚҰМ** (Сарыапанкум) — құм, Жез. ауд. *Сары* (сын есім) + *апан* (зат есім) + құм (зат есім) сөздерінен құралған күрделі тұлғалы атау. Мағынасы: «үлкен, кең ойпаттағы құм».

**САРЫАРҚА** (Сары-Арка) — е. м., Ақтөб. ауд. Екі сөзден жасалған күрделі атау. *Сары* (сын есім) + *арқа* (зат есім). Е. Қойшыбаев пікірі бойынша: «Экспрессивті — эмоциялы атау, «Кенарқа» мағынасында айтылады. Кейде «Арқа деп те айтады» (1985). *Сарыарқа* — «кең жон, жалпақ үстірт, шексіз қырқа».

**САРЫБАЛШЫҚ** (Сарыбалышық) — жер, Жанаар. ауд. *Сары* (сын есім) + *балышық* (зат есім). Атау «батпакты, түсі сары, сазды, балышықты жер» деген үғымды білдіреді.

**САРЫБАС** (Сарыбас) — тау., Ақад. ауд. Сарыбас кісі есімі немесе «сарғыш түсті тау шыны» болуы мүмкін.

**САРЫБИЕ** (Сарыбие) — өз., жер, Жанаар. ауд. Атау *сары* (сын есім) + *бие* (зат есім) сөздерінен жасалған. Е. Қойшыбаев (1985), Д. Исаев (1985) пікірлерінше, сары «үлкен, кең», «ең басты», «негізгі» деген мағыналарға да не деген. Ал, екінші сынардағы *бие* тұнғыс тілдерінде біja «өзен», «бастау». Бұған қарағанда *Сарыбие* атауы — «үлкен, кең, басты өзен» деген мағынага не сияқты.

**САРЫБИІК** (Сарыбиік) — тау, Шет ауд., бейіт, Ақтөб. ауд. *Сары* (сын есім) + *біік* (зат есім) сөз тіркестерінен жасалған атау. Атаудың мағынасы: «үлкен, аса биік тау» дегенді анфартады.

**САРЫБҮЙРАТ** (Сарыбүйрат) — тау, биік. 476,2 м, Приоз. Ақтөб. ауд. *Сары* (сын есім) + *бүйрат* (зат есім) сөз тіркестерінен жасалған атау. Мағынасы: «көп жер, кең алқапты алып жатқан ойлы-қырлы, бел-белес, созылып жатқан қырқа, адыр».

**САРЫБҰЛАҚ** (Сарыбулак) — баст., бұл., құрғ. өз., Ақад. ауд., баст., Ақтөб. ауд., бұл., баст., жыра, құд., өз., сай, Жез. ауд.; құрғ. арна, тау, биік. 615,6 м, Приоз. ауд.; бұл., құд., көл, жылға, Ұлыйт. ауд.; бұл., Шет. ауд. Атаудың мағынасы: үлкен бастау, бұлак, жыра, сай, көл».

**САРЫДАЛА** (Сарыдала) — жер, Жез. ауд.; төбе, биік. 350,5 м, Приоз. ауд. Атау *сары* (сын есім) + *дала* (зат есім) сөз тіркестері-

нен жасалған, «кен, жазық дала» деген мағынаны білдіреді.

**САРЫДӨН** (Сарыдон) — жер, Жез. ауд. Сары (сын есім) + +өң (зат есім) сөз тіркестерінен жасалған атау. Объектінің табиғи ерекшелігіне, топырағының түр-түсіне байланысты.

**САРЫЖАЛ** (Сарыжал) — тау, биік. 808,6 м, Шет ауд.; өңес, тау, Ақтоғ., Ұлыт., Ақад. ауд.-да. Қара: Саржол.

**САРЫЖОЛ** (Сарыжол) — тау, биік. 521,8 м, Екіжолқұдық құд.-нан 30 км, Ақад. ауд., биік. 424 м, Гүлшат кен орнынан 15 км жерде, Приоз. ауд. Топоним сары (сын есім) + жол (зат есім) сөздерінен жасалған, яғни «ұлкен, кен жол».

**САРЫЖОН** (Сарыжон) — жер, Жанаар. ауд. Сарысу өз.-нің оңт.-де. Сары (сын есім) + жон (зат есім) сөз тіркестерінен жасалған атау, яғни «кен жазира дала, алқап».

**САРЫЖОТА** (Сарыжота) — жер, Жез. ауд. Атау сары (сын есім) + жота (зат есім) сөздерінен жасалған. Яғни көп жерді алып жаткан қыр-қыраттар.

**САРЫЖЫЛАНДЫ** (Сарыжыланды) — тау, биік. 591,6 м, Ұлыт. ауд. Сары (сын есім) + жылан (зат есім) + ды (зат есімнен сын есім жасайтын косымша) тіркестерінен жасалған атау. «Сары жыланы көп жер» деген мағыналы атау.

**САРЫКЕНГІР** (Сарыкенгір) — өз., Қаракенгір өз.-не құяды, ұз. 135 км. Ұлыт., Жез. ауд.-да. Атау сары (сын есім) + кенгір (зат есім) сөз тіркестерінен жасалған. Топоним құрамындағы кенгір сөзін қара: (КЕНГІР). Е. Қойшыбаев (1985) Сырдарияның сағасында және Арал жағ.-да өмір сурғен түркілердің кангар этносымен байланыстырып, кенгер, кангор этникалық атауларымен салыстырады (Қойшыбаев, 1985, 128).

**САРЫҚӨЛ** (Сарықоль) — жер, Ақад. ауд., өңес, биік. 492,2 м, Приоз. ауд. құд., Шет. ауд. Атау сары (сын есім) + қөл (зат есім) тіркестерінен жасалған. Мағынасы: кен, немесе «сүзы мөлдір, таза емес, рені сары ұлкен көл».

**САРЫҚ** (Сарық) — тау, биік. 486,7 м, өз.. Қызылтау тауының төнірегінде, Ақад. ауд. Бұл атау монгол тіліндегі Сардал «мұзарт» мұздағы, ең биік тау қырқасы, жалы» сөзінің тіліміздің дыбыстық занына сай өзгеріп, қыскарған түрі болса керек.

**САРЫҚАМЫС** (Сарыкамыс) — жер, Приоз. ауд. Атау сары (сын есім) + қамыс (зат есім) сөздерінен біргіп жасалған. Мағынасы: «ұлкен алқапты, көп жерді алып жаткан қалың қамыс» болса керек.

**САРЫҚҰЗ** (Сарықуз) — құрғ. өз., Ұлыт. ауд. Жыланшық өз.-нің солт.-де. Сары (сын есім) + құз (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Құз 1) «таудың адам аяғы кия баса алмайтын шыңы; тік шатқал, биік жартас»; 2) терен, тұнғының шынырау (КТС, 6, 438). Атау «биік құз, жартас» дегенді білдіреді.

**САРЫҚҰЛАҚ** (Сарыкулак) — бейіт, Жанаар. ауд. Атау *сары* (сын есім) + *құлақ* (зат есім) сөздерінен жасалған, қасында сүс тұнық емес, лайсан құлағы бар бейіт болғандықтан осылай аталған. Е. Қойшыбаев (1985) «үлкен құлама» мәніндегі атау» дейді.

**САРЫҚҰЛЖА** (Сары — Қулжа) — *taу*, Приоз. ауд. Атау *сары* (сын есім) + *құлжа* (зат есім) сөздерінен жасалған. *Қулжа* — «Арқардың қошқары». Топонимнің бұлай аталуы таудың ірілігіне, үлкендігіне байланысты болуы ықтимал немесе арқар, құлжа мекендейтін тау дегенді білдіреді.

**САРЫҚҰМ** (Сарыкум) — *құм*, тжс, Приоз. ауд. Гүлшат кен орнының батыс аймағын алғып, көлбей жатқан құмды жер. Атау екі сөзден жасалған. *Сары* (сын есім) + *құм* (зат есім) сарғыш, ұсақ құмдар мағынасын білдіреді.

**САРЫҚҰРАҚ** (Сарыкурак) — *жер*, Жез. ауд. Шұнқыр қыст. ның оңт.-де. *Сары* (сын есім) + *құрақ* (зат есім) сөз тіркестерінен жасалған атау. Атау құрамындағы құрак. I. Көл яки су жиегіне жайқалып өсетін балғын да балауса шөп; қамыстың жас, балауса кезі / (КТТС, 6,495). Мағынасы: «құрақ қамысы көп жер».

**САРЫМБАЙ** (Сарымбай) — *қыст.*, Жанаар. ауд. Отаутас тауның шығ.-да. Кісі есіміне байланысты койылған атау.

**САРЫМОЛА** (Сарымола) — бейіт, Жез. ауд. Ақши құд.-ның оңт. шығ.-да. *Сары* (сын есім) + *мола* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Топырағы сары түсті бейіт деген атау.

**САРЫМСАҚТЫ** (Сарымсакты) — *тау*, Жанаар. ауд. Сарымсак — таудың тасты беткейлерінде жабайы өсетін, жеуге жарайтын ұзынша ак, сүйіргінің бірнеше қабаты қызығылт түсті қабығы бар жабайы есімдік (КТТС, 8, 194). Атаудың мағынасы: «Сарымсак көп, қалың өскен» (*тау*).

**САРЫН** (Сарын) — *taу*, биік. 288,1 м, Жез. ауд. Қарғалы өз., нің солт.-де. *Сарын* — сарылдағы дыбыс, үн, шуыл-ызың. (КТТС, 8,195). Атаудың мағынасы: «тау бөктерінде ағып жатқан өзеннің сарылдағы аккан дыбысымен» байланысты койылуы мүмкін.

**САРЫНСАЙ** (Сарынсай) — *өз.*, Ұлыт. ауд. Атау екі сөздің бірігуі арқылы жасалған: *сарын* (зат есім) + *сай* (зат есім). Мағынасы: «сарынды, шуылды, су ағып жатқан сай» дегенді білдіреді.

**САРЫОБА** (Сарыоба) — *taу*, биік. 714,1 м, биік. 854,2 м, *шоқы*, биік. 950,6 м, *таулар*, биік. 566,8 м, Ақад. ауд.; *taу*, биік. 608,5 м, *taу*, биік. 687,7 м, Отаутас тауының солт. жағ.-да., *taу*, Қарашоқы тауының бат. жағ.-да., *шоқы*. Отаутас тауының солт. шығ.-да, Жанаар. ауд., *taу*, Ақтоғ. ауд. *жер*, Жез. ауд.-да.; *taу*, биік. 635,9 м, *taу*, биік. 588,6 м, Приоз. ауд.; *taу*, биік. 566,3 м, Жыланды өз.-нің солт.-де, *әөчес*, Жыланды өз.-нің солт.-бат.-да, *taу*, 1 Май кхз-ның оңт. жағ.-да, Ұлыт. ауд.; *taу*, биік. 996,3 м, *шоқы*, Ақмая пос.-нің шығ.-

да, дөң, Шет ауд. (Көнедегі керуен жолы. Ұлытаудан Сібірге) (Койшыбаев, 1985, 206).

Сарыоба топонимі екі сөздің бірігуінен жасалған: *сары* (сын есім) + *оба* (зат есім). Бұл жерде сары терминінің бірнеше мағынасы бар: негізгі мағынасы түр-түспен байланысты, ал екінші мағынасы Е. Койшыбаев (1985) «кең байтақ, алапатты» деген ұғымдармен байланыстырады. Ф. Конқашпаев (1963) атаудың семантикасын «үйлген сары тастар», — деп берген. Біздіңше, осы атаудың мағынасы тастардың түр-түсіне (улкендігіне) қарай Сарыоба «сары тастар үйіндісі» деп аталған.

**САРЫОЙ** (Сарыой) — *жер*, Жанаар. ауд. Қаражал қ.-ның оңт. жағ.-да. Атау екі компоненттен құралған: *сары* (сын есім) + *ой* (зат есім), ал мағынасы: «кең, ұлкен ойпаң ой» дегенді білдіреді.

**САРЫОЙРАТ** (Сарыойрат) — *е. м.*, Ақтөр. ауд. Бұл жерде топоним екі сөзден құралған: *сары* (сын есім) + *ойрат* (зат есім — этноним). Атаудағы *ойрат* компоненті Алтай елкесінің тұрғындарының аты, ал Сарыойрат ру аты болуы мүмкін (Этнотопоним).

**САРЫӨЗЕК** (Сарыозек) — *өз.*, *е. м.*, *тау*, биік. 1092,8 м, Ақтөр. ауд; *жер*, құрғ.-*өз.*, Ақад. ауд., құрғ. *өз.*, Приоз. ауд., *е. м.*, Шет ауд. Атау екі сөзден бірігіп жасалған: *сары* (сын есім) + *өзек* (зат есім). Топоним «кең, енді өзек» деген мағынаны білдіреді.

**САРЫӨЗЕН** (Сарыозен) — *өз.*, ұз. 137 км, Жанаар. ауд., *таулар*, *е. м.*, Ақад. ауд., *өз*, Шет ауд. Топоним екі сөзден құралған: *сары* (сын есім) + *өзен* (зат есім). *Сары* сөзі бұл жерде, біріншіден, «кең, енді» деген ұғымдарды білдірсе, екіншіден, судың лайлы таза емес екендігін көрсетеді.

**САРЫӨЛЕҢ** (Сарыолен) — *жер*, құрғ. *өз.*, Приоз. ауд. Атау өсімдіктің (осы аттас) атымен байланысты болуы мүмкін.

**САРЫСАЙ** (Сарысай) — *өз.*, *сай*, *тау*, биік. 453 м, Жез. ауд. *сай*, *жылға*, құрғ. *өз.*, қыст., *бул*, *тау*, биік. 340,2 м, Ұлкен Жыланшық *өз.-нің* солт. жағ.-да. Ұлыт. ауд. Топоним екі компоненттен құралған: *сары* (сын есім) + *сай* (зат есім). Атау «кең, енді *сай*» дегенді білдіреді.

**САРЫСАНДЫҚ** (Сарысандық) — *е. м.*, Ақтөр. ауд. Атау екі компоненттен құралған. *Сары* (сын есім) + *сандық* (зат есім). Бұл жерде сандық сөзі сол елді мекен манында текшеленген усті тегіс, реңі-түсі сарғыш сандық пішіндес тасы бар тау болуы мүмкін, осыған байланысты сол тау етегіндегі елді мекен сарысандық аталған болар.

**САРЫСЕНГІР** (Сарысенгир) — *тау*, Жез. ауд. Топоним екі сөзден бірігіп жасалған: *сары* (сын есім) + *сөңгір* (сын есім). *Сөңгір* — «зәулім, биік, зангар». (ҚТТС, 8,270). Атаудың мағынасы: «биік, зангар, шыңына көзі жетпес тау» дегенді білдіреді.

**САРЫСУ** (Сарысу) — *өз.*, ұз. 761 км, Телікөлге құяды, Жана-

ар., Жез. ауд.-да.; өз., е. м., Шет ауд., шоқы, Акад. ауд. *Сарысу* — «Кең су» мәніндегі атап (Қойшыбаев, 1985), (Мурзаев, 1984) сез-дігінде сарысу «майлы, сары балшық, сары саз аралас, мөлдір емес су» дедінген. Осы пікір дұрыс сияқты.

**САРЫТАБАН** (*Сарытабан*) — қыст., Жанаар. ауд. Отаутас тауының шығ. жағ.-да. Атап екі сөзден құралған: *сары* (сын есім) + *табан* (зат есім). Бұл жерде табан сөзі сайдың, не ертеде өзен-көлдің, табаны болуы мүмкін, басқа бір мағынасы: «әбден тапталған жер (почва), қатты жер, сарытабан болған жер» болуы да мүмкін.

**САРЫТАС** (*Сарытас*) — төбешік, Жез. ауд., Қызыл дәңгінің солт. жағы. Атап екі сөзден бірігіп жасалған: *сары* (сын есім) + *тас* (зат есім). Объектінің географиялық қасиетіне қарай қойылған, яғни атап «ірі, өні сарғыш тастары бар (төбе)» дегенді білдіреді.

**САРЫТАУ** (*Сарытау*) — *tay*, Ақад. ауд., *tay*, биік. 556,0 м, биік. 785,4 м, Талдыманақа өз.-нің бат.-да, Жанаар. ауд., *tay*, биік. 531,4 м, Стандарт қыст.-ның солт.-де, *төбелер*, Жез. ауд.; *tay-lar*, биік. 677,6 м, биік. 531 м, биік. 497,8 м, Ұлыт. ауд.; *tay*, бұл., Дария пос.-нің, солт.-де, Шет. ауд. Объектілердің географиялық қасиетіне қарай қойылған атап. Тау жыныстарының түсі сары болғандықтан Сарытау аталған.

**САРЫТҰМСЫҚ** (*Сарытумсук*) — *tay*, биік. 1024,3 м, Приоз. ауд. Атап екі сөздің бірігуі арқылы жасалған: *сары* (сын есім) + *тұмсық* (зат есім). Объектінің геофизикалық қасиетіне (сырт-пішін, бітіміне) қарай қойылған атап. Таудың шырынқы сүйірлеу, ерекше көрініп тұратын жағын тұмсық дейді.

**САРЫТЕРЕК** (*Сарытерек*) — қыст., кхз, сс орт., е. м., Ақтоғ. ауд. Атап ағаш түрі өсімдік атымен байланысты — (фитотопоним).

**САРЫТОҒАНБАЙ** (*Сарытоганбай*) — *tay*, Ақтоғ. ауд., *tay*, биік. 8036,0 м, Шет ауд. Топоним екі сөзден құралған: *сары* (сын есім) + *Тоганбай* (антропоним). Қөде шөбі көп тау (Инф. Тәкішев Жұматай, Эксп. мат., 1982).

**САРЫТОРҒАЙ** (*Сарыторгай*) — өз., ұз. 123 км, Ұлыт. ауд. Топоним *сары* (сын есім) + *торғай* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Атап құрамындағы *торғай* сөзінің этимологиясы жайында Е. Қойшыбаев (1985): «көне тілдерге тән тор/төр, дала жүйелес: сай, терең тар шат, ойпат (— кішірейткіш -ғай/-қай) аффиксінің косылуынан қалыптасқан атап» және көне түркі тілі аясынан артып алтай дәүірінің сыр тартады... деп қорытады. Ал А. Әбдірахманов *торғай* гидронимінің этимологиясы жайлы Нұрқановтың пікірін алға тартып, өз пікірін келтірген. Нұрқановтың гипотезасы бойынша: *торғай* сөзі — «торық» және «ай» деген тайпалардың атынан жасалған, сонда: торық/f/-ай (Ай, Айқызы,

Қызай, Керей т. б.) Нұрқановтың этимологиясы бойынша *торғығ* сөзі мағына жағынан сын есім емес, тор — уруғ сөздерінің ыкшамдалған тулғасы ретінде қараған (Әбдірахманов, 1975, 177).

А. Әбдірахманов бұл пікірмен келіспейді, *торғай* сөзі екі компоненттен /торғығ/торғы/-ай/, яғни ру атынан жасалған дейді. Бірақ оның *торғығ* деген бөлігін түске байланысты (мысалы: торқыпшак) сын есімдік қасиеті бар бір сөз деп қарайды (А. Әбдірахманов, 1975, 178). Ал тілге тиек еткен *торғығ* сөзінің орыс жылнамаларындағы «торки» этнонимі ме, жоқ па — гипотеза қуйінде қала береді.

Екі зерттеуші де *торғай* сөзінін екі тайпа (көне) аттарынан пайда болғанын дәлелдейді де, этимологиясына келгенде ғана қайши пікір айтады. Қорыта келіп айтарымыз топонимист Әбдірахмановтың пікірі нанымды да дәлелді сияқты.

**САРЫТҰЗ** (Сарытуз) — *taу*, биік. 430,6 м, Жез. ауд. Атау *сары* (сын есім) + тұз (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «көн, үлкен жерді алып жатқан тұз таулар».

**САРЫТҮСІП** (Сарытусип) — *зират*, Жез. ауд. Сарытүсіп есімді кіс жерленген зират, сол атая бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**САРША** (Сарша) — *e. m.*, Ақтог. ауд. Жаңаар. ауд., құрғ. өз., Шет ауд. Кісі есімінен койылған атаулар.

**САРЫШАДЫРА** (Сарышадыра) — құд. тер. 2 м, Ақтас дөңінің жанында 422 м, жерде, Ақад. ауд. Атау *сары* (сын есім) + *шадыра* (зат есім) сөздерінен жасалған. Топоним құрамындағы *шадыра* сөзі диалектіде «сирек шыққан шөп» дегенді білдіреді (КТДС, 8, 373). Шөбі сирек өсетін жерден қазылған құдық болғандықтан осылай аталған.

**САРЫТӨБЕ** (Сарытобе) — *жер*, Жез. ауд., *таулар*, биік. 369,5 м, биік. 435,6 м, Жаңаар. ауд., биік. 560,1 м, Ұлыт. ауд., дөң, Ақад. ауд. Топоним екі компоненттен құралған: *сары* (сын есім) + *төбе* (зат есім). Объектінің геофизикалық сипатына қарай қойылған атау. Таудың, төбенің тас жыныстарының топырағының түсіне байланысты аталған болуы керек.

**САРЫШАҒАН** (Сарычаган) — *шығ.*, Балқаш көлінің Итмұрынды тауына жақын иінінде, Приоз. ауд., сс, Ақад. ауд. Атау екі сөзден жасалған: *сары* (сын есім) + *шаган* (зат есім). Қазақстанда жиі кездесетін атау. Топоним құрамындағы «шаган» сөзін өсімдіктері мол жер», — деп түсіндіреді, Е. Қойшыбаев (1985), оның пікірінше: «көне түркі және монгол тілдерінде: «шаган<сақан<<цахан — есімдік аттары F. Конқашпаевтың (1959) пікірінше, *шаган* монголдың цага «ак» деген сөзінен бүрмаланған атау. Мағыналық информация жоқ деуге де болмайтын сияқты, себебі *шаган* —

*ған* сөзі бір Сарышаған емес, басқа да топонимдер құрамында кездеседі, мысалы: Шағаншы, Шағандаба т. б.

**САРЫШИ** (Сарышы) — жер, е. м. Ақад. ауд. Атау екі компоненттен құралған: *сары* (сын есім) + *ши* (зат есім). Мағынасы: «шилі, ши көп өсетін жер».

**САРЫШОҚЫ** (Сарышокы) — тау, биік. 832,2 м, тау, биік. 549,9 м, жер, Ақад. Приоз. ауд.-ры. Атау екі компоненттен бірігіп жасалған: *сары* (сын есім) + *шоқы* (зат есім), мағынасы айқын: «объектінің, таудың, тас жыныстарының түр-түсіне байланысты атау».

**САСЫҚБАЙ** (Сасықбай) — баст., Ақад. ауд. Кісі есіміне байланысты қойылған атау.

**САСЫҚБАСТАУ** (Сасықбастау) — таулар, Ұлыт. ауд. Атау екі сөзден құралған: *сасық* (сын есім) + *бастау* (зат есім). Объектінің табиғи, географиялық қасиетіне байланысты қойылған атау, мағынасы: «суы жаман бастау (мал ішпейтін). Бірақ: *Сасық+бас+тау* болып жіктелу де мүмкін».

**САСЫҚБҮЛАК** (Сасықбулак) — баст., Ақад. ауд. Атау *сасық* (сын есім) + *бүлак* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Мағынасы: «суы нашар, ішуге жарамсыз, лай бүлак».

**САСЫҚБҮЛАКАДЫР** (Сасықбулакадыр) — тау, биік. 474, м, Жанаар. ауд. Үш сөзден бірігіп жасалған атау: *сасық* (сын есім) + *бүлак* (зат есім) + *адыр* (зат есім). Атаудың мағынасы: «суы нашар, мал ішпейтін бүлактың жанындағы адыр, төбе».

**САСЫҚҚӨЛ** (Сасыккөль) — өз., Жанаар. ауд. Талдыбыл. пос.нің солт. жағ.-да. *Сасық* (сын есім) + *қөл* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Объектінің табиғи қасиетіне байланысты қойылған атау, «суының дәмі жаман, айналасы саз, батпакты жаман көл» мәнін білдіреді.

**САСЫҚҚҰДЫҚ** (Сасыккудук) — арт. құд., тер. 80 м, Жез., Приоз. ауд.-да. *Сасық* (сын есім) + *құдық* (зат есім) сөздерінің жасалған атау. Суын ішуге жарамайтын ескіріп кеткен лас құдық деген мағынадағы атау.

**САСЫҚШЕНГЕЛ** (Сасықшенгель) — құм, тау, биік. 217,9 м. 8 км қашықтықтан көрінеді. Жез. ауд. *Сасық* (сын есім) + *шенгел* (зат есім) сөздерінен жасалған атау, есімдіктің исіне т. б. қасиетіне байланысты болуы мүмкін.

**САСЫРЛЫ** (Сасырлы) — тау, биік. 655 м, Жанаар. ауд. *Сасыр* — биіктігі 2 метрдей сабабы жуан, сары гүлді, сасық істі қурай, яғни сасық шөп өсетін (тау).

**САТАЙ** (Сатай) — е. м., Ақтоғ. ауд. Кісі есімімен байланысты қойылған атау.

**САТАН** (Сатан) — құрғ. өз., Ақтоғ. ауд. Кісі есімімен байланысты атау.

**СӘТЕК** (Сатек) — *taу*, биік. 1099,5 м, Приоз. ауд. Кісі есімінен немесе ру атынан қойылған тау аты.

**САТЫ** (Саты) — *бейіт*, Ұлыт. ауд., Саты есімді кісі жерленген бейіт, сол атау бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**САТЫБАЙ** (Сатыбай) — *қыст.*, Приоз. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**САТЫБАЛДЫ** (Сатыбалды) — *құрғ. арна*, Жанаар. ауд., жыра, Жез. ауд. Кісі есімінен қойылған атаулар.

**САТЫҚ ҚАРАӨЗЕК** (Сатық — Караөзек) — *өз.*, Шет ауд. Сатық деген кісіге тән Қараөзек деген мағынадағы атау.

**САУМАЛ** (Саумал) — *құд.*, Ақад. ауд. *Саумал* сөзінің тікелей мағынасы «әлі аши қоймаған бие сүті» (ҚТТС, 8, 213). Ертеректе бие малын бағу, ұстаумен байланысты этнографиялық мәні болуы мүмкін, немесе объектінің ерекше бір қасиетіне қарай қойылуы мүмкін.

**САУШОҚ** (Саушок) — *шоқы*, Ақад. ауд. Атау екі сөзден құралған: *сау* (зат есім) + *шоқ* (зат есім). Атаудың бірінші сынары *сау* иран тілдерінде (осетин, тәжік) — «бастау», «бұлақ», «қайнар», ал екінші сынардағы *шоқ* сол тілде «тарам», «тарамша», яғни «бұлактың бір тармағы» дегенді білдіреді.

**САХАНМОЛА** (Саханмола) — *бейіт*, Ұлыт. ауд. Сахан есімді кісі жерленген бейіт, сол атау бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**САЯҚ** (Саяк) — *қтп, тжс, кен орны.*, Приоз. ауд. Әуелде төбенің аты. Топонимнің мағынасы: «жалғыз, оңаша, саяқ тұрган төбе».

**СӘМЕКЕ** (Самеке) — *taу*, биік. 517,6 м, Жанаар. ауд. Төребұтак өз.-нің солт.-де. Кісі есімінен немесе ру атынан қойылған атау болуы керек.

**СӘМЕН** (Самен) — *бейіт*, Жез. ауд. Сәмен деген кісі жерленген зиарат, сол атау бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**СӘМЕНҚҮМ** (Саменкум) — *құм*, Жез. ауд. Топоним екі сөзден құралған: *Сәмен* (кісі есімі) + *құм* (зат есім). Кісі есіміне байланысты қойылған атау, яғни Сәменнің құмы.

**СӘМЕНТҰЗ** (Саментуз) — *сор*, Жез. ауд. Атау екі сөзден жасалған: *Сәмен* (кісі есімі) + *тұз* (зат есім). Кісі есіміне байланысты қойылған атау.

**СӘРСЕН** (Сарсен) — *бейіт*, Жанаар. ауд. Сәрсен есімді кісі жерленген бейіт, сол атау бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**СӘТБАЕВ** (Сатпаев) — *е. м., қтп*, Ұлыт. ауд. Атақты казак ғалымы, академик Қаныш Сәтбаевтың есімімен байланысты атау.

**СӘТБАЙ**  
ауд. Кісі ес

**СӘТПЕК** (Сатпек) — *бейіт*, Ұлыт. ауд. Сәтпек есімді кісі жерленген бейіт, сол атаяу бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**СӘТТИБАЙ** (Саттибай) — *құрғ. өз.*, Приоз. ауд. Кісі есімінен қойылған өзен аты.

**СӘУЛЕ** (Сауле) — сс орт. Ақтоғ. ауд. Әйел есімінен қойылған елді мекен аты.

**СӘҮРИК** (Саурик) — *жер*, Жез. ауд. Кісі есімі немесе ру атынан қойылған жер аты.

**СЕЙСЕНБАЙ** (Сейсенбай) — *бейіт*, Жанаар. ауд. Сейсенбай есімді кісі жерленген зират, сол атаяу бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**СЕЙСЕНБАЙТАУ** (Сейсенбайтау) — *tay*, биік. 304 м, Жанаар. ауд. Кісі есіміне байланысты қойылған тау аты.

**СЕЙТМАҒАМБЕТ** (Сейтмагамбет) — *бейіт*. Жанаар. ауд. Отаутас тауының онт.-де. Сейтмағамбет есімді кісі жерленген бейіт, сол атаяу бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН** ат. схз (схз им. С. Сейфуллина) — Шет. ауд. Қазақ әдебиетінің классигі, көрнекті ақын С. Сейфуллин атындағы совхоз.

**СӘҮРІКТАС** (Сауриктас) — *tay*, биік. 486,5 м, Приоз. ауд. Атау *сәүрік* (сын есім) + *тас* (зат есім) сөздерінен бірігіп жасалған. Топоним құрамындағы *сәүрік* сөзі үш-төрт жастағы піштірлімеген, әрі үйірге салынбаған (айғыр) жылқыны айтады. (Жанәбілов, 1982, 26). Атаудың негізгі мағынасы: «аса үлкен емес, шағын тасты тау», — дегенді білдіреді.

**СЕЙІЛ** (Сеиль) — *bast.*, Ұлыт. ауд. Кісі есімінен қойылған атаяу.

**СЕЙІТ** (Сеит) — *tay*, биік. 613,7 м, Жез. ауд. Кісі есіміне байланысты қойылған атаяу.

**СЕКЕР** (Секер) — *құд.*, Приоз. ауд. *Секер* (шекер) объективтінің табиғи ерекшелігіне байланысты қойылған атаяу, «суы тұшы, тәтті» деген мағынаны білдіреді.

**СЕКСЕУІЛ** (Саксаул) — *жер*, Жез. ауд. Құмды, шөлейт жерде өсетін аласа бұта атымен байланысты қойылған жер аты.

**СЕКСЕУІЛБҰРЫШ** (Саксаулбурыш) — *жер*, Жанаар. ауд. Сексеуіл көп өсетін белгілі бір алан, шет, бұрыс жер.

**СЕКСЕУІЛДІ** (Саксаульная) — *tay*, *жер*, Жез. ауд. «Сексеуіл көп өсетін» мәніндегі атаяу.

**СЕКСЕУІЛТӨБЕ** (Саксаултобе) — *дөң*, Ақад. ауд. Атаудың мағынасы: төңірегінде сексеуіл өскен тәбе.

**СЕМБЕТ** (Сембет) — *зират*, Жанаар. ауд. Сембет есімді кісі жерленген бейіт, сол атаяу бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**СЕМБІ ШОҚЫСЫ** (Семби — Шокысы) — *дөң*, Жанаар. ауд. Кісі есіміне байланысты қойылған шоқы аты.

**СЕҢГІР** (Сенгир) — *тау*, Ақад. ауд. *Сенғір* — көне термин. М. Қашқары сөздігінде Қеншак — Сенгир, т. б. түрлерінде кездеседі, екі түрлі түсінік беріледі. 1) жан / сен / зан, «зор» -ғар -«тау» «бінік тау», «құз жартасы». 2) көне түрк. сенғір — «шошақ» мәніндегі атаулары болуы ықтимал» делінген. Е. Қойшыбаевтың (1985), Э. Мурзаевтың (1984), Ф. Қонқашпаевтың (1963) сөздіктерінде *сенғір* термині жайында: сенғір — «бінік жар», «занғар таулар сілемі» делінген. Бұл географиялық термин Орта Азия, Қазақстан, Қавказ, Иран, Ауғанстан жерлерінде кеңінен тараған. Атаудың мағынасы: «зәулім, биік тау» дегенді білдіреді.

**СЕҢГІРБАЙ** (Сенгирбай) — *бейіт*, Жез. ауд. Сенгіrbай есімді кісі жерленген бейіт, сол атау бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**СЕРГЕЛІҚАЗҒАН** (Сергеликазган) — құұ., Жаңаар. ауд. Атау екі сөзден құралған: *сіргелі* (этноним) + қазған (етістіктің өткен шақ тұлғасы). Сергелі қазған құдық деген мағынадағы атау.

**СЕРКЕБАЙ** (Серкебай) — *тау*, биік. 677,5 м. Кісі есімінен қойылған тау аты.

**СЕРКЕБЕК** (Серкебек) — құұ., Приоз. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**СЕРКЕҚЫРҒАН** (Серкеқырган) — *таулар*, Ақад. ауд. Тасарал манайында. Топоним екі сөзден құралған: *серке* (зат есім) + қырған (етістіктің есімше тұлғасы). Белгілі бір жайттарға орай, яғни серкелдердің қырылуына байланысты қойылған атау.

**СЕРИК** (Серик) — *тау*, биік. 1204 м, Ақтөр. ауд., *тау*, биік. 677,9 м, Жезді ауд.-да. Кісі есімінен қойылған тау аттары.

**СЕРИКБАЙ** (Серикбай) — *е. м.* Ақтөр. ауд., құрғ. өз., Ұлыт. ауд. Кісі есімінен қойылған атаулар.

**СЕРИККОРА** (Сериккора) — қыст, Шет ауд., құрғ. өз., Жаңаар. ауд. Кісі есімінен қойылған атаулар.

**СЕРІКТІН АҒАШЫ** (Дерево Серика) — *саї*, Ақтөр. ауд. (Инф. Ахметов А. — 71 ж.). Кісі есіміне байланысты қойылған микротопоним, осы атау бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**СИҮРБАЙ** (Сырбай) — *тау*, биік. 824 м, Ақад. ауд. Кісі есімінен қойылған топоним.

**СҚАЛА** (Скала) — *е. м.*, Ақтөр. ауд. *Скала* — қазақ тіліндегі жартас сөзі.

**СҚАҚ** (Искак) — *е. м.*, Ақтөр. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**СОВЕТ** (Совет) — *кхэ*, қыст., Приоз. ауд.

**СОҒЫМБАЙ** (Согумбай) — *бейіт*, Ақад. ауд. Соғымбай есімді кісі жерленген бейіт, сол атау бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**СОҚЫР** (Сокыр) — өз., Шет. ауд. Соқыр кішкене, шағын, сүйн ешқайда құймайтын өзен деген мағынада болуы керек.

**СОҚЫРКОЙ** (Сокыркой) — төбе, биік. 428,0 м, Ақад. ауд.; қыст., Приоз. ауд. Балхаш көліпін бойында. Атау екі сөзден бірігіп жасалған. *Соқыр* (сын есім) + қой (зат есім). Бұл төбе маңайында көзі көрмейтін соқыр кой қалып қойып, содан аталып кетуі мүмкін.

**СОЛОНЕЦ** (Солонец) — төбе, биік. 129,9 м, Жез. ауд. Сорлы, тұзды төбе мағынасындағы атау.

**СОНА** (Сона) — ферма, № 4, Ақтоғ. ауд. Мағынасы: «сонасы көп, соналы жер».

**СОНАЛЫ** (Соналы) — тау, Жанаар. ауд. Атау екі компоненттен құралған. *Сона* (зат есім) + лы (катысты сын есім тұлғасы). Мағынасы: «сонасы көп» (тау).

**COP** (Cop) — тау, биік. 526,7 м, Ақад. ауд. Көктөбе тауынан 30 км қашықтықта. Сор — аяқ батып кететін тұзды батпак (ҚТТС, 8, 346).

**СОРАН** (Соран) — тау, қыст., е. м., Ақтоғ., Ақад. ауд.-да. Ак түсті жусаны бар, соран тартып көрінетін тау (Инф. Ахметов А.—71 ж. Эксп. мат.-лы, 1982 ж.). *Сораң* — 1. алабота (шөп), 2. шың, құз. (ҚТТС, 8, 347).

**СОРБИЙК** (Сорбик) — тау, Ақад. ауд. Атау екі сөзден жасалған: *sor* (зат есім) + биік (зат есім) «алыстан ақ түсті болып көрінетін биік ақ төбе, тау» деген мағынаны білдіреді.

**СОРБУЛАҚ** (Сорбулак) — баст., Ақад. ауд., көл, Жанаар. ауд. бұл., Ұлыт., Жез. ауд.-да. Атау екі сөзден құралған: *sor* (зат есім) + бұлақ (зат есім). Мағынасы: «тұзды, батпакты жердегі бұлақ, шағын батпакты көл».

**СОРҚӨЛ** (Сорколь) — өз., көл, *sor*, Жанаар. ауд., құд., Жез. ауд., е. м., Ақтоғ. ауд. Атау екі сөзден құралған: *Sor* (зат есім) + көл (зат есім). Мағынасы: «тұзды, батпакты көл».

**СОРҚҰДЫҚ** (Соркудуқ) — құд., Ақад. ауд.; төбе, жер, Ұлыт. ауд.; шоқы, Жез. ауд. Топоним екі сөзден құралған: *Sor* (зат есім) + құдық (зат есім). Атаудың негізгі мағынасы: «тұзды, батпакты жердегі құдық».

**ҮШҚАТЫН** (Ушкатын) — *taу*, *жер*, Ақад. ауд. *Уш* (сан есім) +*қатын* (зат есім) сөздерінің бірігүйнен жасалған атау. *Бесқатын* атауымен мәндес. (Қараныз. Бесқатын).

**ҮШҚҰДЫҚ** (Ушкудук) — *құд.*, *жер*, Жез. ауд., Әң, Ақад. ауд. *Уш* (сан есім) +*құдық* (зат есім) сөздерінің бірігүйнен жасалған «ұш құдығы бар жер» мәніндегі атау.

**ҮШҚЫЗЫЛ** (Ушкизыл) — *таулар*. биік. 884,3 м, биік. 779,0 м, биік. 805 м, Ақад. ауд. *Уш* (сан есім) +*қызыл* (сын есім) сөздерінің

бірігуінен жасалған «биіктіктері әр түрлі осы өңірдегі үш қызыл түсті тау» мағынасындағы атау. Қызыл компоненті тау жыныста-рының түсін көрсетеді.

ҮШОБА (Ушоба) — *жер*, Ақтөр. ауд. *Уш* (сан есім) + *оба* (зат есім) тұлғаларынан жасалған (Қар. Оба). *Ушоба* атауының мағынасы: «қатар-қатар жатқан үш төбе».

ҮШСАРЫ (Ушсары) — *тау*, *жер*, Ұлыт. ауд. *Уш* (сан есім) + және *өзек* (зат есім) сөздерінен жасалған. Атаудың мағынасы: «үш өзекті *жер*».

ҮШӨЗЕН (Ушузень) — *өз.*, Ақтөр. ауд. *Уш* (сан есім) және *өзен* (зат есім) тұлғаларынан тұратын атау. Мағынасы: «бір жерден басталатын немесе бір арнаға құятын үш өзен».

ҮШСАЙ (Ушсай) — *жер*, Ақад. ауд. *Уш* (сан есім) + *сай* (зат есім) компоненттерінен тұрады. Атаудың мағынасы: «үш сайы бар *жер*».

ҮШСАРЫ (Ушсары) — *тау*, *жер*, Ұлыт. ауд. *Уш* (сан есім) — *сары* (сын есім) тұлғаларынан жасалған. *Сары* компоненті тау жынысының түсін білдіреді. Ушсары атауын *Ушқызыл*, *Ушқоңыр* т. б. атауларымен салыстыруға болады. Атаудың берер мағынасы: «сарғыш үш тау» яғни «алыстан сарғыштанып көрінетін тау».

ҮШТАҒАН (Уштаган) — *тау*, биік. 685 м, Ақад. ауд.; биік. 901,5 м, Шет ауд. *Уш* (сан есім) + *таған* (зат есім, үш аяқты мосы) сөздерінен жасалған. Ф. Конқашбаев бұл атау «үш шын», «үш шоқы» мағынасын беретіндігін айтады (Конқашбаев. 1963, 135). Ендеше *Уштаган* атауының мағынасы: «үш аяқты мосы тәрізді үшкілдене біткен үш шынды, немесе үш шоқылы тау».

ҮШТАМ (Уштам) — *жер*, Шет ауд. Атау *үш* (сан есім) + *там* (зат есім) тұлғаларынан жасалған. Қоңе түркіше *там* — «үй қа-бырғасы»; түркменше *дам* — «баспана», «үй»; қырғ. *там* — «шым-нан тұрғызылған үй»; үйғ. *там* — «үй» (Мурзаев, 1987, 170). Атаудың екінші сынарындағы *там* сөзінің жоғарыда көрсетілген түркі тілдеріндегі мағынасына жүгінсек, *Уштам* атауы «әу баста сол жерде үш сай болған, үш там салынған» деген мағынаны білдіреді.

ҮШТАРАУ (Уштарау) — *жол*, Ұлыт. ауд. *Уш* (сан есім) + *та-рау* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «үш айрық, үш тарам (соқпак) *жол*».

ҮШТОҒАН (Уштоган) — *жер*, Жезді ауд. *Уш* (сан есім) + *тоған* (зат есім) сөздерінен жасалған күрделі атау. Мағынасы: «*Уш тоғаны бар жер*».

ҮШТОҒАНТӨБЕ (Уштогантобе) — *тау*, биік. 118,5 м, Жезді ауд. *Уш* (сан есім) + *тоған* (зат есім) + *төбе* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған күрделі атау. Мағынасы: «манында үш тоғаны бар кішірек тау, төбе».

**ҮШТОРГАЙ** (Ушторгай) — *taу*, биік. 140,1 м, Жез. ауд. *Уш* (сан есім) + *торғай* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған Торғай сөзінің мағынасы анық болмағандықтан атау түсініксіз болып қалған.

**ҮШТӨБЕ** (Уштобе) — *таулар*, биік. 826,0 м, Ақтөр. ауд.; биік. 548,4 м, Ақад. ауд.; *шоқы*, Ақад. және Приоз. ауд.-да. Атау *үш* (сан есім) + *төбе* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Қатарласа, тізбектеле орналасқан үш үлкенді кішілі таулар мен төбелер атау мағынасын аша түседі. Уштобе тауларының мағынадағы қыстаулар е. м. осы атаулармен аталған.

**ҮШҰЗАҚ** (Ушузак) — *жер*, Приоз. ауд. *Уш* (сан есім) + *ұзақ* (зат есім құс аты) сөздерінен жасалған жер аты, ұзактың (құстың түрі) кезінде мол болып, кейіннен сиреуіне байланысты қойылуы мүмкін.

**ҮШШОҚЫ** (Ушшокы) — *taу*, биік. 419,1 м, Жанаар. ауд. Ушшокы — Жаманайыртау тауының онт.-дегі тау, *е. м.*, Атау *үш* (сан есім) + *шоқы* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «өзге шоқыларына қарағанда биігірек үш шоқысы бар тау».

## — Φ —

**ФИГУРНЫЙ** (Фигурный) — *төбе*, *е. м.*, Жез. ауд. Атау орыс тілінен қойылған. Қазак тілінде «сәнді, сынды» мағыналарын береді.

## — X —

**ХАЖЫ** (Хажи) — *бейіт*, Жез. ауд. Атау екі түрлі жағдайдада қойылуы мүмкін:

1) *Хажы* деген кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект — бағдар). 2) Революциядан бұрын қазак даласында Мекеге барған адамдар *хажы* деген атақ алған. Кезінде билік айтып, бір ауылды уысында ұстаган атакты қажының жерленген моласы болуы ықтимал.

**ХАЖЫБАЙ** (Хажыбай) — *қыст.*, Жанаар. ауд. Осы адам қыстаған қыстау, соның атымен белгілі жер.

**ХАЙБАР** (Хайбар) — *бейіт.*, Приоз. ауд. Осы кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект — бағдар).

**ХАННЫҢ САРЫБҰЛАҒЫ** (Сарыбулак Хана) — *бұл.*, Ақтөр. ауд. *Хан* (зат есім) + *ның* (ілік септік жалғауы) және *сары* (сын есім) + *булағы* (тәуелдіктің III жағындағы зат есім) тұлғаларынан жасалған, «хан ерекше жаксы көретін Сарыбулак» мағынасындағы атау (Қараныз Сарыбулак атауын).

**ХАНТАУЫ** (Гора Хана) — *tay*, Ақтоғ. ауд. *Хан* (зат есім) + *тауы* (тәуелдіктің III жағындағы зат есім) тұлғаларынан жасалған, «хан мекендеғен, сонын меншік тауы» мәніндегі атаяу.

**ХРЕБТОВАЯ** (Хребтовая) — *жер*, Жез. ауд. Атау орыс тілінен қойылған. Қазақ тілінде «қырлы, қырқалы» мағынасын береді. Атау жер рельефинің қыратты, қырқалы, жоталы болып келгендейгіне байланысты қойылған.

## — Ц —

**ЦЕЛИННЫЙ** (Целинный) — *е. м.*, Жанаар. ауд. Атау қазақша «тың жер» мағынасын береді. 1950-ші жылдары тың көтеруге байланысты қойылған атаяу.

**ЦЕНТРАЛЬНЫЙ** (Центральный) — *е. м.*, Жанаар. ауд. Атаудың қазақ тіліндегі мағынасы: «белгілі өнірдің орталығындағы елді мекен».

## — Ч —

**ЧАПАЕВО** (Чапаево) — *село*, Ақтоғ. ауд. Атау азамат соғысның батыры, белгілі әскер басшысы Чапаевтың құрметіне қойылған.

## — Ш —

**ШАБАН** (Шабан) — *құр. өз., е. м.*, Приоз. ауд. *Шабан* (сын есім) сөзінен жасалған атаяу. Мағынасы: «ағысы өте баяу өзен, осы өзен бойындағы елді мекен». Бұл әуелде *Шабанөзен* деп аталып, кейін өзен деген сөзі түсіп калған.

**ШАБАРТЫ** — *tay*. Жез. ауд. *Шабарты* атты өзен, тау Шығыс Қазақстан облысында да кездеседі. Фалымдар негізінен атаяу монгол тіліндегі *шавар* (қаз. «батпақ, саз») сөзінен жасалғандығын айтады. (Мурзаев. 1984, 622; Қойышбаев. 1985, 234 б.; Әбдірахманова. 1975, 186). Монгол Халық республикасы территориясында *Шаварт*, Өмно — *Шаварт* — гол атаулары кездеседі. Демек, *Шабарты* монг. *шавар* («батпақ, саз») + *ты* (бір нәрсенің барлығын білдіретін, қазіргі монгол тілінде активті қолданылатын сын есім журнағы) сөздерінен жасалған, қазақ тілінің фонетикалық заңына бағына өзгерген атаяу. Мағынасы: «батпакты, сазды жердегі тау аты».

**ШАБДАРЖУҒАН** (Шабдаржуган) — *өз.*, тау, Жанаар. ауд. Атау *шабдар* (сын есім) + *жуған* (етістіктің өткен шақ есімше формасы) тұлғаларынан жасалған. *Шабдар* — «жылқы малының туғсі». *Шабдаржуган* атауының мағынасы: «шабдарды жуған, суға шомылдырған өзен, осы өзенге қойылған атаяу».

**ШАБЫРА** (Шабира) — көл., Жанаар. ауд. *Шабыра* сөзі — «кос, күркө» мағынасында қазақ тілінің диалектісі ретінде қолданылады (КТДС, 1969). Демек, атая көл жағасында тігілген коска, күркеге байланысты қойылуы мүмкін.

**ШАҒЫЛ** (Шагил) — тау, биік. 334 м, Жез. ауд. Зат есімнен жасалған атая. Мағынасы: «жап-жалтыр жартасты, шағылды тау».

**ШАҒЫР** (Шагир) — тау, биік. 497,0 м, е. м., Ақад. ауд.; бейіт Шагырлы өзенінің бат. Ұлыт. ауд. *Шагыр* (зат есім өсімдік аты). Мағынасы: «шағыр өсетін тау, осы тау бектеріндегі елді мекен, бейіт».

**ШАҒЫРБАЙ** (Шагирбай) — жыра, Ұлытау ауд.; зират, Жез. ауд. Осы адам есіміне байланысты қойылған атая.

**ШАҒЫРҚЫСТАҚ** (Шагырқыстак) — құд., Ұлыт. ауд. Жыланшық өз.-нің онт.-де. *Шагыр* (зат есім, өсімдік) + қыстақ (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған, «шағыр көп өсетін қыстаудағы күдік» мағынасындағы атая.

**ШАҒЫРЛЫ** (Шагырлы) — құр. өз., Жез. ауд., Ұлыт. ауд.-да. Мағынасы: «Жағасында шағыр шөп мол өсетін өзен».

**ШАҒЫРЛЫБИДАЙЫҚ** (Шагырлыбидайық) — шат, Ұлыт. ауд. *Шагыр* (зат есім) + лы (туынды сын есім жүрнағы) + бидайық (зат есім) тұлғаларынан жасалған күрделі атая. Атая бұл бидайықта шағыр шөп көп өсетінін білдіреді.

**ШАҒЫРЛЫЖЫЛАНШЫҚ** (Шагырлыжиланшик) — өз., Ұлыт. ауд. *Шагырлы* және **Жыланышық** сөздерінен жасалған күрделі атая. Қараныз: Шагырлы және **Жыланышық** атауларын.

**ШАҒЫРЛЫҚӨЛ** (Шагырлықуль) — көл, Жанаар. ауд. *Шагыр* (зат есім) + лы (туынды сын есім жүрнағы) + көл (зат есім) тұлғаларынан жасалған күрделі атая. Мағынасы: «шағыр көп өсетін көл».

**ШАДЫРА** (Шадра) — тау, биік. 425 м, төбелер. Ұлыт. ауд. Андыз-андыз болып сирек шықкан шөпті жергілікті жерде шадыра деп атайды. Демек, атаудың мағынасы «беткейлері шадыралы болып келген тау немесе төбелер».

**ШАЖАҒАЙ** (Шажагай) — құр. өз., шат, Ақад. ауд. Халық этиологиясы атая сырын «Баяғыда Жетису бойынан Арқаға көшіп келген ақылды әрі парасатты Шажа шешен осы өзен бойына жерленген екен» деп баяндайды. Кейінгі үрпақ Шажы ағай атандырыған сыйлы қария есімі бұл өзеннің *Шажыагай* аталуына сеп болса керек (Сейдімбеков. 1981, 75).

**ШАЙБАС** (Шайбас) — бейіт, Жанаар. ауд. Осы кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ШАЙДАН** (Шайдан) — бұл., Приоз. ауд. Кісі атына байланысты қойылған атая.

**ШАЙҚҰДЫҚ** (Шайкудук) — құд., Шет ауд. Атау *шай* (зат есім) және құдық (зат есім) сөздерінен жасалған. Атаудың 1-ші сынарындағы *шай* сөзін түркі тілдерінен іздестірсек: түрік, азерб. *чай* — «өзен»; түрк. *чай* — «сайдагы кішірек өзен», иемесе «құдық» (Мурзаев. 1984, 605). Осылай салыстыруларға сүйенгендеге топонимикада *шай/сай/чай* — «өзен, су» мағынасын беретінін байқаймыз. Демек, Шайқұдық атауының топонимдік мағынасы: «сулы құдық».

**ШАЙЛЫАПАН** (Шайлышапан) — жер, Жанаар. ауд. Атау *шай* (зат есім) +*лы* (туынды сын есім жүрнағы) +*апан* (зат есім) тұлғаларынан тұрады. *Шай* — «су» мағынасын береді десек, атаудың топонимдік мағынасы: «сулы апан», «суы мол апанды жер».

**ШАЙТАНТАС** (Шайтантас) — тау, биік. 572,9 м, жартас, Жез. ауд. Атау *шайтан* (зат есім) +*тас* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. *Шайтан* сөзі діни үғыммен байланысты «алbastы», «сайтан» сөздерімен синоним болып келеді. Демек, *Шайтантас* атауының топонимдік мағынасы: «жын-шайтанды жартас, тау». Атау «Шайтантас маңы алbastыға, сайтанға, жынға толы» деген діни соқыр сенімге байланысты қойылған.

**ШАҚАБАЙ** (Шакабай) — тау, биік. 616,3 м; құр. өз., жыра, қыст., Ұлыт. ауд. Кісі атына байланысты қойылған атау.

**ШАҚАНТАЙ** (Шакантай) — қыст., тәбе, Ақад. ауд. Кісі атына байланысты қойылған атау.

**ШАҚАР** (Шакар) — қыст., Жез. ауд. Осы кісіге тән қыстау.

**ШАҚҚӨЗ** (Шаккоз) — жер, Ұлыт. ауд., Осы кісіге тән жер.

**ШАҚЫ** (Шаки) — ескі е. м., Шет ауд. Кісі атына байланысты қойылған мекен аты.

**ШАЛБАРҚҮМ** (Шалбаркум) — құм, Жез. ауд. Атау *шалбар* (зат есім) және құм (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Атаудың мағынасы: «қатпарлана, бірінің үстіне бірі нір-қызы болып төгіле жалданған құм».

**ШАЛҒЫ** (Шалгинский) — е. м., Қаражал қала-ның 88 км. жерде. *Шалғы* (зат есім) атауы шөп шабатын құрал атымен ешбір байланысы жоқ сияқты. Орыс тілінде *шалғы* — «балшықты, батпақты жер» сөзінің тілімізде шалғы боп қалыптасып кеткені байқалады.

**ШАЛҒЫНБАЙ** (Шалгинбай) — құд., Ақад. ауд. Осы кісі есіміне байланысты қойылған құдық аты.

**ШАЛҒЫНДЫ** (Шалгинды) — бұл., баст., Жез. ауд. *Шалғын* (зат есім) +*ды* (туынды сын есім жүрнағы) тұлғаларынан жасалған «жагасы көк майса, жап-жасыл көгалды, құракты бұлақ».

**ШАЛҒЫНДЫСАЙ** (Шалгиндысай) — сай, жер, Жез. ауд. *Шалғын* (зат есім) +*ды* (туынды сын есім жүрнағы) +*сай* (зат есім) тұлғаларынан жасалған, «шөптесін сай, шалғыны мол, көк майсалы сай» мағынасындағы атау.

**ШАЛҚАНБЕК** (Шалканбек) — *тау*, биік. 599 м, Приоз. ауд. Кісі есімінен қойылған атау.

**ШАЛҚИЯ** (Шалкия) — *тау*, биік. 599,9 м, е. м., Жанаар. ауд. Атау *шал* және *қия* сөздерінің бірігуінен жасалған. *Шал* сөзінің атаудағы берер мағынасы «ақ», «боз» екендігін ескерсек, Шалкия атауы тау жынысының, жер бетінің ақтөнділденген бозғылт түсіне қарай қойылған. Топонимдік мағынасы: «акшыл, бозғылт кезеңді тау, осы тау манындағы елді мекен («Ақшал атауын караңыз»).

**ШАЛҚЫНҰР** (Шалқынур) — *тау*, биік. 529,5 м, Жанаар. ауд. Атау *шалқы* (етістіктің бұйрық рай тұлғасы) + *нұр* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Мағынасы: «нұрлы, шапақты, нұр шалқыған тау» немесе «тауға нұр төгілсін» деген тілекten қойылуы мүмкін.

**ШАЛОБА** (Шалоба) — *тау*, биік. 612,3 м, Ақад. ауд. *Шал* және *оба* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. *Ақшал, Ақтау* атаулары мәндес атау.

**ШАЛТАЙ** (Шалтай) — *бейіт, есқі е. м.*, Жанаар. ауд. Осы кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ШАЛТАС** (Шалтас) — *таулар тізбегі, қыст.*, Ақад. ауд. *Шал* және *тас* (зат есім) сөздерінен жасалған. *Ақтас* атауы мәндес атау.

**ШАЛШИ** (Шалший) — *өз.*, Ақтө. ауд. Атау *шал* (сын есім) + *ши* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. *Шал* сөзінің *ақ* деген де мағынасы бар екенін ескерсек, атаудың мағынасы: «ақ шильты өзен», «шилі жердегі өзен», болып шығады.

**ШАЛШОҚЫ** (Шалшокы) — *тау*, биік. 489,8 м, Жанаар. ауд. *Шал* (сын есім) + *ақ* сөзінің синонимі + *шоқы* (зат есім) сөздерінің косылуынан жасалған, Ақшокы мәндес атау (*Ақшал атауын караңыз*). Демек, атаудың мағынасы: «алыстан ақшылдана көрінетін тау».

**ШАЛЫБАЙБУЛАҚ** (Шалыбайбулак) — *bast.*, Жанаар. ауд. Атау *Шалыбай* (кісі аты) және *булақ* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Осы кісінің атына байланысты қойылған атау.

**ШАЛЫНГАЛИ** (Шалынгали) — *есқі е. м.*, Жанаар. ауд. Атау осы адам атына байланысты қойылған.

**ШАМБАЙ** (Шамбай) — *айр.*, Жанаар. ауд. Осы кісінің есімінен қойылған атау.

**ШАМБАЙЖАН** (Шамбайжан) — *төбе*, Жез. ауд. Осы кісінің атына байланысты қойылған атау.

**ШАНАБЕК** (Шанабек) — *бейіт, есқі есім*, Жез. ауд. Осы кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ШАНАЙ** (Шанай) — *қыст.*, Ұлыт. ауд. Осы кісінің есіміне байланысты қойылған қыстау аты.

**ШАҢБАЙБУЛАҚ** (Шанбайбулак) — *бул.*, *шат*, Жез. ауд. *Шаңбай* (кісі аты) + *булақ* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасал-

ған «Шанбайдың бұлағы, осы бұлак ағып жатқан шат» мәніндегі атау.

**ШАНСУАТ** (Шансуат) — *жер*, Ұлыт. ауд. *Шаң* (зат есім) + *сұат* (зат есім) сөздерінен қалыптаскан. Атаудың күрамындағы *шаң* сөзі тәжік тіліндегі *чанг* — «төбе, жота» сөзінін тілімізге сіңіп, өзгеріп кеткен түрі болса керек. Ал екінші сыңардағы *сұат* сөзі сібір түркі тілдеріндегі *сүвой* «су иіні, өзен бұрылсысы» сөзінің өзгерген түрі екені байқалады. Атаудың мағынасы: «Tau, төбе, жота етегіндегі немесе баурайындағы өзен бұрылсысы індісі».

**ШАҢЫРАҚТАС** (Шанрактас) — *taу*, биік. 893,7 м, Ақтоғ. ауд. Атау *шаңырақ* (зат есім) + *тас* (зат есім) сөздерінен жасалған. Мұндағы *шаңырақ* сөзі тастың, яғни таудың құдіреттілігін мензеген бейнелеуіш тұлға. Атаудың мағынасы: «шанырақтай киелі, құрметті әрі басқа манайлармен салыстырғанда үлкен тау».

**ШАРБАҚ** (Шарбак) — *өз.*, Ақтоғ. ауд. Шарбак атауын кейір ғалымдар иранның *шарбақ* — «коршаш» сөзінен жасалған деп көреді (Койчубаев, 1974). Алтай тілінде *чарбак* — «үрленген, компиған, толған». Атау мағынасы: «арнасы үлкен, арнасы толған өзен» дегенді білдіретін сияқты.

**ШАРМОЛА** (Шармола) — *бейіт, жазық*, Шет ауд. Атау Орталық Қазақстан даласында қөтеп кездеседі. МХР-ның Баян-Өлгій аймағының Алтай сұмын Ялалтын — Оргил бірлестігі жерінде дәл осындай атпен сары жазық, осы жазықтағы бейіт те Шармола деп аталынады. Атау «сап-сары жазықтағы мола» мағынасын береді.

**ШАРЫҚТЫ** (Шарыкты) — *шат*, Приоз. ауд. Атау шарыкты атауы туынды сын есімнен жасалған. Тува тілінде *чарық* — «сай, шатқал, жар» (Мурзаев, 1984). Бұған қарағанда *Шарықты* — «шатқалды, сай-салалы жер» деген мағынаны білдірсе керек.

**ШАТ** (Шат) — *taу*, Жанаар. ауд. Атау тау қойнауындағы терен әрі ені тар сайға байланысты қойылған.

**ШАТЫБАС** (Шатыбас) — *taу*, биік. 510 м, Жез. ауд. Осы кісі атына байланысты қойылған атау.

**ШАТЫБАССАЙ** (Шатыбассай) — *сай*, Жез. ауд. *Шатыбас* (кісі аты) + *сай* (зат есім) тұлғаларынан жасалған атау. Сайға осы жерді мекендеген адам аты берілген.

**ШАТЫРША** (Шатырша) — *taу*, биік. 944,2 м, Ақтоғ. ауд. *Шатыр* (зат есім) + *ша* (зат есімнің кішірейткіш журнағы) тұлғаларынан тұратын атау. Таудағы ірі үңгірлердің жауын-шашында пана болатындығына байланысты *Шатырша* атауы берілген.

**ШАУ** (Шау) — *taу*, биік. 897,6 м, Ақад. ауд. *Шау* сөзі «ескі», «кәрі» мағынасында да, «жасы жетіп картайған түйе» (КТДС, 1969, 387) мәнінде де қолданылатындығын ескерсек, атау «ескі

тау» немесе, «шау тартып шөккен түйеге үқсас тау» мағыналарын береді.

ШАУЫПКЕЛДІ (Шауыпкелди) — *taу*, бінк. 938,7 м, Ақад. ауд. *саи*, Жез. ауд. Атау екі түрлі себеппен қойылған тәрізді: 1) кісі не ру атынан; 2) Осы таудың баурайында, сайда болған ат бәйгесінде озып келген тұлпарға байланысты болуы да ықтимал.

ШАХҚҰЗ (Шахкұз) — *бейіт*, қыст., Ұлыт. ауд. Атау «аса биік күз» мағынасын беретін сияқты.

ШАШТЫ (Шашты) — *taу*, бінк. 623,1 м, *шат*, Жанаар. ауд. Атау *шаш* (зат есім) + *ты* (туынды сын есім жүрнағы) тұлғаларынан қалыптасқан. Қоңе түрк. *чаш* — «тас» (Қойшыбаев. 1985, 238) екендігін ескерсек атау *чашиш* // *шаш* // *тас* сөздерінен жасалып, «тасты тау» деген мағынаны білдіреді.

ШАЯН (Шаян) — *төбе*, бінк. 138,3 м, Жез. ауд. *Шаян* (зат есім) сөзінен жасалған, сырт тұлғасын шаянға үқсатудан қойылған, «шаян тәрізді» мәніндегі атау.

ШӘЛЕН (Шален) — *taу*, бінк. 824,4 м, Ақтоғ. ауд. Монг. *Шилэн* — «эйнек» сөзінен, яғни атау әйнектей жарқыраған тау тастарына байланысты аталса керек.

ШЕГЕБАЙ (Шегебай) — қыст., Ұлыт. ауд. Кісі атына байланысты қойылған атау.

ШЕГЕНДІК (Шегендик) — *жер*, Ақтоғ. ауд. Этнонимнен (ру атынан) қойылған атау.

ШЕЖЕН ШОЖЫҚҰЛ (Шежен Шожыкул) — *шат*, Ұлыт. ауд. Кісі атынан қойылған атау.

ШЕКЕЛІ (Шекели) — *жер*, қыст., Ақад. ауд. *Шеке* (зат есім) + *ли* (туынды сын есім жүрнағы) тұлғаларынан жасалған метафорлық атау, яғни жергілікті жердің ерекше белгісін адамның шекесіне (басына) үқсатудан қойылған. Тува тілінде *чик*, хакасша *чік*, алтайша *чик* — «куыс, қыспақ» деген сөздермен біз сез етіп отырған атаудың *шек* сынары үқсас та төркіндес сияқты, ал *-лы* — сын есім тудыратын жүрнақ. Сонда *Шекелі* — «куыс сайлы, қыспакты жер» дегенге де келетін сияқты.

ШЕКТИБАЙ (Шектибай) — *жер*, Ұлыт. ауд. Осы кісі есімімен байланысты жер аты.

ШЕЛЕКҚҰДЫҚ (Шелеккүдук) — құд., Ақад. ауд. *Шелек* (зат есім) + құдық (зат есім) сөздерінің бірігінен жасалған. Атаудың бірінші құрамындағы *шелек* сөзі Алтай, Шығыс Сібір түркі тілдерінде *чили* — «эйнек» (сал. монг. *шил* (эн) — «эйнек») + *к* косымша. Сонда *Шелекқұдық* — «әйнектей жарқыраған, сұы мөлдір құдық» деген мағынаны білдіретін сияқты.

ШЕНЕССАЙ (Шенессай) — *саи*, Жез. ауд. *Шенес* (кісі аты) +

*сай* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған, «Шенестің сайы» мәніндегі атау.

**ШЕНГЕЛБАЙ** (Шенгелбай) — *шоқы*, Приоз. ауд. Кісі атынан қойылған атау.

**ШЕРУБАЙ НҰРА** (Шерубай — Нура) — өз., ұз. 268 км, Шет ауд. Атау *Шерубай* (кісі аты) және *нұра* (зат есім) сөздерінен жасалған. Атаудың бірінші сынары кісі атынан, екінші сынары монгол тіліндегі *нуралла* — «құлама жар» географиялық терминінен алғынған (Казакевич. 1934, 21; Базылхан. 1984, 345). Нұра атауын кейбір ғалымдар: «монголдың нуруу — «жон», «жота» сөзі деп қарайды (Мурзаев. 1984, 398). А. Әбдірахманов (1975) «*Нұра//жыра* монгол-түркі тіл ортактығын көрсететін сөзден жасалған атау», — деп тұжырымдайды. Өзенге берілген *Нұра* атауының мағынасы *нуруу* — «жон жота», *нұра* «жыра» сөздерімен ашу көнілге қонымызыз тәрізді. Біздіңше, *Шерубай* — *Нұра* «Шерубайдың тауы, жотасы» емес, — «Шерубай өзені». Өйткені монгол тілінде *нуралла* «құлама тік жар», «құлама қабак», «опырылған қабак» мәнін береді. Демек, *Шерубай Нұра* атауының мағынасы: «құлама тік қабакты (жыра) Шерубай өзені».

**ШЕТ** (Шетский) — *ауд., схз., сс.*, Шет ауд. Атау «шалғайдағы, тыскары қалған елді мекен» мәнінде қойылған.

**ШЕТЖАПАЛАҚ** (Шетжапалак) — *асу, е. м.*, Ақтөп. ауд.; қыст., Приоз. ауд. *Шет* (зат есім) + *жапалақ* (зат есім) сөздерінен жасалған атау, «шалғайдағы, жырактағы жапалақ көп кездесетін жер» мағынасын білдіреді.

**ШЕТКІТАУ** (Шеткитаяу) — *taу*, Жез. ауд. *Шеткі* (сын есім) + *тау* (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «шетте түрған, шет жақтағы тау».

**ШЕТКІТӨБЕ** (Шеткитюбе) — *taу*, биік. 122 м, Ақад. ауд. *Шеткі* (сын есім) + *төбе* (зат есім) сөздерінен қалыптасқан атау. Мағынасы: «шет жақтағы төбе».

**ШЕТҚАРАШОҚЫ** (Шеткарошоки) — *taу*, *Шет* (зат есім) + *қара-ра* (сын есім) + *шоқы* (зат есім) сөздерінен жасалған күрделі атау. Мағынасы: «жырақта, тыскары жерде орналасқан, шоқылы, кішірек кара тау».

**ШЕТҚҮМ** (Шеткум) — *құм*, Жез. ауд. Атау *шет* (сын есім) + *құм* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған, «шалғайдағы, сыртқарыдағы құм» мәніндегі атау.

**ШЕТШОҚЫ** (Шет шоки) — *taу*, Ақад. ауд. Атау *шет* (сын есім) + *шоқы* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған, «тыскарыдағы шоқы».

**ШЕШЕНҚАРА** (Шешенкара) — *бейіт*, Приоз. ауд. Осы кісі жерленген бейіт, сол адамның лақап аты бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ШЕШЕНҚАРАНЫҢ ТАУЫ** (Горы Шешенкары) — *taу*, биік, 676,3 м, Приоз. ауд. Елге белгілі адам атына байланысты қойылған тау аты.

**ШИ** (Чий) — *жер, құд.*, Ақад. ауд. *Ши* (зат есім) + «түп-түп болып өсетін, сабағы жіңішке әрі ұзын қамыс тектес өсімдік» атынан қойылған, «шилі өнір, осы мағынада шиі бар жер» мәніндегі атау.

**ШИҚҰДЫҚ** (Шикудуқ) — *құд.*, Ақад ауд. *Ши* (зат есім) + *құдық* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған, «шилі өнірдегі құдық» мәніндегі атау.

**ШИЛІ** (Шили) — *құд.*, Ақад. ауд. *Ши* (зат есім) + *ли* (зат есімнен сын есім тудырған жұрнақ) тұлғаларынан қалыптасқан, «шилі жердегі құдық» мәніндегі атау.

**ШИЛІАУЫЛ** (Шилиаул) — *жер, Жанаар.* ауд. *Ши* (зат есім) + *ли* (туынды сын есім жұрнағы) + *ауыл* (зат есім) тұлғаларынан жасалған, «шиі қалың жердегі ауыл» мәніндегі атау.

**ШИЛІБҮЛАҚСАЙ** (Шилибулаксай) — *сай, Жез.* ауд. *Ши* (зат есім) + *ли* (туынды сын есім жұрнағы) + *булақ* (зат есім) + *сай* (зат есім) тұлғаларының бірігуінен жасалған, «ши қалың өсетін сайдары булақ» мәніндегі атау.

**ШИЛІҚҰДЫҚ** (Шиликудуқ — *айр.*, *құд.*, *Жез.* ауд. *Ши* (зат есім) + *ли* (туынды сын есім жұрнағы) + *құдық* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған, «шиі қалың жердегі айрық» мәніндегі атау.

**ШИЛІӨЗЕК** (Шилиозек) — *құрг. өз.*, Шет. ауд. *Шилі* (туынды сын есім) + *өзек* (зат есім) сөздерінен жасалған, «ши көп өскен өзек» мәніндегі атау.

**ШИЛІСАЙ** (Шилисай) — *құрг. өз.*, Ұлыт. ауд. *Шилі* (туынды сын есім) + *сай* (зат есім) тұлғаларынан жасалған, «ши көп, қалың өскен сайдары өзен» мағынасын беретін атау.

**ШИӨЗЕК** (Шиозек) — *құрг. өз.*, *Жанаар.* ауд. *Ши* (зат есім) + *өзек* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған, «Шилі жердегі құрғап бара жатқан өзен» мәніндегі атау. *Өзек* сөзі — «ертеректе су ағып, кейіннен сүсу тартылып кеткен өзеннің арнасы» мағынасын береді.

**ШОЙЫНБАЙ** (Шойынбай) — *айр., Жанаар.* ауд. Осы кісі атынан қойылған атау.

**ШОЙЫНДЫ** (Шойынды) — *сай*, Шет ауд. *Шойын* (зат есім) + *ды* (туынды сын есім жұрнағы) тұлғаларынан жасалған, «шойың бар сай» мәніндегі атау.

**ШОЙЫНТАС** (Шоинтас) — *шоқы*, Ақад. ауд. *Шойын* (зат есім) + *тас* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған, «Шойынтыс тасы бар шоқы» мәніндегі метафорлық атау.

**ШОҚАБАЙ** (Шокабай) — *құрг. өз.*, Приоз. ауд. Осы кісі атынан қойылған.

**ШОҚАНҚАЗҒАН** (Шоканказган) — *taу*, биік. 559,6 м, Жез. ауд. *Шоқан* (кісі аты) + *қазған* (етістіктің есімше тұлғасы) сөздерінің бірігүйен жасалған атау. *Шоқан* деген кісі тау баурайынан шуқанақ қазғандықтан тау «Шоқанқазған» аталуы мүмкін.

**ШОҚБҰЛАҚ** (Шокбулак) — *бұл.*, Жез. ауд. *Шоқ* (сын есім) + *бұлақ* (зат есім) тұлғаларынан жасалған «бір топ бұлақ» мағынасындағы атау.

**ШОҚИҒАН** (Шокиган) — *taу*, биік. 625,3 м, Приоз. ауд. *Шоқиған* (етістіктің есімше тұлғасы) сөзінен жасалған, «селтиген, шоқия біткен тау» мәніндегі метафорлық атау.

**ШОҚПАРТАС** (Шокпартас) — *taу*, биік. 823,6 м, Шет ауд.; *төбе*, *taу*, Жаңатас, ауд.; биік. 676,0 м, *шоқы*, Ақад. ауд.; *taу*, биік. 850,1 м, құрғ. өз., е. м., Ақтоғ. ауд. Атау зат есім тұлғалы шоқпар («бір басы дөңкіп жұмыр келген ағаш қару». ҚТС. 10, 241) сөзінің ауыспалы мағынасынан («дәу, үлкен») қойылған. Атаудың топонимдік мағынасы: «дәу, үлкен тау, жұмыр келген төбе, осынданай объект манындағы өзен және елді мекен».

**ШОҚША** (Шокша) — *taу*, биік. 479,7 м, құд., Ақад. ауд.; *taу*, Үлйт. ауд. *Шоқша* (сын есім) сөзінен жасалған «ұшқілдене, сүйірлене, шоқшиып біткен тау, осы тау төнірегіндегі құдық» мәніндегі атау.

**ШОҚЫБАС**(Шокибас) — *taу*, Ақад. ауд. *Шоқы* (зат есім) + *бас* (зат есім) сөздерінен жасалған. Тау басының яғни шоқының баска ұқсауынан қойылған атау болуы керек.

**ШОҚЫСАЙ** (Шокысай) — *сай*, Жаңаар. ауд. Атау *шоқы* (зат есім) + *сай* (зат есім) сөздерінен қалыптасқан. Мағынасы: «Шоқылы сай».

**ШОЛАҚ** (Шолак) — құр. өз., Приоз. ауд.; *e. м.*, Үлйт. ауд. *Шолақ* сөзінен жасалған атау. Мағынасы: «еешқайда құймайтын, жерге сініп жоралатын қыска өзен және осы өзен бойындағы елді мекен».

**ШОЛАҚБАСТАУ** (Шолакбастау) — *bast.*, Приоз. ауд. *Шолақ* (сын есім) + *бастау* (зат есім) сөздерінен қалыптасқан атау. Мағынасы: «шолтиған, қыска, келте бастау».

**ШОЛАҚБҰЛАҚ** (Шолакбулак) — *бұл.*, Приоз. ауд. *Шолақ* (сын есім) + *бұлақ* (зат есім) сөздерінен жасалған «қып-қысқа, келте, шолақ бұлақ» мәніндегі атау.

**ШОЛАҚЕСПЕ** (Шолакеспе) — өз., *e. м.*, Ақтоғ. ауд.; өз., *e. м.* Шет ауд. *Шолақ* (сын есім) + *еспе* (зат есім) тұлғаларынан жасалған атау. *Еспе* деп бұл жақта «жер бетіне шығып жатқан ыза (грунт) сүйін» атайды. Сонда, бұл атау «кішкене, қысқа, еспе» мағынасын береді.

**ШОЛАҚЖАЛ** (Шолакжал) — *taу*, биік. 580 м, Үлйт. ауд. *Шо-*

**лақ** (сын есім) + **жал** (зат есім) сөздерінен қалыптасқан, «қысқа, келте жал» «қысқа, келте қырқалы тау» мағынасындағы атав.

**ШОЛАҚҚОРА** (Шолаккора) — *taу*, Ұлыт. ауд. *Шолақ* (сын есім) + *қора* (зат есім) тұлғаларынан тұратын, «баурайында кішкене ғана кора салынған тау» мәніндегі атав.

**ШОЛАҚНҰРА** (Шолакнұра) — *taу*. Жез. ауд. *Шолақ* (сын есім) + *нұра* (зат есім) тұлғаларынан қалыптасқан атав. Атаудың екінші сынарындағы *нұра* сөзі монголша *нүрүү* — «жон жота, таулы өнір» сөзінен жасалған. Жалпы монгол тіліндегі географиялық термин ретіндегі *нұраа* («құлама тік жар») сөзі өзендерге берілсе, *нүрүү* («жон», «таулы өнір») сөзі оронимдерге койылады. Демек, *Шолақнұра* атауының топонимдік мағынасы: «қысқа, келтелене біткен жон».

**ШОЛАҚСАЙ** (Шолаксай) — *құр. ар.*, Ақад. ауд.; *құр. өз.* Жез. ауд. *Шолақ* (сын есім) + *сай* (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «суы жок қысқа арна, сай».

**ШОЛАҚСАЛМА** (Шолаксалма) — *жер*. Жез. ауд. *Шолақ* (сын есім) + *салма* (зат есім) сөздерінен жасалған, «келтелене біткен салма» мәніндегі атав. Салма — «арықша» (кішкене арық) (КТДС, 1969, 281). Демек, *Шолақсалма* атауының топонимдік мағынасы: «шолак, қысқа арық».

**ШОЛАҚТҮМСЫҚ** (Шолактұмсық) — *taу*, биік. 1060,2 м, Приоз. ауд. *Шолақ* (сын есім) + *тұмсық* (зат есім) сөздерінен қалыптасқан, «келте, шолтия біткен, қысқа» мағынасындағы атав. *Тұмсық* географиялық термині таудың жазыққа ұласар жерін құстын, жан-жануарлардың тұмсығына теңеу арқылы жасалған.

**ШОЛПАН** (Шоллан) — *taу*, биік. 547,0 м, Ақад. ауд. Әйел есіміне, соның құрметіне байланысты қойылған тау аты.

**ШОЛТЫҚӨЛ** (Шолтықоль) — *шат*, Жанаар. ауд. *Шолты* (сын есім) + *қөл* (зат есім) сөздерінен жасалған атав. Мағынасы: «шаттағы кішірек қөл».

**ШОЛҰМБАЙ** (Шолумбай) — *сай*, Ақтөг. ауд. Кісі есіміне байланысты қойылған атав.

**ШОНАЙ** (Шонай) — *қыст.*, Жанаар. ауд. Кісі есіміне байланысты атав.

**ШОНБАЙ** (Шонбай) — *taу*, биік. 855,9 м, Ақтөг. ауд. Кісі атына байланысты қойылған тау аты.

**ШОПАН** (Шопан) — *қыст.*, *taу*. биік. 492,5 м, Жез. ауд. Кісі атына байланысты қойылған атав.

**ШОРҚҰДЫҚ** (Шоркудук) — *сай*, Приоз. ауд. Атау *шор* (зат есім) + *құдық* (зат есім) тұлғаларынан қалыптасқан. Қырғызша *шор* сөзі «сор» мағынасындағы географиялық термин екендігін ескерсек атав «сор құдық» яғни «сортанды сай» мәнін береді.

**ШОРТАН** (Шортан) — *күшірек көл*, Жез. ауд. Атау балық атынан қойылған «Шортанды көл».

**ШОРТАНДЫ** (Шортанды) — өз., Шет ауд. *Шортан* (зат есім) +*ды* (туынды сын есім жұрнағы) тұлғаларынан жасалған. «Шортаны көп, шортанға бай өзен» мағынасындағы атаяу.

**ШОРТӨБЕ** (Шортобе) — дөң, Жез. ауд. *Шор* (зат есім) +*төбе* (зат есім) сөздерінен жасалған, «шорланып катып қалған беріштей бөлекше біткен тәбе, шоқы» мәніндегі атаяу.

**ШОТБАС** (Шотбас) — *баст.*, Приоз. ауд. Қісі атынан қойылған «Шотбастың бастауы» мәніндегі атаяу.

**ШОШҚАҚӨЛ** (Шошқаколь) — көл, Жанаар. ауд. *Шошқа* (зат есім) +*көл* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған, «манында жабайы шошқа мекендейтін көл» мағынасындағы атаяу.

**ШОШҚАЛЫ** (Шошқалы) — өз, Ұлыт. ауд. *Шошқа* (зат есім) +*лы* (туынды сын есім жұрнағы) тұлғаларынан жасалған, «жағалауында жабайы шошқа көп кездесетін (Шошқакөл атауы тәрізді) өзен» мәніндегі атаяу.

**ШӨБЕК** (Шобек) — *шоқы*, биік. 556 м, Приоз. ауд. Осы кісі атына байланысты қойылған атаяу.

**ШӨЛ** (Шоль) — *тәбе, жер*, Жез. ауд.; дөң, Ұлыт. ауд. *Шөл* (зат есім) сөзінен жасалған «сусыз шөлейт, қуан, құрғақ жер», «ештеңе өспейтін шөл тәбе» мағынасындағы атаяу.

**ШӨЛЛАДЫР** (Шольладыр) — дөң, Ақад. ауд., Ақтөп. ауд.; *таялар*, Приоз. ауд. *Шөл* (зат есім) +*адыр* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған, «сусыз, шөлейт адырлы жер» мағынасындағы атаяу.

**ШӨЛДАЛА** (Шольдала) — *жазық, тау*, биік. 359,1 м, *Шөл* (зат есім) және *дала* (зат есім) сөздерінен жасалған «шөл дала, сусыз жазық, сол жазықтағы тау» мағынасындағы атаяу.

**ШӨЛҚАРАОБА** (Шолькараба) — *тау*, биік, 766,5 м, *Шөл* (зат есім) +*қара* (сын есім) +*оба* (зат есім) сөздерінен жасалған құрдели атаяу. «Сусыз, баурайында ештеңе өспейтін, обалай үйілген кара тастар жиынтығы тәрізді әсер қалдыратын кара тау» мағынасындағы атаяу.

**ШӨЛҚОНҮР** (Шольконур) — *тау*, биік. 522 м, *Шөл* (зат есім) +*қоңыр* (сын есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атаяу. *Шөл* сөзі «тау баурайының сусыз, көп өсімдік өспейтіндігін» мензесе, *қоңыр* тау жыныстарының түсін білдіреді. Демек, атаудың мағынасы: «өсімдік аз өсетін куарған қоңыр тау».

**ШӨЛҚҰДЫҚ** (Шол күдук) — *құд.*, Жанаар. ауд. *Шөл* (зат есім) +*құдық* (зат есім) сөздерінен қалыптасқан, «шөл жердегі құдық» мәніндегі атаяу.

**ШӨЛӨЗЕК** (Шольузек) — *құрг. ар.*, Ұлыт. ауд. *Шөл* (зат есім) +*өзек* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған, «сусыз өзек», «суы тартылып кеткен арна» мәніндегі атаяу.

**ШӨЛШОҚЫ** (Шолшоки) — *тату*, биік, 736,5 м, Ақад. ауд. Шөл (зат есім) + шоқы (зат есім) сөздерінен қалыптастан, «шөбі аз шоқы» мәніндегі атая.

**ШӨМЕКЕЙ** (Шомекей) — құғ., Жез. ауд. Атау шөмекей этнонимінен (ру атынан) қойылған, яғни «Шөмекейлер қазған құдық».

**ШӨМШЕК** (Шомшек) — *жер, е. м.* Ақтоғ. ауд. Шөмшек (зат есім) сөзінен жасалған. «Шөмшекті (ағаштың курап сынған кішкентай, нәзік, жіңішке бұтақтары) жер» мәніндегі атая.

**ШӨМІШ** (Шомиш) — *төбе*, Ұлыт. ауд. Шөмішке (затка) ұқсастыра қойылған, «шөміш тәріздене томпайған төбе» мағынасындағы атая.

**ШӨМІШҚӨЛ** (Шомишкол) — *көл*, Ұлыт. ауд. Шөміш (зат есім) — көл (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған, «шөміштей шүңғыл, дәп-дәңгелек көл» мәніндегі атая.

**ШӨП** (Шоп) — *төбе*, биік. 205,1 м, Ұлыт. ауд. Шөп (зат есім) сөзінен жасалған «шөпті төбе», яғни «шөп бітік өскен төбе» мағынасындағы атая.

**ШӨПТІКӨЛ** (Шоптиколь) — *кішірек көл*, Приоз. ауд. Шөп (зат есім) + *ті* (туынды сын есім жүрнағы) + көл (зат есім) тұлғаларынан жасалған «жағасында шөп қалың өсетін шалғынды көл» мәніндегі атая.

**ШУ** (Чуйский) — *жайл*. Ақад. ауд. Шу атауы туралы әртүрлі пікірлер бар. Кейбір зерттеушілер Шу атауын «этнониммен (ру атынан) жасалған» десе (Койшыбаев, 1975), О. Т. Молчанова (1979) «тибет — кытайша *чу//шу//шуй* — «су» сөзінен қалыптастан» дегенді айтады. Біздінше, Шу географиялық атауы: чувашта *шу*: казак, қырғыз тірдерінде *сү*: монгол, бурятта *ус* формаларында қолданылады. Бұл сөз ш~с дыбыстық сәйкестілігімен ерекшеленген, түркі-монгол бірлестігі дәүірінде жасалған «сулы өнір» мәніндегі көне атая.

**ШҰЛЫАДЫР** (Шулыадыр) — *таулар*, Ұлыт. ауд. Шу («су» — (зат есім) + *лы* (туынды сын есім жүрнағы) + *адыр* (зат есім) тұлғаларынан жасалған, «сулы адыр», «өзен, бұлакқа бай таулар» мағынасындағы атая.

**ШУМАҚ** (Шумак) — *таулар*, Ақад. ауд. Шұмақ (зат есім) сөзінен жасалған, «таулар тізбегі», «таулар шұмағы» мәніндегі атая.

**ШҰБАР** (Шубар) — *төбелер*, биік. 130 м, 132 м, Жез. ауд.; *дәңестер*, Ақад. ауд. Шұбар (сын есім) атауын F. Конқашбаев (1963), «шұбар ала» мәніндегі атая» — деп көрсетсе, Е. Койшыбаев (1985) «атау «Сібір» сөзінің «ылғал», «саз» мәніндегі фонетикалық көрінісі» деген пікірлер айтады.

Біз F. Конқашбаев пікірімен жергілікті жердің географиялық ерекшелігін ескере отырып, «қызылбұта, карабұта араласа өскен,

кейтүсі ағашсыз алаңқайлы болып келген жердегі төбелер «шұбар тәбе» мағынасындағы атау демекпіз.

ШҰБАРАЙЫР (Шубарайыр) — *taу*, Акад. ауд.; *сай*, Приоз. ауд. Атау туралы 2 түрлі жорамал айтуға болады. 1. Шұбар (сын есім) +*айғыр* (зат есім) тұлғаларының бірігүінен жасалған шөптің аты (Койчубаев, 1974, 258), атау осы шөп атынан қойылған. Мағынасы: «Шұбарайыр өсетін тау». 2) Шұбарайыр (біраңбалы шеруішінің бір руы). Атау осы этнонимнен жасалуы мүмкін.

ШҰБАРАТ (Шубарат) — *шат*, Приоз. ауд., Ақтө. ауд. Шұбар (сын есім) +*ат* (зат есім) сөздерінің бірігүінен жасалған атау. F. Қонқашпаев (1963): «бұл «шұбар-ат» («пестрый конь») мәніндегі атау»—десе, F. Қойышбаев (1985) «атаудың құрамындағы шұбар сөзінің мағынасы: — «батпақты қалып орман, -ат бірнәрсеге қатыстылықты білдіретін жалғау болуы мүмкін» — деген пікірлер айтады. Ата-бабаларымыз жерге тұлпарларының, сәйгүліктерінің атын қойып келгендігіне қарай, F. Қонқашпаев пікірін колдай отыра бұл атау «Шұбарат» сөзінен қалыптасқан деп есептейміз.

ШҰБАРДАЛА (Шубардала) — *жер*, Акад. ауд. Шұбар (сын есім) — *дала* (зат есім) сөздерінің бірігүінен жасалған, «шұбар ала», яғни «әр жерлері ак таңдақталған, такыр-такыр болып келген көк майсалы дала» мағынасындағы атау.

ШҰБАРЖОЛ (Шубаржол) — *жер*, Жез. ауд. Шұбар (сын есім) — *жол* (зат есім) сөздерінен жасалған, «кедір-бұдырылы, ойлы-шұңқырлы жол» мәніндегі атау.

ШҰБАРҚҰДЫҚ (Шубаркудук) — *жер*, Жез. ауд. Шұбар (сын есім) — *құдық* (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «ойлы-шұңқырлы, көделі, тақырлы жердегі құдық».

ШҰБАРОБА (Шубароба) — *taу*, биік. 692,2 м, Акад. ауд. Шұбар (сын есім) және *оба* (зат есім) сөздерінен жасалған «шұбар тау» яғни «беткейінде жусан, изен араласа өскен шұбар ала тау» мәніндегі атау.

ШҰБАРӨЗЕК (Шубарозек) — *құр. өз.*, *сай*, *е. м.*, Ақтө. ауд. Шұбар (сын есім) +*өзек* (зат есім) сөздерінің бірігүінен жасалған. Әр жерлерінің сүзы тартылып, кішкентай көлшіктер мен тоқтау сүларға айналған, «өзек» және «құмды, тасты, көделі тар сай» мағынасындағы атау.

ШҰБАРСАЙ (Шубарсай) — *құр. өз.*, *жылға*, Ұлыт. ауд. *құр. өз.*, Шет ауд.; *құр. өз.*, Жез. ауд. Шұбар (сын есім) +*сай* (зат есім) тұлғаларынан қалыптасқан, «сүзы тартылып, әр жерлеріне шөп өскен, кей тұсы тастакты, тағы бір жері құмдауыт болып келген арна, жылға» мағынасындағы атау.

ШҰБАРТЕҢІЗ (Шубартениз) — *кішкене көл*, Жез. ауд. Шұбар (сын есім) +*теңіз* (зат есім) сөздерінің бірігүінен жасалған «көде-

лі. актандактанған жазық даладағы көл» мағынасында қойылған атау.

**ШҰБАРТӨБЕ** (Шубартобе) — *таулар*, биік. 642 м, Приоз. ауд. шоқы, Ұлыт ауд. Шұбар (сын есім) + тәбе (зат есім) тұлғаларынан қалыптастан, «құмды, тасты, көделі тәбе» мағынасындағы атау.

**ШҰБАРТУБЕК** (Шубартубек) — *шығ., ар.*, Приоз. ауд. Шұбар (сын есім) + түбек (зат есім) сөздерінің бірігүінен жасалған, «ойлы-шұңқырылы болып келген шығанак» мағынасындағы атау. Түбек сөзінің мәні: «құрлықтың суға сұғына жатқан жері». Бұл Балқаш көлі маңындағы атау.

**ШҰҚЫР** (Шуқыр) — *сортан*, Ақад. ауд. Шұқыр (зат есім) сөзінен жасалған, «шұқанакты, шұңқырылы сортан жер» мағынасындағы атау.

**ШҰҚЫРБИДАЙЫҚ** (Шуқырбидайық) — *жер*, Жез. ауд. Шұқыр (зат есім) + бидайық (зат есім) сөздерінен жасалған, «ойыстау болып келген, көктемде су толатын шұқыр жерге өскен бидайық» мағынасындағы атау.

**ШҰҚЫРСАЙ** (Шукурсай) — *өз.*, Жез. ауд. Шұқыр (зат есім) + сай (зат есім) сөздерінен қалыптастан «терен сай» мағынасындағы атау.

**ШҰНАҚ** (Шунак) — *taу*, биік. 1111 м.; *taу*, биік. 1112,5 м, Ақад. ауд. Шұнақ (сын есім) сөзінен жасалған, «шоқысыз, шұнтиған тау» мәніндегі тенеулік атау.

**ШҰНТЫҚ** (Шунтик) — *дала*, Ақад ауд. Сын есімнен жасалған «шұнтиған, кішкене, аумағы кішкене алан» мағынасында беретін атау.

**ШҰҢҚЫР** (Шункур) — *қыст.*, Ұлыт. ауд. Шұңқыр (зат есім) сөзінен қалыптастан, «ойпан жердегі қыстай» мәніндегі атау.

**ШҰРЫҚ** (Шурук) — *taу*, биік. 951,7 м, Приоз. ауд.; *айр.*, Ұлыт. ауд. Шұрық атауы қырғызша шырық — «жіңішке жас шырша»; монголша шураг (шұрығ) — «кеңкен жіңішке ағаш» (Конкобаев. 1980, 142.; Базылхан, 1984. 755).

**ШҰШТАНТӨБЕ** (Шуштантобе) — *дөң*, биік. 142,3 м, Жез. ауд. Шұштан сөзінің мағынасы түсініксіз болғандықтан, атау да түсініксіз.

**ШҰҚІРТ ЖҰРТЫ** (Шукурт журт) — *жер*, Приоз. ауд. Шұқірт (кісі аты) + жұрты (зат есім, тәуелдіктің III жағында) тұлғаларынан жасалған, «Шұқірт деген кісінің ескі жұрты» мағынасындағы атау.

**ШҰЛЕМБАЙ** (Шулембай) — *ескі е. м.* Ақтөғ. ауд. Кісі атына байланысты қойылған атау.

**ШҰЛЕМБАЙ АҚСАЙЫ** (Шулембай — Аксайы) — *қыст.*, Ақтөғ. ауд. Шұлембай (кісі аты) және ақ (сын есім) + сайы (тәуел-

діктің III жағындағы зат есім) тұлғаларынан қалыптасқан, «Ақ-сайдағы Шүлембай қыстауы» мәніндегі атау.

ШҮМЕК (Шумек) — өз., қыст., Ақад. ауд. Шүмек (зат есім) сөзінен қойылған, «Шүмек тәрізді арнамен ағатын өзен», «осы өзен жағасындағы қыстау» мәніндегі атау.

ШҮМЕҚБАС (Шумекбас) — шат, Ақад. ауд. Шүмек (зат есім) + бас (зат есім) сөздерінен жасалған, «жорарғы жағы шүмек тәрізді қуыстана біткен шат» мағынасын беретін атау.

ШЫБЫҚ (Шыбық) — тау, биік. 638,8 м, Ақтоғ. ауд. Бұл атау украин тілінде *чубок* — «таудың ең биік жері, шың» деген сөзінің жергілікті тұрғындар тіліндегі айтылу жағынан өзгерген, дыбыстық өзгеріске түскен түрі болса керек. Бұған қарағанда Шыбық атауының мағынасы: «таудың биік жері, шың» деп білеміз.

ШЫБЫҚБЕЛГІ (Шыбикбелги) — бейіт, Жез. ауд. Шыбық (зат есім) белгі (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған, яғни «биік, көтерінкі жердегі белгі, сол белгі бойынша бейіт аты (объект-бағдар).

ШЫБЫҚШАНЫШҚАН (Шыбыкшанышкан) — тау, Ақад. ауд. Шыбық (зат есім) + шанышқан (етістіктің өткен шак есімше тұлғасы) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Бұл жерге «жас талдарды, шыбықтарды қолдан отырғызған тау» мәніндегі атау.

ШЫБЫНДЫ (Шыбынды) — тау, биік. 398,1 м, Ақад. ауд. Шыбын (зат есім) + ды (бір нәрсенің барлығын білдіретін туынды сын есім жүрнағы) тұлғаларынан жасалған, «шыбыны көп тау» мәніндегі атау.

ШЫБЫНҰЗАҚ (Шыбынузак) — жер, Жез. ауд. Шыбын (зат есім) — ұзақ (зат есім) сөздерінен жасалған, «шыбын мен ұзак (күс) көп жер» мәніндегі атау.

ШЫҒЫРАДЫР (Шығырадыр) — жер, Жез. ауд. Шығыр (зат есім) — адыр (зат есім) сөздерінен жасалған, «шығырлы құдығы бар адыр» мәніндегі атау. Шығыр — «құдықтан су тартып шығару үшін құдық аузына орнатылып, колмен бүралатын, қарапайым жүк көтерген ағаш құрал» (КТДС, 10 т. 1986, 315).

ШЫҒЫРЛЫ (Шығырлы) — құд, Жез. ауд. Шығыр (зат есім) + лы (сын есім) жүрнағы жалғауларынан жасалған, «шығыры бар құдық» мәніндегі атау.

ШЫҒЫС БИІКТАУ (Восточная Биіктау) — тау, биік. 569,5 м, Ақад. ауд. Шығыс және биік (сын есім) + тау (зат есім) тұлғаларынан жасалған «сол жердің шығысында орналасқан Биіктау» мағынасындағы атау.

ШЫҒЫС ҚАРАЖАЛ (Восточный Каражал) — тау, Жанаар. ауд. Шығыс (сын есім) + қара (сын есім) + жал (зат есім) тұлғаларынан қалыптасқан, «шығыстағы Қаражал» мәніндегі атау.

ШЫҒЫС МЫҢБҰЛАҚ (Восточный Мынбулак) — төбе, Жез.

ауд., *шығыс* (сын есім) + *мың* (сан есім) + *бұлақ* (зат есім) тұлғаларынан жасалған, «шығыс жақтағы Мыңбұлақ атты жер» мәніндегі немесе «Шығыстағы көп бұлақты төбе» мағынасындағы атау.

**ШЫН** (Шын) — *taу*, биік. 273,3 м, Ұлыт. ауд.; *taу*, Жанаар. ауд.; биік. 162,1 м, Жез. ауд. *Шың* (зат есім) сөзінен қалыптасқан, «биік шынды тау» мәніндегі атау.

**ШЫНДАУЫЛ** (Шындауыл) — *жер*, Жанаар. ауд. Кісі атынан жасалған атау.

**ШЫҢСАЙ** (Шынсай) — *сай*, Жез. ауд. *Шың* (зат есім) + *сай* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған «шынды тау арасындағы сай» мағынасындағы атау.

**ШЫҢЫРАУ** — құз., Приоз. ауд. *Шыңырау* (сын есім) сөзінен қалыптасқан, «терен құз» мәніндегі атау.

**ШЫТЫРЛЫҚҰДЫҚ** (Шытырлықудук) — *көміліп қалған ескі құд.*, Жез. ауд. *Шытыр* (зат есім, өсімдік аты) + *лы* (туынды сын есім жүрнағы) тұлғаларынан жасалған, «маңайына шытыр өсіп кеткен, көміліп қалған ескі құдық» мағынасын беретін атау.

**ШІБІРБИДАЙЫҚ** (Шибирбидайык) — *шат.*, Ұлыт. ауд. *Шібір* (зат есім) + *бидайық* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Бірінші сынардағы *шібір* сөзі туыстас тілдерде төмендегідей мағынада колданылады. Мәселен, монг. *шивер* (*шібір*) — «қалың тоғай» (Базылхан, 1984, 738); *шивер* (*шивір*) — «өзен жағасындағы бұталы ну, калың орман» (Казакевич, 1934, 23); бурятша *шэ бэр* (*шебір*) — «ину, калың орман» (Мельхеев. 1969, 177); қыргызызша *шибер* — «кез келген калың, ұзын бол өскен шөп» (Мурзаев, 1984, 628). Атаудың 2-ші сынарындағы *бидайық* сөзінің топонимдік мағынасы: «көктемде су толатын, жазда құрғасымен шабындық шөптер басып кететін ойыстау жер» (Конкашпаев, 1963, 133). Демек, Шібірбидайық атауының мағынасы: «ну тоғайлы, шалғынды шат».

**ШІДЕРТІ** (Шидерти) — *жер*, Ақад. ауд. Бұл атау монғол тіліндегі *цэвэр*, — «таза, тамаша, көркем» сөзінің дыбыстық өзгеріске түсken түрі, ал қосымша-*ті* (сын есім тудыратын жүрнак). Демек, *Шідерти* — «таза, тамаша жер» деген мағынаға жуық.

**ШІЛІКҚҰДЫҚ** (Шиліккудук) — құд., Жез. ауд. *Шілік* (зат есім) өсімдік аты + *құдық* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Бұл атау да *Шелекқұдық* атауымен мәндес, сол атаудың екінші түрде өзгеріп айтылған нұскасы болу керек. Қараңыз: Шелек-құдық.

## — ы —

**ЫБЫРАЙ ДӨНІ** (Ыбрайдоны) — *кішірек тау*, Ақад. ауд. Атау ыбырай (зат есім, адам аты) + *дөңі* (тәуелдік жалғауының III

жағындағы зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы: «Ыбырай мекендегең жер».

**ЫЗГАРЛЫ ТАУ** (Ызгарлитау) — *taу*, биік. 572,4 м, Жез. ауд. *Ызғар* (зат есім) +*лы* (туынды сын есім жүрнағы) тұлғаларының бірігінен жасалған, «ызғарлы, қара сұық тұратын жер» мәніндегі атаяу.

**ҮДЫРЫС** (Идириис) — *айр*. Шет. ауд. Кісі атынан қойылған атаяу.

**ЫЗДЫҚТӨБЕ** (Издыктобе) — *тау*, Жез. ауд. Атая *Ыздық* (зат есім) +*төбе* (зат есім) тұлғаларынан жасалған, бұл атаудың бірінші сыңарындағы ыздық (ыздықтобе) сөзін көне түркі тілдеріндегі осы текстес атаулармен салыстыруға болады. Мәселен, *Ыдық* — *Кем*, яғни ыдық — «қасиетті, әулие»; *Ыдық кем* — ауысп. Демек, атаяу «әулие төбе» деген мағынаны білдіреді.

**ЫНТАЛЫ** (Ынталы) — *e. м., сс., с.*, Жанаар., Шет ауд. *Ынта* (зат есім) +*лы* (туынды сын есім жүрнағы) тұлғаларынан жасалған, «енбекке ынталы, енбекшіл бол!» деген тілекке байланысты қойылған, совет заманындағы жана атаяу.

**ЫНТЫМАҚ** (Ынтымак) — *сс. орт.*, Жанаар. ауд. Зат есімнен жасалған, «ынтымақшыл, бірлікшіл халық» деген ұғымға байланысты қойылған жаңа атаяу.

**ЫРҒАЙЛЫ** (Ыргайлы) — *өз.*, Ұлыт. ауд. *Ырғай* (зат есім) шөптің аты) +*лы* (туынды сын есім жүрнағы) тұлғаларынан тұратын, «жағасында ыргай ағашы қалың өсетін өзен» мәніндегі атаяу.

**ЫСҚАҚ** (Искак) — *жер*, Ақад. ауд. Кісі атына байланысты қойылған жаңа атаяу.

**ЫСМАЙЫЛ** (Исмаил) — *ескi e. м.* Ұлыт. ауд. Кісі есіміне байланысты қойылған атаяу.

**ЫСТЫБҰЛАҚ** (Ыстыбулак) — *бұл.*, *e. м.*, Ақтог. ауд. *Ысты* (сын есім) +*бұлақ* (зат есім) сөздерінің бірігінен жасалған, «суы жылы бұлақ», «ыссы бұлақ» мәніндегі атаяу.

**ЫСТЫҚБАЙ** (Истикбай) — *жер*, Жез. ауд. Кісі есімінен қойылған атаяу.

## — I —

**ІЛГЕНТАС** (Ильгентас) — *тау*, биік. 644,9 м, Жанаар. ауд. *Ілген* (етістіктің есімше формасы) +*тас* (зат есім) сөздерінің бірігінен жасалып, «тауда жел мен будың әсерінен тастың мүжіліп, іліп қойған нәрсе тәрізденіп көрінуін» бейнелеген атаяу.

**ИЛИЯС** (Ильяс) — *бұл.*, Жез. ауд. Кісі атынан қойылған атаяу.

Научное справочное издание

**СЛОВАРЬ ГЕОГРАФИЧЕСКИХ НАЗВАНИЙ ҚАЗАХСТАНА**

(Джезказганская область)

Алма-Ата, «Наука» Казахской ССР

*Утверждено к печати Ученым советом Института языкоznания  
Академии наук Казахской ССР*

На казахском языке

Ғылыми анықтамалық басылым

**ҚАЗАҚСТАН ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАРЫНЫҢ СӨЗДІГІ**

(Жезқазған облысы)

Редакция менгерушісі *T. Беркімбаев*

Редакторы *P. Ш. Аманбекова*

Көркемдеуші редакторы *B. Афуксениди*

Суретшісі *Э. Ф. Ким*

Техникалық редакторы *B. К. Горячкина*

Корректоры *C. О. Қаймөлдина*

ИБ № 3149

Теруге 03.07.89 тапсырылды. Басылуға 22.01.90 қол койылды. УГ10006.  
Форматы 60×84<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Тип. қар. № 1. Гарнитурастың әдебиеттік. Басылымы күрделі.  
Шарт. б. т. 17,21. Шарт. бояу көлемі 17,44. Есепке алынатын баспа табақ 19,67.  
Тиражы 1000. Заказы 180. Бағасы 4 с. 10 т.

Издательство «Наука» Казахской ССР

*480100, Алма-Ата, ул. Пушкина, 111/113*

Типография издательства «Наука» Казахской ССР

*480021, Алма-Ата, ул. Шевченко, 28*



